67(5Каз)
К 14

ҚАЗАҚ ССР ЗАҢДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ

•

СВОД ЗАКОНОВ КАЗАХСКОЙ ССР

ТОМ 12

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ ПРЕЗИДИУМЫ
ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ

ҚАЗАҚ ССР ЗАҢДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ

12-том

АЛМАТЫ

67. 99/2К/06
С 17

ҚАЗАҚ ССР ЗАҢДАРЫНЫҢ
ЖИНАҒЫН БАСЫП ШЫҒАРУ
ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ:

Досполов Д. (председатель),
Қадырова З. Ж., Изюмников В. Қ.,
Елемесов Ғ. Б., Айтмұқанбетов Т. Қ.,
Бацула А. Е., Қасымқанов Ә. Қ., Карбовский Э. С.,
Ахметов З. А.

К $\frac{1203030000-202}{401(05)-87}$ 83—87

67. 99/2К/06

V-БӨЛІМ

СОТ ӘДІЛДІГІ, АРБИТРАЖ ЖӘНЕ ПРАВО ТӘРТІБІН ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ ЗАҢДАР

5 - т а р а у

ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ. ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ

§ 1. ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ ҚОРҒАУДЫҢ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР-інің
1979 жылғы 14 декабрьдегі
ЗАҢЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары 1979, ж., № 52)

13-статьяның 1-пункті

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [2]

ҚАЗАҚ ССР-інің
1980 жылғы 13 ноябрьдегі
ЗАҢЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 48, 185-ст.)

5-статьяның бірінші бөлігі, 30-статьяның 1, 11 және 15-пункттері, 48-статьяның екінші бөлігі

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ АУДАНДЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [3]

ҚАЗАҚ ССР-інің
1971 жылғы 21 июльдегі
ЗАҢЫ

(1979 жылғы 14 декабрьдегі Заңының редакциясы бойынша —
Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

3-статья, 28-статьяның 1, 7, 12-пункттері, 69-статьяның 1, 5-пункттері

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ҚАЛАЛЫҚ, ҚАЛАДАҒЫ АУДАНДЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [4]

ҚАЗАҚ ССР-інің
1971 жылғы 21 июльдегі
ЗАҢЫ

(1979 жылғы 14 декабрьдегі Заңының редакциясы бойынша —
Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

26-статьяның 1, 7, 12-пункттері, 31-статьяның 9-пункті, 74-статьяның 1, 5-пункттері

---

[1] 1-томның 145-бетін қарацыз.
[2] 1-томның 163-бетін қарацыз.
[3] 1-томның 191-бетін қарацыз.
[4] 1-томның 221-бетін қарацыз.

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ПОСЕЛКЕЛІК, СЕЛОЛЫҚ, АУЫЛДЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР-інің
1968 жылғы 20 декабрьдегі
ЗАҢЫ

(1979 жылғы 14 декабрьдегі Заңының редакциясы бойынша — Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

24-статьяның 1, 5, 7-пункттері, 57-статьяның 1, 3-пункттері

ЖОЛДАСТЫҚ СОТТАР ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ ЖӘНЕ ЖОЛДАСТЫҚ СОТТАРДЫҢ ЖҰМЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ СОВЕТТЕР ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ [2]

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ
1977 жылғы 28 марттағы
УКАЗЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1977 ж., № 14)

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы қ а у л ы е т е д і:

1. Жолдастық соттар туралы Ереже бекітілсін.

2. Жолдастық соттардың жұмысы жөніндегі қоғамдық советтер туралы Ереже бекітілсін.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1977 жылғы 28 марттағы Указы бойынша
БЕКІТІЛГЕН

ЖОЛДАСТЫҚ СОТТАР ТУРАЛЫ
Е Р Е Ж Е

1. Жолдастық соттардың міндеттері және оларды ұйымдастыру тәртібі

1-статья. Жолдастық соттар — бұл қоғамдық сайлау органдары болып табылады, олар азаматтарды еңбекке коммунистік көзқарас, социалистік меншікке ұқыпты қарау, социалистік тұрмыс ережелерін сақтау, азаматтардың коллектившілдік және жолдастық өзара көмек сезімін дамыту, совет адамдарының абыройы мен ар-ожданын құрметтеу рухында тәрбиелеуге белсенді түрде көмектесуге тиіс. Жолдастық соттардың жұмысындағы ең басты міндет — право тәртібін бұзушылықты болғызбау, адамдарға ұғындыру және ықпал жасау, қоғамға жат теріс қылықтардың қандайына болса да төзгісіз жағдай жасау жолымен тәрбиелеу болып табылады. Жолдастық соттар коллективтің сеніміне бөленіп, оның еркін білдіреді және соның алдында жауапты.

2-статья. Кәсіпорындардағы, мекемелердегі, ұйымдардағы, жоғары және арнаулы орта оқу орындарындағы жолдастық соттар жұмысшылардың, қызметшілердің немесе оқушылардың жалпы жиналысының шешімі бойынша құрылады.

Колхоздардағы, тұрғын үй — пайдалану ұйымдары қызмет көрсететін немесе көше комитеттері біріктіретін үйлердегі, сондай-ақ посел-

---

[1] 1-томның 254-бетін қараңыз.

[2] 3-статья және Қосымша Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

келер мен селолық елді мекендердегі жолдастық соттар колхоз мүшелерінің жалпы жиналысының, үй тұрғындарының немесе халық депутаттарының тиісті Советтері атқару комитеттерінің келісімі бойынша поселке, село, ауыл азаматтарының жалпы жиналысының (жиынының) шешімі бойынша құрылады.

Ірі коллективтерде жолдастық соттар кәсіпорындардың цехтарында, совхоздардың бөлімшелерінде, колхоздардың бригадаларында және басқа кейбір бөлімшелерде құрылуы мүмкін.

Жолдастық соттар кемінде 50 адамы бар коллективтерде құрылады. Кейбір реттерде жоғары тұрған кәсіподақ органының немесе халық депутаттарының тиісті жергілікті Советінің атқару комитетінің келісімі бойынша жолдастық соттар саны 50 адамнан кем коллективтерде де құрылуы мүмкін.

3-статья. Жолдастық соттың құрамына өзінің іскерлік және моральдық қасиеті жағынан жолдастық соттың алдына қойылған міндеттерді ойдағыдай орындай алатын азаматтар сайлана алады. Жолдастық соттың әрбір мүшесі жоғары тәртіптілік пен ұйымшылдықты көрсетуге, право тәртібін бұзушылыққа және қоғамға жат теріс қылықтарға төзбестікпен қарауға, өз қызметінде заңды қатаң басшылыққа алып отыруға міндетті.

4-статья. Жолдастық соттың мүшелігіне кандидаттарды партия, кәсіподақ, комсомол және басқа қоғамдық ұйымдар, сондай-ақ жеке азаматтар ұсынады.

Жолдастық соттың мүшелігіне кандидаттардың тізімі жалпы жұртшылықтың танысуы үшін ілініп қойылады.

5-статья. Жолдастық соттар еңбек коллективтерінің жалпы жиналыстарында және тұрған жері бойынша азаматтардың жиналыстарында (жиындарында)екі жыл мерзімге сайланады.

Жолдастық соттардың сайлауы жөніндегі жиналыстарды тиісінше кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың кәсіподақ комитеттері, халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері шақырады.

Жолдастық сотты сайлау күні туралы алдын-ала хабарландырылады.

Жолдастық сотты сайлауға қатысатын азаматтар кандидаттардың қайсысына болса да дәлелді отвод жариялауға, сондай-ақ жаңа кандидаттарды ұсынуға праволы. Отводты қанағаттандыру немесе қанағаттандырмау туралы мәселе жиналысқа қатысушылардың көпшілік дауысымен шешіледі.

Басқа кандидаттарға қарағанда көп дауыс алған және жиналысқа қатысқандардың тең жартысынан астамы дауыс берген адамдар жолдастық соттың құрамына сайланды деп есептеледі.

Сот мүшелерінің санын жиналыс белгілейді, алайда олардың саны бес адамнан кем болмауға тиіс. Соттың мүшелері өз құрамынан ашық дауыс беру жолымен жолдастық соттың председателін, оның орынбасарларын және соттың секретарын сайлайды.

Жолдастық соттың құрамына сайланған адамдарға жолдастық сотқа басшылық жасау ісі жүктелген орган арнаулы куәлік береді.

6-статья. Жолдастық соттар жылына кем дегенде бір рет еңбек коллективтерінің жалпы жиналыстарының алдында өзінің қызметі жөнінде есеп беріп тұрады.

Жолдастық соттың мүшесі өзіне көрсетілген сенімді ақтамаған ретте оны жалпы жиналыс мерзімінен бұрын кері шақырын алуы мүмкін. Кері шақырын алу туралы мәселе жолдастық соттың кері шақырылын алынатын мүшесін қатыстыра отырып талқыланады.

Егер жалпы жиналысқа қатысқандардың көбі кері шақырып алуға дауыс берсе, жолдастық соттың мүшесі кері шақырылып алынған деп есептеледі.

Жолдастық соттың мүшесін жұмыстан шығарған немесе денсаулық жағдайына байланысты немесе басқа да дәлелді себептермен өз міндетін атқара алмайтын ретте, оны жолдастық соттың мүшесі міндетінен босатуды кәсіподақ органы немесе халық депутаттарының тиісті жергілікті Советтің атқару комитеті жүргізеді.

Жолдастық соттың кері шақырылып алынған немесе басқа себептермен шығып қалған мүшелерінің орнына жаңадан мүшелер сайлау осы Ереженің 2—5-статьяларында көрсетілген тәртіппен жүргізіледі.

II. Жолдастық соттар қарайтын істер

7-статья. Жолдастық соттар мынадай істерді қарайды:

1) дәлелсіз себептермен қыдырымпаздық жасау (оның ішінде жұмыс күні бойына үш сағаттан астам жұмыста болмау), жұмысқа мас күйде келу; жұмысқа кешігіп келу немесе жұмыстан ерте кетіп қалу және еңбек тәртібін басқадай бұзу туралы; жұмысты адал орындамау не қызметкердің өз міндеттеріне адал қарамауы салдарынан жұмыстың тоқтап қалуы туралы;

2) көшелерде, стадиондарда, сквердерде, парктерде, қоғамдық транспорттың барлық түрінде және халық депутаттары жергілікті Советінің атқару комитеті спирт ішімдіктерін күйын сатуға рұқсат еткен сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарынан басқа қоғамдық орындарда спирт ішімдіктерін ішу туралы; қоғамдық орындарға адамгершілік абыройды және қоғамдық адамгершілікті қорлайтындай мас күйде келу туралы;

3) өндірісте (жұмыс орнында, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың бөлмелері мен территориясында) спирт ішімдіктерін ішу туралы немесе жұмысқа мас күйде келу туралы;

4) шеберлердің, учаске, смена, цех бастықтарының және басқа басшылардың өздеріне бағынышты қызметкерлермен бірге өндірісте спирт ішімдіктерін ішуге қатысуы туралы немесе мас күйде жүрген адамдарды жұмысқа қатыстырмау шараларын қолданбауы туралы, не өздеріне бағынышты қызметкерлердің спирт ішімдіктерін ішу немесе жұмысқа мас күйде келу жағдайларын жасыруы туралы;

5) жасы толмаған баланы ата-анасының немесе өзге адамдардың мас күйге жеткізуі туралы, егер бұл әрекеттер өзінің сипаты жағынан қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтырмайтын болса;

6) сауда кәсіпорындары мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары қызметкерлерінің арақ және басқа спирт ішімдіктерін сату ережелерін бұзуы туралы;

7) самогонды, чачаны, арақты, тұт арағын, браганы және үйде жасалған басқа күшті спирт ішімдіктерін сатып алғаны туралы;

8) еңбек қорғау (хауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария, еңбек гигиенасы) және өрттен қорғау жөніндегі талаптарды сақтамау туралы, қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтыратын реттер бұған кірмейді;

9) адамның өз міндеттеріне адал қарамауы салдарынан жабдықты, инвентарьды, аспаптарды, материалдарды және өзге мемлекеттік немесе қоғамдық мүлікті жоғалтқаны, бүлдіргені туралы, егер бұл қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтырмайтын болса;

10) мемлекеттік кәсіпорынға, мекемеге, ұйымға, колхозға, сондай-ақ кооперативтік немесе басқа қоғамдық ұйымға қарасты транспорт

құралдарын, ауыл шаруашылық техникасын, станоктарды, аспаптарды, шикізатты және басқа мүлікті жеке мақсатына өз бетімен пайдаланғаны туралы, егер бұл әрекеттер аталған кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға елеулі залал келтірмеген болса;

11) пайда табу мақсатымен шамалы мөлшерде арақ және басқа спирт ішімдіктерін, сондай-ақ халық тұтынатын товарлар мен ауылшаруашылығы өнімдерін, касса және товар чектері мен талондарын, ойын-сауық орындары мен басқа кәсіпорындарға билеттер, кітаптар, ноталар, грампластинкалар, магнитофон, видеофон кассеттерін және өзге құнды заттар сатып алу және қайта сату туралы, егер танған пайдасының мөлшері отыз сомнан аспайтын болса;

12) ұсақ бұзақылық туралы, бірінші рет жасалған мемлекеттік немесе қоғамдық мүлікті ұсақтап ұрлағандық туралы, айыпкер мен жәбірленуші бір коллективтің мүшесі болған ретте, азаматтардың өзіндік меншігіндегі бағасы шамалы тұтыну және тұрмыстық заттарын ұрлағандық туралы.

Ескерту. 11, 12-тармақтарда атап өтілген істерді ішкі істер, прокуратура органдары және сот (судья), ал мемлекеттік немесе қоғамдық мүлікті ұсақтап ұрлағандық туралы істерді — сондай-ақ кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың әкімшілігі, колхоз басқармалары ол туралы прокурорға хабарлай отырып, жолдастық сотқа жібереді.

Право бұзушының жұмыс істейтін, тұратын немесе оқитын жерінде жолдастық сот болмаған ретте іс заңда белгіленген тәртіппен аудандық (қалалық) халық сотында қаралады;

13) қорлау, жала жабу, ұрып-соғу және денсаулықтың бұзылуына әкеп соқтырмайтындай түрде денеге жеңіл жарақат түсіру туралы, егер бұл әрекеттер бірінші рет жасалған болса, балағаттау туралы;

14) ата-аналардың немесе олардың орнындағы адамдардың балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін орындамауы немесе ойдағыдай орындамауы туралы; он алты жасқа дейінгі жасөспірімдердің қоғамдық орындарға мас күйде келуі немесе олардың спирт ішімдіктерін ішуі; балалардың ата-аналарға лайықсыз көзқарасы; семьядағы лайықсыз тәртібі; әйелге лайықсыз көзқарас туралы;

15) тұрғын үйлер мен адам тұрмайтын үйлерді және коммуналдық жабдықтарды бүлдіргендік туралы; өрт хауіпсіздігі ережелерін сақтамағандық туралы;

16) пәтерлер мен жатақханаларда ішкі тәртіп ережелерін бұзғандық туралы; тұрғындардың қосалқы үйлерді, үй қызметі орындарын пайдалану, коммуналдық қызметке ақы төлеу, көшпілік пайдаланатын орындарды ағымдық жөндеуден өткізу шығындарын төлеу жөніндегі даулары туралы;

17) екі немесе бірнеше азаматтың ортақ меншігі болып табылатын құрылыстарды пайдалану тәртібі туралы; колхозшы үйінің мүлкін бөлу және колхозшы үйінен сыпы алып шығу туралы; дауласушы тараптар істі жолдастық сотта қарауға келіскен жағдайда жұбайлардың арасында мүлік бөлу туралы;

18) ағаштарды және басқа жасыл желектерді бүлдіргендік туралы; орман тәртібін бірінші рет аздап бұзудан келтірілген залалды өндіріп алу туралы, егер келтірілген залал үшін өндіріп алынатын соманың мөлшерін қолданылып жүрген баға бойынша есептегенде залал отыз сомнан аспайтын болса;

19) дауға қатысушылар істі жолдастық сотта қарауға келіскен жағдайда азаматтардың арасындағы мөлшері елу сомға дейінгі мүліктік даулар туралы;

20) әкімшілік право бұзушылық туралы, егер әкімшілік тәртіппен штраф салуға право берілген органдар немесе лауазымды адамдар материалды жолдастық соттың қарауына беру қажет деп таныса.

Жолдастық сот сондай-ақ қоғамға онша хауіпті емес қылмыс пышандары бар, бірінші рет жасалған іс-әрекеттер туралы істерді қарауы мүмкін, егер ішкі істер органдары, прокуратура немесе сот қолданылып жүрген заңдарға сәйкес мұндай істің материалдарын жолдастық соттың қарауына беретін болса [1].

8-статья. Жолдастық соттар үкім, сот шешімдері шығарылған, тәртіптік немесе әкімшілік жаза қолданылған істерді немесе жолдастық соттың өз компетенциясы шеңберінде шешім қабылдаған істерді қарауға правосы жоқ.

III. Жолдастық соттарда істерді қарау тәртібі

9-статья. Жолдастық соттарда істерді қарау тәртіп бұзушының жұмыс істейтін, оқитын немесе тұратын жері бойынша жүргізіледі.

10-статья. Жолдастық соттар істерді мынандай тәртіппен қарайды:

1) еңбек коллективтері берген материалдар бойынша [2];

2) кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, цехтардың кәсіподақ комитеттерінің, қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі ерікті халық жасақтарының, халықтық бақылау топтары мен постыларының тұрғылықты жерлері бойынша азаматтар жиналыстарының (жиындарының), қоғамдық поселкелік, селолық, ауылдық, учаскелік, көше, квартал, үй комитеттерінің және басқа қоғамдық ұйымдардың ұсынуы бойынша;

3) халық депутаттарының жергілікті Советтері атқару комитеттерінің, халық депутаттарының аудандық, қалалық, қаладағы аудандық, поселкелік, селолық, ауылдық Советтері атқару комиттерінің жанындағы әкімшілік комиссияларының және Советтердің тұрақты комиссияларының ұсынуы бойынша [3];

4) мемлекеттік органдардың, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар басшыларының және колхоз басқармаларының, сондай-ақ тәртіптік жаза қолдануға правосы бар басқа да қызмет адамдарының хабарлауы бойынша;

5) сот, прокурор берген, сондай-ақ прокурордың келісімімен тергеуші мен анықтама органы берген материалдар бойынша;

6) азаматтардың арыздары бойынша;

7) жолдастық соттың өз инициативасы бойынша.

11-статья. Жолдастық сот істерді іс түскен күннен бастап 15 күн мерзімнің ішінде қарайды. Ұсақ бұзақылық, аздан талан-таражға салу және майда алыпсатарлық туралы істерді жолдастық соттар іс түскен күннен бастап 10 күн мерзімнің ішінде қарайды. Істің қаралатын уақыты мен орнын жолдастық соттың председателі белгілейді, ол туралы азаматтарға кеңінен хабарландырылады.

12-статья. Іс жолдастық сотта қаралғанға дейін, қажет болған реттерде келіп түскен материалдар тексеруден өтуге тиіс.

Кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың басшылары, сондай-ақ басқа да қызмет адамдары мен азаматтар жолдастық соттың талап

---

[1] 7-статьяға 1985 ж. 22 октябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 45, 457-ст.).

[2] 10-статья 1-пунктпен 1984 ж. 28 августағы Указымен толықтырылды (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 36, 447-ст.).

[3] 10-статьяның 3-пунктіне 1982 ж. 29 декабрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1983 ж., № 2, 14-ст.).

етуі бойынша іске байланысты қажетті мәліметтер мен документтерді беруге міндетті.

Соттың председателі немесе оның орынбасары жауапқа тартылатын адамды, жәбірленушіні және азаматтық-праволық дауға қатысушыларды қолда бар материалдармен таныстырады және істі жолдастық сотта қарауға негіздер болған кезде, соттың мәжілісіне куә ретінде кім шақырылуға тиіс екенін белгілейді. Сотқа тартылатын адамның, жәбірленушінің, сондай-ақ сот қарап отырған азаматтық-праволық дауға қатысушылардың қосымша документтер сұратып алғызуға және куәлар шақыру туралы өтініш жасауға правосы бар.

Істі тәртіп бұзушының тұрған жері бойынша қараған кезде жолдастық сот қажет болған реттерде жолдастық соттың мәжілісіне тәртіп бұзушы жұмыс істейтін коллективтің өкілін қатыстыруды қамтамасыз ететін шаралар қолданады.

13-статья. Жолдастық соттың мәжілістері және сот мүшелерінің істі қарауға байланысты тапсырмаларды орындауы жұмыстан тыс уақытта жүргізіледі.

Істер жолдастық соттың кемінде үш мүшесі қатысқан құрамда жұртшылықтың алдында қаралады, алайда, барлық реттерде олардың саны тақ болуға тиіс.

Жолдастық сотқа тартылған адам, жәбірленуші және азаматтық-праволық дауға қатысушылар жолдастық соттың председательдік етушісі немесе мүшесі бұл істің қалай шешілуіне жеке басы мүдделі деп есептеуге негіз болатындай мән-жайлар бар болса, жолдастық соттың председательдік етушісіне және мүшелеріне отвод жариялай алады.

Жарияланған отводты қанағаттандыру немесе оны қанағаттандырмау туралы мәселені сол істі қарап отырған жолдастық соттың бүкіл құрамы шешеді.

Жолдастық сотта істерді қараған кезде сотқа тартылатын адам, жәбірленуші және азаматтық-праволық дауға қатысушылар тең правомен пайдаланылады.

Жолдастық сот қолда бар материалдарды қарайды, сотқа тартылатын адамның, жәбірленушінің, азаматтық-праволық дауға қатысушылардың және куәлардың жауаптарын тыңдайды. Мәжіліске қатысып отырған адамдар сұрақтар бере алады және қаралып отырған іс бойынша сөйлей алады.

Жолдастық сот протокол жүргізеді, оған мәжілістің председательдік етушісі мен секретары қол қояды.

14-статья. Азаматтар жолдастық соттың шақыруы бойынша келуге міндетті. Егер жолдастық сотқа тартылатын адам, жәбірленуші немесе азаматтық-праволық дауға қатысушы адам мәжіліске келмей қалса сот келмей қалудың себептерін анықтауға және анықталған мән-жайларға қарай екінші рет істі қарауды тағайындауға тиіс. Ол адам дәлелсіз себептермен екінші рет келмей қалған ретте, жолдастық сот істі оның қатысуынсыз жүргізе алады.

15-статья. Жолдастық сот істі қараған және шешім қабылдаған кезде қолданылып жүрген заңдарды, осы Ережені және өзінің қоғам алдындағы борышын сезінгендігін басшылыққа алады. Жолдастық соттың шешімі сол істі қарауға қатысып отырған сот мүшелерінің көпшілік дауысымен, соттың құрамына бөгде адамдардың ықпал жасауын болғызбайтындай жағдайда қабылданады. Шешімде істің қаралған уақыты мен орны, жолдастық соттың аты мен құрамы, ісі қаралып отырған адам туралы мәліметтер, право тәртібін бұзушылықтың мазмұны немесе азаматтық праволық даудың сипаты, шешімнің негіздері және жолдастық сот сүйеніп отырған дәлелдер, сот белгілеген қоғам-

дық ықпал жасау шаралары немесе ақтап жіберу туралы мәлімет, немесе азаматтық-праволық дауларды қараудың нәтижелері, сондай-ақ шешімге шағым беру мерзімі мен тәртібі көрсетіледі.

Жолдастық соттың шешіміне оны шығаруға қатысушылар — соттың председательдік етушісі мен мүшелері қол қояды, ол шешім көпшілік алдында жарияланады және коллективте хабарландырылады.

IV. Жолдастық соттар қолданатын қоғамдық ықпал жасау шаралары

16-статья. Жолдастық сот айыпкерге мынандай ықпал жасау шараларының бірін қолдана алады:

1) жәбірленушіден немесе коллективтен көпшілік алдында кешірім сұрауға міндеттеу;

2) жолдастық ескерту жариялау;

3) жұрт алдында айыбын бетіне басу;

4) баспасөзде жариялап немесе жарияламай-ақ жұрт алдында сөгіс жариялау;

5) егер жасаған теріс қылығы еңбек тәртібін бұзуға байланысты болмаса, 10 сомға дейінгі мөлшерде ақшалай штраф салу, ал мемлекеттік немесе қоғамдық мүлікті ұсақтап ұрлағаны, 16-жасқа дейінгі жас өспірімдердің қоғамдық орындарға мас күйінде келуі немесе олардың спирт ішімдіктерін ішуі туралы істер бойынша, сондай-ақ осы Ереженің 7-статьясының 2—7, 11-тармақтарында көзделген реттерде — 50-сомға дейінгі мөлшерде штраф салу [1];

6) кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның басшысы алдында еңбек тәртібін бұзуға айыпты адамды еңбек туралы қолданылып жүрген заңдарға сәйкес ақы аз төленетін жұмысқа ауыстыру туралы немесе оның қызметін кішірейту туралы мәселе қою;

7) кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның басшысы алдында қолданылып жүрген заңдарға сәйкес тәрбиелеу қызметін немесе ақша және товарлы құнды заттармен тікелей байланысты жұмыс атқаратын адамды, егер жолдастық сот бұл адамның жасаған теріс қылықтарының сипатын ескере отырып, оған бұдан былай бұл жұмысты сеніп тапсыру мүмкін емес деп тапса, оны жұмыстан шығару туралы мәселе қою.

Айыпкерге осы статьяда белгіленген ықпал жасау шараларын қолданумен бірге жолдастық сот, заңда көзделгені реттерде, кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі алдында және кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның кәсіподақ комитетінің алдында айыпкерді жұмыстың жылдық қорытындылары бойынша сыйлықтан толық немесе ішінара айыру, демалыс үйіне немесе санаторийге жеңілдікпен берілетін жолдамадан айыру туралы, сондай-ақ тұрғын үй алу кезегін кейінге қалдыру туралы мәселе қоя алады.

Осы статьяның 1—7-тармақтарында көзделген ықпал жасау шараларын қолданумен қатар жолдастық сот, егер заңдарда залалды өндіріп алудың басқа тәртібі белгіленбеген болса, айыпкерді оның заңсыз істерімен келтірген 50 сомға дейінгі мөлшердегі залалын өтеуге міндеттей алады.

Мемлекеттік немесе қоғамдық мүлікті аздан талан-таражға салғандық туралы істер бойынша жолдастық сот ондай шешімнің орындалу мерзімін белгілей отырып, барлық реттерде айыпкерді келтірген материалдық залалын толық өтеуді міндеттеуге тиіс; майда алыпсатарлық туралы істер бойынша — майда алыпсатарлық заттарын мемлекеттің кірісіне беру туралы шешім шығаруға тиіс.

---

[1] 16-статьяның 5-пунктіне 1985 ж. 22 октябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 45, 457-ст.).

17-статья. Егер айыпкер өз кінәсін шын жүректен мойындап, коллективтен немесе жәбірленушіден көпшілік алдында кешірім сұраса және келтірген залалын өз еркімен өтесе, жолдастық сот істі көпшілік алдында қараумен ғана тыя алады және 16-статьяда көрсетілген қоғамдық ықпал жасау шараларын қолданбауына да болады.

Соттау үшін негіз болмаған ретте, жолдастық сот жауапқа тартылған адамды ақтайды.

Мүліктік немесе басқа азаматтық-праволық дауларды қараған кезде жолдастық сот арызданған талапты толық немесе ішінара қанағаттандырады немесе оны қанағаттандырудан бас тартады.

Азаматтық-праволық дауға қатысушыларды татуластырған ретте, ал қорлау, жала жабу, ұрып-соғу және денеге жеңіл жарақат түсіру туралы істер бойынша жәбірленушіні жауапқа тартатын адаммен татуластырған кезде жолдастық сот іс жүргізуді тоқтату туралы шешім қабылдайды.

Егер іс тәртіп бұзушының тұрған жері бойынша қаралған болса, жолдастық сот өз шешімін сол адам жұмыс істейтін немесе оқитын жеріндегі қоғамдық ұйымдарға хабарлай алады.

Әкімшілік комиссиялары, сот (судья), прокурор, сондай-ақ прокурордың келісімімен тергеуші және анықтама органы жіберген материалдар бойынша жолдастық сот істі қараудың нәтижелері туралы бұл органдарға 10 күн мерзімнің ішінде хабарлауға міндетті [1].

Жолдастық сот тәртіп бұзуға ықпал еткен өздері анықтаған себептер мен жағдайлар туралы қоғамдық ұйымдар мен қызмет адамдарына хабарлап отырады. Аздан талан-таражға салушылыққа және басқа право тәртібін бұзушылыққа ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою жөнінде қолданылған шаралар туралы қызмет адамдары мен қоғамдық ұйымдар жолдастық сотқа бір ай мерзімнің ішінде хабарлауға міндетті.

18-статья. Егер жолдастық сот істі қараған кезде право тәртібін бұзушыны қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тарту қажеттігі туралы тұжырымға келсе, ол материалдарды тиісті органдарға беру туралы шешім қабылдайды.

Егер право тәртібін бұзушы алкоголик немесе наркоман болса, жолдастық сот ондай адамға қоғамдық ықпал жасау шараларын қолданумен қатар, оны заңда белгіленген тәртіппен еріксіз емдеу туралы мәселе қояды.

Егер мүліктік немесе басқа азаматтық-праволық дауды қараған кезде жолдастық сот бұл істі күрделі болғандықтан оны шешу мүмкін емес деген тұжырымға келсе, ол істі аудандық (қалалық) халық сотына жібереді.

19-статья. Жолдастық соттың шешіміне өзіне шешім шығарылған адам, жәбірленуші және азаматтық-праволық дауға қатысушылар шешім шығарылған күннен бастап 7 күннің ішінде кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның кәсіподақ комитетіне немесе халық депутаттары жергілікті Советінің атқару комитетіне шағым бере алады. Аталған органдар жолдастық соттың шешімі қолданылып жүрген заңдарға, осы Ережеге немесе істің мән-жайына қайшы келетінін анықтағаннан кейін шешімді жояды және материалды сол жолдастық соттың өзіне қайта карауға жібереді немесе іс жүргізуді қысқартып тастайды.

Шағымның берілуі шешімнің орындалуын тоқтата тұрады.

20-статья. Жолдастық соттың келтірілген залалды өтету туралы,

---

[1] 17-статьяның алтыншы бөлігіне 1985 ж. 22 октябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 45, 457-ст.).

штраф салу немесе басқа мүліктей өндіріп алу туралы шешімі шешімде көрсетілген мерзімде орындалуға тиіс. Жолдастық сот өз шешімдерінің орындалуына бақылау жасайды. Шешім белгіленген мерзімде орындалмаған кезде, сондай-ақ майда алыпсатарлық заттарды мемлекеттің кірісіне беру туралы жолдастық соттың шешімін орындау үшін жолдастық соттың председателі істі халық судьясына жібереді, ол келіп түскен материалдарды және шешімнің заңдылығын тексергеннен кейін орындау қағазын береді.

Жолдастық соттың шешімі заңсыз болған ретте халық судьясы оның себептерін көрсеткен қаулысы мен орындау қағазын беруден бас тартады, ол туралы жолдастық сотқа және жолдастық соттың шешімін жою туралы мәселені қарау үшін тиісті кәсіподақ комитетіне немесе халық депутаттары Советінің атқару комитетіне хабарлайды.

Штраф салынған адамдардан өндіріліп алынған қаржылар заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттің бюджетіне түседі.

Жолдастық соттың штраф салу туралы шешімі шешім шығарылған күннен бастап үш айдың ішінде орындалмаса, ол орындалуға жатпайды.

21-статья. Жолдастық соттың ескерту, жұрт алдында айыбын бетіне басу немесе жұрт алдында сөгіс жариялау туралы шешімі бір жыл бойына күшінде болады. Егер жолдастық сот қоғамдық ықпал жасау шараларын қолданған адам бір жылдың ішінде жаңадан право тәртібін бұзбаса немесе қоғамға жат теріс қылық жасамаса, қоғамдық ықпал жасау шаралары оған қолданылмаған болып саналады.

Жолдастық сот қоғамдық ұйымдардың, кәсіпорын, мекеме басшысының, колхоз басқармасының өтініші бойынша, жолдастық сотқа тартылған адамның арызы бойынша, сондай-ақ өзінің жеке инициативасы бойынша қоғамдық ықпал жасау шараларын жылдық мерзім бітпей-ақ алып тастауға правосы бар. Бұл туралы қабылданған шешімдер коллективке хабарландырылады.

V. Жолдастық соттарға басшылық ету

22-статья. Аудандардың, қалалардың, қалалардағы аудандардың, селолардың, ауылдардың, поселкелердің территориясындағы барлық жолдастық соттардың қызметіне басшылықты тиісінше халық депутаттарының аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық, поселкелік, селолық, ауылдық Советтері жүзеге асырады.

Кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдарда, жоғары және арнаулы орта оқу орындарында жолдастық соттардың жұмысына тиісті кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, цехтардың кәсіподақ комитеттері тікелей басшылық жасайды.

Колхоздарда, тұрғын үй-пайдалану ұйымдары қызмет көрсететін немесе көше комитеттері біріктіретін үйлерде, сондай-ақ поселкелер мен селолық елді мекендерде жолдастық соттардың жұмысына халық депутаттарының тиісті жергілікті Советтері мен олардың атқару комитеттері басшылық жасайды.

Жолдастық соттардың қызметіне басшылық жасауды және оның жұмысына бақылау жасауды жүзеге асыру үшін халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттеріне, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың кәсіподақ комитеттеріне көмектесу, жолдастық соттарға методикалық көмек көрсету, олардың қызметін үйлестіріп отыру, оқу және жұмыс тәжірибесін алмасу мақсатымен халық депутаттарының аудандық, қалалық (ауданға бөлінбейтін қалаларда), қа-

лалардағы аудандық Советтері атқару комитеттерінің жанынан жолдастық соттардың жұмысы жөніндегі қоғамдық советтер құрылады.

Жолдастық соттарға юстиция, прокуратура және сот органдары заң көмегін көрсетіп отырады.

23-статья. Жолдастық соттарға техникалық қызмет көрсету тиісінше кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, тұрғын үй-пайдалану ұйымдарының әкімшілігіне, колхоздардың басқармаларына, халық депутаттары Советтерінің тиісті атқару комитеттеріне жүктеледі.

Жолдастық соттар жылына бір рет халық депутаттары Советінің тиісті атқару комитетіне өздері қараған істердің саны мен оның сипаты туралы және қабылданған ықпал жасау шаралары туралы мәліметтер беріп отырады.

24-статья. Істерді қарауға және еңбек коллективтерінде профилактикалық жұмыс жүргізуге белсенді түрде қатысатын жолдастық соттардың председательдерін, председательдерінің орынбасарларын, секретарьлары мен мүшелерін халық депутаттары жергілікті Советінің атқару комитеті, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың кәсіподақ комитеті немесе олардың ұсынысы бойынша кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың әкімшілігі көтермелейді:

алғыс жариялайды;

Құрмет грамотасымен наградтайды;

бағалы сыйлық немесе ақшалай сыйлық береді;

мерзімі үш күнге дейін қосымша ақы төленетін демалыс береді;

санаторийге немесе демалыс үйіне жеңілдікпен жолдама береді.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1977 жылғы 28 марттағы Указы бойынша
БЕКІТІЛГЕН

ЖОЛДАСТЫҚ СОТТАРДЫҢ ЖҰМЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ СОВЕТТЕР ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ

1. Жолдастық соттардың жұмысы жөніндегі қоғамдық советтер халық депутаттарының аудандық, қалалық (ауданға бөлінбейтін қалаларда), қалалардағы аудандық Советтерінің жанынан құрылады.

2. Қоғамдық советтер жолдастық соттардың жұмысын ұйымдастыруда, кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдарда, жоғары және арнаулы орта оқу орындарда, колхоздарда, тұрғын-үй пайдалану ұйымдары қызмет көрсететін немесе көше комитеттері біріктіретін үйлерде, сондай-ақ поселкелер мен селолық елді мекендерде жолдастық соттардың қызметіне басшылық жасауды және бақылау жасауды жүзеге асыруға халық депутаттарының тиісті Советтерінің атқару комитеттеріне, кәсіптік одақтарының комитеттеріне көмек көрсетуге тиіс.

3. Жолдастық соттардың жұмысы жөніндегі қоғамдық советтердің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

жолдастық соттардың жұмысын ұйымдастыруды жақсартуға көмектесу және олардың қызметінің тиімділігін арттыру;

жолдастық соттардың жұмысын үйлестіріп отыру, олардың заңдылықты сақтауын және азаматтардың праволарын қорғауын қамтамасыз ету;

жолдастық соттардың сайлауын және олардың есеп беруін өткізу-

ге көмек көрсету, сондай-ақ жолдастық соттардың право тәртібін бұзушылықты бақылау ісінде басқа қоғамдық ұйымдармен бірігіп жұмыс істеуіне көмек көрсету;

жолдастық соттардың председательдерінің және мүшелерінің заңдарды оқып-үйренуін ұйымдастыру;

жолдастық соттардың жақсы жұмыс тәжірибесін зерттеу практикасын талдап қорыту және тарату.

4. Қоғамдық советтің құрамын халық депутаттарының аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советінің атқару комитеті екі жыл мерзімге бекітеді.

5. Қоғамдық советтер советтің председателінің, председателінің орынбасарының, секретарының және мүшелерінің құрамында жұмыс істейді. Советтің мүшелерінің саны жұмыстың көлеміне қарай белгіленеді.

6. Қоғамдық советтердің қызметі жұртшылықты кеңінен қатыстыра отырып жүзеге асырылады.

7. Қоғамдық советтер халық депутаттарының тиісті Советтерінің атқару комитеттерінің алдында жауапты және кемінде жылына бір рет жасаған жұмысының нәтижелері туралы олардың алдында есеп беріп отырады.

8. Жолдастық соттардың жұмысы жөніндегі қоғамдық советтер өз қызметінде осы Ережені, жолдастық соттар туралы Ережені және басқа нормативтік актілерді басшылыққа алады.

9. Жолдастық соттардың жұмысы жөніндегі қоғамдық советтердің жұмысына басшылықты оның председателі және председательдің орынбасары жүзеге асырады. Қоғамдық советтің іс қағазын және документтерін сақтауды советтің секретары жүргізеді.

10. Қоғамдық советтер олардың мәжілістерінде бекітілген жоспарлар бойынша жұмыс істейді.

11. Жолдастық соттардың жұмысы жөніндегі қоғамдық совет:

а) жолдастық соттардың председательдерінің және мүшелерінің заңды оқып-үйренуін ұйымдастырады: қазіргі бар заңдарды қолдану, жолдастық соттардың жұмыс тәжірибесін алмасу, азаматтарға коммунистік тәрбие беруде олардың қатысуы жөнінде семинарлар мен кеңестер өткізіп тұрады;

б) халық депутаттарының Советі атқару комитетінің тапсыруы бойынша жолдастық соттардың жұмысын үнемі тексеріп тұрады, жолдастық соттардағы істермен және материалдармен танысады, жолдастық соттардың өздері қараған істерінің саны мен сипаты туралы және қабылданған ықпал жасау шаралары туралы жолдастық соттардың жылына бір рет беріп отыратын мәліметтерін зерттейді және жинақталған мәліметтерді халық депутаттары Советінің атқару комитетіне береді;

в) жолдастық соттардың сайлауын және есеп беруін өткізуге көмек көрсетеді;

г) халық депутаттарының аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советі атқару комитетінің тапсыруы бойынша жолдастық соттардың шешіміне берілген шағымдарды тексереді және тексеру нәтижелері бойынша өзінің ұсыныстарын енгізеді;

д) жолдастық соттардың жұмысы туралы жолдастық соттар председательдерінің хабарларын тыңдайды және кемшіліктерді жою әрі олардың қызметін жақсарту жөнінде ұсыныстар береді;

е) халық депутаттарының жергілікті Советі атқару комитетінің, кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның кәсіподақ комитетінің қарауына ашылған кемшіліктерді жою және жолдастық соттардың қызметін одан әрі жетілдіру туралы, сондай-ақ жолдастық соттардың істің мән-

жайына немесе қолданылып жүрген заңдарға қайшы келетін шешімдерін жою туралы ұсыныстар енгізеді;

ж) халық депутаттарының жергілікті Советтері атқару комитеттерінің, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың кәсіподақ комитеттерінің алдына белсенді қызмет атқарып жүрген жолдастық соттардың председательдері мен мүшелерін көтермелеу туралы мәселе қояды;

з) жолдастық соттардың қызметін баспасөзде, радио, телевизия арқылы және басқа информация құралдары арқылы жариялап отыруға шаралар қолданады.

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРІКТІ ХАЛЫҚ ЖАСАҚТАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ОДАН ӘРІ ЖЕТІЛДІРУ ТУРАЛЫ» 1974 ЖЫЛҒЫ 20 МАЙДАҒЫ № 379 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН
ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1974 жылғы 7 июньдегі
№ 332 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1974 ж., № 14, 67-ст.)

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. (Үшінші абзац) Қазақстан КП облыстық, қалалық, аудандық комитеттеріне, еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттеріне халық жасақтарына басшылық етуде орын алып отырған кемшіліктерді жою; үлгілі қоғамдық тәртіп орнату жолындағы қозғалысқа еңбекшілердің белсене қатысуын қамтамасыз ету; азаматтардың праволары мен заңды мүдделерін қорғауда және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде халық жасақтарының ролі мен маңызын күшейтуге тынбастан күрес жүргізу; оларға көбірек көмек көрсетіп, көңіл бөлу, ерікті халық жасақтарының жұмысының жайы мен тиімділігі үшін партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының, әкімшілік органдардың, шаруашылық басшыларының ролі мен жауапкершілігін арттыру міндеттелсін.

2. Қазақстан КП облыстық, қалалық және аудандық комитеттері, еңбекшілер депутаттарының облыстық, қалалық, аудандық Советтерінің атқару комитеттері халық жасақтарының право бұзушылықтарды болдырмау және оларға тыйым салу жөніндегі қызметін жақсартуға бағытталған нақты шараларды әзірлеп, жүзеге асыратын болсын; олардың әкімшілік органдармен, жұртшылықтың және милицияның тірек пункттерімен, право бұзушылықтарды болдырмау жөніндегі советтермен, милицияның балалар бөлмелерімен, жолдастық соттармен және қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысушы басқа да ынталы қоғамдық ұйымдармен тығыз байланыста жұмыс істеуін қамтамасыз етсін; еңбек коллективтерінде және азаматтардың тұрған жерлерінде тәрбие жұмысын күшейту үшін жасақтарды пәрменді пайдалансын. Ерікті халық

[1] 1-пункттің бірінші, екінші абзацтары, 3-пункттің «б» және «в» тармақтары, 5, 12-пункттер, 15-пункттің екінші абзацы және 17-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

16-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1974 ж. 20 майдағы № 379 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 10-томын қараңыз).

жасақтарының қызметін одан әрі жақсарту мәселелері партия комитеттерінің бюро мәжілістері мен пленумдарында, еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері мен сессияларында үнемі қаралып отырсын. 1974 жылдың аягына дейін жасақшылардың аудандық, қалалық және облыстық слеттері өткізілсін.

3. Қазақстан КП облыстық, қалалық, аудандық комитеттері, еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері, кәсіподақ және комсомол органдары ерікті халық жасақтарын ұйымдық жағынан нығайту және олардың қызметін жетілдіру жөнінде қажетті шаралар алатын болсын. Осы мақсатта:

а) ерікті халық жасақтарының қоғамға жат құбылыстарға қарсы және социалистік заңдылықтарды бұзушылыққа қарсы күрестегі ролі мен маңызы туралы республика халқының арасында кең түсінік жұмысы өрістетілсін;

г) халық жасақтарының негізгі күш-жігері көшелерде, алаңдарда және басқа қоғамдық орындарда үлгілі қоғамдық тәртіптің сақталуына, бұзақылық, маскүнемдік фактілерін және қоғамға жат басқа да құбылыстарды батыл тыюға жұмылдырылсын; социалистік меншікті түгел сақтауға, кәмелетке толмағандардың арасында право бұзушылықтарға тыйым салуға және автотранспорт уақиғаларымен күресуге жасақтардың күш-жігері нәрменді бағытталып отырсын; право бұзушылар арасында дербес, тәрбие және профилактикалық жұмыс жүргізуде жасақтардың мүмкіндіктері кеңінен пайдаланылсын.

4. Халық жасақтарын басқару еңбекшілер депутаттарының аудандық, қалалық, поселкелік, селолық және ауылдық Советтерінің атқару комитеттеріне жүктелсін.

Оларға жасақтардың қызметін күнбе-күн бағыттап, бақылап отыру, материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету және транспорт мәселелерін шешу, жасақшылардың өз міндеттерін орындауы кезінде олардың қалалық жолаушылар транспортында тегін жүру тәртібін белгілеу міндеттелсін.

Еңбекшілер депутаттары Советінің атқару комитеті председателінің орынбасарларының бірі ерікті халық жасақтарының жұмысы үшін жауапты болып бекітілсін. Ерікті халық жасақтары қызметінің мәселелері жөніндегі ағымдағы жұмысты жүзеге асыру және шешімдердің орындалуын бақылау үшін жергілікті бюджеттердің мемлекетік өкімет және мемлекеттік басқару органдарын ұстауға арналған қаржысы есебінен еңбекшілер депутаттарының аудандық, қалалық Советінің атқару комитеті аппаратының құрамына (қажет болғанда) басқа жұмыстан босатылған қызметкер енгізілсін.

6. Партия комитеттері жасақтардың қызметіне партиялық бақылауды күшейтсін, бұл істе бастауыш партия ұйымдарының ролі мен жауапкершілігін арттырсын. Жасақтардың жұмысы және оларға коммунистердің қатысуы туралы мәселелер партия комитеттерінің, партбюролардың мәжілістерінде, партия ұйымдарының жиналыстарында үнемі қаралатын болсын. Жасақшыларда тапсырылған іске жауапкершілік сезімін, идеялық, саяси және моральдық жоғары сананы, әрқашанда және барлық жерде социалистік заңдылық пен праволық тәртіпті күзетуге даяр тұруға тәрбиелеу жөніндегі жұмыс жақсартылсын.

7. Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советі, Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті мен олардың жергілікті жерлердегі органдары ерікті халық жасақтарының қызметіне кәсіподақ және комсомол ұйымдарының анағұрлым белсене қатысуын қамтамасыз етсін, право бұзушылықтарға қарсы күресте олардың ролі мен жауапкершілігін арттырсын. Кәсіподақ мүшелері мен комсомолдардың жасақтарда өз міндеттерін

орындауы үнемі бақылансын, жасақтардың командирлері мен жасақшылардың есептері кәсіподақ және комсомол жиналыстарында жүйелі түрде тыңдалып отырсын.

Жасөспірімдерге коммунистік тәрбие беруді жақсарту және олардың арасында қоғамға жат құбылыстарға тыйым салу үшін ұстаздық барынша дамытылып, көтермеленетін болсын.

8. Қазақ ССР Ішкі істер министрлігіне және оның жергілікті жерлердегі органдарына қоғамдық тәртіпті қорғау жөнінде милиция органдарының ерікті халық жасақтарымен тығыз байланыста жұмыс істеуін ұйымдастыру, право бұзушылыққа қарсы күреске және профилактикалық жұмысты жүргізуге жасақшыларды шебер қатыстыру міндеттелсін. Қылмысқа қарсы және қоғамға жат құбылыстарға қарсы күрестің жайы туралы еңбекшілер коллективтеріне, тірек пункттерге, жасақтар штабтарына үнемі хабарланып отырылсын. Әрекеттің болмауы және социалистік қоғам тіршілігі нормаларын бұзушы адамдарға шаралардың қолданылмауы фактілеріне принципті түрде көңіл қойылсын. Милицияның ерікті халық жасақтарымен өзара бірлесе жұмыс істеуін ұйымдастыруға жауапты арнаулы қызметкерлер бөлінсін. Ерікті халық жасақтарының штабтары мен оперативтік отрядтар жедел жұмыс істейтін радиоаппаратурамен, электромегафондармен және қоғамдық тәртіпті қорғау үшін пайдаланылатын басқа да техникалық құралдармен белгіленген тәртіп бойынша қамтамасыз етілсін.

9. Партия, совет ұйымдары, ішкі істер, прокуратура органдары, соттар ерікті жасақтарға жұмысты ұйымдастыруда және жоспарлауда, жасақшыларға праволық тәрбие беруде, оларға право бұзушылықтарға қарсы күрестің формалары мен әдістерін үйретуде қажетті көмекті үнемі көрсетіп отыратын болсын.

10. Партия, совет, әкімшілік органдары, комсомол, кәсіподақ ұйымдары, шаруашылық басшылары жасақшылардың инициативасын барынша қолдап отырсын, право бұзушылықтар туралы жасақтардың дабылын және олардың қоғамдық тәртіпті нығайту жөніндегі ұсыныстарын елеусіз қалдырмасын; жасақшыларды моральдық және материалдық көтермелеу шараларын көбірек пайдаланысын, олардың таңдаулыларына тұрғын үй, санаторийлер мен демалыс үйлеріне арзандатылған жолдамалар және басқа жеңілдіктер мен артықшылықтар алуға басқалардан артық право берілсін, қоғамдық борышын орындау кезінде ерлік пен батырлық көрсеткен жасақшыларды СССР-дің ордендерімен және медальдарымен наградтауға ұсынсын.

Әкімшілік органдар жасақшылардың қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі міндеттерді орындауы кезінде оларға қатер төндірілген әрбір уақиғаға ерекше мән беріп, айыпты ларды заңдарда көрсетілген жауапкерлікке тартып отырсын.

11. Облыстар мен Алматы қаласының үлгілі қоғамдық тәртіп орнату жолындағы республикалық социалистік жарысы ұйымдастырылсын.

Жарыста озып шыққандарды көтермелеу үшін Қазақстан КП Орталық Комитетінің, Қазақ ССР Министрлер Советінің, Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советі мен Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің 5 мың сом мөлшерінде ақшалай сыйлық қоса берілетін ауыспалы Қызыл туы белгіленсін.

Сыйлықты төлеуге арналған шығындар жыл сайын тиісті облыстар мен Алматы қаласының жергілікті бюджеттері есебінен жасалсын.

Үлгілі қоғамдық тәртіпті орнату жолындағы республикалық социалистік жарыстың осыған қосылған Шарттары бекітілсін.

Мынадай ұсынылсын:

а) Қазақстан КП облыстық комитеттері мен облыстық атқару комитеттеріне — қалалар мен аудандардың үлгілі қоғамдық тәртіп орнату жолындағы жарысын ұйымдастыру;

б) Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетіне — республиканың таңдаулы оперативтік отряды үшін ауыспалы Қызыл ту белгілеу;

в) Қазақ ССР Ішкі істер министрлігіне — жұртшылық пен милицияның таңдаулы тірек пункттері үшін көтермелеу сыйлықтарын белгілеу.

13. Республикалық газеттер мен журналдардың редакциялары, Қазақ ССР Министрлер Советінің Телевизия және радио хабар жөніндегі мемлекеттік комитеті, Республикалық «Білім» қоғамы жұртшылық пен еңбек коллективтеріпің праволық тәртіп пен социалистік заңдылықты нығайтудағы ролін кеңінен насихаттасын, ерікті халық жасақтары мен олардың штабтарының жұмысын жан-жақты және айқын көрсетіп отырсын, таңдаулы жасақтар мен жасақшылардың тәжірибесін, оларға партия және совет органдары тарапынан басшылық жасау практикасын қорытып, тарататып болсын.

Қазақ ССР Министрлер Советінің Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті тәртіпті қорғауға жұртшылықтың қатысуыпа және ерікті халық жасақтарының қызметіне арналған көркем және документті фильмдер шығаруды көздесін.

14. Ерікті халық жасақтары туралы Ережеспің 36-пунктінде көзделген қаржы есебінен облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетінің заказдары бойынша халық жасағының омырауға тағатын белгісін жасап шығару — Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігіне, ал куәліктерді жасап шығару Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетіне жүктелсін.

Қазақ ССР Мемлекеттік Жоспарлау комитеті белгілер мен куәліктерді жасап шығаруға қажетті материалдарды Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетіне бөліп отырсын.

15. Ерікті халық жасақтарының қызметін праволық реттеуді одан әрі жетілдіру мақсатында Қазақ ССР-інің қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі ерікті халық жасақтары туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1974 жылғы 7 июньдегі № 332 ҚАУЛЫСЫМЕН БЕКІТІЛГЕН

ҚАЗАҚ ССР-інің ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРІКТІ ХАЛЫҚ ЖАСАҚТАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Кемелденген социалистік қоғам экономикалық және әлеуметтік зор өзгерістер жағдайында біздің елімізде әрбір азаматтың саналылығын және қоғам алдындағы жоғары жауапкершілік сезімін қалыптастыру, тәртіп пен ұйымшылдықты қамтамасыз ету, социалистік праволық тәртіп пен заңдылықты барынша нығайту міндеті барған сайын зор маңыз алып отыр.

Осы міндетті шешуде органдармен және қоғамдық ұйымдармен қатар ерікті халық жасақтары маңызды роль атқарады. Еңбекшілердің

инициативасы бойынша құрылған халық жасақтары қоғамдық тәртіпті нығайту жөніндегі жұмысқа белсене қатысуда, социалистік қоғам тіршілігі ережелерін бұзушылыққа қарсы және қоғамға жат басқа да құбылыстарға қарсы күрес жүргізуде. Олар өз қызметімен халықтың қалың бұқарасы алдында бедел мен құрметке ие болды.

Өз қатарына мыңдаған алдыңғы қатарлы және саналы азаматтарды біріктірген ерікті халық жасақтарының жұмысы еліміздің мемлекеттік және қоғамдық өміріне еңбекшілердің кеңінен және барған сайын көптеп қатысуына негізделген советтік құрылыс демократизмінің жарқын үлгісі болып табылады.

I. Жалпы ережелер

1. Қоғамдық тәртіпті қорғауды және право бұзушылыққа қарсы күресті күшейту үшін ерікті халық жасақтарын еңбекшілер коллективтері кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдарда құрады, сондай-ақ олар азаматтардың тұрған жерінде құрылады.

2. Ерікті халық жасақтарының барлық қызметі социалистік заңдылықты қатаң сақтауға негізделеді. Жасақтар өз жұмысында СССР-дің, Қазақ ССР-інің заңдарын, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтарын, мемлекеттік өкімет пен мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының шешімдері мен жарлықтарын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Халық жасақтары өндірістік-территориялық принцип бойынша кәсіпорындарда, құрылыстарда, транспортта, колхоздарда, совхоздарда, мекемелерде, ұйымдарда, оқу орындарында, тұрғын үй пайдалану конторларында, үй басқармаларында, жатақханаларда және басқаларында құрылады.

4. Ерікті халық жасақтарына өзінің іскерлік және моральдық-саяси қасиеттері бойынша жасақ алдына қойылған міндеттерді ойдағыдай орындай алатын алдыңғы қатарлы жұмысшылардың, колхозшылардың, қызметшілердің, студенттердің, оқушылардың, пенсионерлердің ішінен СССР-дің 18 жасқа толған азаматтары қабылданады.

5. Ерікті халық жасақтарына басшылықты еңбекшілер депутаттарының Советтері мен олардың орындаушы және жарлық беруші органдары жүзеге асырады.

6. Мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар мен қызмет адамдары ерікті халық жасақтарының қоғамдық тәртіпті нығайту және право бұзушылыққа қарсы күресу жөніндегі қызметінде оларға барынша жәрдемдеседі және көмек көрсетеді.

7. Халық жасақшыларының заңды қызметіне қарсылық көрсету, халық жасақшыларының қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі қызметіне байланысты олардың өміріне, денсаулығы мен адамгершілігіне қастық әрекет жасау ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес жауапқа тартылады.

II. Ерікті халық жасақтарының негізгі міндеттері мен қызметтері

8. Ерікті халық жасақтарының негізгі міндеттері азаматтардың праволары мен заңды мүдделерін қорғау, право бұзушылықты болдырмауға белсене қатысу, қоғамдық тәртіпті, социалистік меншікті қорғау, совет адамдарын заңдарды және социалистік қоғам тіршілігінің ережелерін құрметтеу рухында тәрбиелеу жөніндегі жұмысқа қатысу болып табылады.

9. Ерікті халық жасақтары өздеріне осы Ереженің 8-пунктінде

жүктелген міндеттерді орындай отырып және қолданылып жүрген заңдарды басшылыққа алып:

а) көшелерде, алаңдарда, парктерде, транспорт магистральдарында, вокзалдарда, пристаньдарда, аэропорттарда және басқа қоғамдық орындарда қоғамдық тәртіпті қорғауға, сондай-ақ әр түрлі көпшілік шараларды жүргізген кезде тәртіптің сақталуына қатысады;

б) ішкі істер, прокуратура, юстиция органдары мен соттардың қоғамдық тәртіпті қорғауды нығайту және право бұзушылыққа қарсы күресу жөніндегі қызметінде оларға жәрдемдеседі;

в) бұзақылыққа, маскүнемдікке, самогон қайнатушылыққа, мемлекеттік және қоғамдық мүлікті, сондай-ақ азаматтардың жеке мүлкін ұрлаушылыққа, сауда ережелерін бұзушылыққа, алыпсатарлыққа және басқа право бұзушылыққа қарсы күреске қатысады;

г) социалистік қоғам тіршілігі ережелерін сақтау және қоғамға жат әрекеттерді болдырмау жөнінде еңбек коллективтері мен халық арасында тәрбие жұмысын жүргізуге қатысады;

д) балаларды бақылаусыз қалдыруға және кәмелетке толмағандардың право бұзушылығына қарсы күреске қатысады;

е) транспорт пен жаяулардың жолда жүру хауіпсіздігін қамтамасыз етуге және жол-транспорт уақиғаларын болдырмауға қатысады;

ж) бақытсыз жағдайға душар болған немесе право бұзушылықтан зардап шеккен, сондай-ақ қоғамдық орындарда дәрменсіз халде қалған адамдарға шұғыл көмек көрсету жөнінде шаралар алады; стихиялық апаттар кезінде және басқа төтенше жағдайларда адамдарды мүлікті құтқаруға және қоғамдық тәртіптің сақталуына қатысады;

з) СССР-дің мемлекеттік шекарасын қорғауда шекаралық әскерлерге көмек көрсетеді;

и) табиғат байлықтарын қорғау мен сақтау жөнінде шаралар жүргізуге, браконьерлікке және аң аулау мен балық аулау ережелерін бұзушылыққа қарсы күреске қатысады.

III. Ерікті халық жасағын құру және оның жұмысын ұйымдастыру тәртібі

10. Ерікті халық жасағы жасаққа кіруге тілек білдірген адамдардың ұйымдастыру жиналысында құрылады, жиналысты партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының және басқа қоғамдық ұйымдардың өкілдерінен құралған инициативалық топ кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдарда шақырады.

11. Жұмыс істейтін және оқитын адамдары көп өндірістік бірлестіктерде (комбинаттарда), кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдар мен оқу орындарында ерікті халық жасақтарының аудандық, қалалық штабтарының шешімі бойынша өндірістердің (филиалдардың), цехтардың, бөлімдердің, учаскелердің, бригадалардың, факультеттердің және басқаларының жасақтары, сондай-ақ осы жасақтарды басқару үшін штабтар құрылады.

12. Аудандық, қалалық, селолық, ауылдық, поселкелік штабтың ұсынуы бойынша ерікті халық жасақтары еңбекшілер депутаттары аудандық, қалалық, селолық, ауылдық, поселкелік Советінің атқару комитетінде тіркеледі. Жасақты тіркеген кезде оны құрудың белгіленген тәртібінің сақталуы тексеріледі.

Жекелеген ерікті халық жасақтарын тарату немесе қайта құру еңбекшілер депутаттары аудандық, қалалық, селолық, ауылдық, поселкелік Советінің атқару комитетіне алынған шешім туралы хабарлана оты-

рып, аудандық, қалалық, селолық, ауылдық, поселкелік штабтың шешімі бойынша жүргізіледі.

13. Халық жасағына қабылдау өз арызы негізінде және жасаққа кіруге тілек білдірген азаматтың жұмыс істейтін, оқитын немесе тұратын орнындағы партия, совет немесе комсомол ұйымының кепілдемесі болғанда ғана жасақшылардың жалпы жиналысында немесе жасақ штабының мәжілісінде қатаң еріктілік негізінде жеке-жеке алу тәртібімен жүргізіледі.

14. Әрбір жасақшы праволық тәртіпті қорғауды және право бұзушылыққа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі өзінің қоғамдық борышын адал және дұрыс орындауға салтанатты уәде (тексі қосымша берілін отыр) қабылдайды. Салтанатты уәде партия және совет органдарының, қоғамдық ұйымдар мен еңбекшілер коллективтерінің өкілдері шақырылған жалпы жиналыста қабылданады.

Жасаққа алынған азаматтарға салтанатты уәдені қабылдағанға дейін осы уәденің маңызы түсіндіріледі, оларға осы Ережені, қоғамдық тәртіпті қорғаудың және право бұзушылыққа қарсы күрестің тәртібін белгілейтін заң актілерін және басқа нормативтік актілерді, халық жасақтары жұмысының формалары мен әдістерін үйрету ұйымдастырылады.

Өз міндеттерін, праволарын жете меңгерген және салтанатты уәде қабылдаған жасақшыға жасақ штабының командирі немесе бастығы жасақшының белгіленген үлгідегі куәлігін, омырауға тағатын белгісін және жасақшының негізгі міндеттері мен праволары, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі аса маңызды заң қағидалары баяндалған естелігін тапсырады. Тек осыдан кейін ғана жасақшы өз міндеттерін орындауға жіберіледі.

15. Жасақшы атағына сыйыспайтын қылық істеген немесе өз міндеттерін орындамайтын жасақшы халық жасағынан шығарылады. Шығару туралы шешім жасақшылардың жалпы жиналысында немесе жасақ штабының мәжілісінде қабылданады; жасақтан шығарылған адам жасақшының куәлігі мен омырауға тағатын белгісін тапсырады.

Жасақшының міндеттерін орындаудан өздерін босату туралы өтініш айтқан жасақшылар жасақтың құрамынан шығып қалады. Оның шығуы туралы шешімді штаб қабылдайды; жасақ құрамынан шыққан адам жасақшының куәлігі мен омырауға тағатын белгісін штабқа тапсырады.

Жұмыс істейтін, оқитын немесе тұрған жерінің ауысуымен байланысты халық жасағының құрамынан шыққан жасақшыларды өз арызының және бұрын олар құрамында болған жасақтың штабы немесе командирі берген мінездеменің негізінде жаңа жұмыс істейтін, оқитын немесе тұратын жерінде жасаққа қабылдауға болады.

16. Ерікті халық жасағын жасақ командирі мен оның орынбасарлары басқарады, олар жасақшылардың жалпы жиналысында ашық дауыспен екі жыл мерзімге сайланады.

50-ден көп жасақшысы бар жасақты оның жұмысын басқару үшін нақ сол мерзімге жасақ штабы сайланады.

17. Аудан, қала шегінде ерікті халық жасақтарының жұмысын оперативті басқару үшін қалалық партия комитетінің және еңбекшілер депутаттарының аудандық, қалалық советі атқару комитетінің шешімімен партия, совет және басқа мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдерінен, жекелеген халық жасақтары штабтарының бастықтарынан (командирлерінен) және жасақшылардың ерікті халық жасақтарының аудандық, қалалық штабы құрылады. Селолық, ауылдық Советтің, поселкенің шегінде еңбекшілер депутаттарының селолық,

ауылдық, поселкелік Советі атқару комитетінің шешімімен ерікті халық жасақтарының селолық, ауылдық, поселкелік штабы құрылады.

Ерікті халық жасақтарының аудандық, қалалық, селолық, ауылдық, поселкелік штабының бастығын еңбекшілер депутаттарының тиісті Советінің атқару комитеті бекітеді.

Қалалардың микроаудандарындағы, сондай-ақ жекелеген елді мекендердегі ерікті халық жасақтарының жұмысын басқару үшін ерікті халық жасақтарының аудандық, қалалық штабының шешімі бойынша тиісті штабтар құрылуы мүмкін.

18. Ерікті халық жасақтарының право бұзушылықтың жекелеген түрлеріне қарсы күресу жөніндегі жұмысын жақсы ұйымдастыру мақсатында жасақтардың аудандық, қалалық штабының шешімімен жасақтардың құрамында, социалистік меншікті ұрлауға және жалдаптыққа қарсы күресу жөніндегі, кәмелетке толмағандардың право бұзушылығын болдырмау жөніндегі, көшеде жүру хауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі және ерікті халық жасақтары қызметінің басқа да бағыттары жөніндегі арнаулы жасақтар немесе арнаулы топтар құрылады.

Жасақтардың аудандық, қалалық штабтарының жанынан халық жасақтарының оперативтік құрама отрядтары құрылуы мүмкін.

19. Жастар мен кәмелетке толмағандардың право бұзушылығына қарсы күресу үшін жасақтардың аудандық және қалалық штабының және аудандық, қалалық комсомол комитетінің шешімі бойынша ерікті халық жасақтарының арнаулы бөлімшелері ретінде комсомолец жасақшылардан оперативтік комсомол отрядтары құрылуы мүмкін. Оперативтік комсомол отрядтарын ұйымдастырудың және олардың қызметінің тәртібін ВЛКСМ Орталық Комитеті белгілейді.

20. Ерікті халық жасақтарының аудандық, қалалық штабтарының қызметін үйлестіру, олардың озық жұмыс тәжірибесін қорыту мен тарату және оларға қажетті методикалық көмек көрсету үшін Қазақстан КП облыстық комитеттері мен облыстық атқару комитеттерінің, Қазақстан КП Алматы қалалық комитеті мен қалалық атқару комитетінің шешімі бойынша облыстарда және Алматы қаласында партия, совет органдарының және басқа мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдерінен, ерікті халық жасақтарының аудандық және қалалық штабтарының бастықтарынан ерікті халық жасақтарының облыстық, Алматы қалалық штабтары құрылады.

IV. Халық жасақшысының міндеттері мен праволары

21. Халық жасақшысы мынаны істеуге міндетті:

а) қоғамдық тәртіпті қорғауға, право бұзушылықты болдырмау, азаматтарды совет заңдары мен социалистік қоғам тіршілігі ережелерін сақтау рухында тәрбиелеу жөніндегі жұмысқа белсене қатысуға, ішкі істер, прокуратура, юстиция органдарының және соттың право бұзушылыққа қарсы күресу жөніндегі қызметінде оларға көмек көрсетуге;

б) барлық жерде — жұмыста, оқу орнында, көшеде, қоғамдық орында азаматтардың ар-намысын, адамгершілігін, сондай-ақ азаматтардың, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың праволары мен заңды мүдделерін қорғауға, азаматтармен сөйлескенде әдепті және сыпайы болуға; қылмысты қастық әрекеттерді және қоғамға жат басқа да әрекеттерді тоқтату үшін заңда көзделген шешуші және батыл шараларды алуға;

в) еңбекте, оқуда, тұрмыста үлгі болуға, өзінің идеялық, мәдени және жалпы білім дәрежесін үнемі арттырып отыруға;

г) тапсырмаларды орындаған кезде жасақтың командирі мен оның штабының талаптарын, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті қорғау жөнінде бірлескен шаралар жүргізген кезде милиция қызметкерлерінің нұсқауларын дәл және адал орындауға;

д) заң актілерін және басқа праволық актілерді қатаң орындауға, право бұзушылықпен күресудің формалары мен әдістерін табандылықпен меңгеруге, совет заңдары жөніндегі білімін үнемі молайтып отыруға;

е) әзірленіп жатқан немесе жасалған қылмыстардың өзіне мәлім болған фактілерін, стихиялық апаттардың шығуы туралы немесе азаматтардың, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың хауіпсіздігіне қатер төндіретін басқа да төтенше жағдайлар туралы жасақтың штабына, милиция органына және басқа тиісті мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдарға кезінде хабарлауға, сондай-ақ олардың зиянды зардаптарын болдырмау үшін шаралар алуға;

ж) міндеттерді орындау кезінде жеңіне шүберек белгіні байлап жүруге, жасақшының куәлігі мен омырауға тағатын белгісін өзімен бірге алып жүруге;

з) еңбекшілер депутаттары Советінің депутаты айтқан кезде депутат ашқан право бұзушылыққа тыйым салуда оған көмек көрсетуге;

и) өзін жасақ құрамына ұсынған қоғамдық ұйымның алдында өз жұмысы туралы үнемі есеп беріп отыруға.

22. Халық жасақшысының мынадай нравосы бар:

а) азаматтардан белгіленген қоғамдық тәртіпті сақтауды және право бұзушылықты тоқтатуды талап етуге;

б) милиция қызметкерлері немесе осыған уәкілдігі бар басқа да адамдар болмаған кезде протоколды жасақ штабының бастығына (командиріне) кейіннен бере отырып, қоғамдық тәртіп қасақана бұзылған немесе право бұзушылық азаматқа, кәсіпорынға, мекемеге, ұйымға мүліктік немесе басқа зиян келтірген реттерде протокол жасауға;

в) право бұзушылықтың жағдайларын немесе соған қатысы бар екенін айқындау үшін жеке адамды анықтау қажет болған реттерде қоғамдық тәртіпті бұзушылардан паспортын немесе жеке басын куәландыратын басқа документтерін көрсетуін талап етуге;

г) право бұзушылыққа жол бермеу мақсатында басқа ықпал жасау шаралары таусылғанда, сондай-ақ тәртіп бұзушының жеке басын анықтау және егер протоколды тәртіп бұзылған жерде жасауға мүмкіндік болмаса, протокол жасау үшін милицияға немесе ерікті халық жасағының штабына тәртіп бұзған адамдарды жеткізуге; мұның өзінде жеткізілген адамның жасақ штабында болуы бір сағаттан ұзаққа созылмауға тиіс;

д) право бұзушылыққа тыйым салған кезде тәртіп бұзушылардан тәртіп бұзу құралдарын, кейін оларды кідіртпестен милицияға тапсыра отырып, алып қоюға;

е) клубтарға, стадиондарға, кинотеатрларға және басқа қоғамдық орындарға жасырынып жүрген тәртіп бұзушының ізіне түсу, оларда болған тәртіп бұзушылықты тоқтату үшін кіруге, сондай-ақ оларға қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерін орындау үшін осы орындардың әкімшілігінің келісімімен кіруге;

ж) қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі міндеттерін орындау кезінде кезекшілік уақытына арнап берілген арнаулы жүріс билеттерімен қалалық жолаушылар транспортында (таксилерді қоспағанда) тегін

жүру правосын еңбекшілер депутаттарының тиісті Советінің атқару комитеті белгілеген тәртіп бойынша пайдалануға:

з) кешеуілдетуді көтермейтін реттерде қоғамдық орындарда дәрменсіз халде қалған адамдарды, сондай-ақ бақытсыз жағдайға душар болған немесе право бұзушылықтан зардап шеккен және осыған байланысты шапшаң медициналық көмекті керек ететін адамдарды емдеу мекемелеріне жеткізу үшін транспорт құралдарын (арнаулы және дипломатиялық автомобильдерден басқа) пайдалануға;

и) қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі міндеттерін орындау кезінде кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың телефондарын тегін пайдалануға;

к) көшеде жүру ережелерін бұзған автотранспорт құралдарының, тракторлар мен басқа да өздігінен жүретін машиналардың жүргізушілерінен транспорт құралдарын басқаруға право беретін документтерді талап етуге, осы транспорт құралдарын мас күйінде немесе жүргізушінің документтерінсіз жүргізгендерді ең жақын жердегі милиция органына алып келуге.

23. Халық жасақшысы қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі міндеттерін орындаумен байланысты уақытша еңбекке жарамсыз болып қалған реттерде жасақшыға, жұмыс стажына қарамастан, уақытша еңбекке жарамсыздығына байланысты берілетін жәрдем ақша табысының 100 проценті мөлшерінде төленеді, ал пақ осындай себеппен еңбек қабілетін тұрақты немесе ұзақ уақытқа жойған ретте оған еңбекте зақымданудың немесе кәсіби аурудың салдарынан еңбекке жарамсыз болған жұмысшылар мен қызметшілер үшін белгіленген мөлшерде мүгедектігі бойынша пенсия тағайындалады.

Қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі міндеттерін орындау кезінде қаза тапқан жасақшының семья мүшелеріне еңбекте зақымданудан немесе кәсіби аурудан қайтыс болған жұмысшылар мен қызметшілердің семьялары үшін белгіленген мөлшерде асыраушысынан айрылуына байланысты пенсия тағайындалады.

Жасақшы мен оның семья мүшелері жоғарыда көрсетілген жағдайларда келтірілген зиянның орнын толтыруды белгіленген тәртіп бойынша талап етуге праволы.

V. Ерікті халық жасақтары жұмысының формалары мен әдістері

24. Ерікті халық жасақтары өз қызметін мынадай жолмен жүзеге асырады:

а) көшелерге, алаңдарға, парктер мен басқа да қоғамдық орындарға шолғын жасау және күзеттер қою, право бұзушылықты және оны жасаған адамдарды табу жөнінде рейдтер жүргізу арқылы;

б) право бұзушылыққа жол берген адамдармен дербес тәрбие жұмысын жүргізу, осындай адамдарға жасақшылардың қамқорлығын белгілеу; азаматтарға заңдар мен социалистік қоғам тіршілігі ережелерін түсіндіру, право бұзушылыққа жол беруші кәмелетке толмағандардың ата-аналарымен және басқа жақын туыстарымен әңгімелер өткізу арқылы;

в) право бұзушыларға материалдар ресімдеу, осы материалдарды тиісті мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдарға жіберу арқылы;

г) право бұзушылықты болдырмау және қоғамға жат қылықтар жасаған адамдарға ықпал жасау мақсатында сатиралық плакаттар, қабырға газеттері мен фотовитриналар шығаруды ұйымдастыру, баспасөз, радио және телевизия құралдарын пайдалану арқылы;

д) право бұзушылар мүшелері болып тұрған қоғамдық ұйымдар-

дың, еңбекшілер коллективтерінің өкілдерін шақыра отырып, право бұзушылардың тәртібін жасақ штабының мәжілістерінде талқылау арқылы.

VI. Ерікті халық жасақтарының қызметіне басшылық жасау

25. Еңбекшілер депутаттарының аудандық, қалалық, поселкелік, ауылдық және селолық Советтері мен олардың атқару комитеттері ерікті халық жасақтарына басшылықты өз компетенциясы шегінде жүзеге асыра отырып, олардың қызметін ұйымдастырады және бағыттайды, жасақтарды нығайтуға және жасақшылар қатарына еңбекшілердің таңдаулы өкілдерін тартуға шаралар алады, жасақтардың қызметінде заңның сақталуын қамтамасыз етеді, праволық тәртіпті қорғауға қатысушы мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен олардың бірлесіп әрекет етуін ұйымдастырады, жасақтар штабтарының командирлері мен бастықтарының хабарлары мен есептерін, сондай-ақ кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың қандай ведомствоға бағынатынына қарамастан олардың басшыларының жасақтар жұмысының мәселелері жөніндегі хабарлары мен есептерін тыңдайды, жасақтарды материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету мәселелерін шешеді.

26. Жасақшылардың жұмысына оперативті басшылықты ерікті халық жасағының штабы (командирі) жүзеге асырады, ол:

а) жасақты топтастыру мен нығайту жөнінде жұмыс жүргізеді, жасақшыларды жоғары тәртіптілікке, қоғамдық борыш, жолдастық пен жанқиярлық сезіміне тәрбиелейді, жасақшыларды ұсынған қоғамдық ұйымдармен үнемі байланыс жасап тұрады;

б) жасақшылардың совет заңдарының негізін үйренуін, жасақшылардың дене шынықтырумен шұғылдануын, оларға право бұзушылыққа қарсы күрестің формалары мен әдістерін үйретуді ұйымдастырады;

в) жасақтың жұмысын жоспарлайды, жасақшыларға нұсқау береді және олардың қызметін бақылайды жасақтың жұмыс нәтижелерінің есебін жүргізеді, жасақшылардың жиналысында талқылау үшін жасақты ұйымдастыру мен олардың қызметінің мәселелерін әзірлейді;

г) право бұзушылықтар туралы жасақшылар жасаған протоколдарды қарайды және оларды тиісті мемлекеттік органдарға немесе қоғамдық ұйымдарға жібереді;

д) өз жұмысы туралы жасақшылар алдында және жасақтың жұмысы туралы кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың тиісті коллективтері алдында, сондай-ақ еңбекшілер депутаттарының тиісті Советі мен оның атқару комитеті алдында жылына кемінде бір рет есеп береді;

е) ерекше көзге түскен жасақшыларды көтермелеу туралы кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың басшыларының алдында, сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың алдында ұсыныс жасайды.

27. Жасақтардың аудандық, қалалық, селолық, ауылдық, поселкелік штабы:

а) жасақтарды құру мен олардың қызметін жетілдіру жөнінде ұйымдастыру жұмысын жүргізеді;

б) ерікті халық жасақтарының жұмысын жоспарлайды, жасақтардың бірлесіп әрекет ету жөніндегі шараларды әзірлейді, жасақтардың күшін олардың қызмет жүргізетін территориясы мен бағыттары бойынша бөледі, жасақтар басшыларының оқуын ұйымдастырады;

в) жасақтардың қызметін тексереді, ашылған кемшіліктерді жоюға шаралар алады, жақсы жұмыс тәжірибесін қорытады және таратады;

г) право бұзушылықты болдырмау жөніндегі шараларды әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысады, осы мақсатта право бұзушылықтың себептері мен оларды тудыруға жәрдемдескен жағдайларды жою туралы ұсыныстарды мемлекеттік органдарға және қоғамдық ұйымдарға енгізеді;

д) ерекше көзге түскен жасақшылар мен жасақтарды көтермелеу туралы еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың басшылары алдында, сондай-ақ қоғамдық ұйымдар алдында ұсыныс жасайды:

е) жасақшылардың байқаулары мен слеттерін өткізеді;

ж) жасақтар штабының жұмысы туралы еңбекшілер депутаттарының тиісті аудандық, қалалық, селолық, ауылдық, поселкелік советі мен оның атқару комитеті алдында есеп береді.

28. Ерікті халық жасақтарының облыстық, Алматы қалалық штабы:

а) аудандық, қалалық, поселкелік, ауылдық, селолық штабтар мен жекелеген жасақтардың қызметінің жақсы тәжірибесін қорытады және таратады, олардың жұмысында қажетті методикалық көмек көрсетеді;

б) жасақтар штабтарының жұмысын тексереді және ашылған кемшіліктерді жоюға шаралар алады;

в) жасақшылардың облыстық, қалалық слеттерін өткізеді, жасақтардың аудандық, қалалық штабы басшыларының оқуын ұйымдастырады;

г) қоғамдық тәртіпті қорғау және право бұзушылыққа қарсы күресу мәселелері туралы ұсыныстарды тиісті мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдарға енгізеді;

д) жасақтар штабының жұмысы туралы еңбекшілер депутаттары облыстық, Алматы қалалық Советінің атқару комитеті алдында есеп береді.

VII. Ішкі істер, прокуратура, юстиция органдары мен соттардың ерікті халық жасақтарымен бірлесіп жұмыс істеуі

29. Ішкі істер, прокуратура, юстиция органдары мен соттар ерікті халық жасақтарына жүктелген міндеттерді орындауда оларға барынша көмек көрсетіп, қолдайды, халық жасақтары штабтарының командирлері мен бастықтарына право бұзушылық туралы жасақтардың қызметі үшін қажетті информация береді, жасақшыларға нраволық тәрбие беру жөнінде жұмыс жүргізеді, оларды методикалық құралдармен және заң-анықтама әдебиетімен қамтамасыз етуде көмек көрсетеді, жасақшылардың жалпы жиналыстарының, байқауларының, слеттерінің жұмысына, жасақтар штабтарының мәжілістеріне қатысады.

30. Ішкі істер органдары ерікті халық жасақтарымен күнбе-күн бірлесіп жұмыс істеуді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, қажетті реттерде жасақшыларға нұсқау береді, оларға право бұзушылыққа қарсы күресудің формалары мен әдістерін үйретеді, жасақтардың жұмысын жоспарлау мен оның есебін жүргізуде оларға методикалық көмек көрсетеді, жасақтар штабтарымен келісе отырып, қоғамдық тәртіпті қорғау және право бұзушылықты болдырмау жөнінде бірлескен шаралар жүргізеді. Мұндай шараларды жүргізген уақытта жасақшылардың жұмысына оперативті басшылықты ішкі істер органдарының тиісті қызмет адамдары жүзеге асырады.

VIII. Көтермелеу және жазалау шаралары

31. Право бұзушылыққа қарсы күреске белсене қатысушы халық жасақшыларын еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері және тиісті мемлекеттік органдар, мекемелер, кәсіпорындар мен қоғамдық ұйымдар өз компетенциялары шегінде былайша көтермелейді:

алғыс жариялайды;

Құрмет грамотасымен наградтайды;

Құрмет кітабына жазады;

Құрмет тақтасына жазады;

сыйлық немесе ақшалай сыйлық береді;

омырауға тағатын «Үздік жасақшы» белгісімен наградтайды;

үш күнге дейінгі мерзімге ақы төленетін қосымша демалыс береді;

тұрғын үй алуға артықшылық право береді;

санаторийге немесе демалыс үйіне арзандатылған бағамен жолдама береді.

Өзінің қоғамдық борышын орындаудағы ерекше қызметі және мұның өзінде көрсеткен ерлігі мен батырлығы үшін халық жасақшылары қолданылып жүрген заңдарға сәйкес ССР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградтауға ұсынылады.

Ақы төленетін қосымша демалыс, тұрғын үй алуға артықшылық право, санаторийге немесе демалыс үйіне арзандатылған бағамен жолдамалар ерекше көзге түскен жасақшыларға жасақтар штабтарының (командирлерінің) халық жасақтарының аудандық, қалалық штабымен келісілген дәлелді ұсыныстары бойынша беріледі. Мұның өзінде жасақшылардың кезекшілікке шығуының саны мен ұзақтығы оның право бұзушылыққа қарсы күресу жөніндегі жұмысының нақты нәтижелері, сондай-ақ жасақшының еңбек көрсеткіштері мен жеке басының мінез-құлқы есепке алынады.

Жасақшыларға ақшалай сыйлық немесе сыйлық беру кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың коллективтеріне сыйлық беруге арнап көзделген қаржы есебінен жүргізіледі.

32. Жасақшыларды көтермелеу туралы хабарландыру жасақшылардың жиналысында, слеттерінде, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар коллективтерінің жиналыстарында салтанатты жағдайда жасалады.

33. Жұмыста ең жақсы нәтижелерге жеткен халық жасағын еңбекшілер депутаттары жергілікті Советінің атқару комитеті ауыспалы Қызыл тумен, вымпелмен немесе Құрмет грамотасымен наградтайды.

34. Өз міндеттеріне адал қарамайтын жасақшыларға жалпы жиналыстың немесе жасақ штабының шешімі бойынша мынадай жазалар қолдануға болады:

ескерту;

сөгіс;

қатаң сөгіс;

жасақтан шығару.

Жасақшының жасақтан шығарылғаны туралы оған кепілдеме берген қоғамдық ұйымға хабар беріледі.

IX. Ерікті халық жасақтарын материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету

35. Кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар осы кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың ерікті халық жасақтарын қажетті үй-жай-

лармен, телефон байланысымен, мебельмен және инвентарьмен қамтамасыз етеді.

Ерікті халық жасақтарының облыстық, аудандық, қалалық, селолық, ауылдық, поселкелік штабтарын, микроаудандар мен елді мекендердің жасақтарының штабтарын, құрама оперативтік отрядтарды, сондай-ақ халық жасақтарының комсомолдық оперативтік отрядтарын еңбекшілер депутаттары Советтерінің тиісті атқару комитеттері қызмет үйлерімен, телефон байланысымен және инвентарьмен қамтамасыз етеді.

36. Кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың ерікті халық жасақтарының қызмет үйлерін ұстауға, мебель, инвентарь, арнаулы әдебиет, көрнекі құралдар, куәлік бланкілерін, омырауға тағатын белгілер мен жасақшының шүберек белгісін алуға арналған шығындар, сондай-ақ жасақтардың қызмет істеуін қамтамасыз етуге қажетті телефон, почта шығындары және басқа шығындар тиісті кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың қаржысы есебінен жұмсалады.

Ерікті халық жасақтарының облыстық, аудандық, қалалық, селолық, ауылдық, поселкелік штабтары, микроаудандар мен елді мекендердің жасақтарының штабтары, құрама оперативтік отрядтар, сондай-ақ халық жасақтарының комсомолдық оперативтік отрядтары бойынша аталған шығындар еңбекшілер депутаттарының тиісті Советтерінің бюджеттерінің қаражаты есебінен жұмсалады.

37. Кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың басшылары, еңбекшілер депутаттары Советтерінің атқару комитеттері ерікті халық жасақтарына және жасақтардың штабтарына кезекшілік кезеңіне арнап транспорт құралдарын бөледі.

38. Ішкі істер органдары қажетті реттерде ерікті халық жасақтарының штабтарына кезекшілік кезеңіне арнап жедел жұмыс істейтін радио құралдарын және басқа техникалық құралдарды СССР Ішкі істер министрлігі белгілеген тәртіп бойынша бере алады.

X. Социалистік заңдылықтың сақталуын қадағалау

39. Ерікті халық жасақтарының қызметінде заңдардың дәл орындалуын қадағалауды прокуратура органдары СССР-дегі прокурорлық қадағалау туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Қазақ ССР-інің қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі ерікті халық жасақтары туралы Ережеге

ҚОСЫМША

ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРІКТІ ХАЛЫҚ ЖАСАҒЫ МҮШЕСІНІҢ САЛТАНАТТЫ УӘДЕСІ

Мен, Советтік Социалистік Республикалар Одағының азаматы, ерікті халық жасағының мүшелігіне кіре отырып, өз жолдастарымның алдында былай деп салтанатты уәде беремін: ержүрек, қырағы және тәртіпті жасақшы боламын, қоғамдық тәртіпті бұзушылыққа және право бұзушылыққа қарсы ымырасыз күрес жүргіземін, социалистік заңдылықты қатаң сақтаймын, еңбек пен тұрмыста үлгі боламын.

Мен өзіме жүктелген барлық міндеттерді абыройлы және адал

орындауды, азаматтардың праволары мен заңды мүдделерін жанқиярлықпен қорғауды, совет қоғамы мүдделерінің күзетінде тұруды, өзімнің барлық қызметімде өз халқыма, социалистік Отаныма және коммунистік құрылыс ісіне қалтқысыз берілуді міндеттенемін.

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1974 жылғы 7 июньдегі № 332 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

ҮЛГІЛІ ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІП ОРНАТУ ЖОЛЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫСТЫҢ ШАРТТАРЫ

Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруді жақсарту және қоғамдық тәртіпті қорғауда республика халқының белсенділігін арттыру мақсатында үлгілі қоғамдық тәртіп орнату жолындағы социалистік жарыстың мынадай шарттары белгіленсін:

а) еңбек коллективтерінің үлгілі қоғамдық тәртіп орнату жолындағы қозғалысы мейлінше кең өрістетілген, еңбек тәртібін сақтау жөнінде ең жақсы нәтижелерге қол жеткен; ерікті халық жасақтары, жұртшылық пен милицияның тірек пункттері, право бұзушылықтарды болдырмау жөніндегі советтер, жолдастық соттар және басқа қоғамдық ұйымдар тиімді жұмыс істейтін;

б) қоғамға жат құбылыстарды тыю және түбірімен жою жөнінде әкімшілік органдар жұртшылықпен тығыз байланыста жұмыс істейтін; праволық білімдерді насихаттау мен халыққа праволық тәрбие беру пәрменді жүргізілетін; еңбек коллективтерінде және азаматтардың тұрған жерінде әкімшілік органдардың хабарламалары мен ұсыныстарына дұрыс және принципті көңіл қою қамтамасыз етілген;

в) қылмыстық оқиғалардың саны азайған, қылмысқа қарсы күресте неғұрлым жоғары нәтижелерге қол жеткен, социалистік меншікті түгел сақтау ең жақсы қамтамасыз етілген;

г) жол жүрісіндегі хауіпсіздік жөнінде ең жақсы нәтижелерге қол жеткен

облыс немесе Алматы қаласы республикалық социалистік жарыста озып шыққан болып саналады.

Социалистік жарыстың қорытындыларын Қазақ ССР Прокуратурасының, Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі мен Қазақ ССР Юстиция министрлігінің ұсынуы бойынша жыл сайын 15 февральда Қазақстан КП Орталық Комитеті, Қазақ ССР Министрлер Советі, Кәсіподактардың Қазақ республикалық советі мен Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті шығарады.

ОМЫРАУҒА ТАҒАТЫН «ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ ОЗАТ ЖАСАҚШЫСЫ» БЕЛГІСІН БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1966 жылғы 3 декабрьдегі № 838 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Үкіметінің Ведомостары, 1967 ж., № 3)

ҚПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Қылмыс жасаушылыққа қарсы күресті күшейту жөніндегі шаралар туралы» 1966 жылғы 23 июльдегі № 571 қаулысына сәйкес Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі **қаулы етеді:**

1. Омырауға тағатын «Қазақ ССР-інің Озат жасақшысы» белгісі белгіленсін.

2. Омырауға тағатын «Қазақ ССР-інің Озат жасақшысы» белгісінің ұсынылып отырған сипаттамасы мен ол туралы Ереже бекітілсін.

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1966 жылғы 3 декабрьдегі № 838 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

ОМЫРАУҒА ТАҒАТЫН «ҚАЗАҚ ССР-інің ОЗАТ ЖАСАҚШЫСЫ» БЕЛГІСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Омырауға тағатын «Қазақ ССР-інің Озат жасақшысы» белгісін Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі белгілейді.

2. Омырауға тағатын «Қазақ ССР-інің Озат жасақшысы» белгісімен мыналар наградталады:

— қалалық және аудандық штабтардың бастықтары мен мүшелері, ерікті халық жасақтарының командирлері, штаб бастықтары, оператнвті комсомол жасақтарының (отрядтарының) командирлері мен комиссарлары — штабтардың жұмысын жетік ұйымдастырғаны, ерікті халық жасақтары мен оператнвті комсомол отрядтарының қызметін шебер басқарғаны, сондай-ақ олардың қылмыс жасаушылыққа қарсы күрес жүргізу мен қоғамдық тәртіпті қорғау жұмысындағы жоғары көрсеткіштері үшін;

— ерікті халық жасақтарының мүшелері — қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі өз міндеттерін адал орындағаны, право тәртібін бұзушылықтың алдын-алу және оны болдырмау, бұзақылар мен басқа да қоғамға жат элементтерді ұстау жөніндегі жұмыста жеке инициатива көрсетіп, жоғары көрсеткіштерге жеткені үшін;

— оперативті комсомол жасақтарының (отрядтарының) мүшелері — көшелер мен басқа да қоғамдық жерлерде жасөспірімдер мен жастар арасындағы право тәртібін бұзушылықтың алдын-алу және оны болдырмау жөніндегі жұмысқа белсене қатысқаны, балалардың бақылаусыздығының алдын-алу жөніндегі профилактикалық жұмысты ұйымдастыру мен жүргізу ісінде милицияның балалар бөлмелеріне, үй және көше комитеттеріне көмек көрсеткені үшін.

[1] 3-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

Штабтардың қызметіне баға берген кезде қалада, ауданда, микроауданда (учаскеде) қоғамдық тәртіптің сақталу жағдайын, жасақтар жұмысына ұйымдық басшылықтың дәрежесін, право тәртібін бұзушылықтың алдын алу және оны болдырмау жөніндегі жұмыс көрсеткіштерін, сондай-ақ қылмыс жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі профилактикалық жұмыстың жағдайын негізге алу керек.

Ерікті халық жасақтарының жекелеген мүшелері мен оперативті комсомол жасақтары мүшелерінің жұмысы олардың қоғамдық тәртіпті сақтауға тікелей қатысуына және ондағы белсенділік дәрежесіне қарай, социалистік заңдылықты, азаматтарға кішіпейіл және сергек болудың белгіленген ережелерін қатаң сақтай отырып, право тәртібін бұзушылықты тыюы мен қылмыскерлер ұстауының санына қарай бағаланады.

3. Омырауға тағатын «Қазақ ССР-інің Озат жасақшысы» белгісімен еңбекшілер депутаттарының қалалық және аудандық Советтері атқару комитеттерінің ұсынысы бойынша облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті наградтайды.

4. Омырауға тағатын «Қазақ ССР-інің Озат жасақшысы» белгісі жасақшылардың жиналыстарында, слеттерінде немесе наградталған адамдар жұмыс істейтін жердегі коллективтің жалпы жиналыстарында салтанатты жағдайда тапсырылады.

Омырауға тағатын белгімен бірге «Қазақ ССР-інің Озат жасақшысы» белгісін тағуға право беретін куәлік беріледі. Белгі омыраудың оң жағына тағылады.

5. Жасақшыларды омырауға тағатын «Қазақ ССР-інің Озат жасақшысы» белгісінен айыру, наградтау жөнінде материал ұсынған ұйымдардың ұсынысы бойынша тиісті облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетінің шешімімен жүзеге асырылады.

Казақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Совстінің 1966 жылғы 3 декабрьдегі № 838 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

ОМЫРАУҒА ТАҒАТЫН «ҚАЗАҚ ССР-інің ОЗАТ ЖАСАҚШЫСЫ» БЕЛГІСІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

Омырауға тағатын «Қазақ ССР-інің Озат жасақшысы» белгісімен жапырақтарынан өрілген венок үстіне қойылған қалқанды бейнелейді. Белгінің жалпы көлемі 40×30 мм.

Қалқан — төмен қараған сүйір бұрышының жан-жағы біршама жұмырлау және жоғары бұрыштары қиылған тік үш бұрышты дөңес металл пластинка. Қалқанның көлемі 40×25 мм.

Пластинканың (қалқанның) шет-шетінде ақ түсті эмаль жалатылған, ені 4 миллиметрлік жиек бар, онда қызыл түсті эмальмен «Озат жасақшы» деген жазу жазылған. Пластинканың жоғарғы бөлегінде көлемі 7 миллиметрлік (сызылған шеңбер диаметрінде) қызыл түсті эмаль жалатылған бесбұрышты жұлдыз бар.

Пластинканың орталық бөлегіне қызыл түсті эмаль жалатылған, оны Қазақ ССР-інің жалауын бейнелейтін көгілдір эмальды көлденең жолақ қиып өтеді. Көгілдір жолақ үстінде «Каз. ССР» деген жазу

бар, ал жолақтың астыңғы жағында — сарғыш түсті металдан жасалған орақ пен балға бейнесі бар.

Пластинка астынан шығып тұрған емен жапырақтары веноғы оны екі жағынан белгінің жалпы көлемінің 30 миллиметрі мөлшерінде көмкеріп тұр.

Бүкіл белгі сарғыш түсті металдан біртұтас штамппен жасалған.

«Қазақ ССР-інің Озат жасақшысы» белгісі омыраудың оң жағына тағылып, түйреуішпен бекітіледі.

ҚАЗАҚ ССР-інің ТӘРТІП ҚОРҒАУ ҚОҒАМДЫҚ ПУНКТТЕРІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ
1980 жылғы 17 июльдегі
УКАЗЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 31)

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы қаулы етеді:

Қазақ ССР-інің тәртіп қорғау қоғамдық пункттері туралы Ереже бекітілсін.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1980 жылғы 17 июльдегі Указы бойынша
БЕКІТІЛГЕН

ҚАЗАҚ ССР-інің ТӘРТІП ҚОРҒАУ ҚОҒАМДЫҚ ПУНКТТЕРІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Социалистік заңдылық пен право тәртібін одан әрі нығайту жөніндегі міндеттерді ойдағыдай шешу право бұзушылықты жоюда жұртшылықты кеңінен қатыстыруды, оның белсенділігін арттыруды талап етеді. Бұл міндеттерді жүзеге асыруда тәртіп қорғау қоғамдық пункттері зор роль атқарады.

Еңбекшілердің инициативасы бойынша құрылған тәртіп қорғау қоғамдық пункттері право бұзушылықты болғызбау, совет адамдарын саналы тәртіптілік, заңдарды қатаң сақтау және социалистік тұрмыс ережелерін құрметтеу рухында тәрбиелеу жөніндегі жұмыста қоғамдық ынталы органдар мен еңбек коллективтерінің күш-жігерін біріктіруге жәрдемдеседі, СССР Конституциясы мен Қазақ ССР Конституциясында баяндалған қоғамға жат қылықтарға ымырасыз болу, қоғамдық тәртіпті қорғауға барынша көмектесу міндеттілігін азаматтардың жүзеге асыруы үшін жағдай жасайды.

I. Жалпы ережелер

1. Тәртіп қорғау қоғамдық пункттері ерікті халық жасақтарының штабтарын, жолдастық соттардың, үй (көше, село) комитеттерінің, жасы толмағандардың істері жөніндегі қоғамдық инспекциялардың, басқа да қоғамдық ынталы органдар мен еңбек коллективтерінің қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі жұмысында күш-жігерін біріктіру және өздеріне бекітіліп берілген территорияда право бұзушылықтарға

профилактика жасау, олардың мемлекеттік ұйымдармен өзара қарым-қатынасын жақсарту үшін құрылады.

2. Аталған тәртіп қорғау қоғамдық пунктінде қоғамдық ынталы органдар мен еңбек коллективтерінің келісілген қызметін қамтамасыз ету үшін тәртіп қорғау қоғамдық пунктінің советі құрылады.

Тәртіп қорғау қоғамдық пункті советінің жанынан оның жұмысына ыңғайлы болу үшін қажет болған ретте әртүрлі секциялар құрылуы мүмкін.

3. Аталған тәртіп қорғау қоғамдық пунктіндегі қоғамдық ынталы органдар белгіленген компетенция шеңберінде қызмет атқара отырып, өзінің ұйымдастырушылық дербестігін сақтайды. Учаскелік милиция инспекторларының және басқа да мемлекеттік ұйымдар өкілдерінің тәртіп қорғау қоғамдық пункттеріндегі жұмыспен байланысты қызмет міндеттері тиісті нормативтік актілермен белгіленеді.

Мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар қоғамдық пункттер советтеріне олардың қоғамдық тәртіпті қорғау және право бұзушылықты профилактикалау жөніндегі қызметіне барынша ықпал жасап, көмек көрсетеді.

Тәртіп қорғау қоғамдық пунктінде учаскелік милиция инспекторларына және басқа да мемлекеттік ұйымдардың лауазымды адамдарына олардың право тәртібін нығайту саласындағы өз міндеттерін орындауы үшін қажетті жағдайлар жасалады.

4. Тәртіп қорғау қоғамдық пункттері советтерінің жұмысына басшылықты халық депутаттарының аудандық, қалалық (ауданға бөлінбейтін қалаларда), қалалардағы аудандық, поселкелік, селолық және ауылдық Советтері мен олардың атқару комитеттері жүзеге асырады.

Халық депутаттарының Советтері және олардың атқару комитеттері тәртіп қорғау қоғамдық пункттері советтерінің қызметін ұйымдастырып, бағыттап отырады; олардың мемлекеттік органдармен, қоғамдық ұйымдармен және қоғамдық ынталы органдармен өзара қарым-қатынасын қамтамасыз етеді; қоғамдық пункттер советтерінің жұмысы туралы есептерді, сондай-ақ қай ведомствоға бағынатынына қарамастан, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар басшыларының тәртіп қорғау қоғамдық пункттері советтеріне көмек көрсетуі мәселелері жөніндегі хабарларын тыңдайды.

5. Ішкі істер органдары тәртіп қорғау қоғамдық пункттерін нұсқау-методикалық құралдармен және заң әдебиетімен қамтамасыз етеді, қоғамдық пункттер советтеріне олардың қызметі үшін қажетті осы пункт бекітіліп берілген территориядағы қоғамдық тәртіптің жайы туралы хабар беріп отырады. Аталған хабардың көлемі мен мазмұнын тиісті ішкі істер органдарының басшылары белгілейді.

II. Тәртіп қорғау қоғамдық пункттерін құру және олардың советтерін ұйымдастыру

6. Тәртіп қорғау қоғамдық пункттерін құру және тарату туралы шешімді қоғамдық ұйымдардың, қоғамдық ынталы органдар мен еңбек коллективтерінің ұсынысы бойынша халық депутаттарының аудандық, қалалық (ауданға бөлінбейтін қалаларда), қалалардағы аудандық, поселкелік, селолық және ауылдық Советтерінің атқару комитеттері қабылдайды.

7. Тәртіп қорғау қоғамдық пункттері қалаларда, әдетте, халқының жалпы саны 10—15 мыңнан аспайтын тұрғын үй-пайдалану конторлары (үй басқармалары) территорияларының шекараларында, ал селолық жерде — халық депутаттарының поселкелік, селолық және ауылдық

Советтері не жекелеген елді мекендер территорияларының шекараларында құрылады.

8. Тәртіп қорғау қоғамдық пунктінің советі халық депутаттарының тиісті Советі атқару комитетінің шешімі бойынша тәртіп қорғауға және осы қоғамдық пунктке бекітіліп берілген территорняда право бұзушылықтарға қарсы күресуге қатысатын қоғамдық ұйымдар, қоғамдық ынталы органдар, еңбек коллективтері, сондай-ақ мемлекеттік ұйымдар ұсынған адамдардың арасынан советтің председателі, оның орынбасарлары және мүшелері құрамында бекітіледі. Советтің құрамына еңбек коллективтерінің, ерікті халық жасақтарының, жолдастық соттардың, үй (көше, село) комитеттерінің, жасы толмағандардың істері жөніндегі қоғамдық инспекциялардың, басқа да қоғамдық ынталы органдардың өкілдері, жергілікті тұрғындардың арасынан қоғамдық тәртіпті қорғауға неғұрлым белсенді қатысушылар, сондай-ақ учаскелік милиция инспекторлары және өзге де лауазымды адамдар ұсынылады.

III. Тәртіп қорғау қоғамдық пункті советінің өкілдігі мен қызмет тәртібі

9. Тәртіп қорғау қоғамдық пунктінің советі қолданылып жүрген заңдарды және осы Ережені басшылыққа ала отырып:

қоғамдық пунктке бекітіліп берілген территорняда қоғамдық тәртіптің жайын зерттейді, осы территорияда қоғамдық тәртіпті қорғауды күшейту және право бұзушылықты профилактикалау мәселелері жөнінде ұсыныстар әзірлеп, тиісті мемлекеттік органдарға, қоғамдық ұйымдар мен қоғамдық ынталы органдарға енгізеді;

қоғамдық тәртіпті қорғау және право бұзушылықты профилактикалау жөнінде аталған қоғамдық ынталы органдардың қоғамдық пунктінде және еңбек коллективтерінде, сондай-ақ мемлекеттік ұйымдардың лауазымды адамдарының өзара тұрақты қарым-қатынасын және жұмыс тәжірибесін алмасуын орнатуға жәрдемдесіп отырады;

қоғамдық пункттің территориясында қоғамдық тәртіпті қорғауды қамтамасыз етуде тиісті ішкі істер органдарына, ерікті халық жасақтарының командирлері мен штабтарына көмектесіп, бұл іске жергілікті тұрғындарды тартады;

қоғамдық пунктке бекітіліп берілген территорняда тұратын халық арасында праволық білімдерді насихаттау жөніндегі жұмысқа қатысады. Осы мақсатта «Білім» қоғамы лекторларының, ішкі істер органдары, прокуратура мен сот қызметкерлерінің праволық тақырыптарда сөз сөйлеуін ұйымдастыруға көмектеседі, халыққа праволық тәрбие беру үшін жұмыстың басқа да формаларын пайдаланады;

қоғамға жат арамтамақтықпен өмір сүретін адамдарды әшкерелеу жөніндегі жұмыста мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдарға көмектеседі, бұл адамдардың жұмысқа орналасуына немесе оқуға түсуіне көмек көрсетеді, олармен тәрбие жұмысын жүргізеді; тұрғындардың жиналыстарында, тәртіп қорғау қоғамдық пункті советінің мәжілістерінде қасастық арамтамақтардың мінез-құлқын талқылауды ұйымдастырады;

маскүнемдікке және алкоголизмге қарсы күресте мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдарға көмек көрсетеді; алкогольге қарсы насихатқа, қоғамдық пункт территориясында спирт ішімдіктерімен сауда жасау ережелерін сақтауды бақылауға, самогон қайнату жағдайларын ашуға байланысты шаралар жүргізуге қатысады. Қәнігі алкоголиктерді тауып, белгіленген тәртіп бойынша емдеуге жіберуде

қоғамдық ұйымдарға, еңбек коллективтері мен медицина мекемелеріне көмек көрсетеді;

қоғамдық ынталы орғандардың және еңбек коллективтерінің аталған қоғамдық пунктінде право бұзушылармен жеке тәрбие жұмысын жүргізу, оларға халық жасақшыларының, еңбек коллективтері өкілдерінің және жергілікті тұрғындардың қамқорлығын белгілеу жөніндегі; бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға әкімшілік қадағалауды жүзеге асыру жолында жекелеген шаралар жүргізуде милицияға көмек көрсету жөніндегі жұмысты үйлестіріп отырады. Қоғамдық тәртіпті бұзатын және қоғамға жат басқа да қылықтар жасайтын адамдардың тәртібін тұрғындардың жиналыстарында, тәртіп қорғау қоғамдық пункті советінің мәжілістерінде талқылауды ұйымдастырады;

қажет болған реттерде право бұзушылардың материалдарын тиісті мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдарға, жолдастық соттар мен үй (көше, село) комитеттеріне жібереді;

балалардың бақылаусыз қалуына және жасы толмағандардың право бұзушылығына қарсы күрес жүргізу, балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу жөніндегі жұмыста мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдарға көмектеседі. Осы мақсатта жасы толмағандардың қоғамдық орындардағы мінез-құлқын қадағалауды жүзеге асыруға қатысады; балаларға теріс тәрбиелік ықпал жасайтын ата-аналардың тәртібін талқылайды, қажет болған реттерде тиісті мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың алдына мұндай ата-аналарды белгіленген жауапқа тарту туралы мәселе қояды; право бұзушылықты жасайтын балалар мен жасөспірімдерге қамқорлық көрсету туралы ұсыныс енгізеді, тұрған жері бойынша балалар мен жасөспірімдердің мәдени демалысын ұйымдастыруға жәрдемдеседі; ата-аналар арасында педагогтық білімдерді насихаттауға қатысады;

қоғамдық тәртіпті нығайту мәселелерін талқылау және социалистік тұрмыс ережелерін сақтау үшін тұрғындардың жиналыстарын (жиындарын) өткізуге халық депутаттарының поселкелік, селолық және ауылдық Советтерінің атқару комитеттеріне, үй (көше, село) комитеттеріне көмек көрсетеді;

аталған қоғамдық ынталы орғандардың, еңбек коллективтері мен мемлекеттік ұйымдардың лауазымды адамдарының өзара қарым-қатынасын қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ қоғамдық тәртіптің бұзылуы туралы азаматтардың арыздары мен хабарлары бойынша тиісті шаралар қолдану үшін қоғамдық пунктте совет мүшелерінің кезекшілігін ұйымдастырады;

совет мүшелерінің қоғамдық тәртіпті нығайту және право бұзушылықты профилактикалау жөнінде өздеріне жүктелген міндеттерді орындау және совет белгілеген шараларды орындау туралы хабарларын тыңдайды;

қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі жұмысқа және тәртіп қорғау қоғамдық пунктінің территориясында право бұзушылықтарға қарсы күреске белсене қатысып жүрген азаматтарды көтермелеу туралы халық депутаттарының аудандық, қалалық, қаладағы аудандық, поселкелік, селолық және ауылдық Советтері атқару комитеттерінің және тиісті мемлекеттік органдардың, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың алдында өтініш жасайды.

10. Қоғамдық тәртіптің бұзылуы туралы тәртіп қорғау қоғамдық пунктіне ауызша және жазбаша келіп түскен арыздар мен хабарлар тіркеледі, ал оларда көрсетілген жағдайлар тексеріледі.

Қоғамдық пункт советі мүшелерінің арыздар мен хабарлар бойын-

ша шаралар қолдану үшін азаматтарды әңгімелесуге шақыруға және арыздар мен хабарларда баяндалған нақты фактілер жөнінде олардың түсінік берулерін талап етуге правосы бар.

Право бұзушының тәртібін советтің мәжілісінде талқылау оның жұмыс істейтін, оқитын немесе тұратын жері бойынша коллектив не қоғамдық ұйым өкілдерінің қатысуымен жүргізіледі.

11. Тәртіп қорғау қоғамдық пунктінің советі өзінің компетенциясына жатқызылған мәселелерді өз мәжілістерінде қарайды.

Советтің мәжілістеріне оның құрамына енбейтін мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатыса алады.

Тәртіп қорғау қоғамдық пункті советінің жұмысы жоспарланып отырады.

Совет мәжіліске оның мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысқан ретте шешім қабылдауға праволы. Шешім мәжіліске қатысушы совет мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады.

Совет шешімі ұсынушы сипатта болады.

IV. Тәртіп қорғау қоғамдық пункттерін материалдық-техникалық қамтамасыз ету

12. Тәртіп қорғау қоғамдық пункттерін қажетті үй-жайлармен, телефон байланысымен, мебельмен, заң әдебиетімен, газеттермен және журналдармен, инвентарьмен және көрнекі құралдармен қамтамасыз етуді халық депутаттарының аудандық, қалалық, қаладағы аудандық, поселкелік, селолық және ауылдық Советтерінің атқару комитеттері тиісті қоғамдық пункттердің территориясында еңбек коллективтері қоғамдық тәртіпті қолдап отыру жөнінде жұмыс жүргізетін кәсіпорындармен, мекемелермен және ұйымдармен бірлесіп жүзеге асырады.

13. Тәртіп қорғау қоғамдық пунктінің үй-жайларын жөндеу және оларды тиісті санитариялық жағдайда ұстау балансында осы үй-жайлар бар үй басқармаларының (тұрғын үй-пайдалану конторларының) және ұйымдардың есебінен жүргізіледі.

ЖАСЫ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯЛАР ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ
1967 жылғы 26 августағы УКАЗЫМЕН бекітілген

(Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1985 ж. 22 октябрдегі Указының редакциясы бойынша — Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 45-460-ст.)

I. Жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссиялардың міндеттері және оларды ұйымдастыру тәртібі

1-статья. Жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссиялардың басты міндеттері жасы толмағандардың қадағалаусыз қалуының, право бұзушылығының алдын алу, балалар мен жасөспірімдерді орналастыру және олардың праволарын қорғау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, аталған мәселелер бойынша мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың күш-жігерін үйлестіру, жасы толмағандардың право бұзушылығы туралы істерді қарау және Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің мекемелері мен арнаулы оқу-тәрбиелеу мекемелеріндегі жасы толмағандарды күтіп-бағу жағдайларын және олармен тәрбие жұмысын жүргізуді бақылау ісін жүзеге асыру болып табылады.

2-статья. Жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссиялар халық депутаттарының облыстық, Алматы қалалық, аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық Советтері атқару комитеттерінің жанынан және Қазақ ССР Министрлер Советінің жанынан құрылады.

Ерекшелік ретінде жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссиялар аудан орталықтарынан едәуір шалғайда орналасқан халық депутаттарының поселкелік Советтері атқару комиттерінің жанынан құрылуы мүмкін. Бұл комиссияларды құру туралы мәселені халық депутаттары облыстық Советінің атқару комитеті шешеді.

Жасы толмағандардың істері жөніндегі поселкелік комиссиялардың жасы толмағандардың істері жөніндегі аудандық, қалалық (ауданға бөлінбейтін) комиссиялардікі сияқты праволары мен міндеттері бар.

3-статья. Жасы толмағандардың істері жөніндегі облыстық, Алматы қалалық, аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық комиссияларды халық депутаттарының тиісті Советі құрады және комиссиялардың құрамын ол өкілеттік ететін мерзімге бекітеді.

Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссияны Қазақ ССР Министрлер Советі құрады және комиссияның құрамын Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы олар өкілеттік ететін мерзімге бекітеді.

4-статья. Жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссиялар өзінің бүкіл қызметінде халық депутаттары тиісті Советтерінің және олардың атқару комитеттерінің, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының, Қазақ ССР Министрлер Советінің алдында жауапты және оларға есеп беріп отырады.

Халық депутаттары Советтерінің атқару комитеттері жасы толмағандардың істері жөніндегі тиісті комиссиялардың құрамына өзгеріс жасай алады, ол өзгеріс кейіннен халық депутаттары Советінің бекітуіне енгізіледі.

Комиссиялар өз жұмысы туралы қоғамдық ұйымдар мен еңбек коллективтеріне ұнемі хабарлап тұрады.

5-статья. Жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссиялар комиссияның председателі (халық депутаттары тиісті Советінің атқару комитеті председателінің орынбасары, Қазақ ССР Министрлер Советі Председателінің орынбасары), председателінің орынбасары, жауапты секретары және 6—12 мүшесі құрамында жұмыс істейді.

Комиссияның құрамына Советтердің депутаттары, кәсіподақ, комсомол және басқа қоғамдық ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ халыққа білім беру, кәсіптік-техникалық білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, ішкі істер органдарының, мәдени-ағарту және басқа мекемелердің қызметкерлері кіреді.

Күнделікті жұмысты жүргізу және комиссия шешімдерінің орындалуын бақылау үшін жасы толмағандардың істері жөніндегі облыстық, Алматы қалалық, аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық комиссияларына басқа жұмыстан босатылған жауапты секретарь, ал қажет болған жағдайда — сондай-ақ балалармен жұмыс істеу жөніндегі инспектор қызметі енгізіледі.

6-статья. Жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссиялардың қызметі жұртшылықтың кеңінен қатысуы арқылы жүзеге асырылады.

Комиссиялардың жұмысына кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың кәсіподақ комитеттерінің, комсомол комитеттерінің, мектептер жанындағы ата-аналар комитеттерінің, мектептер мен оқу-тәрбиелеу мекемелері жанындағы советтердің және басқа қоғамдық ынталы органдардың, балалар үйлері мен мектеп-интернаттардың қам-

қоршылық советтерінің, ерікті халық жасақтарының, көше, үй комитеттерінің өкілдері және басқа да жұртшылық өкілдері қатыстырылады.

Комиссиялар жұмысқа қатыстырылған активтің ішінен жасы толмағандардың арасында жұмыс жүргізу жөніндегі қоғамдық инспекторлар мен қоғамдық тәрбиешілерді бөледі.

Жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссиялар өз компетенциясына жатқызылған барлық мәселелер бойынша халық депутаттары Советтерінің тұрақты комиссияларымен, прокуратура, ішкі істер органдарымен және сотпен өзара бірлесіп жұмыс істейді.

7-статья. Жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссиялар өз компетенциясына жатқызылған мәселелер бойынша қаулылар қабылдайды, бұл қаулылар барлық мемлекеттік кәсіпорындар, мекемелер, қоғамдық ұйымдар, лауазымды адамдар мен азаматтар үшін міндетті.

Мемлекеттік кәсіпорындар, мекемелер, қоғамдық ұйымдар мен лауазымды адамдар комиссияның қаулысын орындауға байланысты қолданылған шаралар туралы жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссияға екі апта мерзімнің ішінде хабарлауға міндетті.

II. Жасы толмағандардың қадағалаусыз қалуы мен право бұзушылығының алдын алу. Жасы толмағандарды орналастыру

8-статья. Жасы толмағандардың істері жөніндегі аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық комиссиялар халыққа білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, ішкі істер органдары мен мекемелерінің, аудандағы (қаладағы) басқа да кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, сондай-ақ балалармен және жасөспірімдермен тұрғылықты жері бойынша жұмыс жүргізетін ұйымдастырушы-педагогтардың, өздеріне балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, оларды орналастыру, денсаулығын нығайту, жасы толмағандардың қадағалаусыз қалуы мен право бұзушылығының алдын алу, олардың праволарын қорғау жөніндегі міндеттер жүктелген қоғамдық органдардың күш-жігерін біріктіріп, үйлестіріп отырады.

Жасы толмағандардың істері жөніндегі аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық комиссиялар жасы толмағандардың қадағалаусыз қалуы мен право бұзушылығының алдын алу, оларды орналастыру және балалар мен жасөспірімдердің мәдени демалысын ұйымдастыру, сондай-ақ жасы толмағандарды заңдар мен социалистік тұрмыс ережелерін сыйлау әрі сақтау рухында тәрбиелеуге көмек көрсету жөніндегі шараларды жасайды және оларды тиісті мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар арқылы жүзеге асырады.

9-статья. Жасы толмағандардың істері жөніндегі аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық комиссиялар халыққа білім беру, кәсіптік-техникалық білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, ішкі істер органдарымен бірлесе отырып және жұртшылықтың кеңінен қатысуымен ата-анасыз қалған балалар мен жасөспірімдерді; балаларын тәрбиелеу үшін тиісті жағдай жасамайтын ата-аналары немесе олардың орнындағы адамдары бар жасы толмағандарды; мектепті тастап кеткен және жұмыс істемейтін жасөспірімдерді, сондай-ақ мемлекеттік және қоғамдық көмекті қажет ететін басқа да жасы толмағандарды анықтап, есепке алады және оларды орналастыруға шаралар қолданады.

Жасы толмағандарды орналастырудың формасы көрсетілген комиссияның қаулылары:

балаларды жалпы білім беретін мектептерге, мектеп-интернаттарға, балалар үйлеріне, ақыл-есі кем балаларға, саңырау-мылқаулар мен

соқырларға арналған мектептерге және өзге тиісті тәрбиелеу мекемелеріне, кейіннен қорғаншы, қамқоршы, патронат белгілеу немесе бала ғып алу үшін, еңбекшілердің семьяларына орналастыру үшін оқу бөлімдері мен басқа да мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарға;

ақыл-есі кем балаларға арналған балалар үйлеріне және кемтар балаларға арналған балалар үйлеріне орналастыру үшін әлеуметтік қамсыздандыру органдарына;

жасы толмағандарды кәсіптік-техникалық оқу орындарына орналастыру үшін кәсіптік-техникалық білім беру басқармаларына;

жұмысқа қабылдау үшін кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың басшыларына жіберіледі.

10-статья. Жасы толмағандардың істері жөніндегі аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық комиссиялар емдеу-тәрбиелеу мекемелерінде, мектеп-интернаттарда, балалар үйлерінде және кәсіптік-техникалық оқу орындарында балалар мен жасөспірімдерді күтіп-бағу, тәрбиелеу мен олардың денсаулығын қорғау жағдайларын, тұрғылықты жері бойынша балалар мен жасөспірімдердің мәдени демалысын ұйымдастыруды, сондай-ақ қажет болған реттерде, жалпы білім беретін мектептерде, өзге оқу орындарында, мәдени-ағарту мекемелері мен спорт ұйымдарында жасы толмағандармен жүргізілетін тәрбие жұмысын бақылауды жүзеге асырып отырады.

Жалпы білім беретін мектептің сегіз класын бітірмеген жасы толмаған баланы жұмыс істейтін жастарға арналған жалпы білім беретін орта мектепке ауыстыруға немесе көшіруге жасы толмағандардың істері жөніндегі тиісті комиссияның келісімімен ғана жол беріледі, комиссия бұл мәселені шешкен кезде, қажет болған реттерде, бір мезгілде оны еңбекке орналастыруға да шара қолданады.

Жасы толмаған баланы жалпы білім беретін мектептен немесе өзге оқу орнынан шығару жасы толмағандардың істері жөніндегі аудандық, қалалық, қаладағы аудандық комиссияның келісімімен ғана жүргізілуі мүмкін.

11-статья. Жасы толмағандардың істері жөніндегі аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық комисснялар кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар әкімшілігінің жасы толмағандар үшін белгіленген жұмыс режимі мен жағдайларын сақтауын, олармен жүргізілетін тәрбие жұмысының жайын, оларға қажетті материалдық-тұрмыстық жағдайлар жасалуын және олардың жалпы білім, мәдени және кәсіби дәрежесін арттыру үшін жағдайлар жасалуын бақылауды жүзеге асырып отырады.

18 жасқа толмаған адамдарды әкімшіліктің инициативасы бойынша жұмыстан шығару жұмыстан шығару туралы жалпы ережені сақтай отырып және жасы толмағандардың істері жөніндегі аудандық, қалалық, қаладағы аудандық комиссияның келісімімен ғана жүргізілуі мүмкін. Жасы толмаған баланы жұмыстан шығаруға рұқсат беру туралы мәселе комиссияның мәжілісінде қаралады.

Жасы толмағандар өз еркі бойынша жұмыстан босату туралы өтініш жасап арыз берген барлық реттерде кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың әкімшілігі бұл туралы жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссияға үш күн мерзімнің ішінде хабарлауға міндетті, сөйтіп комиссия заңда белгіленген мерзімнің ішінде жұмыстан кету туралы арыз берудің нақты себептерін анықтап, жасы толмаған баланы бұрынғы жұмысында қалдыруға не оны басқа кәсіпорынға, мекемеге, ұйымға жұмысқа орналастыруға шаралар қолдана алатындай болуы керек.

12-статья. Жасы толмағандардың істері жөніндегі аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық комиссиялар осы ауданның, қаланың, қаладағы ауданның территориясындағы балалар мен жасөспірімдерге арналған арнаулы оқу-тәрбиелеу мекемелерінің, жасы толмағандарға арналған еңбекпен тәрбиелеу колонияларының, ішкі істер органдарының жасы толмағандардың істері жөніндегі инспекцияларының, жасы толмағандарға арналған қабылдау-бөлу орындарының тәрбие және сауықтыру жұмысының, жалпы білім беру және кәсіптік-техникалық оқыту ісінің жүргізілуін, күтіп-бағу жағдайларын және еңбектің дұрыс ұйымдастырылуын ұдайы бақылауды жүзеге асырып отырады, сондай-ақ аталған жұмыстарды жүргізуде бұл мекемелерге көмек көрсетеді.

13-статья. Жасы толмағандардың істері жөніндегі аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық комиссиялар жасы толмағандардың істері жөніндегі инспекциялармен бірлесе отырып, тәрбиелік ықпал жасау немесе әкімшілік жазалау шаралары қолданылған, бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаға сотталған, шартты түрде сотталған және жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған жасы толмағандардың мінез-құлқын, арнаулы оқу-тәрбиелеу және емдеу-тәрбиелеу мекемелерінен оралған немесе жасы толмағандарға арналған еңбекпен тәрбиелеу колонияларында жазасын өтеп қайтқан жасы толмағандардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асырады, сондай-ақ осы жасы толмағандарды есепке алады.

Тәрбиелік сипаттағы еріксіз шаралар не бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалау шаралары, сондай-ақ шартты түрде соттау немесе шартты түрде мерзімінен бұрын босату шаралары қолданылған барлық реттерде үкімнің немесе ұйғарымның көшірмесін сот жасы толмаған баланың тұрғылықты жеріндегі жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссияға жібереді.

Комиссиялар қажет болған реттерде жасы толмағандарды еңбекке орналастыруға немесе оларды оқу орындарына жіберуге шаралар қолданады.

14-статья. Жасы толмағандардың істері жөніндегі аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық комиссиялардың мынадай нравосы бар:

а) мектеп-интернаттарда, балалар үйлерінде, кәсіптік-техникалық оқу орындарында, балалар мен жасөспірімдерге арналған арнаулы оқу-тәрбиелеу және емдеу-тәрбиелеу мекемелерінде, жасы толмағандардың істері жөніндегі инспекцияларда, жасы толмағандарға арналған қабылдау-бөлу орындарында және жасы толмағандарға арналған еңбекпен тәрбиелеу колонияларында балалар мен жасөспірімдерді күтіп-бағу, тәрбиелеу және олардың денсаулығын қорғау жағдайларын тексереді;

б) жалпы білім беретін мектептерде және басқа оқу орындарында, мәдени-ағарту мекемелерінде, тұрғын үй-пайдалану ұйымдарында, сондай-ақ жасы толмағандар жұмыс істейтін кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда балалармен және жасөспірімдермен жүргізілетін тәрбие және сауықтыру жұмысының қалай жолға қойылғанын тексереді;

в) кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың әкімшілігінен комиссияның жұмысына қажетті деректер тапсыруды талап етеді;

г) комиссияның мәжілістерінде балалар мен жасөспірімдерді күтіп-бағу, тәрбиелеу және олардың денсаулығын қорғау жағдайларына қатысты мәселелер жөнінде кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар әкімшілігінің хабарларын тыңдайды;

д) жасы толмағандардың өздерін қабылдайды, олардың шағымдары мен арыздарын қарайды, олардың жеке ісімен танысады;

е) жасы толмағандарды қайта тәрбиелеу ісіне жұртшылықты қатыстырады және қоғамдық тәрбиешілерді тағайындайды.

ж) балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, олардың денсаулығын қорғау, жасы толмағандарды өндірістік оқыту, жұмысқа орналастыру, оқуға жіберу мәселелері жөнінде мемлекеттік кәсіпорындарға, мекемелер мен қоғамдық ұйымдарға ұсыныспен барады;

з) жасы толмағандар жөнінде кешірім беру туралы өтініш жасайды, жаза қолданбау туралы, жеңілірек жаза қолдану туралы, шартты түрде соттау туралы, соттылығын мерзімінен бұрын алып тастау туралы сотқа ұсыныс енгізеді; жазаны орындауды жүргізетін органдармен бірлесіп, Қазақ ССР-інің Қылмыстық кодексінің 47-статьясында және Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 354-статьясында көзделген негіздер бойынша жасы толмағандарды жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату, жазаның өтелмеген бөлігін жеңілірек жазамен ауыстыру, сотталған жасы толмағандарды еңбекпен тәрбиелеу колониясынан еңбекпен түзеу колониясына, жалпы режимдегі еңбекпен тәрбиелеу колониясынан күшейтілген режимдегі еңбекпен тәрбиелеу колониясына көшіру туралы сотқа ұсыныс енгізеді; ішкі істер органымен бірлесіп, Қазақ ССР-інің Қылмыстық кодексінің 41-1-статьясында көзделген тәртіппен жасы толмағандар жөніндегі бас бостандығынан айыруға шығарылған үкімнің орындалуын кейінге қалдыруды жою туралы сотқа ұсыныс енгізеді; сотталған жасы толмағандардың еңбекпен тәрбиелеу колониясына келтірген залалын өтеуі туралы материалдарды қарайды;

и) жасы толмағандардың денсаулығын қорғау және оларды тәрбиелеу жұмысының, өндірістік оқыту, жұмысқа орналастыру және оқуға жіберу жайы туралы мәселелерді, сондай-ақ осы статьяның «а» және «б» тармақтарында аталған кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың қызметіне байланысты мәселелерді халық депутаттарының аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық Советтері атқару комитеттерінің қарауына енгізеді;

к) халық депутаттары тиісті Советтерінің атқару комитеттеріне осы Ереженің 9 және 13-статьяларында аталған жасы толмағандардың контингентін жұмысқа орналастыруды толық қамтамасыз ету үшін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес белгіленген бронь есебінен белгілі мөлшерде орын бөліп беруін сұрап, өтінішпен барады және кейіннен оның толықтырылуын бақылауды жүзеге асырады;

л) тиісті органдар мен ұйымдардың алдында жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссиялардың жұмысына белсене қатысып жүрген анағұрлым үздік шыққан комиссия мүшелері мен басқа да адамдарды көтермелеу туралы өтініш жасайды;

м) комиссиялардың қаулысын орындамаған ретте лауазымды адамдарға тәртіптік жаза қолдану туралы тиісті органдардың алдына немесе қоғамдық ықпал жасау шараларын қолдану туралы — қоғамдық ұйымдардың алдына мәселе қояды;

н) еңбекпен тәрбиелеу колониясының әкімшілігіне сотталғандарға колониядан тысқары жерлерде бақылаушысыз жүріп-тұруына право беруіне және он сегіз жасқа толған сотталғандарды еңбекпен тәрбиелеу колониясында қалдыруға келісім береді.

15-статья. Жасы толмағандардың істері жөніндегі облыстық, Алматы қалалық, қалалық (ауданға бөлінетін қалаларда) комиссиялар мыналарды жүзеге асырады:

жасы толмағандардың қадағалаусыз қалуы мен право бұзушылығының алдын алу, мұндай көріністерді туғызатын себептерді жою балалар мен жасөспірімдерді орналастыру және жалпы облыс, қала

бойынша олардың правосын қорғау жөніндегі шараларды жасайды және тиісті мемлекеттік органдар, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар арқылы оларды жүзеге асырады;

жасы толмағандардың істері жөніндегі аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық комиссиялардың қызметін бақылайды, бағыт беріп және үйлестіріп отырады, оларға методикалық көмек көрсетеді, олардың онды жұмыс тәжірибесін қорытады әрі таратады;

жасы толмағандарды арнаулы оқу-тәрбиелеу мекемелеріне жіберу туралы аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық комиссиялардың қаулыларын тексереді және оларды заңсыз немесе негізсіз деп тапқан ретте, қаулыларды бұзу жөнінде халық депутаттары тиісті Советінің атқару комитетіне барады.

Жасы толмағандардың істері жөніндегі облыстық, Алматы қалалық, қалалық (ауданға бөлінетін қалаларда) комиссиялар аталған міндеттерді орындаған кезде осы Ереженің 14-статьясында көзделген праволарды пайдаланады.

16-статья. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссия:

жасы толмағандардың қадағалаусыз қалуы мен право бұзушылығының алдын алу жөніндегі, бұл көріністерді туғызатын себептерді жою жөніндегі, балалар мен жасөспірімдерді орналастыру және олардың праволарын қорғау жөніндегі бүкіл жұмысты біріктіреді және оған бағыт беріп отырады;

халық депутаттарының облыстық, Алматы қалалық, қалалық (ауданға бөлінетін қалаларда) Советтері атқару комитеттерінің жанындағы жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссиялардың қызметін бақылап және үйлестіріп отырады, оларға методикалық көмек көрсетеді, олардың онды жұмыс тәжірибесін қорытады әрі таратады.

III. Жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссиялар қарайтын істер, оларды әзірлеу және қарау

17-статья. Жасы толмағандардың істері жөніндегі аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық комиссияларға:

1) жасы толмағандар туралы мынадай істерді:

а) 14 жасқа дейінгілердің қоғамға хауіпті әрекет жасағаны туралы істерді;

б) 14 жастан 16 жасқа дейінгілердің Қазақ ССР-інің Қылмыстық кодексінің 10-статьясының екінші бөлігінде көзделмеген қоғамға хауіпті әрекет жасағаны туралы істерді;

в) Қазақ ССР-інің Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 14-1 және 14-2-статьяларында көзделген тәртіппен қылмыстық ісін қозғаудан бас тартылған немесе қылмыстық ісі қысқартылған 14 жастан 18 жасқа дейінгілер жасаған қылмыстық істерді;

г) 16 жасқа дейінгілердің ұсақ бұзақылық немесе 18 жасқа дейінгілердің ұсақ алыпсатарлық және басқа да әкімшілік право бұзушылық жасағаны үшін ССР Одағы, Қазақ ССР мемлекеттік өкіметі мен басқаруының жоғары органдарының актілерінде, сондай-ақ халық депутаттары жергілікті Советтерінің шешімдерінде тікелей жауаптылық көзделген істерді;

16 жастан 18 жасқа дейінгілердің ұсақ бұзақылық жасағаны туралы істерді, егер милиция бастығы немесе халық судьясы тәртіп бұзушының кім екенін және жасаған теріс қылығының сипатын ескере отырып, материалдарды комиссияның қарауына беру дұрыс деп тапса;

д) қоғамға жат өзге де қылықтар жасағаны туралы істерді;

е) оқудан немесе жұмыстан жалтарғаны туралы істерді қарау жүктеледі;

2) жасы толмаған баланың ата-анасы және олардың орнындағы адамдар жөнінде мынадай істерді:

а) жасы толмаған баланы мас күйге жеткізу туралы істерді, егер бұл әрекеттер өзінің сипаты жағынан қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтырмайтын болса;

б) 16 жасқа дейінгі жасөспірімдердің қоғамдық орындарға мас күйде келуі, сондай-ақ олардың спирт ішімдіктерін ішуі туралы істерді қарау жүктеледі.

18-статья. Жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссиялар мынадай істеді:

а) Қазақ ССР-інің Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 14-1 және 14-2-статьяларында көзделген тәртіппен берілген істерді;

б) халық депутаттары Советтерінің тұрақты комиссияларының, милицияның, халыққа білім беру және кәсіптік-техникалық білім беру органдарының ұсынысы бойынша істерді;

в) жолдастық соттардың, ерікті халық жасақтарының, мектептер мен оқу-тәрбиелеу мекемелері жанындағы ата-аналар комитеттерінің, советтердің және басқа қоғамдық ынталы органдардың, тұрғын үй-пайдалану ұйымдары жанындағы үй комитеттерінің, кәсіподақ, комсомол және басқа қоғамдық ұйымдардың ұсынысы бойынша істерді;

г) азаматтардың арыздары бойынша істерді;

д) өз инициативасы бойынша істерді қарайды.

Жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссия істі ол келіп түскен күннен бастап 15 күн мерзімнен кешіктірмей қарайды.

Комиссиялар жасы толмағандар туралы істерді қарағанда кезде, қажет болған реттерде, тиісті органдар арқылы жасы толмағандардың мүліктік, өзіндік және басқа праволарын қорғауды қамтамасыз етуге шаралар қолданады.

19-статья. Аудандық, қалалық, қаладағы аудандық комиссияның қарауына жататын жасы толмағандардың право бұзушылығы туралы материалдарды комиссияның председателі немесе оның орынбасары алдын ала оқып шығады да, мынадай шешім қабылдайды:

а) істі комиссияның мәжілісінде қарау туралы;

б) істегі материалдарды қосымша тексеру немесе түскен арыздар, ұсыныстар бойынша тексеріп қарау туралы;

в) істі комиссияның мәжілісінде қарағанға дейін жасы толмаған балаға ықпал жасау шарасын қолдану туралы;

г) мәні шамалы право бұзушылық туралы материалдарды, егер бұл арқылы тәрбиелік ықпал жасау мүмкін болса, жолдастық соттарға, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссияларына, жасы толмаған баланың оқитын немесе жұмыс істейтін жеріндегі қоғамдық ұйымдарға немесе еңбек коллективіне жіберу туралы.

20-статья. Право бұзушылық туралы істі комиссия қарағанға дейін жасы толмаған бала ата-анасының немесе олардың орнындағы адамдардың қарауына, ал балалар мекемесінде тәрбиеленуші жасы толмаған бала — осы мекеме әкімшілігінің қадағалауына берілуі мүмкін.

Егер ісі қаралуға тиісті жасы толмаған баланың ақыл-есінің дұрыстығына күмән келтірілетін болса, ол медициналық тексеруден өтуге жіберілуге тиіс.

21-статья. Жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссия істерді әзірлеп, қарағанда кезде, жасы толмаған баланың жасын, немен шұғылданатынын, тұрмыс және тәрбие жағдайларын, право бұзушылық фак-

жолмен ұстауды және қажет болған жағдайда, ұсталған адамның тікелей өзін тексеруді, заттарын тексеруді, заттары мен документтерін алып қоюды жүзеге асыра алады.

28. Көшеде және басқа қоғамдық орындарда болған мастығы орташа немесе ауыр дәрежедегі адамдар медициналық айықтырғышқа орналастырылады, айықтырғышта ұсталғаны үшін олардан белгіленген мөлшерде төлем алынады.

29. Осы Указда көзделген право бұзушылықты жасаған адамдардан самогонды және үйде жасалған басқа күшті спирт ішімдіктерін, оларды жасайтын аппараттарды ішкі істер органы (милиция) алып қояды және олар іс қаралып біткеннен кейін жойылады.

30. Осы Указда көзделген право бұзушылық үшін қолданылған әкімшілік жаза туралы ішкі істер органының бастығы, оның орынбасары немесе халық судьясы право бұзушының жұмыс істейтін, оқитын немесе тұратын жеріндегі әкімшіліктің немесе қоғамдық ұйымның есіне салады.

31. Осы Указдың 1, 3 және 4-статьяларында көзделген право бұзушылық үшін әкімшілік жазалау шаралары қолданылған адамдарды кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі кәсіподақ комитетімен келісе отырып, сыйлықтан, кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның жылдық жұмысының қорытындылары бойынша берілетін сыйлықтардан, демалыс үйлері мен санаторийлерге жеңілдікпен берілетін жолдамалардан толық немесе ішінара айыра алады; олардың тұрғын үй алу кезегі шегерілуі мүмкін.

X. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссия

32. Мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың маскүнемдікке қарсы күресуге бағытталған қызметін үйлестіріп отыруды және маскүнемдік көріністерінің алдын алу әрі оларды болғызбау жөнінде шаралар әзірлеп жүргізуді Қазақ ССР Министрлер Советі жанынан, халық депутаттарының облыстық, аудандық, қалалық және қалалардағы аудандық Советтерінің атқару комитеттері жанынан құрылатын маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялар жүзеге асырады. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялар халық депутаттарының поселкелік, селолық және ауылдық Советтерінің атқару комитеттері жанынан да құрылуы мүмкін.

Бұл комиссиялар өз қызметінде Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы бекітетін Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялар туралы ережені басшылыққа алады.

33. Маскүнемдік көріністерінің алдын алу әлі оларды болғызбау жөнінде шаралар әзірлеп жүргізу үшін кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялар құрылуы мүмкін.

Бұл комиссиялар өз қызметінде Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы бекітетін кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялары туралы ережені басшылыққа алады.

35. Осы Указ 1985 жылғы 1 июньнен бастап күшіне енгізілсін.

36. Мүдделі министрліктер мен ведомстволарды қатыстыра отырып, осы Указдың шығарылуына байланысты қолданылып жүрген заңдарды өзгерту туралы ұсыныс әзірлеп, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумына енгізу Қазақ ССР Юстиция министрлігіне тапсырылсын.

орындауды, азаматтардың праволары мен заңды мүдделерін жанқиярлықпен қорғауды, совет қоғамы мүдделерінің күзетінде тұруды, өзімнің барлық қызметімде өз халқыма, социалистік Отаныма және коммунистік құрылыс ісіне қалтқысыз берілуді міндеттенемін.

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1974 жылғы 7 июньдегі № 332 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

ҮЛГІЛІ ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІП ОРНАТУ ЖОЛЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫСТЫҢ ШАРТТАРЫ

Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруді жақсарту және қоғамдық тәртіпті қорғауда республика халқының белсенділігін арттыру мақсатында үлгілі қоғамдық тәртіп орнату жолындағы социалистік жарыстың мынадай шарттары белгіленсін:

а) еңбек коллективтерінің үлгілі қоғамдық тәртіп орнату жолындағы қозғалысы мейлінше кең өрістетілген, еңбек тәртібін сақтау жөнінде ең жақсы нәтижелерге қол жеткен; ерікті халық жасақтары, жұртшылық пен милицияның тірек пункттері, право бұзушылықтарды болдырмау жөніндегі советтер, жолдастық соттар және басқа қоғамдық ұйымдар тиімді жұмыс істейтін;

б) қоғамға жат құбылыстарды тыю және тұбірімен жою жөнінде әкімшілік органдар жұртшылықпен тығыз байланыста жұмыс істейтін; праволық білімдерді насихаттау мен халыққа праволық тәрбие беру пәрменді жүргізілетін; еңбек коллективтерінде және азаматтардың тұрған жерінде әкімшілік органдардың хабарламалары мен ұсыныстарына дұрыс және принципті көңіл қою қамтамасыз етілген;

в) қылмыстық оқиғалардың саны азайған, қылмысқа қарсы күресте неғұрлым жоғары нәтижелерге қол жеткен, социалистік меншікті түгел сақтау ең жақсы қамтамасыз етілген;

г) жол жүрісіндегі хауіпсіздік жөнінде ең жақсы нәтижелерге қол жеткен

облыс немесе Алматы қаласы республикалық социалистік жарыста озып шыққан болып саналады.

Социалистік жарыстың қорытындыларын Қазақ ССР Прокуратурасының, Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі мен Қазақ ССР Юстиция министрлігінің ұсынуы бойынша жыл сайын 15 февральда Қазақстан КП Орталық Комитеті, Қазақ ССР Министрлер Советі, Кәсіподактардың Қазақ республикалық советі мен Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті шығарады.

IV. Ықпал жасау шаралары және оларды қолдану тәртібі

30-статья. Жасы толмағандардың істері жөніндегі аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық комиссиялар, осы Ереженің 17-статьясында көзделген реттерде, жасы толмағандарға мынадай ықпал жасау шараларын қолдануы мүмкін:

а) жәбірленушіден көпшіліктің алдында немесе өзге түрде кешірім сұрауға міндеттейді;

б) ескерту жасайды;

в) сөгіс немесе қатаң сөгіс жариялайды;

г) он бес жасқа жеткен жасы толмаған балаға, егер оның дербес еңбек табысы болып, келтірген залалы 30 сомнан аспайтын болса, келтірілген материалдық залалды өтеуге міндет жүктейді немесе 30 сомнан аспайтын материалдық залалды өз еңбегімен өтеуге міндет жүктейді;

д) он алты жасқа жеткен және дербес еңбек табысы бар жасы толмаған балаға ССР Одағы, Қазақ ССР мемлекеттік өкіметі мен басқаруының жоғары органдарының актілерінде, халық депутаттары жергілікті Советтерінің және олардың атқару комитеттерінің шешімдерінде көзделген реттерде және мөлшерде штраф салады;

е) жасы толмаған баланы ата-анасының немесе олардың орнындағы адамдардың, немесе қоғамдық тәрбиешілердің қадағалауына, сондай-ақ өз өтініші бойынша жекелеген азаматтардың, олардың келісімі бойынша еңбек коллективінің немесе қоғамдық ұйымның бақылауына және тәрбиелеуіне береді;

ж) жасы толмаған баланы еңбек коллективіне, қоғамдық ұйымға солардың өтініші бойынша кепілдікке береді;

з) жасы толмаған баланы арнаулы емдеу-тәрбиелеу мекемесіне жібереді;

и) он бір жасқа жеткен жасы толмаған бала қоғамға хауіпті әрекеттер жасаған немесе қоғамдық тәртіп ережелерін қасақана әрі үнемі бұзған ретте, оны арнаулы оқу-тәрбиелеу мекемесіне (ерекше жағдайда тәрбиелеуді қажет ететін балалар мен жасөспірімдерге арналған арнаулы жалпы білім беретін мектеп, арнаулы кәсіптік-техникалық училище) орналастырады. Жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссия аталған ықпал жасау шарасын бір жыл сынақ мерзіміне шартты түрде белгілеуі де мүмкін.

Жасы толмағандардың істері жөніндегі аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық комиссиялар он бес жастан он сегіз жасқа дейінгі жасы толмағандардың өз еңбек табысын немесе стипендиясын дербес жұмсау правосын шектеу немесе ондай праводан айыру туралы ұсыныстармен қорғаншылық және қамқоршылық органына баруға праволы.

31-статья. Комиссияның қаулысы бойынша арнаулы оқу-тәрбиелеу мекемесіне орналастырылуға тиіс жасы толмаған бала қылмыспен немесе өзге де қоғамға жат әрекеттермен айналысады деп есептеуге жеткілікті негіздер болған жағдайда, сондай-ақ өз қаулысының орындалуын қамтамасыз ету үшін комиссия жасы толмаған баланы жасы толмағандарға арналған қабылдау-бөлу орнында уақытша, 30 тәулік мерзімге ұстай тұру туралы шешім қабылдауға праволы, қабылдау-бөлу орны оның жеке ісін ресімдеуді аяқтап, жасы толмаған баланы арнаулы оқу-тәрбиелеу мекемесіне жеткізеді.

Ерекше реттерде жасы толмаған баланы қабылдау-бөлу орнында уақытша ұстау туралы шешім шығарған жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссияның қаулысы бойынша жасы толмаған баланың жа-

сы толмағандарға арналған қабылдау-бөлу орнында болу мерзімі ұзартылуы мүмкін, бірақ бұл мерзім 15 тәуліктен аспауға тиіс.

32-статья. Жасы толмағандардың істері жөніндегі аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық комиссиялар ата-аналарға немесе олардың орнындағы адамдарға, олар балаларына дұрыс қарамаған немесе балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі міндеттерін қасақана орындамаған ретте, жасы толмағандар дәрігердің тағайындауынсыз наркотик заттарды пайдаланған ретте немесе олардың басқа да право бұзушылық жасауына байланысты мынадай ықпал жасау шараларын қолдана алады:

а) қоғамдық сөгіс жариялайды;

б) жасы толмаған бала келтірген 50 сомнан аспайтын залалды өтеуге міндет жүктейді. Жасы толмаған бала 50 сомнан асатын материалдық залал келтірген ретте, залалды өтеу туралы мәселе мүдделі ұйымдардың немесе азаматтардың талабы бойынша сот арқылы шешіледі;

в) 30 сомға дейінгі мөлшерде штраф салады, бұған «г» және «д» тармақтарында аталған реттер кірмейді;

г) он алты жасқа дейінгі жасөспірімдердің қоғамдық орындарға мас күйде келгені немесе олардың спирт ішімдіктерін ішкені үшін 30 сомнан 50 сомға дейінгі мөлшерде штраф салады;

д) ата-аналар немесе олардың орнындағы адамдар жасы толмаған баланы мас күйге жеткізгені үшін 50 сомнан 100 сомға дейінгі мөлшерде штраф салады.

Жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссиялар ата-аналар немесе олардың орнындағы адамдар туралы істерді жолдастық сотқа, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссияларына бере алады. Комиссиялар ата-аналардың әрекет қабілеттілігін шектеу туралы, оларды ата-аналық праводан айыру туралы, сондай-ақ ата-аналық праводан айрылған немесе балалардың өздерімен бірге тұруы үшін төзгісіз жағдай туғызған адамдарды заңда көзделген негіздер бойынша пәтерден шығару туралы аудандық (қалалық) халық сотына өтінішпен баруға праволы.

Жасы толмағандар арнаулы оқу-тәрбиелеу және арнаулы емдеу-тәрбиелеу мекемелеріне ата-аналардың немесе олардың орнындағы адамдардың келісімінсіз-ақ жасы толмагандардың істері жөніндегі комиссиялардың шешімі бойынша жіберілуі мүмкін. Арнаулы оқу-тәрбиелеу және арнаулы емдеу-тәрбиелеу мекемелеріне жіберу туралы істер прокурордың міндетті түрде қатысуымен қаралады.

Жасы толмағандар ата-аналары немесе олардың орнындағы адамдары бар болған жағдайда, соңғылардың келісімінсіз балалар үйіне немесе мектеп-интернатқа тек ерекше реттерде ғана (олар ұзақ уақыт болмаса, ауырса, жасаған қылмысы үшін сотталып кетсе, сондай-ақ ата-аналар немесе олардың орнындағы адамдар балаларды тәрбиелеу жөніндегі өз міндеттерін орындаудан жалтарса немесе өз праволарын пайдаланып қиянат жасаса) жіберілуі мүмкін. Сонымен бірге комиссия балаларды күтіп-бағуға байланысты шығындарды заңда белгіленген тәртіп бойынша ата-аналардан өндіріп алу туралы шешім қабылдайды. Ерекше реттерде жасы толмагандардың істері жөніндегі комиссияның өтініші бойынша төлем мөлшері заңда белгіленген тәртіппен кемітілуі мүмкін.

33-статья. Жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссиялар балаларды тәрбиелеуге дұрыс қарамайтын немесе комиссияның қаулысын орындауға бөгет жасайтын ата-аналарға немесе олардың орнындағы адамдарға ықпал жасау шараларын қолдану туралы, сондай-ақ

балалар мен жасөспірімдердің право бұзушылығына жағдай жасайтын не жасы толмағандарды қылмыс және басқа қоғамға жат қылықтар жасауға азғыратын немесе тартатын адамдарды жауапқа тарту туралы тиісті мемлекеттік органдарға немесе қоғамдық ұйымдарға ұсыныспен барады.

34-статья. Осы Ереженің 30-статьясында көзделген ықпал жасау шараларын қолданған кезде аудандық, қалалық, қаладағы аудандық комиссия право бұзушылықтың сипаты мен себебін, жасы толмаған баланың жасын және оның тұрмыс жағдайын, право бұзушылыққа қатысу дәрежесін, сондай-ақ оның тұрмыстағы, мектептегі және жұмыстағы мінез-құлқын ескеруге тиіс.

Жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссияның ескерту, сөгіс немесе қатаң сөгіс жариялау жөніндегі қаулысының бір жыл бойына күші болады. Егер ықпал жасау шарасы қолданылған жасы толмаған бала осы мерзім ішінде жаңадан право бұзушылық жасамаса, ықпал жасау шарасының күші жойылды деп есептеледі. Ықпал жасау шарасын қолданған жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссия, бұл ықпал жасау шарасы қолданылған жасы толмаған бала үлгілі мінез-құлық көрсеткен ретте, бір жыл мерзім өтпей-ақ өз қаулысымен ықпал жасау шарасының күшін жоя алады.

Егер жасы толмаған бала үлгілі мінез-құлқымен, жұмысқа және оқуға деген адал көзқарасымен өзінің түзелгендігін дәлелдесе, жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссияның жасы толмаған баланы ата-анасының, олардың орнындағы адамдардың не қоғамдық тәрбиешілердің қадағалауына немесе еңбек коллективінің, қоғамдық ұйымның бақылауына беру туралы қаулысының күшін комиссияның өзі осы адамдардың немесе ұйымдардың өтініші бойынша кез келген уақытта жоюы мүмкін.

Жасы толмаған бала жөнінде таңдап алынған тәрбиелік ықпал жасау шарасы еш нәтиже бермеген ретте, ондай жасы толмаған балаға комиссия осы Ереженің 30-статьясында аталған неғұрлым қатаң шаралардың бірін қолдануға праволы.

35-статья. Жасы толмаған бала келтірген залалды жасы толмаған баланың, сондай-ақ ата-анасының немесе олардың орнындағы адамдардың өтеуі туралы аудандық, қалалық, қаладағы аудандық комиссияның қаулысын, осы Ереженің 30 және 32-статьяларында көзделген реттерде, сот орындаушысы орындауға тиіс.

36-статья. Жасы толмағандардың істері жөніндегі аудандық, қалалық, қаладағы аудандық комиссияның штраф салу туралы қаулысын штраф салынған адам өзіне қаулы тапсырылған күннен бастап 15 күннің ішінде орындауға тиіс.

Жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссия салған штраф ССР Одағы Мемлекеттік банкісінің бөлімшесіне, сақтық кассасына немесе байланыс бөлімшесіне төленеді және белгіленген тәртіппен бюджетке түседі.

Штраф 15 күн мерзімнің ішінде төленбеген ретте, комиссияның штраф салу туралы қаулысы штрафқа жазаланған адамның жалақысынан штраф сомасын даусыз түрде ұстап қалу үшін оның жұмыс істейтін жеріне жіберіледі, ал оның еңбек табысы жоқ болса — сол адамның мүлкінен өндіріп алу үшін тұрғылықты жеріндегі сот орындаушысына жіберіледі.

37-статья. Арнаулы мектептерге жасы толмағандардың істері жөніндегі аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық комиссиялардың қаулылары негізінде 11 жастан 14 жасқа дейінгі жасы толмаған право бұзушылар жіберіледі.

Арнаулы кәсіптік-техникалық училищелерге жасы толмағандардың істері жөніндегі аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық комиссиялардың қаулылары негізінде немесе соттың ұйғарымы бойынша 14 жастан 18 жасқа дейінгі жасы толмаған право бұзушылар жіберіледі.

Арнаулы мектептерде жасы толмағандар — 15 жасқа жеткенге дейін, ал арнаулы кәсіптік-техникалық училищелерде 18 жасқа жеткенге дейін ұсталуы мүмкін.

Ерекше реттерде оқушылардың арнаулы мектептерде болуы олар он алты жасқа толғанға дейін ұзартылуы мүмкін.

Жасы толмағандар арнаулы оқу-тәрбиелеу мекемелерінде түзелгенге дейін болады, бірақ ол үш жылдан аспауға тиіс.

Арнаулы оқу-тәрбиелеу мекемелері тұрған жердегі жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссия үш жыл мерзім аяқталғаннан кейін де оқушының сол оқу жылында жалпы білім беретін мектептің немесе кәсіптік оқытудың тиісті класын бітіргенге дейін арнаулы мектепте және арнаулы кәсіптік-техникалық училищеде қалуына рұқсат ете алады.

Оқушылардың арнаулы мектептерде және арнаулы кәсіптік-техникалық училищелерде болу қажеттілігі туралы мәселені арнаулы оқу-тәрбиелеу мекемесі тұрған жердегі жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссия өз инициативасы бойынша, мектептер мен училищелер басшыларының ұсынысы бойынша не оқушының ата-анасының немесе олардың орнындағы адамдардың өтініші бойынша мезгіл-мезгіл, бірақ жылына кем дегенде бір рет қарап отырады.

Арнаулы мектептердің 15 жасқа толған, бірақ өзінің мінез-құлқын түзетпеген оқушылары жасы толмағандардың істері жөніндегі аудандық, қалалық, қаладағы аудандық комиссияның қаулысы бойынша арнаулы кәсіптік-техникалық училищеге жіберілуі мүмкін.

Арнаулы мектепті бітіріп шыққан жасы толмағандар ата-аналарына немесе олардың орнындағы адамдарға, ал қамқоршысы мен қорғаншысы жоқ жасы толмағандар — жалпы үлгідегі тиісті оқу-тәрбиелеу мекемелеріне жіберіледі.

Арнаулы кәсіптік-техникалық училищелерді бітіріп шыққан жасы толмағандарды жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссия, әдетте, тұрғылықты жеріне жібереді және оларды алған мамандығы бойынша кәсіпорындарға, құрылыстарға, ауыл шаруашылығына және халық шаруашылығының басқа салаларына жұмысқа орналастырады.

38-статья. Жасы толмағандарға арналған арнаулы оқу-тәрбиелеу мекемелеріне керең-мылқау, соқыр, есі ауысқан, сондай-ақ ақыл-есі кем жасы толмағандар жіберілуге тиіс емес.

39-статья. Жасы толмаған баланың арнаулы оқу-тәрбиелеу немесе емдеу-тәрбиелеу мекемелерінде болу мерзімінің аяқталуы директор бекіткен арнаулы мектептің немесе кәсіптік-техникалық училищенің педагогтік советінің шешімі негізінде немесе емдеу-тәрбиелеу мекемесінің ұсынысы бойынша олардың тұрған жеріндегі жасы толмағандардың істері жөніндегі аудандық, қалалық, қаладағы аудандық комиссияның қаулысымен белгіленеді.

Арнаулы оқу-тәрбиелеу немесе емдеу-тәрбиелеу мекемесінің әкімшілігі жасы толмаған бала шығарылады деп болжанған мерзімнен кем дегенде бір ай бұрын бұл туралы оның ата-анасына немесе олардың орнындағы адамдарға, сондай-ақ оның тұрғылықты жеріндегі жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссияға жазбаша түрде хабарлауға міндетті, бұл комиссия жасы толмаған баланы жұмысқа орналастыруға немесе оқу орнына жіберуге және оған қажетті материалдық-тұрмыстық жағдай жасауға шаралар қолдануға міндетті.

Егер жасы толмаған бала тәрбиелеу мақсатымен балалар үйіне немесе мектеп-интернатқа жіберілген болса, онда оны балалар үйінен немесе мектеп-интернаттан шығару туралы шешімді балалар үйі немесе мектеп-интернат тұрған жердегі жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссия қабылдайды.

40-статья. Тәрбиеленуші арнаулы оқу-тәрбиелеу немесе емдеу-тәрбиелеу мекемесінен, балалар үйінен, мектеп-интернаттан шығарылғаннан кейін, заңда белгіленген тәртіп бойынша ата-аналық немесе қорғаншылық правосынан айыруға байланысты оны ата-аналарына немесе олардың орнындағы адамдарға жіберу, сондай-ақ тәрбиеленушіні бұрынғы тұрған жеріне өзге себептермен (ата-аналары немесе олардың орнындағы адамдар болмаса, тұрмыстық және жұмысқа орналасуға және одан әрі тәрбиеленуге тиісті жағдай болмаса) қайтару мүмкін болмаған ретте, осы мекеме тұрған жердегі аудандық, қалалық, қаладағы аудандық комиссия жасы толмаған баланың тұрмыс жағдайын реттеу, оны оқуға немесе жұмысқа орналастыру жөнінде шаралар қолдануға міндетті, қажет болған ретте оған қоғамдық тәрбиеші тағайындай алады, сондай-ақ жасы толмаған балаға қорғаншы, қамқоршы тағайындау туралы ұсынысмен халық депутаттары тиісті Советінің атқару комитетіне баруға праволы.

Осы статьяда атап өтілген мекемелер тұрған жердегі аудандық, қалалық, қаладағы аудандық комиссия аталған мәселелерді шешкен кезде онда жасы толмаған баланың бұрынғы тұрған жеріндегі немесе оның ата-анасының немесе олардың орнындағы адамдардың тұрған жеріндегі аудандық, қалалық, қаладағы аудандық комиссияның тиісті қорытындысы болуға тиіс.

41-статья. Еңбекпен тәрбиелеу колониясынан босатылғандар он сегіз жасқа толғанға дейін ата-аналарына немесе олардың орнындағы адамдарға жіберіледі. Босатылғандардың тұрғылықты жеріндегі жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссиялар бұл адамдарды жұмысқа немесе оқуға орналастыруға шаралар қолданады және олардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асырады.

Егер жасы толмаған баланы ата-анасына немесе олардың орнындағы адамдарға қайтару аталған адамдардың жоқ болуына не олардың ата-аналық немесе қорғаншылық праволарынан айрылуына байланысты мүмкін болмаған ретте босатылушының бұрынғы тұрған жеріндегі жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссия колония әкімшілігінің ұсынысы бойынша оны алған мамандығына сәйкес жұмысқа немесе оқуға орналастыруға, сондай-ақ оған тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлар жасауға шаралар қолданады.

Ерекше реттерде, колониядан босатылушыны бұрынғы тұрған жеріне жіберу тәрбиелік тұрғыдан қолайсыз болса, оны орналастыруды колония әкімшілігінің ұсынысы бойынша колония орналасқан жердегі жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссия жүзеге асырады.

Жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссия босатылушыны орналастыру туралы мәселені ол көмек сұраған күннен бастан он күн мерзімнен кешіктірмей шешуге міндетті.

42-статья. Жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссияны материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету тиісінше халық депутаттары Советтерінің атқару комитеттеріне, Қазақ ССР Министрлер Советіне жүктеледі.

ЖАСЫ ТОЛМАҒАНДАРДЫ ТӘРБИЕЛЕЙТІН ҚОҒАМДЫҚ ТӘРБИЕШІЛЕР ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ
1967 жылғы 26 августағы УКАЗЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1967 ж., № 37)

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы қаулы етеді:

Жасы толмағандарды тәрбиелейтін қоғамдық тәрбиешілер туралы Ереже бекітілсін.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1967 жылғы 26 августағы Указымен
БЕКІТІЛГЕН

ЖАСЫ ТОЛМАҒАНДАРДЫ ТӘРБИЕЛЕЙТІН ҚОҒАМДЫҚ ТӘРБИЕШІЛЕР ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Қоғамдық тәрбиешілер институты право тәртібін бұзған жасы толмағандарды тәрбиелеуде жұртшылықтың ролін арттыру мақсатымен құрылған.

Қоғамдық тәрбиешілердің негізгі міндеті — право тәртібін бұзған жасы толмағандарды заңдар мен социалистік қоғам тіршілігінің ережелерін құрметтеу және сақтау рухында қайта тәрбиелеуде ата-аналарға немесе олардың міндетін атқарушыларға көмек көрсету болып табылады.

2. Іскерлік және моральдық қасиеттері жағынан өздеріне жүктелген қызметтерді орындай алатын қажетті жалпы білім даярлығы, өмір тәжірибесі немесе балалармен жұмыс істеу тәжірибесі бар әрі өзіне қоғамдық тәрбиеші міндетін алуға келіскен неғұрлым белсенді жұмысшылар, қызметшілер, колхозшылар, творчестволық интеллигенцияның өкілдері, әскери қызметшілер, студенттер, пенсионерлер және басқа азаматтар қоғамдық тәрбиешілер бола алады [1].

Қоғамдық тәрбиешілер ретінде ұсынылатын адамдарды еңбек коллективінің немесе сол адамдар есепте тұрған қоғамдық ұйымдардың жалпы жиналысы немесе сол адамдар тұрған жердегі үй тұрғындарының жиналысы ұсынады. Ұсынылған адамдардың тізімі халық депутаттарының аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советі атқару комитеті жанындағы жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссияға жіберіледі. Бұл адамдар комиссия активінің құрамына кіреді [2].

3. Қоғамдық тәрбиешілер:

а) бас бостандығынан айыру орнынан босатылған;

б) шартты түрде немесе бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазалау шараларына сотталған;

в) қылмыс жасаған, бірақ қоғамдық ықпал жасау шараларының қолданылуына байланысты немесе амнистия актісінен кейін қылмыс-

---

[1] 2-статьяның бірінші бөлігіне 1984 ж. 30 майдағы Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 24, 320-ст.).

[2] 2-статьяның екінші бөлігіне 1985 ж. 22 октябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 45, 457-ст.).

тық жауаптылықтан босатылған, сондай-ақ қылмыстық жауаптылыққа тартылатын жасқа жеткенге дейін қоғамға хауіпті әрекет жасаған;

г) арнаулы оқытын-тәрбиелейтін мекемелерден қайтып оралған;

д) қоғамдық ықпал жасау немесе әкімшілік жаза шараларына әкеп соқтыратын право бұзушылық жасаған [1].

е) спирт ішімдіктерін, есірткі және психотропты заттар қолданатын;

ж) 16 жасқа дейін семьядан өз бетінше ұдайы кетіп қалатын немесе арнаулы оқытып-тәрбиелейтін мекемелерден өз бетінше кетіп қалатын;

з) оқудан, жұмыстан қасақана жалтаратын;

и) құмар ойындарымен ұдайы айналысатын, сондай-ақ өзге де қоғамға жат өмір сүретін жасы толмағандардың право бұзуын болғызбау, оларды түзеу және қайта тәрбиелеу үшін тағайындалады.

Қоғамдық тәрбиеші тағайындалған кезде ата-аналар немесе олардың орнындағы адамдар жасы толмаған баланы тәрбиелеу міндетінен және оның мінез-құлқы үшін жауапкершіліктен босатылмайды [2].

4. Жасы толмағандардың істері жөніндегі аудандық, қалалық, қаладағы аудандық комиссия жасы толмаған баланы қоғамдық тәрбиешінің бақылауына беру ісін қоғамдық тәрбиеші тағайындау қажет деп танқан соттың ұйғарымы, үкімі немесе қаулысы негізінде, яки өз инициативасы бойынша немесе мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдар мен азаматтардың инициативасы бойынша жүргізеді [1].

Жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссия қоғамдық тәрбиешіні тағайындау туралы шешім қабылдағаннан кейін істің қаралуына инициатива көрсеткен сотқа, мемлекеттік органдарға, қоғамдық ұйымдар мен азаматтарға 5 күн мерзімнің ішінде қоғамдық тәрбиешісінің фамилиясын, атын, әкесінің атын, жұмыс істейтін және тұратын жерін хабарлайды.

5. Қоғамдық тәрбиешіні тағайындаған кезде комиссия әрбір ретте право тәртібін бұзудың сипатын, жасы толмаған баланың жасын, оның бейімділігін, тағы басқа мән-жайларды, сондай-ақ қоғамдық тәрбиешінің сол жасы толмаған бала жөнінде өзіне жүктелген міндетті орындауға мүмкіндігі мен келісімін ескереді.

6. Жасы толмағандардың істері жөніндегі аудандық, қалалық, қаладағы аудандық комиссия қоғамдық тәрбиешіге куәлік және қоғамдық тәрбиешінің міндеті мен правосы көрсетілген анықтама тапсырады [1].

7. Қоғамдық тәрбиешілер өз жұмысын жасы толмағандардың ата-аналарымен немесе олардың міндетін атқарушылармен және жасы толмағандардың оқитын, жұмыс істейтін немесе тұрған жеріндегі қоғамдық ұйымдармен, милиция қызметкерлерімен және жасы толмағандардың арасында жұмыс істейтін жұртшылықтың өкілдерімен тығыз байланыста жүргізеді.

Кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың лауазымды адамдары, сондай-ақ кәсіподақ, комсомол және басқа қоғамдық ұйымдардың басшылары қоғамдық тәрбиешілердің жұмысына барынша көмектесуге тиіс.

8. Қоғамдық тәрбиешілердің жұмысына жасы толмағандардың іс-

---

[1] 3-статьяның бірінші бөлігінің «д» пунктіне, 4-статьяның бірінші бөлігіне және 6-статьяға 1985 ж. 22 октябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 45, 457-ст.).

[2] 3-статьяға 1984 ж. 30 майдағы Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 24, 320-ст.).

тері жөніндегі аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық комиссиялары басшылық етіп, бақылау жасайды, ал аудандық (қалалық) оқу бөлімі методикалық басшылық етеді, олар қоғамдық тәрбиешілерді педагогика, психология және заң бөлімінің негіздерімен таныстыруды ұйымдастырады [1].

Қоғамдық тәрбиеші жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссияның және өзін ұсынған коллективтің немесе қоғам ұйымының алдында істеген жұмысы туралы ұдайы есеп беріп отырады.

9. Қоғамдық тәрбиешінің бірі екінші тәрбиешімен ерекше жағдайда, жасы толмағандардың істері жөніндегі аудандық, қалалық, қаладағы аудандық комиссиясы мұны қажет деп тапқан кезде ғана ауыстырылуы мүмкін [1].

Жасы толмағандар тұрған жерін өзгерткен кезде қоғамдық тәрбиешіні тағайындаған комиссия жасы толмаған баланың жаңадан тұратын жеріндегі тиісті комиссияға басқа қоғамдық тәрбиешіні бөлу қажеттігі туралы хабарлайды.

10. Жасы толмаған баланың түзелуіне байланысты жасы толмағандардың істері жөніндегі аудандық, қалалық, қаладағы аудандық комиссия шешім қабылдаса немесе жасы толмағандар 18 жасқа жетсе қоғамдық тәрбиешінің жұмысы аяқталады [1].

II. Қоғамдық тәрбиешінің міндеті

11. Қоғамдық тәрбиеші мыналарды істеуге міндетті:

а) жасы толмаған баланы тәрбиелеуде ата-аналарға немесе олардың міндетін атқарушыларға көмек көрсетеді, жасы толмаған баланың түзелуі оның санасындағы зиянды әрі аморальдық әдеттер мен ұғымдарды жою үшін, оны қоғамдық пайдалы саналы еңбекке әзірлеу үшін бар күшін жұмсайды; жасы толмаған баланы біздің халқымыздың революциялық еңбек және жауынгерлік дәстүрлері, үлкендерді сыйлау, Отанға сүйіспеншілік рухында тәрбиелейді, оның қоғам және мемлекет алдындағы жауапкершілік сезімін күшейтеді;

б) жасы толмаған баланың сабаққа ұқыпты қатысуын, оның үлгерімін, үйге берілген тапсырманы орындауын, мектептегі, жұмыстағы, семьядағы, көшедегі, қоғамдық орындардағы мінез-құлқын бақылайды; оны мектептен тыс балалар мекемелері мен үйірмелерінің жұмысына қатыстырады; жасы толмаған баланың оқуын, еңбегін және демалысын дұрыс ұйымдастыру үшін тиісті жағдайлар жасауға шаралар қолданады;

в) қажет болған кезде жасы толмаған баланы қоғамдық-пайдалы еңбекке қатыстыруға, оны оқу орнына, техникалық-спорт және басқа үйірмелерге орналастыруға көмек көрсетеді.

Қоғамдық тәрбиеші өз жұмысының барысында жасы толмаған баланың мінез-құлқын ескере отырып, тәрбие жұмысының неғұрлым тиімді формасы мен әдістерін пайдалануға тиіс, қажет болған реттерде жасы толмағандардың істері жөніндегі аудандық, қалалық, қаладағы аудандық комиссиядан, қоғамдық ұйымдардан, милиция қызметкерлерінен, педагогтардан, дәрігерлерден және басқа мамандардан көмек сұрау керек [1].

---

[1] 8-статьяның бірінші бөлігіне, 9-статьяның бірінші бөлігіне, 10-статьяға және 11-статьяның екінші бөлігіне 1985 ж. 22 октябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 45, 457-ст.).

III. Қоғамдық тәрбиешінің правосы

12. Қоғамдық тәрбиешінің мынандай правосы бар:

а) жасы толмаған баланың тұрған, оқитын немесе жұмыс істейтін жеріне барады, оның шығынын бақылайды, тәртіп ережелерін сақтау жөнінде қажетті кеңестер береді; жасы толмаған бала қоғамдық тәрбиешінің талаптарын бірнеше рет орындамаған ретте, яки оны қайта тәрбиелеу дұрыс нәтиже бермейтін болса, оған ықпал жасаудың басқа шараларын қолдану үшін жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссияның талқылауына мәселе қояды;

б) өздерінің ата-аналық міндетін дұрыс орындамай жүргенде ата-аналардың немесе олардың міндетін атқарушылардың назарын аударады, жасы толмағандардың тәрбиесі мен мінез-құлқы үшін жауапты екенін түсіндіреді; жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссияның алдына баланы тәрбиелеу жөнінде өзінің міндетін дұрыс орындамайтын ата-аналардың, олардың жұмыс істейтін жеріне хабарлау туралы, комиссияның мәжілісінде олардың мінез-құлқын талқылау және басқа ықпал жасау шараларын қолдану туралы мәселе қояды;

в) жасы толмаған баланың оқитын, жұмыс істейтін немесе тұрған жеріндегі әкімшіліктер мен қоғамдық ұйымдардың алдында тәрбие жұмысындағы кемшіліктерді жою туралы және баланың оқуына немесе жұмыс істеуіне неғұрлым қолайлы жағдай жасау туралы мәселе қояды.

IV. Қоғамдық тәрбиешілерді көтермелеу шаралары

13. Өз міндетін белсенді әрі үлгілі орындап жүрген қоғамдық тәрбиешілерді халық депутаттарының аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық Советтерінің атқару комитеттері, қоғамдық ұйымдар, кәсіпорындардың, мекемелер мен басқа да ұйымдардың басшылары:

алғыс жариялау;

грамотамен наградтау;

Құрмет тақтасына жазу;

ақшалай немесе бағалы сыйлықтар, демалыс үйлеріне, санаторийлерге жеңілдікпен пайдаланылатын жолдамалар беру арқылы көтермелеп отырады [1].

Ерекше көзге түскен қоғамдық тәрбиешілерді көтермелеу шарасы ретінде жұмыс істеп жүрген жерлеріндегі кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың басшылары жылына үш күнге дейін ақы төленетін қосымша демалыс белгілеуі мүмкін.

МАСКҮНЕМДІК ПЕН АЛКОГОЛИЗМГЕ ҚАРСЫ КҮРЕСТІ КҮШЕЙТУ ЖӘНЕ САМОГОН ҚАЙНАТУДЫ ЖОЮ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [2]

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ
1985 жылғы 23 майдағы
УКАЗЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 23, 248-ст.)

Совет халқы коммунистік құрылыс міндеттерін ойдағыдай жүзеге асырып отырған қазіргі кезеңде маскүнемдік барған сайын төзгісіз

[1] 13-статьяның бірінші бөлігіне 1984 ж. 30 майдағы және 1985 ж. 22 октябрьдегі Указдарымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 24, 320-ст; 1985 ж., № 45, 457-ст.).

[2] 34-статья Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

болып барады. Маскүнемдік еңбекшілердің денсаулығына зиян келтіреді, көбінесе семьяның бұзылуына әкеп соғады, балаларды тәрбиелеуге теріс ықпал етеді. Алкогольдің әсерінен адамдар қоғам мен мемлекет алдындағы жауапкершілік сезімін жоғалтады, бұзақылық және басқа қылмыстар жасайды. Маскүнемдік өндіріске нұқсан келтіреді, қыдырымпаздыққа және еңбек тәртібінің басқаша бұзылуына, авария мен адамдардың өліміне әкеп соқтырады.

Еңбекшілер маскүнемдікті жою жөнінде неғұрлым тиімді шаралар қолданылуын, оның кез келген көріністеріне төзбестік жағдай жасалуын, самогон қайнатуды үзілді-кесілді тыюды, қоғамдық тәртіп пен еңбек тәртібін одан әрі нығайтуды әділ талап етіп отыр.

СССР Жоғарғы Советі Президиумының «Маскүнемдікке қарсы күресті күшейту туралы» 1985 жылғы 16 майдағы Указына сәйкес және маскүнемдік пен алкоголизмді тыю, самогон қайнатуды жою мақсатында Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы қ а у л ы е т е д і:

1. Қоғамдық орындарда спирт ішімдіктерін ішкені және қоғамдық орындарға мас күйінде келгені үшін жауаптылық

1. Көшелерде, стадиондарда, сквелрлерде, парктерде, қоғамдық транспорттың барлық түрінде және халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері спирт ішімдіктерін құйып сатуға рұқсат еткен сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарынан басқа қоғамдық орындарда спирт ішімдіктерін ішсе немесе қоғамдық орындарға адамгершілік абыройды және қоғамдық адамгершілікті қорлайтындай мас күйінде келсе ескерту немесе жиырма somнан отыз somға дейінгі мөлшерде штраф түрінде әкімшілік жаза қолданылады.

Әкімшілік жазалау шаралары қолданылғаннан кейін жыл ішінде тағы сондай әрекеттерді қайталап жасаса отыз somнан елу somға дейінгі мөлшерде штраф түрінде әкімшілік жаза қолданылады.

Осы статьяның бірінші бөлігінде көзделген, қоғамдық орындарда спирт ішімдіктерін ішкені немесе қоғамдық орындарға мас күйінде келгені үшін жыл ішінде екі рет әкімшілік жазаға тартылған адамдар жасаған әрекеттер елу somнан жүз somға дейінгі мөлшерде штраф салу не жалақысының жиырма процентін ұстай отырып, бір айдан екі айға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстары түрінде, ал ерекше реттерде, егер істің мән-жайы бойынша және тәртіп бұзушының кім екенін ескере отырып, мұндай шаралар қолдану жеткіліксіз деп танылса,— он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алу түрінде әкімшілік жаза қолданылады.

2. Осы Указдың 1-статьясында көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істерді халық депутаттарының аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советі атқару комитетінің ішкі істер бөлімінің (басқармасының) бастығы немесе бастығының орынбасары бір тәулік ішінде қарайды, олар тәртіп бұзушыға ескерту немесе штраф түрінде әкімшілік жаза қолданады, ал осы статьяның үшінші бөлігінде көзделген реттерде, не штраф салады, не тәртіп бұзушының келуін қамтамасыз ете отырып, істі аталған мерзімде аудандық (қалалық) халық сотының қарауына жібереді.

Халық судьясы іс сотқа келіп түскеннен кейін оны бір тәуліктің ішінде жеке өзі қарайды.

Осы Указдың 1-статьясының үшінші бөлігінде көзделген право бұзушылық үшін әкімшілік қамауға алу туралы қаулыны ұсақ бұзақылық жасағаны үшін тағайындалатын әкімшілік қамауға алуды орындау үшін белгіленген тәртіп бойынша ішкі істер органдары жүзеге асырады.

II. Өндірісте спирт ішімдіктерін ішкені үшін жауаптылық

3. Өндірісте (жұмыс орнында, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың бөлмелері мен территориясында) спирт ішімдіктерін ішсе немесе жұмысқа мас күйінде келсе отыз сомнан елу сомға дейінгі мөлшерде штраф түрінде әкімшілік жаза қолданылады.

4. Өздеріне бағынышты қызметкерлермен бірге өндірісте спирт ішімдіктерін ішуге қатысқан немесе мас күйінде жүрген адамдарды жұмысқа қатыстырмау шараларын қолданбаған, не өздеріне бағынышты қызметкерлердің спирт ішімдіктерін ішу немесе жұмысқа мас күйінде келу жағдайларын жасырған шеберлер, учаске, смена, цех бастықтары және басқа басшылар елу сомнан жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф түрінде әкімшілік жазаға тартылады.

5. Осы Указдың 3 және 4-статьяларында көзделген әкімшілік право бұзушылық жасалғаны туралы протоколды әкімшілік, кәсіпорындарды, мекемелерді, ұйымдарды күзететін қызметкерлер, ішкі істер (милиция) органдарының қызметкерлері, халық жасақшылары жасайды.

Осы Указдың 3 және 4-статьяларында көзделген право бұзушылық туралы істерді халық депутаттарының аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық, поселкелік, селолық, ауылдық Советтері атқару комитеттерінің жанындағы әкімшілік комиссиялары, халық депутаттарының поселкелік, селолық, ауылдық Советтерінің атқару комитеттері немесе халық депутаттарының аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық Советтері атқару комитеттерінің жанындағы маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялар қарайды.

6. Осы Указдың 3 және 4-статьяларында көзделген право бұзушылықты жасаған адамдарға, оларға әкімшілік жаза қолданумен қатар, тәртіптік жазалау шаралары да қолданылуы мүмкін.

III. Жасы толмағандарды маскүнемдікке тартқаны үшін жауаптылық

7. Жасы толмағандарды мас күйіне жеткізуге кінәлі ата-аналар немесе өзге адамдар, егер бұл әрекеттер өзінің сипаты жағынан қылмыстық жауапқа әкеп соқтырмайтын болса, елу сомнан жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф түрінде әкімшілік жазаға тартылады.

8. Жасы толмаған қызметі жағынан тәуелді болған адам жасы толмағанды мас күйіне жеткізсе қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтырады және екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға, немесе тап сол мерзімге түзеу жұмыстарына, немесе екі жүз сомнан үш жүз сомға дейін штрафқа жазаланады.

Жасы толмағанды маскүнемдікке тарту қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтырады және бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

9. Он алты жасқа дейінгі жасөспірімдер қоғамдық орындарға мас күйінде келсе, сондай-ақ олар спирт ішімдіктерін ішсе, отыз сомнан елу сомға дейінгі мөлшерде штраф түрінде әкімшілік жаза қолданылады, ол штраф ата-аналарына немесе олардың орнындағы адамдарға салынады.

10. Осы Указдың 7 және 9-статьяларында көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істерді — жасы толмағанның ата-аналарына және олардың орнындағы адамдарға қатыстыларын жасы толмағандардың істері жөніндегі аудандық (қалалық), қалалардағы аудандық комиссиялар, басқа адамдарға қатыстыларын — халық депутаттарының аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық, поселкелік, селолық, ауылдық Советтері атқару комитеттерінің жанындағы әкімшілік комис-

сиялары, халық депутаттарының поселкелік, селолық, ауылдық Советтерінің атқару комитеттері қарайды.

11. Спирт ішімдіктерін өндіруге, сақтауға және сатуға байланысты жұмысқа он сегіз жасқа толмаған адамдарды қабылдауға тыйым салынады.

IV. Спирт ішімдіктерін сату ережелерін бұзғаны үшін жауаптылық

12. Сауда кәсіпорындарының және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының қызметкерлері арақ және басқа спирт ішімдіктерін сату ережелерін бұзса, елу сомнан жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф түрінде әкімшілік жаза қолданылады, бұл штрафты халық депутаттарының аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық, поселкелік, селолық, ауылдық Советтері атқару комитеттерінің жанындағы әкімшілік комиссиялары, халық депутаттарының поселкелік, селолық, ауылдық Советтерінің атқару комитеттері немесе халық депутаттарының аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық Советтері атқару комитеттерінің жанындағы маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялар салады.

Әкімшілік жазалау немесе қоғамдық ықпал жасау шаралары қолданылғаннан кейін жыл ішінде қайталап жасалған тап сондай әрекеттер қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтырады және сауда кәсіпорындары мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге жұмыс істеу правосынан айыра отырып, екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына немесе екі жүз сомнан үш жүз сомға дейін штрафқа жазаланады.

13. Пайда табу мақсатымен шамалы мөлшерде арақ және басқа спирт ішімдіктерін, сондай-ақ халық тұтынатын товарлар мен ауыл шаруашылығы өнімдерін, касса және товар чектері мен талондарын, ойын-сауық орындары мен басқа кәсіпорындарға билеттер, кітаптар, ноталар, грампластинкалар, магнитофон, видеофон кассеттерін және өзге құнды заттар сатып алса және қайта сатса, егер тапқан пайдасының мөлшері отыз сомнан аспайтын болса, алып-сатарлық заттары конфискеленіп, елу сомнан жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф түрінде әкімшілік жаза қолданылады.

Осы статьяда көзделген право бұзушылық туралы істерді халық судьясы Қазақ ССР заңдарында көзделген тәртіп бойынша жеке өзі қарайды.

V. Үйде жасалатын күшті спирт ішімдіктерін әзірлегені, өткізгені, сақтағаны және сатып алғаны үшін жауаптылық

14. Өткізу мақсатынсыз самогонды, чачаны, арақты, тұт арағын, браганы немесе үйде жасалатын басқа күшті спирт ішімдіктерін әзірлесе немесе сақтаса, өткізу мақсатынсыз оларды жасайтын аппараттарды әзірлесе немесе сақтаса қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтырады және екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына немесе үш жүз сомға дейін штрафқа жазаланады.

Осы Указдың 14, 15-статьяларында көзделген қылмыстар үшін бұрын сотталған адамның жасаған тап сондай әрекеттері екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға немесе бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына жазаланады.

15. Самогонды, чачаны, арақты, тұт арағын, браганы немесе басқа күшті спирт ішімдіктерін өткізу мақсатымен әзірлесе немесе сақтаса не оларды жасайтын аппараттарды өткізу мақсатымен әзірлесе немесе

сақтаса, сондай-ақ аталған спирт ішімдіктері мен аппараттарды өткізсе қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтырады және мүлкі конфискеленіп немесе конфискеленбей бір жылдан үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға, немесе мүлкі конфискеленіп немесе конфискеленбей екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, немесе бес жүз сомнан бір мың сомға дейін штрафқа жазаланады.

Қайталап жасалған тап сондай әрекеттер мүлкі конфискеленіп, үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

16. Самогонды, чачаны, арақты, тұт арағын, браганы және үйде жасалған басқа күшті спирт ішімдіктерін сатып алса, отыз сомнан жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф түрінде әкімшілік жаза қолданылады.

17. Осы Указдың 16-статьясында көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істерді халық депутаттарының аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советтері атқару комитеттерінің ішкі істер бөлімінің (басқармасының) бастығы немесе бастығының орынбасары қарайды.

VI. Мас күйінде транспорт құралдарын жүргізгені үшін жауаптылық

18. Жүргізушілер транспорт құралдарын, ягни автомобильдердің барлық түрлерін, тракторлар мен өздігінен жүретін өзге де машиналарды, трамвайлар мен троллейбустарды, сондай-ақ мотоцикльдерді және басқа механикалық транспорт құралдарын мас күйінде жүргізгені үшін, сондай-ақ мас күйіндегі адамға транспорт құралдарын жүргізуді бергені үшін жүз сом мөлшерінде штраф салу немесе бір жылдан үш жылға дейінгі мерзімге транспорт құралын жүргізу правосынан айыру түрінде әкімшілік жазаға тартылады.

Транспорт құралдарының бірнеше түрін жүргізу правосы бар жүргізушілер осы статьяда көзделген бұзушылықты жасағаны үшін транспорт құралдарының барлық түрлерін жүргізу правосынан айрылады.

19. Транспорт құралдарын жүргізуге правосы жоқ адамдар оларды мас күйінде жүргізгені үшін, сондай-ақ мас күйіндегі адамға транспорт құралын жүргізуді бергені үшін жүз сом мөлшерінде штраф түрінде әкімшілік жазаға тартылады.

20. Мас күйіндегі жүргізушілерді транспорт құралдарын жүргізуге жібергені үшін лауазымды адамдар, транспорт құралдарының техникалық жайы мен пайдаланылуы үшін жауапты адамдар жүз сом мөлшерінде штраф түрінде әкімшілік жазаға тартылады.

21. Осы Указдың 18—20-статьяларында көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істерді заңмен белгіленген тәртіп бойынша ішкі істер органдарының лауазымды адамдары қарайды.

22. Осы Указдың 18-статьясының бірінші бөлігінде аталған транспорт құралдарын мас күйіндегі адамның жүргізуі бір жыл ішінде қайталап жасалса, қылмыстық жауапқа тартылады және бір жылға дейін мерзімге бас бостандығынан айыруға, немесе екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, немесе жүргізушіні үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге транспорт құралдарын жүргізу правосынан айыра отырып, үш жүз сом штрафқа жазаланады.

Осы статьяда көзделген қылмысы үшін бұрын сотталған адам жасаған тап сондай әрекет қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтырады және жүргізушіні бес жыл мерзімге транспорт құралдарын жүргізу правосынан айыра отырып, үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

23. Транспорт құралдарының техникалық жайы мен пайдаланылуы

үшін жауапты адам мас күйіндегі жүргізушілерді транспорт құралдарын жүргізуге жіберсе, егер мұның өзі Қазақ ССР-інің Қылмыстық кодексінің 217-статьясында аталған салдарға әкеп соқтырса, қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтырады және бес жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға, немесе екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, немесе транспорт құралдарының техникалық жайы мен пайдаланылуы үшін жауапты болуына байланысты қызмет істеу правосынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, жүз сомнан үш жүз сомға дейін штрафқа жазаланады.

VII. Қоғамдық ықпал жасау шараларын қолдану

24. Егер жасалған право бұзушылықтың сипаты мен право бұзушының кім екені ескеріліп оған қоғамдық ықпал жасау шарасын қолданған жөн болса, осы Указда көзделген әкімшілік право бұзушылықты жасаған адам әкімшілік жауаптылықтан босатылып, материалдар жолдастық соттың, кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның, қоғамдық ұйымның немесе еңбек коллективінің маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиясының қарауына беріледі.

Осы статьяның бірінші бөлігінде көзделген ретте, жолдастық сот, кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиясы кінәлі адамға елу сомға дейінгі мөлшерде ақшалай штраф салу түрінде қоғамдық ықпал жасау шарасын қолдана алады.

Кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі, жолдастық сот, маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссия, қоғамдық ұйым право бұзушыға қолданылған шаралар туралы он күн мерзім ішінде материал жіберген органға хабарлауға міндетті.

VIII. Спирт ішімдіктеріне салынған адамдардың әрекет қабілеттілігін шектеу және оларды еріксіз емдеу

25. Спирт ішімдіктеріне салынып кету салдарынан өз семьясын ауыр материалдық жағдайға душар еткен адамның әрекет қабілеттілігін сот шектей алады және оған қамқоршылық белгіленеді. Бұл адам мүлікке иелік ету жөнінде келісім жасай алады, сондай-ақ жалақысын, пенсиясын немесе табыстарының басқа түрін ала алады, бұларға тек қамқоршысының келісімі бойынша ғана иелік ете алады, бұған ұсақ тұрмыстық келісімдер қосылмайды.

26. Өз еркімен емделуден жалтарған немесе емделгеннен кейін маскүнемдігін қоймаған құнықпа алкоголиктер еріксіз емдеу және еңбекпен қайта тәрбиелеу үшін бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге емдеу-еңбек профилакторийлеріне жіберіледі.

Аталған адамдарды профилакторийлерге жіберу туралы мәселені аудандық (қалалық) халық соты қоғамдық ұйымдардың, еңбек коллективтерінің, мемлекеттік органдардың, сондай-ақ семья мүшелерінің немесе жақын туыстарының өтініші бойынша медициналық қорытынды бар болған жағдайда ашық сот мәжілісінде қарайды.

IX. Маскүнемдік пен алкоголизмге қарсы күресудің өзге шаралары

27. Осы Указда көзделген әкімшілік право бұзушылықты болғызбау, протокол жасау, сондай-ақ істі дер кезінде және дұрыс қарауды қамтамасыз ету және әкімшілік право бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыны орындау мақсатында ішкі істер органы (милиция) мұндай право бұзушылық жасаған адамды үш сағат мерзімге дейін әкімшілік

жолмен ұстауды және қажет болған жағдайда, ұсталған адамның тікелей өзін тексеруді, заттарын тексеруді, заттары мен документтерін алып қоюды жүзеге асыра алады.

28. Көшеде және басқа қоғамдық орындарда болған мастығы орташа немесе ауыр дәрежедегі адамдар медициналық айықтырғышқа орналастырылады, айықтырғышта ұсталғаны үшін олардан белгіленген мөлшерде төлем алынады.

29. Осы Указда көзделген право бұзушылықты жасаған адамдардан самогонды және үйде жасалған басқа күшті спирт ішімдіктерін, оларды жасайтын аппараттарды ішкі істер органы (милиция) алып қояды және олар іс қаралып біткеннен кейін жойылады.

30. Осы Указда көзделген право бұзушылық үшін қолданылған әкімшілік жаза туралы ішкі істер органының бастығы, оның орынбасары немесе халық судьясы право бұзушының жұмыс істейтін, оқитын немесе тұратын жеріндегі әкімшіліктің немесе қоғамдық ұйымның есіне салады.

31. Осы Указдың 1, 3 және 4-статьяларында көзделген право бұзушылық үшін әкімшілік жазалау шаралары қолданылған адамдарды кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі кәсіподақ комитетімен келісе отырып, сыйлықтан, кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның жылдық жұмысының қорытындылары бойынша берілетін сыйлықтардан, демалыс үйлері мен санаторийлерге жеңілдікпен берілетін жолдамалардан толық немесе ішінара айыра алады; олардың тұрғын үй алу кезегі шегерілуі мүмкін.

X. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссия

32. Мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың маскүнемдікке қарсы күресуге бағытталған қызметін үйлестіріп отыруды және маскүнемдік көріністерінің алдын алу әрі оларды болғызбау жөнінде шаралар әзірлеп жүргізуді Қазақ ССР Министрлер Советі жанынан, халық депутаттарының облыстық, аудандық, қалалық және қалалардағы аудандық Советтерінің атқару комитеттері жанынан құрылатын маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялар жүзеге асырады. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялар халық депутаттарының поселкелік, селолық және ауылдық Советтерінің атқару комитеттері жанынан да құрылуы мүмкін.

Бұл комиссиялар өз қызметінде Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы бекітетін Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялар туралы ережені басшылыққа алады.

33. Маскүнемдік көріністерінің алдын алу әлі оларды болғызбау жөнінде шаралар әзірлеп жүргізу үшін кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялар құрылуы мүмкін.

Бұл комиссиялар өз қызметінде Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы бекітетін кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялары туралы ережені басшылыққа алады.

35. Осы Указ 1985 жылғы 1 июньнен бастап күшіне енгізілсін.

36. Мүдделі министрліктер мен ведомстволарды қатыстыра отырып, осы Указдың шығарылуына байланысты қолданылып жүрген заңдарды өзгерту туралы ұсыныс әзірлеп, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумына енгізу Қазақ ССР Юстиция министрлігіне тапсырылсын.

СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «МАСКҮНЕМДІК ПЕН АЛКОГОЛИЗМДІ ТЫЮ, САМОГОН ҚАЙНАТУДЫ ЖОЮ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1985 ЖЫЛҒЫ 7 МАЙДАҒЫ № 410 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1985 жылғы 30 майдағы
№ 187 ҚАУЛЫСЫ

СССР Министрлер Советінің 1985 ж. 7 майдағы № 410 қаулысына сәйкес Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Облыстық атқару комитеттеріне, Алматы қалалық атқару комитетіне, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына маскүнемдікке, алкоголизмге, самогон қайнатуға және үй жағдайында басқа да күшті спиртті ішімдіктер дайындауға қарсы күресті үзілді-кесілді күшейту міндеттеледі. Осы мақсатпен:

еңбек коллективтерінің, әкімшілік органдарының маскүнемдік пен алкоголизмді туғызатын себептер мен жағдайларды жою жөніндегі қызметі жандандырылсын;

кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер басшыларының барлық коллективтерде маскүнемдіктің қандай да болсын фактісіне ымырасыздық жағдайын жасау үшін жауапкершілігі арттырылсын;

азаматтар және әсіресе жастар, қоғамдық-саяси өмірге, ғылыми-техникалық творчествоға белсендірек тартылсын, көркемөнерпаздыққа, өнерге, физкультура мен спортқа дегеи терең ықылас оятылсын;

өндірісте және қоғамдық орындарда спиртті ішімдіктер ішуге жол беретін, сондай-ақ самогон қайнатумен және алкогольді ішімдіктермен алып-сатарлық жасаумен шұғылданатын адамдарға ықпал жасаудың заңдарда көзделген шаралары барынша қатал қолданылатын болсын.

2. Қазақ ССР Халықтық бақылау комитеті және оның жергілікті органдарына Партия мен Үкіметтің маскүнемдікке қарсы күресті күшейтуге бағытталған шешімдерін орындамаған лауазымды адамдар жөнінде өздеріне берілген праволарды толық көлемінде пайдалансын, еңбек коллективтерінде ішкілік ішу фактілеріне, мемлекеттік және қоғамдық қаржыны спиртті ішімдіктер ішілетін алуан-түрлі мерекелердің ұйымдастырылуына жұмсауға үзілді-кесілді жол берілмесін, кінәлі адамдар қатаң жауапкершілікке тартылсын.

Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары, халықтық бақылау органдары өндірісте спиртті дұрыс пайдалануға бақылауды күшейтсін.

3. Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі қоғамдық орындардағы маскүнемдік фактілеріне жол бермеу жөніндегі шараларды жүзеге асырып, ішкі істер органдарының ерікті халық жасақтарымен, жолдастық соттармен, право бұзушылықтың алдын-алу советтерімен, тәртіп қорғаудың қоғамдық пункттерімен және басқа талапкер ұйымдармен белсенді өзара қимыл жасауын қамтамасыз етсін. Алкогольді шамадан тыс пайдаланатын адамдарды емдеу мен қайта тәрбиелеуді ұйымдастыруда еңбек коллективтеріне, қоғамдық ұйымдар мен семьяларға көмек көрсетсін.

Жергілікті ішкі істер органдарының өздеріне бекітіліп берілген микроаудандарда маскүнемдікке қарсы күресті және осы бағыттағы алдын алу жұмысын ұйымдастыру үшін жауапкершілігі арттырылсын.

---

[1] 6 және 20-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

18-пункт СССР Министрлер Советінің 1985 ж. 7 майдағы № 410 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді.

Самогон қайнатумен, үй жағдайында дайындалған күшті спиртті ішімдіктер өткізумен, сатып алумен және сақтаумен, сондай-ақ спиртті ішімдіктермен алыпсатарлық жасаумен шұғылданатын, әсіресе селолық жерлерде шұғылданатын адамдарды дер кезінде анықтау қамтамасыз етіліп, олар қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауапқа тартылсын.

4. Облыстық атқару комитеттері, Алматы қалалық атқару комитеті, Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы сауда жүйесі бар басқа да министрліктер мен ведомстволарға таяудағы жылдарда арақ және ликер-арақ ішімдіктерін тек мамандандырылған магазиндерде яки азық-түлік магазиндерінің мамандандырылған оқшау бөлімшелерінде (секцияларында) сатуға көшуді аяқтасын.

Алкогольді ішімдіктерді өндірістік кәсіпорындар мен құрылыстардың, оқу орындарының, жатақханалардың, балалар мекемелерінің, ауруханалардың, санаторийлердің, демалыс үйлерінің, вокзалдардың, айлақтар мен аэропорттардың, мәдени және ойын-сауық кәсіпорындарының маңында, еңбекшілер жаппай серуен құрып, демалатын жерлерде және ұсақ сауда жүйесінде сатуға тыйым салынсын.

Спиртті ішімдіктерді санаторийлерде, демалыс үйлерінде, профилакторийлерде, туристік базалар мен туристік жорықтарда, еңбекшілердің коллективтік серуенін ұйымдастыру кезінде, сондай-ақ қоғамдық транспорттың барлық түрлерінде сату мен ішуге жол берілмесін.

Шарап-арақ ішімдіктері жұмыс күндерінде сағат 14-тен бастап сатылсын.

5. Халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері, Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы сауда жүйесі және қоғамдық тамақтану кәсіпорындары бар министрліктер мен ведомстволар шайханалар, дәмханалар, сондай-ақ алкогольсіз ішімдіктер сататын кафелер мен барлар жүйесін одан әрі дамытуды көздейтін болсын. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында халыққа қызмет көрсету мәдениетін арттыру шаралары қолданылсын. Семьялық демалыс қажеттерін ескеретін қызмет көрсету формалары (семьялық түскі ас, семьялық, балалар, жастар мерекелерін ұйымдастыру) дамытылсын.

7. СССР Мемлекеттік банкісінің Қазақ республикалық конторы, СССР Мемлекеттік еңбек жинақ кассаларының Қазақ республикалық бас басқармасы, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті мүдделі министрліктермен және ведомостволармен бірлесіп жұмысшылар мен қызметшілердің жалақысын, сондай-ақ колхозшылардың табыстарын жинақ кассалары арқылы төлеу практикасын барынша кеңейтсін.

8. Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті негізгі жұмыс қорытындылары мен орындалған жеке тапсырмалар үшін берілетін сыйлықтарды кезекті төленетін жалақысымен бірге беру практикасын енгізуге шаралар қабылдасын.

9. Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті 1985—1990 жылдары:

Алматы қаласында және облыс орталықтарында алкогольді шамадан тыс пайдаланатын және алкоголизмге шалдыққан адамдарға (атын айтпай) профилактикалық медициналық көмек көрсету үшін шаруашылық есептегі наркологиялық кабинеттер мен емханалар ұйымдастырсын; селолық жерлерде ауданаралық наркологиялық диспансерлер ашуды жеделдетсін;

кәсіпорындарда алкогольге қарсы насихат ұйымдастыру және алкогольді шамадан тыс пайдаланатын, алкоголизмге шалдыққан адам-

дарға профилактикалық медициналық көмек көрсету үшін наркологиялық диспансерлерде арнаулы кабинеттер, сондай-ақ ондай адамдарды (атын айтпай) емдеуге арналған кабинеттер ашсын;

наркологиялық қызметтер тарапынан маскүнемдікпен күрес жөніндегі комиссияларға методикалық басшылық дәрежесін арттырсын;

мас болу дәрежесін анықтау жөніндегі экспертиза жүргізудің сапасын жоғарылатсын;

Алматы қалалық және облыстық наркологиялық диспансерлерде бүкіл тәулік бойы жұмыс істейтін мас болу дәрежесін куәландыруға арналған кабинеттер ұйымдастырсын.

10. Облыстық атқару комитеттері, Алматы қалалық атқару комитеті, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі және Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі Алматы қаласы мен республиканың облыстарында созылмалы алкоголизмге ұшырап, соның салдарынан ауыр дертке, әсіресе туберкулез ауыруына шалдыққан ауруларды ықтиярсыз емдеу үшін арнаулы наркологиялық бөлімшелер ашуды жеделдетсін.

11. Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі облыстық атқару комитеттерімен, Алматы қалалық атқару комитетімен, одақтық бағыныстағы кәсіпорындармен (ұйымдармен) бірлесе отырып 1986—1990 жылдарға республикада наркологиялық кереуеттерді орналастырудың, кәсіпорындардың (ұйымдардың) жанында, осы кәсіпорындар (ұйымдар) берген тұрғын жайларда, наркологиялық бөлімшелерді ұйымдастыруды еске ала отырып, перспективалық жоспарын жасасын және келісілген ұсыныстарды Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне 1985 жылдың 1 сентябріне енгізсін.

12. Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі 1986—1990 жылдары наркологиялық мекемелер жүйесінің дамытылуына сәйкес нарколог-дәрігерлер мен наркология жөніндегі фельдшерлер даярлауды ұлғайту шараларын жүзеге асырсын.

13. Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі 1987 жылы Павлодар облысында және 1990 жылы Талдықорған облысында әйелдер үшін өндірістік өз базасы бар әрқайсысы 600 орындық екі емдеу-еңбек профилакторийін салу мен пайдалануға беруді жүзеге асырсын.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті Қазақ ССР Министрлер Советінің 1986—1990 жылдарға белгіленген күрделі қаржысының жалпы лимиті шегінде экономикалық және әлеуметтік дамудың жылдық жоспарларында Қазақ ССР Ішкі істер министрлігіне осы мақсаттарға күрделі қаржылар, жобалық-іздеу және мердігерлік жұмыстарға лимиттер бөлуді көздесін.

14. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары, облыстық атқару комитеттері, Алматы қалалық атқару комитеті Қазақ ССР-інің экономикалық және әлеуметтік дамуының 1986—1990 жылдарға арналған жоспарының жобасын жасаған кезде әсіресе қалалардағы жаңа тұрғын үй аудандары мен селоларда кинотеатрлар, Мәдениет сарайлары мен Үйлерін, клубтар, кітапханалар, спорт ғимараттары мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарын салуды көздесін. Коллективтік бағбандық пен бақша шаруашылығын дамытуға, ынталылық жөніндегі клубтарды және бос уақыт пен демалысты жақсы пайдалануға көмегін тигізетін басқа да қоғамдық ұйымдарды дамытуға барынша жәрдем көрсетілсін.

Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті өздеріне бағынышты кәсіпорындар мен ұйымдардың осы мақсаттарға белгіленген қаржысы есебінен Мәдениет сарайлары мен Үйлерінің, клубтардың, кітанханалардың, спорт құрылыстарының, қайта құрылуы мен кеңейтілуін жүзе-

ге асыруды қамтамасыз ететін болсын. Таяу жылдардың ішінде әрбір коллективтің ең қарапайым спорт құрылыстары болуына күш салынсын.

Азаматтардың тұрғылықты жеріндегі спорт жұмысын дамыту және спорт ғимараттарын салу үшін тұрғын үй-пайдалану ұйымдары кірістерінің 3 процентке дейінгі мөлшерін аудару нормасын белгілейтін болсын.

Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті техникалық және көркем творчествомен шұғылдану үшін қажетті слесарьлық және ағаш шеберлігі саймандарын, авто мен мото запас бөлшектерін, кино және фотоматериалдар, сурет салуға арналған бояулар мен қыл қаламдар, мәдени-тұрмыстық және шаруашылық бұйымдардың жартылай фабрикаттарын, кондициялы емес әртүрлі материалдар, өнеркәсіп өндірісінің іске жарайтын жақсартылған және арнайы әзірленген қалдықтарын сауда орындарына беріп, халыққа сатуды ұлғайту жөнінде қосымша шаралар қолданылсын.

15. Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті халықтың әртүрлі жастағы және кәсіптік топтарына арналған, сондай-ақ мектептер, кәсіптік-техникалық училищелер, жоғары және орта арнаулы оқу орындары оқытушыларының тәрбие жұмысында пайдалануына арналған алкогольге қарсы насихат жөніндегі ғылыми-көпшілік әдебиет пен ғылыми-методикалық материалдар, плакаттар, буклеттер, ескертпелер басылымдарын шығарудың санын көбейтіп, сапасын жақсартсын.

Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақ ССР Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитеті маскүнемдіктің әлеуметтік-адамгершілік тұрғыдағы зиянын ашып беретін, сондай-ақ одан алдын ала сақтандырудың жақсы тәжірибесін, насихаттайтын көркем, деректі және ғылыми-көпшілік кино мен телевизия фильмдерін жасауды, алкогольге қарсы тақырыптағы радио хабарларының санын көбейтсін, мемлекет және кәсіподақ кино жүйесінде, сондай-ақ телевизия арқылы фильмдердің кеңінен көрсетілуін қамтамасыз етсін.

16. Қазақ ССР Ауыл шаруашылық министрлігі, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі, СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі жанындағы «Главриссовхозстрой» мен қызылша себетін облыстардың облыстық атқару комитеттері қант қызылшасының индустриялдық өңдеу технологиясын бұл ретте қол еңбегін қолдануды қысқарта отырып, кеңірек енгізу жөніндегі шараларды жүзеге асырсын.

Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, Алматы, Жамбыл және Талдықорған облыстық атқару комитеттері колхозшылардан және совхоздар мен басқа мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорындары жұмыскерлерінен олармен жасасқан шарттар және оларға сұранымы жоғары товарлар үстеме сатуды кеңейту негізінде қант сатып алу ұйымдастыруды жақсартуға қосымша шаралар қабылдасын.

17. Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы мен облыстық атқару комитеттері колхоздардан, совхоздардан және халықтан басы артық жеміс, жүзім, жидек сатып алуды қамтамасыз етсін, оларды жастай, кептірілген және мұздатылған күйінде сатуды арттырсын, бұл өнімдерден қайнатпа, компот, джем мен шырын жасауды, сондай-ақ оларды негізінен шағын ыдыспен шығаруды жүзеге асырсын.

19. Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті осы қаулының

орындалу барысы туралы мәліметті Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне жыл сайын 15 февральға беретін болсын.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті материалдарды қорытып, Қазақ ССР Министрлер Советіне 1 мартқа баяндайтын болсын.

КӘСІПОРЫНДАРДА, МЕКЕМЕЛЕРДЕ, ҰЙЫМДАРДА ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІНДЕ ҚҰРЫЛАТЫН МАСКҮНЕМДІККЕ ҚАРСЫ КҮРЕСУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯЛАР ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ
1985 жылғы 22 октябрьдегі
УКАЗЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 45, 459-ст.)

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының «Маскүнемдік пен алкоголизмге қарсы күресті күшейту, самогон қайнатуды жою жөніндегі шаралар туралы» 1985 жылғы 23 майдағы Указына сәйкес Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы қ а у л ы е т е д і:

Кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдарда және олардың құрылымдық бөлімшелерінде құрылатын Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялар туралы ереже бекітілсін.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1985 жылғы 22 октябрьдегі Указымен
БЕКІТІЛГЕН

КӘСІПОРЫНДАРДА, МЕКЕМЕЛЕРДЕ, ҰЙЫМДАРДА ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІНДЕ ҚҰРЫЛАТЫН МАСКҮНЕМДІККЕ ҚАРСЫ КҮРЕСУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯЛАР ТУРАЛЫ

Е Р Е Ж Е

I. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялардың міндеттері және оларды ұйымдастыру тәртібі

1-статья. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялардың негізгі міндеттері маскүнемдікті жоюға және оның кез келген көріністеріне төзбестікпен қарау жағдайын туғызуға белсенді түрде жәрдемдесу, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың қызметкерлері арасындағы маскүнемдік көріністерінің алдын алу және оларды болғызбау жөнінде шаралар жасап, жүзеге асыру болып табылады.

2-статья. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссияларды кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың еңбек коллективтері құрады. Комиссиялар еңбек коллективтерінің жалпы жиналыстарында (конференцияларында) ашық дауысқа қою жолымен екі жыл мерзімге сайланады.

Комиссиялар өзін сайлаған еңбек коллективтерінің алдында өз қызметі туралы ұдайы есеп беріп отырады.

Ірі еңбек коллективтерінде кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйым-

дарда құрылатын маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялармен қатар цехтарда, бөлімдерде және басқа құрылымдық бөлімшелерде маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялар құрылуы мүмкін, бұлар осы Ережеде белгіленген міндеттерді атқарып, праволарды пайдаланады, бұған өздеріне бағынышты қызметкерлермен бірге өндірісте спирт ішімдіктерін ішуге қатысқан немесе мас күйде жүрген адамдарды жұмысқа қатыстырмау шараларын қолданбаған, не өздеріне бағынышты қызметкерлердің спирт ішімдіктерін ішу немесе жұмысқа мас күйде келу жағдайларын жасырған шеберлерге, учаске, смена, цех бастықтарына және басқа басшыларға қатысты материалдарды қарау правосы кірмейді.

Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялардың жұмысын бақылауды кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың кәсіподақ комитеттері жүзеге асырады.

3-статья. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялар комиссияның председателі, председателінің орынбасары, секретары және мүшелері құрамында жұмыс істейді.

Комиссия мүшелерінің санын сол коллективте жұмыс істеушілердің санына және комиссия жұмысының көлеміне байланысты еңбек коллективінің жалпы жиналысы (конференциясы) белгілейді.

Комиссияға өздерінің іскерлік және моральдық қасиеті жағынан маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссияның алдына қойылған міндеттерді ойдағыдай орындауға қабілетті еңбек коллективінің мүшелері, сондай-ақ әкімшіліктің, кәсіподақ және басқа қоғамдық ұйымдардың өкілдері, халық депутаттары Советтерінің депутаттары — еңбек коллективтерінің мүшелері сайланады.

4-статья. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссия өз жұмысын қоғамдық ұйымдармен, салауаттылық жолындағы күрес қоғамымен және еңбек коллективтерінің қоғамдық ынталы органдарымен өзара тығыз бірлесе отырып жүргізеді.

Комиссиялар қоғамдық ұйымдарға және кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың еңбек коллективтеріне өз қызметі туралы үнемі хабарлап отырады.

II. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялардың міндеттері мен праволары

5-статья. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялар:

1) еңбек коллективтерінде маскүнемдік пен алкоголизмнің алдын алу жөнінде шаралар жасап, жүзеге асырады;

2) алкогольге салынып кеткен адамдардың есебін жүргізеді әрі олармен өндірісте және тұрмыста тәрбие жұмысын жүргізеді, жұмысқа тартылған актив арасынан тәрбие жұмысы жөнінде қоғамдық инспекторлар бөледі;

3) профилактикалық есепте тұратын адамдардың алкогольге қарсы емдеу курсынан өтуін бақылауды жүзеге асырады;

4) емдеу-еңбек профилакторийлерінде және арнаулы наркология бөлімшелерінде еріксіз емдеу курсынан өткен еңбек коллективі мүшелерінің тәртібін бақылайды;

5) кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдарда алкогольге салынып кеткен адамдар арасында тәрбие жұмысын ұйымдастыруда әрі жүргізуде әкімшілікке қажетті көмек көрсетеді, бұл жұмысқа ерікті халық жасақтарының мүшелерін, басқа қоғамдық ұйымдардың өкілдерін кеңінен тартады, алкогольге салынып кеткен адамдарға қоғамдық ықпал жасаудың және әкімшілік жазалаудың тиімділігін тексереді;

6) кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдарға қарасты еңбек коллективтерінде, жатақханаларда, мәдени-ағарту, емдеу-сауықтыру мекемелерінде алкогольге қарсы насихатты ұйымдастырып, жүзеге асырады.

6-статья. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссияның мынадай правосы бар:

1) кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның құрылымдық бөлімшелеріндегі маскүнемдік пен алкоголизмге қарсы күрес жөніндегі және алкогольге қарсы насихат жөніндегі жұмыстың жайын тексереді;

2) комиссияның мәжілістерінде кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың құрылымдық бөлімшелері басшыларының және басқа лауазымды адамдарының маскүнемдік пен алкоголизмге қарсы күрес жөнінде жүргізіп отырған жұмысы туралы хабарын тыңдайды және осы мәселелер жөнінде ұсыныс жасайды;

3) өз мәжілістерінде кәсіпорынның наркологиялық қызмет жұмысы туралы хабарын тыңдайды;

4) маскүнемдікке қарсы қажетті күрес жүргізбейтін, маскүнемдік фактілерінің алдын алу және оларды болғызбау жөнінде тиісті шаралар қолданбайтын кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің лауазымды адамдарына және басқа лауазымды адамдарына қажетті шаралар қолдану туралы кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың басшылары мен қоғамдық ұйымдарына ұсынысмен барады;

5) құнықпа алкоголиктер болып табылатын және өз еркімен емделуден жалтарған немесе емделгеннен кейін маскүнемдігін қоймаған еңбек коллективінің мүшелерін еріксіз емдеуге жіберу туралы өтініш жасау жөнінде кәсіподақ комитетіне қолданылып жүрген заңдарға сәйкес ұсыныстар енгізеді; еңбек коллективі мүшелерінің әрекет қабілеттілігі шектелген деп тану туралы және басқа да ұсыныстар енгізеді;

6) еңбек коллективі мүшелерінің мәдени демалысын және олардың бос уақытын саналы түрде пайдалану ісін ұйымдастыру жөніндегі шараларды жүргізуге қатысады;

7) еңбек коллективтерінің мүшелеріне қатысты мынадай материалдарды қарайды:

а) өндірісте (жұмыс орнында, кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның бөлмелері мен территориясында) спирт ішімдіктерін ішкені туралы немесе жұмысқа мас күйде келгені туралы;

б) шеберлердің, учаске, смена, цех бастықтарының және басқа басшылардың өздеріне бағынышты қызметкерлермен бірге өндірісте спирт ішімдіктерін ішуге қатысқаны туралы немесе мас күйде жүрген адамдарды жұмысқа қатыстырмау шараларын қолданбағаны, не өздеріне бағынышты қызметкерлердің спирт ішімдіктерін ішу немесе жұмысқа мас күйде келу жағдайларын жасырғаны туралы;

в) сауда кәсіпорындары мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары қызметкерлерінің арақ және басқа спирт ішімдіктерін сату ережелерін бұзғаны туралы;

г) қоғамдық орындарда спирт ішімдіктерін ішкені және қоғамдық орындарға мас күйде келгені туралы;

д) ата-аналардың және өзге адамдардың жасы толмаған баланы мас күйге жеткізгені туралы;

е) ата-аналардың және олардың орнындағы адамдардың он алты жасқа дейінгі жасөспірімдердің қоғамдық орындарға мас күйде келгені үшін, сондай-ақ олардың спирт ішімдіктерін ішкені үшін жауапкершілігі туралы;

ж) пайда табу мақсатымен шамалы мөлшерде арақ және басқа спирт ішімдіктерін сатып алғаны және қайта сатқаны туралы;

з) самогонды және үйде жасалатын басқа күшті спирт ішімдіктерін сатып алғаны туралы;

и) жүргізушілердің транспорт құралдарын және бұл құралдарды жүргізуге правосы жоқ басқа да адамдардың мас күйде жүргізгені, сондай-ақ мас күйдегі адамға транспорт құралын жүргізуге бергені туралы;

к) транспорт құралдарының техникалық жайы мен пайдаланылуы үшін жауапты лауазымды адамдардың мас күйдегі жүргізушілерді транспорт құралдарын жүргізуге жібергені туралы.

7-статья. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссия осы Ереженің 6-статьясының 7-тармағында аталған право бұзушылық үшін кінәлі адамға мынадай қоғамдық ықпал жасау шараларының бірін қолдана алады;

1) ескерту жасау;

2) қоғамдық сөгіс жариялау;

3) сөгіс жариялау;

4) елу сомға дейінгі мөлшерде ақшалай штраф салу.

Комиссиялар қоғамдық ықпал жасау шараларын қолданумен бірге тәртіп бұзушыны сыйлықтан, кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның жылдық жұмысының қорытындылары бойынша берілетін сыйлықтардан толық немесе ішінара, демалыс үйлері мен санаторийлерге жеңілдікпен берілетін жолдамалардан айыру туралы, тұрғын үй алу кезегін шегеру туралы кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі мен кәсіподақ комитетінің алдына мәселе қоюға праволы.

8-статья. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссияның компетенциясына ССР Одағының, Қазақ ССР-інің заңдарымен, сондай-ақ осы Ережемен жатқызылған мәселелерді комиссия өз инициативасы бойынша да, әкімшіліктің, қоғамдық ұйымдардың, еңбек коллективтерінің қоғамдық ынталы ұйымдарының ұсынуы бойынша да қарайды.

Осы Ереженің 6-статьясының 7-тармағында көзделген право бұзушылық үшін әкімшілік жауапкершіліктен босатылған адамдарға қатысты материалдарды комиссия тек әкімшілік жаза қолдануға правосы бар орган (лауазымды адам) оларды комиссияға қарауға берген реттерде ғана қарайды.

Осы Ереженің 6-статьясындағы 7-тармақтың «а» және «б» тармақшаларында көзделген право бұзушылықты жасаған адамдарға қатысты материалдарды маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссия, сондай-ақ оларды кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі осы комиссияға қарауға берген реттерде де қарауы мүмкін.

III. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялардың жұмысын ұйымдастыру

9-статья. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссияның председателі комиссияның мәжілісін ұдайы шақырып отыруды қамтамасыз етеді, кезекті мәжілісте қаралуға тиісті мәселелерді белгілейді, комиссияның қарауына жұмыс жоспарларын және оның қызметі туралы есептерін табыс етеді. Мәжілістер аралығындағы кезеңде комиссия мүшелеріне тапсырмалар беріп, олардың орындалуын тексереді.

10-статья. Комиссия мәселелерді ашық мәжілісте қарайды. Комиссияның мәжілісі болатын күн туралы және қаралуға тиісті мәселелер туралы еңбек коллективіне хабарланады.

Комиссияның мәжілісінде қаралатын мәселелерді талқылауға қа-

тысуы қажет деп табылған азаматтар мен лауазымды адамдар, еңбек коллективтері мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері шақырылады.

Еңбек коллективтерінің мүшелеріне қатысты материалдар қаралған кезде комиссияның мәжілісіне право бұзушылар шақырып алынады. Олардың дәлелді себепсіз келмей қалуы материалдарды қарауға бөгет бола алмайды.

Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссияның мәжілісі оған оның құрамының кем дегенде жартысы қатысқанда заңды болып есептеледі.

11-статья. Комиссияның мәжілісінде протокол жасалады, онда мәжіліс болған дата, комиссияның аты, қаралған мәселенің қысқаша мазмұны, комиссияның мәжілісіне шақырылған және шақырылып алынған адамдардың келгендігі туралы мәліметтер және олардың сөзінің қысқаша мазмұны көрсетіледі.

Осы Ереженің 6-статьясының 7-тармағында аталған право бұзушылықты жасаған адамдарға қатысты материалдар қаралған кезде протоколға шешімнің жарияланғаны туралы және оған шағым жасау мерзімі мен тәртібінің түсіндірілгені туралы мәліметтер де жазылады.

Протоколға мәжілісте председательдік етуші мен секретарь қол қояды.

12-статья. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссияның шешімі мәжіліске қатысушы комиссия құрамының көпшілік дауысымен қабылданады да оған председательдік етуші мен секретарь қол қояды.

Шешімде комиссияның аты, материалдың қаралған датасы, қаралған мәселе мен қабылданған шешімнің қысқаша мазмұны болуға тиіс. Қоғамдық ықпал жасау шаралары қолданылған ретте шешімде, сондай-ақ материалды қарауға қатысты адам туралы мәліметтер, тәртіп бұзу фактісін растайтын дәлелдер, қабылданған шешімге шағым беру мерзімі мен тәртібі көрсетіледі. Штраф салынған кезде оны төлеу мерзімі де көрсетіледі.

13-статья. Осы Ереженің 6-статьясының 7-тармағында аталған материалдар комиссияға түскен күнінен бастап үш күн мерзім ішінде қаралады. Право бұзушыға қолданылған шаралар туралы маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссия материалды жіберген органға (лауазымды адамға) он күн мерзім ішінде хабарлауға міндетті.

14-статья. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссияның қоғамдық ықпал жасау шараларын қолдану туралы шешіміне аталған шара қолданылған адам жеті күн ішінде кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның кәсіподақ комитетіне шағым бере алады, оның шешімі түпкілікті болып табылады.

15-статья. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссияның штраф салу туралы шешімі 15 тәулік ішінде орындалады. Комиссия салған штраф мемлекеттік еңбек сақтық кассасына немесе СССР Мемлекеттік банкісінің мекемесіне төленеді.

Штраф салынғаны туралы шешімге шағым беру шешімнің орындалуын тоқтата тұрады.

Комиссияның штраф салу туралы шешімі белгіленген мерзімде орындалмаса, маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссияның председателі материалды халық судьясына жібереді, ол табыс етілген материалды тексеріп, шешімнің заңды екенін анықтағаннан кейін орындау қағазын береді.

Комиссияның шешімі заңды болмаған ретте халық судьясы дәлелді қаулымен орындау қағазын беруден бас тартады, бұл туралы маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссияға және комиссияның ше-

шімін бұзу жөніндегі мәселені қарау үшін кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның кәсіподақ комитетіне хабарлайды.

Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссияның штраф салу туралы шешімі, егер оны шығарылған күннен бастап үш ай ішінде орындауға қозғау салынбаған болса, орындауға жатпайды.

Штраф салынған адамдардан өндіріп алынған қаржы заңда белгіленген тәртіп бойынша мемлекеттік бюджетке түседі.

16-статья. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссия өз шешімдерінің орындалуын бақылауды жүзеге асырып отырады.

17-статья. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялардың мүшелері өз міндеттерін, әдетте, негізгі жұмыстан бос уақытта орындайды.

18-статья. Комиссияларға методикалық көмекті халық депутаттарының аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық Советтерінің атқару комитеттері жанындағы маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялар көрсетіп отырады.

19-статья. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссияларды материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың әкімшілігіне жүктеледі.

МАСКҮНЕМДІК ПЕН АЛКОГОЛИЗМГЕ ҚАРСЫ КҮРЕСТІ КҮШЕЙТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1972 жылғы 20 июньдегі
№ 353 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1972 ж., № 14, 62-ст.)

СССР Министрлер Советінің «Маскүнемдік пен алкоголизмге қарсы күресті күшейту жөніндегі шаралар туралы» 1972 жылғы 16 майдағы № 361 қаулысын орындауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақ ССР Министрлер Советі **қаулы етеді:**

1. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі:

а) *(Екінші абзац)* Жылдық жоспарларда күшті спирт ішімдіктерін өндіру мен тұтынуды азайтуды қамтамасыз ету және жүзім шарабы мен сыраны шығаруды едәуір арттыру жөніндегі шараларды жүзеге асыруды көздейтін болсын.

5. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі жылдық жоспарларда шарап жасау және сыра қайнату өнеркәсібі орындары үшін шыны, ағаш және басқа ыдыстар өндіруді арттыруды көздейтін болсын.

6. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен облыстық атқару комитеттері бие сүтін өндіруді және оны сүт өңдейтін өнеркәсіп

---

[1] Мыналар күшін жойды деп танылды:

3-пункт Қазақ ССР Министрлер Советінің 1978 ж. 7 июньдегі № 227 қаулысымен, 7-пункттің «а» тармағының екінші, үшінші абзацтары, «б» тармағының екінші абзацы және 9-пункт Қазақ ССР Министрлер Советінің 1985 ж. 30 майдағы № 187 қаулысымен.

1-пункттің «а» тармағының бірінші абзацы және «б» тармағы, 2, 4, 8, 14, 15 және 16-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

17-пункт СССР Министрлер Советінің 1972 ж. 16 майдағы № 361 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 10-томын қараңыз).

орындарына өткізуді едәуір арттыру жөніндегі қажетті шаралар әзірлеп, жүзеге асырсын.

Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі өндірістік кәсіпорындарда қымыз, шұбат пен майы алынған сүттен «қымыз» типті сусындар өндіруді ұлғайтатын болсын.

7. Алкогольді ішімдіктермен сауда жасауды тәртіпке келтіру және оларды халыққа сатуды азайту мақсатында:

а) мыналарға тыйым салынсын:

— барлық жерде бірдей масаң адамдар мен кәмелетке толмағандарға алкогольді ішімдік атаулыны сатуға;

б) былай деп белгіленсін:

— алкогольді ішімдіктермен сауда жасаудың ережелері (осы ережелерді бұзғандық үшін жауапкершілік шараларын көрсете отырып) бұл ішімдіктер сатылатын әрбір кәсіпорында көрнекті жерлерге ілініп қойылуға тиіс;

— алкогольді ішімдіктер сататын әрбір сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорнының (магазин, сырахана, ресторан, т. с. с.) бұл үшін арнайы рұқсат қағазы болуға тиіс. Рұқсат қағазда кәсіпорынның адресі, жұмыс уақыты, сатылатын ішімдіктердің түрлері, сатылу түрі (құйып немесе беріп жіберу) және басқа қажетті мәліметтер көрсетілуге тиіс;

— сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарына алкогольді ішімдіктерді сатуға арнайы рұқсат қағазды мыналар береді:

халық депутаттарының аудандық, қалалық Советтері атқару комитеттерінің сауда бөлімшелері (олар бар жерде);

Алматы қаласы мен облыс орталықтарында (қалалық атқару комитеттерінің сауда бөлімшелері жоқ жерлерде) — тиісінше Алматы қалалық және облыстық сауда басқармалары;

облысқа, ауданға бағынатын қалалар мен сауда бөлімдері жоқ селолық аудандарда — тиісінше халық депутаттарының қалалық және аудандық Советтерінің атқару комитеттері.

10. Қазақ ССР Сауда министрлігіне, Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігіне, Қазақ ССР Геология министрлігіне, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына, Қазақ темір жолы басқармасына, сауда жүйелері мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары бар басқа да министрліктер мен ведомстволарға, облыстық, қалалық және аудандық атқару комитеттеріне алкогольді ішімдіктер сатудың белгіленген тәртібін сақтауға үнемі бақылау орнату, мұны бұзғаны үшін сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының қызметкерлеріне қатаң жауапқа тарту міндеттелсін.

11. Қазақ ССР Сауда министрлігі алкогольді ішімдіктер сатуға рұқсат ететін бірыңғай бланк-форманы әзірлеп, оны орталықтандырылған тәртіппен жасап шығарсын және аталған рұқсаттарды сауда мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарына беруші органдарды бланк-формамен жабдықтасын.

12. Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну Қоғамдары одағы, сауда жүйелері мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары бар министрліктер мен ведомстволар алкогольді ішімдіктермен сауда жасаудың Ережелерін қажетті мөлшерде басып шығарсын және олармен қарамағындағы тиісті магазиндер мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарын қамтамасыз етсін.

13. Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі:

— созылмалы алкоголизммен ауыратын адамдарды анықтауды, есепке алуды және емдеуді жақсарту жөнінде комплексті шаралар әзірлесін;

— ауруханаларда, емханаларда және психоневрология диспансерлерінде бар наркология бөлімшелері мен кабинеттерінің жұмысын жақсартсын, оларды қажетті жабдықпен және инвентарьмен жарақтандырсын; оларға деген қажетті ескере отырып, мұндай мекемелердің жүйесін ұлғайтуға және алкоголизмді емдеудің ең жаңа әдістерін жұмыс практикасына енгізуге шаралар алсын;

— алкоголиктерді алдын ала сақтандыру мен емдеуді жүзеге асырушы барлық мекемелерді медицина қызметкерлерінің білікті кадрларымен қамтамасыз етсін.

18. Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігіне, Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне, Қазақ ССР Оқу министрлігіне, Қазақ ССР Мәдениет министрлігіне, Қазақ ССР Министрлер Советінің Телевизия және радио хабар жөніндегі мемлекеттік комитетіне, Қазақ ССР Министрлер Советінің Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетіне, Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетіне және басқа министрліктер мен ведомстволарға маскүнемдік пен алкоголизмге қарсы күресуге бағытталған насихатты күшейту тапсырылсын.

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫ ЖЕРГІЛІКТІ СОВЕТТЕРІ АТҚАРУ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МАСКҮНЕМДІККЕ ҚАРСЫ КҮРЕСУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯЛАР ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ
1972 жылғы 18 декабрьдегі УКАЗЫМЕН бекітілген

(Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1985 ж. 22 октябрьдегі Указының редакциясы бойынша — Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 45, 458-ст.)

I. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялардың міндеттері және оларды ұйымдастыру тәртібі

1-статья. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялардың негізгі міндеттері мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың маскүнемдікке қарсы күресуге бағытталған қызметін үйлестіріп отыру, сондай-ақ маскүнемдік көріністерінің алдын алу және оларды болғызбау жөніндегі шараларды жасап, жүзеге асыру болып табылады.

2-статья. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялар Қазақ ССР Министрлер Советінің жанынан және халық депутаттарының облыстық, Алматы қалалық, аудандық, қалалық және қалалардағы аудандық Советтері атқару комитеттерінің жанынан құрылады.

Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялар халық депутаттарының поселкелік, селолық және ауылдық Советтері атқару комитеттерінің жанынан да құрылуы мүмкін.

Халық депутаттарының поселкелік, селолық және ауылдық Советтері атқару комитеттерінің жанындағы маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялардың маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық комиссиялардікі сияқты праволары мен міндеттері бар, бұған әкімшілік жолмен штраф салу правосы кірмейді.

3-статья. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі облыстық, Алматы қалалық, аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық комиссияларды

халық депутаттарының тиісті Советтері құрады және комиссиялардың құрамын олар өкілеттік ететін мерзімге бекітеді.

Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссияны Қазақ ССР Министрлер Советі құрады және комиссияның құрамын Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы олар өкілеттік ететін мерзімге бекітеді.

4-статья. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялар өзінің бүкіл қызметінде халық депутаттары тиісті Советтерінің және олардың атқару-комитеттерінің, Қазақ ССР Министрлер Советінің, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының алдында жауапты және оларға есеп беріп отырады.

Комиссиялар өз жұмысы туралы қоғамдық ұйымдар мен еңбек коллективтеріне үнемі хабарлап тұрады.

5-статья. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялардың құрамында комиссияның председателі (атқару комитеті председателінің орынбасары немесе секретары, Министрлер Советі Председателінің орынбасары), председателінің орынбасары, секретары және 6—12 мүшесі болады.

Комиссия мүшелерінің санын жұмыс көлеміне қарай жанынан комиссия құрылатын халық депутаттары тиісті Советінің атқару комитеті және Қазақ ССР Министрлер Советі белгілейді.

Комиссияның құрамына Советтердің депутаттары, кәсіподақ, комсомол және басқа қоғамдық ұйымдардың, еңбек коллективтерінің өкілдері, кәсіпорындар мен құрылыс ұйымдарының басшылары, сондай-ақ денсаулық сақтау, ағарту мекемелерінің, сауда кәсіпорындарының, ішкі істер органдарының, мәдени-ағарту және басқа мекемелердің қызметкерлері кіреді.

6-статья. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялардың қызметі жұртшылықтың кеңінен қатысуы арқылы жүзеге асырылады.

Комиссиялардың жұмысына кәсіподақ комитеттерінің, комсомол комитеттерінің, ерікті халық жасақтарының, көше, үй комитеттерінің өкілдері және басқа да жұртшылық өкілдері қатыстырылады.

Спирт ішімдіктеріне салынып кеткен, еңбек тәртібін, қоғамдық орындарда әдептілік ережесін бұзуға жол беретін, семьяда балаларды тәрбиелеуге теріс ықпал жасайтын адамдардың арасында тәрбие жұмысын жүргізу жөнінде комиссиялар жұмысқа қатыстырылған активтің ішінен қоғамдық инспекторлар бөледі.

Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялар өз компетенциясына жатқызылған барлық мәселелер бойынша халық депутаттары Советтерінің тұрақты комиссияларымен, сондай-ақ халық депутаттары тиісті Советтері атқару комитеттерінің жанындағы жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссиялармен және әкімшілік комиссиялармен өзара бірлесіп жұмыс істейді.

7-статья. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялар өз компетенциясына жатқызылған мәселелер бойынша қаулылар қабылдайды, бұл қаулылар барлық мемлекеттік кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, қоғамдық ұйымдар, лауазымды адамдар мен азаматтар үшін міндетті.

Мемлекеттік кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, қоғамдық ұйымдар мен лауазымды адамдар комиссияның қаулысын орындауға байланысты қолданылған шаралар туралы маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссияға он күн мерзімнің ішінде хабарлауға міндетті.

II. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялардың міндеттері мен праволары

8-статья. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық комиссиялар:

а) мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың маскүнемдікке және алкоголизмге қарсы күрес жөніндегі қызметін үйлестіруді қамтамасыз етіп отырады;

б) маскүнемдіктің, алкоголизмнің және алкогольдің әсерінен жасалатын право тәртібін бұзушылықтың алдын алу жөніндегі, еңбек коллективтерінде және тұрғылықты жері бойынша халық арасында алкогольге қарсы насихатты күшейту жөніндегі, азаматтарды, әсіресе жастарды қоғамдық-саяси өмірге, ғылыми-техникалық творчествога белсенді түрде тарту, көркемөнерпаздыққа, өнерге, физкультура мен спортқа деген терең ынтасын арттыру жөніндегі шараларды жасайды және оларды тікелей де, тиісті мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар мен еңбек коллективтері арқылы да жүзеге асырады;

в) кәсіпорындарда, құрылыстарда, колхоздар мен мекемелерде алкогольге салынып кеткен адамдардың арасында қажетті тәрбие жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, бұл жұмысқа еңбек коллективтерін, ерікті халық жасақтарының мүшелерін, басқа да қоғамдық ұйымдардың өкілдерін кеңінен қатыстырады; алкогольге салынып кеткен адамдарды қайта тәрбиелеуде қоғамдық ұйымдар мен еңбек коллективтеріне көмек көрсетеді, алкогольге салынып кеткен адамдарға қоғамдық ықпал жасаудың және әкімшілік жазалаудың тиімділігін тексереді;

г) маскүнемдік үшін бұрын әкімшілік жазалау немесе қоғамдық ықпал жасау шаралары қолданылған; алкогольге үнемі салынып кеткен; медициналық айықтырғыштарға бірнеше рет орналастырылған адамдарды анықтау және есепке алу жөнінде ішкі істер органдары мен денсаулық сақтау органдарының жұмысын — бұл адамдардың бәрінің тұрмыстағы және өндірістегі мінез-құлқын ұдайы қоғамдық бақылауды ұйымдастыру үшін, құнықпа алкоголизммен ауырған адамдарды тиісті медициналық мекемелерде және емдеу-еңбек профилакторийлерінде емдеуге қажетті шаралар қолдану үшін, сондай-ақ маскүнемдік пен алкоголизм көріністерін болғызбау жөніндегі басқа да алдын алу шараларын қолдану үшін бақылайды;

д) құнықпа алкоголиктерге арналған медициналық айықтырғыштар мен емдеу-еңбек профилакторийлерінің қызметін тексереді, сондай-ақ профилакторийлердің әкімшілігіне профилакторийлерде ұсталатын адамдарды қайта тәрбиелеу және түзеу жөніндегі жұмыста көмек көрсетеді;

е) қоғамдық ұйымдар мен еңбек коллективтерінің емдеу-еңбек профилакторийлерінен босатылатын адамдардың мінез-құлқы бақылауын ұйымдастырады және қажет болған реттерде олардың еңбекке орналасуына көмектеседі;

ж) сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары қызметкерлерінің арақ және басқа спирт ішімдіктерін сатудың белгіленген ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

з) «Білім» қоғамының аудандық (қалалық) ұйымдарымен және санитариялық ағарту мекемелерімен тығыз байланыса отырып, баспасөзді, радионы, телевизияны және лекциялық насихатты белсенді түрде пайдаланып, маскүнемдік арқылы адамдардың денсаулығына, балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеуге, совет қоғамына келтірілетін зиянды түсіндіру жөнінде алкогольге қарсы насихат жүргізеді;

н) мемлекеттік органдармен және қоғамдық ұйымдармен бірлесіп самогон қайнатумен және спирт ішімдіктерін заңсыз сатумен шұғылданатын адамдарды, сондай-ақ жасы толмағандарды маскүнемдікке тартатын адамдарды анықтауға, оларды белгіленген тәртіппен жауапқа тартуға шаралар қолданады;

к) жылына кем дегенде екі рет маскүнемдікке қарсы күрестің жайын, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар бойынша маскүнемдіктен келтірілген экономикалық зиянды; мас күйде жасалған қылмыстарды, право тәртібін бұзушылықты; халықтың жан басына шаққанда спирт ішімдіктерін пайдалану дәрежесін талдап зерттейді.

9-статья. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық комиссиялардың мынадай праволары бар:

а) кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссияларына методикалық көмек көрсетеді, олардың жұмыс формалары мен әдістерін қорытып отырады және оңды тәжірибесін насихаттайды;

б) маскүнемдікке, арақ және басқа спирт ішімдіктерін сату ережелерін бұзуға байланысты әкімшілік право тәртібін бұзушылық туралы материалдарды қарайды;

в) кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдар мен колхоздарда маскүнемдікке және алкоголизмге қарсы күрес жөніндегі, алкогольге қарсы насихат және жұмысшылардың, қызметшілер мен колхозшылардың мәдени демалысын ұйымдастыру жөніндегі жұмыстың жайын тексереді;

г) комиссиялардың мәжілістерінде кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар басшыларының және колхоз председательдерінің маскүнемдікке және алкоголизмге қарсы күресу шаралары туралы, маскүнемдік пен еңбек тәртібін бұзу жағдайларының алдын алу жөніндегі шаралар туралы, тәрбие жұмысы және жұмысшылардың, қызметшілердің, колхозшылардың мәдени демалысын ұйымдастыру туралы хабарларын тыңдайды;

д) сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының спирт ішімдіктерін сатудың белгіленген ережелерін сақтау мәселелері жөніндегі қызметін тексереді және сауда ережелерінің бұзылғаны байқалған реттерде кінәлі адамдарды заңда белгіленген тәртіппен жауапқа тарту туралы мәселе қояды;

е) сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары басшыларының спирт ішімдіктерін сатудың белгіленген ережелерін орындауы туралы хабарларын тыңдайды;

ж) қоғамдық ұйымдар мен еңбек коллективтерін маскүнемдікке салынған адамдарды қайта тәрбиелеуге қатыстырады және бұл адамдардың арасында тәрбие жұмысын жүргізу жөніндегі қоғамдық инспекторларды тағайындайды;

з) маскүнемдікке және алкоголизмге қарсы күрес жүргізбейтін, маскүнемдіктің алдын алу және болғызбау жөнінде, жұмысшылар мен қызметшілерді тәрбиелеу және олардың демалысын ұйымдастыру жөнінде қажетті шаралар қолданбайтын кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың басшыларына таланты күшейту туралы тиісті органдар мен ведомстволарға ұсыныспен барады. Аталған органдар мен ведомстволар ұсынысты қараудың нәтижелері туралы комиссияға бір ай мерзімде хабарлауға міндетті;

и) халық депутаттарының аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық Советтері атқару комитеттерінің қарауына мынадай мәселелерді енгізеді:

маскүнемдікке және алкоголизмге қарсы күресті күшейту жөніндегі шаралар туралы;

белгілі бір орындарда арақ және басқа алкоголь ішімдіктерін сатуға шек қою және тыйым салу туралы;

кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдар мен колхоздарда тәрбие жұмысының жайын жақсарту туралы;

к) сотқа мынадай өтініштермен барады:

өз еркімен емделуден жалтарған немесе емделгеннен кейін маскүнемдікті қоймаған құнықпа алкоголиктерді еріксіз емдеу және еңбекпен қайта тәрбиелеу үшін емдеу-еңбек профилакторийлеріне жіберу туралы;

спирт ішімдіктеріне салынып кету салдарынан өз семьясын ауыр материалдық жағдайға душар еткен адамдарды әрекет қабілеттілігі шектелген деп тану туралы;

спирт ішімдіктеріне салынып кеткен және балаларын тәрбиелеу жөніндегі міндетінен жалтарған ата-аналарды ата-аналық праводан айыру туралы;

л) істі қарайды және:

өндірісте спирт ішімдіктерін ішкені немесе жұмысқа мас күйде келгені үшін —20 сомнан 50 сомға дейінгі мөлшерде;

шеберлердің, учаске, смена, цех бастықтарының және басқа басшылардың өздеріне бағынышты қызметкерлермен бірге өндірісте спирт ішімдіктерін ішуге қатысқаны немесе мас күйде жүрген адамдарды жұмысқа қатыстырмау шараларын қолданбағаны, не өздеріне бағынышты қызметкерлердің спирт ішімдіктерін ішу немесе жұмысқа мас күйде келу жағдайларын жасырғаны үшін — 50 сомнан 100 сомға дейінгі мөлшерде;

сауда кәсіпорындары мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары қызметкерлерінің арақ және басқа спирт ішімдіктерін сату ережелерін бұзғаны үшін — 50 сомнан 100 сомға дейінгі мөлшерде штраф түрінде әкімшілік жаза қолданады.

10-статья. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі облыстық және Алматы қалалық комиссиялары:

мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың маскүнемдік пен алкоголизмге қарсы күресті күшейту жөніндегі қызметін үйлестіруді камтамасыз етеді;

маскүнемдік пен алкоголизмнің және алкогольдің әсерінен жасалатын право тәртібін бұзушылықтың алдын алу жөніндегі шараларды, сондай-ақ бұл көріністерді тугызатын себептерді жою жөніндегі шараларды жасайды және тиісті мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар мен еңбек коллективтері арқылы оларды жүзеге асырады;

маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі төмен тұрған комиссиялардың қызметін бақылайды, бағыт беріп және үйлестіріп отырады, оларға методикалық көмек көрсетеді, олардың оңды жұмыс тәжірибесін қорытады әрі таратады.

Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі облыстық және Алматы қалалық комиссиялары аталған міндеттерді орындау кезінде осы Ереженің 9-статьясында көзделген праволарды пайдаланады.

11-статья. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссия:

мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың маскүнемдік пен алкоголизмге қарсы күресу жөніндегі қызметін үйлестіріп отырады;

маскүнемдіктің, алкоголизмнің және алкогольдің әсерінен жасалатын право тәртібін бұзушылықтың алдын алу жөніндегі және бұл көріністерді туғызатын себептерді жою жөніндегі жұмысты біріктірін әрі бағыттап отырады;

халық депутаттарының облыстық және Алматы қалалық Советтері атқару комитеттерінің жанындағы маскүнемдікке қарсы күресу жөнін-

деґі комиссиялардың қызметін бақылап әрі үйлестіріп отырады, оларға методикалық көмек көрсетеді, олардың оңды жұмыс тәжірибесін қорытады әрі таратады.

III. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялардың жұмысын ұйымдастыру

12-статья. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссияның председателі комиссия мәжілістерін ұдайы шақырып отыруды қамтамасыз етеді, кезекті мәжілісте қаралатын мәселелер шеңберін белгілейді, мәжілістерде қарау үшін комиссияның жұмыс жоспарын және оның қызметі туралы есепті әзірлейді. Мәжіліс аралығындағы кезеңде комиссия мүшелеріне тапсырмалар береді және олардың орындалуын тексереді.

Комиссияның мәжілісінде протокол жасалады, онда қаралған мәселелердің сипаты көрсетіледі. Протоколға председательдік етуші мен секретарь қол қояды.

13-статья. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссияның мәжілістері қажеттігіне қарай, бірақ кем дегенде айына бір рет шақырылады және ол комиссия құрамының кем дегенде жартысы қатысқан жағдайда заңды болып табылады.

Комиссияның қаулысы мәжіліске қатысушы комиссия мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады және оған председатель мен секретарь қол қояды.

14-статья. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссияның мәжілісіне қаралатын мәселелердің сипатына қарай түсініктеме беру үшін ішкі істер органдарының, денсаулық сақтау, ағарту, мәдениет мекемелерінің, транспорт, сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының және өзге де мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдар мен еңбек коллективтерінің өкілдері, лауазымды адамдар мен азаматтар шақырылады.

15-статья. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялардың құрамында мынадай секциялар құрылуы мүмкін:

тәрбие жұмысы және алкогольге қарсы насихат секциясы;

алкогольге салынып кеткен және құнықпа алкоголизмнен зардап шеккен адамдарды есепке алу және қоғамдық бақылау секциясы;

емдеу-профилактика секциясы;

сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының алкоголь ішімдіктерін сатудың белгіленген ережелерін сақтауын бақылауды ұйымдастыру секциясы.

Комиссиялар басқа да секциялар құруы мүмкін.

16-статья. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссияның мүшелері өз міндеттерін, әдетте, негізгі жұмысынан бос кезінде орындайды. Өзінің негізгі қызметі уақытында тапсырмаларды орындаған кезде комиссия мүшелерінің жұмыс орнындағы орташа еңбек табысы сақталады және олардың келтірілген шығынды өтетіп алуға правосы бар.

17-статья. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссияның қаулысына осы комиссия құрамына кіретін халық депутаттары Советінің атқару комитетіне шағым берілуі мүмкін. Тиісті атқару комитетінің шағым жөніндегі шешімі тұжырымды болып табылады.

Комиссияның штраф салу туралы қаулысы тапсырылған күннен бастап 10 күн ішінде штраф салынған адам өзінің тұрғылықты жері бойынша сотқа шағым беруге праволы. Шағым беру штраф өндіріп алуды тоқтата тұрады.

18-статья. Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссияларды материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету ісі тиісінше халық депутаттары Советтерінің атқару комитеттеріне, Қазақ ССР Министрлер Советіне жүктеледі.

ҚҰНЫҚПА АЛКОГОЛИКТЕР МЕН НАРКОМАНДАРДЫ ЕРІКСІЗ ЕМДЕУ ЖӘНЕ ЕҢБЕКПЕН ҚАЙТА ТӘРБИЕЛЕУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ 1964 жылғы 19 октябрьдегі УКАЗЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Үкіметінің Ведомостары, 1964 ж., № 44)

Қоғамдық ұйымдардың, еңбек коллективтері мен денсаулық сақтау органдарының алкоголизммен және наркоманиямен күресуді күшейту туралы көптеген тілектері мен ұсыныстарын ескере келіп, Қазақ ССР Жоғаргы Советінің Президиумы қ а у л ы е т е д і:

1. Құныкпа алкоголиктер мен наркомандарды еріксіз емдейтін және еңбекпен қайта тәрбиелейтін емдеу-еңбек профилакторийлары құрылсын [1].

2. Өз еркімен емделуден жалтарған немесе емделгеннен кейін маскүнемдігін қоймаған немесе наркотиктерге салынып кеткен құныкпа алкоголиктер мен наркомандар, сондай-ақ тұрақты тұратын орны жоқ және қаңғыбастыкпен немесе тіленшілікпен шұғылданатын не өзге де арамтамақтыкпен өмір сүретін құныкпа алкоголиктер, егер олардың іс-әрекеттері Қазақ ССР-інің Қылмыстық кодексінің 201—1-статьясының белгілеріне жатқызылмаса, еріксіз емдеу және еңбекпен қайта тәрбиелеу үшін халық сотының қаулысы бойынша бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге емдеу-еңбек профилакторийлеріне жіберілуге тиіс [2].

Дәрігерлік комиссия сот тағайындаған еріксіз емдеу мерзімін жеткіліксіз деп тапқан ретте, сот профилакторий әкімшілігінің ұсынуы бойынша бұл мерзімді ұзарта алады, мұның өзінде профилакторийде болудың жалпы мерзімі екі жылдан аспауға тиіс [3].

3. Аталған адамдар жөніндегі материалдарды милиция медициналық қорытынды бар болған жағдайда қоғамдық ұйымдардың, еңбек коллективтерінің, мемлекеттік органдардың, сондай-ақ семья мүшелерінің немесе жақын туыстарының өтініші бойынша ресімдеп, сотқа тапсырып отырады.

4. Аталған адамдарды профилакторийге жіберу туралы мәселені аудандық (қалалық) халық соты медициналық қорытынды бар болған жағдайда қоғамдық ұйымдардың, еңбек коллективтерінің, мемлекеттік органдардың, сондай-ақ семья мүшелерінің немесе жақын туыстарының өтініші бойынша ашық сот мәжілісінде қарайды [2].

Емдеу-еңбек профилакторийына жіберу немесе жібермеу туралы сот қаулысы жөнінде шағым беруге болмайды, бірақ прокурорлық қадағалау тәртібімен наразылық келтірілуі мүмкін.

---

[1] 10-статья 1983 ж. 28 октябрьдегі Указымен күшін жойды деп танылды.

Тақырыбына, 1-статьяға 1982 ж. 11 ноябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғаргы Советінің Ведомостары, 1982 ж., № 47, 478-ст.).

[2] 2-статьяның бірінші бөлігіне, 3-статьяға және 4-статьяның бірінші бөлігіне 1985 ж. 22 октябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 47, 457-ст.).

[3] 2-статья 1967 ж. 24 февральдағы Указымен екінші бөлікпен толықтырылды (Қазақ ССР Жоғаргы Советі мен Үкіметінің Ведомостары, 1967 ж., № 10).

Сот қаулысын ішкі істер органдары орындайды. Қажет болған реттерде профилакторийға конвоймен жіберілуі мүмкін.

5. Еріксіз емдеу және еңбекпен қайта тәрбиелеу туралы іс қозғалған адамдар медициналық тексеруден немесе сотқа келуден жалтарған ретте милиция арқылы әкелінеді.

6. Емдеу-еңбек нәтижесі ойдағыдай болған жағдайда профилакторийға орналастырылған адамдардың онда болу мерзімі бір жыл емделгеннен кейін әкімшілік ұсынуы бойынша профилакторий тұрған жердегі сот арқылы қысқартылуы мүмкін. Емдеу-еңбек профилакторийына екінші рет жіберілген адамдардың онда болу мерзімі қысқартылмайды.

Профилакторийда тұрған адамдар бұл мекемелерде одан әрі тұра беруіне қырсығы тиетін қатты ауырған ретте де соттың қаулысы бойынша мерзімінен бұрын шығарылуы мүмкін.

Алкогольді немесе наркотиктерді шамадан тыс пайдалануға байланысты одан әрі еріксіз емдеуді керек ететін қатты ауырған адамды емдеу-еңбек профилакторийінен мерзімінен бұрын босату қажет болған жағдайда профилакторий әкімшілігінің ұсынуы бойынша сот оны емделе беруі үшін профилакторийде өтелмеген мерзімге Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігінің емдеу мекемелеріне жібере алады [1].

7. Емдеу-еңбек профилакторийында болған уақыты жалпы еңбек стажына қосылады, бұл уақыт ішінде демалыс берілмейді.

Профилакторийда ұстау шығынын ішінара өтеуге, тамаққа, киімге, аяқ киімге, арнаулы дәрі-дәрмекке жұмсалған шығындарды және басқа шығындарды өтеуге емдеу-еңбек профилакторийында болған адамдардың жалақысы мен пенсиясынан жалпы негізде ақша ұстап қалынады. Бұдан қалған сома семьясына жіберіледі, ал семьясы болмаған күнде дербес счетқа аударылады.

Емдеу-еңбек профилакторийларынан қайтып оралған адамдар, әдетте, олардың бұрын жұмыс істеген орнына еңбекке орналастырылады және бұл халық депутаттарының аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советтерінің атқару комитеттеріне жүктеледі.

Емдеу-еңбек профилакторийлерінен босатылған және тұрғылықты тұратын орны жоқ адамдарды еңбекке және тұрмыстық орналастыруды халық депутаттарының аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советтерінің атқару комитеттері емдеу-еңбек профилакторийі орналасқан жер бойынша не адамның өзі қалап тұратын орны бойынша заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады [2].

Емдеу-еңбек профилакторийында болған адамдардың бұрынғы тұрғылықты жеріндегі тұрғын үйіне ие болу правосы сақталады.

8. Емдеу-еңбек профилакторийынан немесе профилакторийға апара жатқан жолда қашқан адам Қазақ ССР Қылмысты істер кодексінің 198-статьясы бойынша жазаланады.

9. Профилакторийлерде еріксіз емдеу және еңбекпен қайта тәрбиелеу психикалық және ауыр соматикалық ауруларға шалдыққан адамдарға, жасы толмағандарға, бірінші және екінші топтағы мүгедектерге, 60 жастан асқан еркектер мен 55 жастан асқан әйелдерге, сондай-ақ екіқабат әйелдер мен емшекте баласы бар аналарға қолданылмайды.

---

[1] 6-статьяға 1967 ж. 24 февральдағы және 1982 ж. 11 ноябрьдегі Указдарымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Үкіметінің Ведомостары, 1967 ж., № 10; Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1982 ж., № 47, 478-ст.).

[2] 7-статьяның үшінші бөлігіне 1982 ж. 11 ноябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1982 ж., № 47, 478-ст.). Осы Указбен 7-статья төртінші бөлікпен толықтырылған.

Осы статьяда аталған, спиртті ішімдіктер мен наркотиктерді шамадан тыс пайдаланатын және емдеуден жалтаратын адамдарға аудандық (қалалық) халық сотының қаулысы бойынша Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігінің емдеу мекемелерінде мерзімі 3 айдан бір жылға дейін еріксіз емдеу қолданылады [1].

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ҚОҒАМҒА ПАЙДАЛЫ ЕҢБЕКТЕН ЖАЛТАРЫП, ҚОҒАМҒА ЖАТ АРАМТАМАҚТЫҚ ЖОЛМЕН ӨМІР СҮРУШІ АДАМДАРҒА ҚАРСЫ КҮРЕСТІ КҮШЕЙТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1970 ЖЫЛҒЫ 23 ФЕВРАЛЬДАҒЫ № 136 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [2]

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1970 жылғы 17 марттағы № 184 ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Қоғамға пайдалы еңбектен жалтарып, қоғамға жат арамтамақтық жолмен өмір сүруші адамдарға қарсы күресті күшейту жөніндегі шаралар туралы» 1970 жылғы 23 февральдағы № 136 қаулысы бұлжытпай басшылыққа алынып, орындалатын болсын.

Қазақстан КП облыстық, қалалық, аудандық комитеттеріне, еңбекшілер депутаттары облыстық, қалалық, аудандық Советтерінің атқару комитеттеріне қоғамға пайдалы еңбектен жалтару фактілеріне қарсы батыл күрес жүргізу, бұл жұмысты қоғамдық тәртіпті нығайтудың және еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің маңызды құралы ретінде қарау міндеттелсін.

Жастарды еңбекті құрметтеу, арамтамақтық пен бос сенделуге, коммунистік мораль нормаларынан қандай да болсын ауытқушылыққа ымырасыздық рухында тәрбиелеуді ерекше маңызды міндет деп санау қажет.

2. Еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттеріне мыналар жүктелсін:

қоғамға пайдалы еңбектен жалтаруды адамдарды үнемі және шұғыл анықтап отыруды, оларды еңбекке міндетті түрде орналастыруды қамтамасыз ету;

бұл адамдарды еңбекке және тұрмыстық жағынан орналастырудың белгіленген тәртібінің сақталуына, олардың кәсіптік оқуын ұйымдастыруға қатаң бақылауды жүзеге асыру;

арамтамақтық көріністеріне қарсы күреске жұртшылықты кеңінен қатыстыру жөнінде, сондай-ақ бұл іске мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың күш-жігерін үйлестіріп отыру жөнінде қажетті ша-

---

[1] 9-статьяға 1967 ж. 24 февральдағы Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Үкіметінің Ведомостары, 1967 ж., № 10).

[2] 6, 9 және 10-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

8-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1970 ж. 23 февральдағы № 136 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 10-томын қараңыз).

ралар алу. Бұл жұмысты жүргізуде үй басқармаларының, учаскелік милиция уәкілдерінің, үй және көше комитеттерінің, жолдастық соттардың, тұрғылықты жердегі еңбекшілер жиналыстарының және селолық жиындардың ролін көтеру.

Еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері бұл жұмысты ұйымдастыру үшін жауапкершілікті аудандық атқару комитеті (қалалық атқару комитеті) председателінің орынбасарларының біріне немесе еңбекшілер депутаттарының тиісті Советі атқару комитетінің мүшесіне жүктейтін болсын. Қоғамға пайдалы еңбектен жалтарушы адамдарды анықтауға, есебін алуға және еңбекке орналастыруға байланысты ағымдағы жұмысты жүзеге асыру үшін қажет болған кезде еңбекшілер депутаттары аудандық, қалалық Советтері атқару комитеттерінің жанындағы әкімшілік комиссияларының құрамына еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтеріне бөлінетін штат саны мен жалақы қоры есебінен арнаулы қызметкер енгізетін болсын.

3. Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советіне, Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетіне қоғамға пайдалы еңбектен жалтарушы адамдарды қайта тәрбиелеу жөніндегі жұмысқа кәсіподақ және комсомол ұйымдарының белсене қатысуын қамтамасыз ету, мұндай адамдарды өндірістік коллективтерде орнықтыруға көмектесу, оларды қоғамдық жұмысқа қатыстыруға шаралар қолдану міндеттелсін.

4. Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі, Қазақ ССР Прокуратурасы, Қазақ ССР Жоғарғы Соты және олардың жергілікті жердегі органдары қоғамға пайдалы еңбектен жалтарып, қоғамға арамтамақтық жолмен өмір сүруші адамдарды заңда белгіленген тәртіппен дер кезінде жауапқа тартуды қамтамасыз етсін.

Ішкі істер органдарында, әсіресе қалаларда, қоғамға пайдалы еңбектен жалтарып, қоғамға жат арамтамақтық жолмен өмір сүруші адамдарды анықтайтын және оларды заңмен белгіленген жауаптылыққа тарту үшін тиісті материалдар жасаумен тұрақты айналысатын арнаулы қызметкерлер бөлу дұрыс деп саналсын.

5. Қазақ ССР Министрлер Советінің еңбек ресурстарын пайдалану жөніндегі мемлекеттік комитеті, Ішкі істер министрлігімен және Заң комиссиясымен бірлесе отырып, қоғамға пайдалы еңбектен жалтаратын адамдарды еңбекке орналастыру тәртібін белгілеп, Қазақ ССР Министрлер Советіне бекітуге ұсынсын, онда бұл адамдарды еңбекке әдетте, өздерінің тұрақты тұратын жерлерінде және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан кәсіпорындардың, құрылыстардың, мекемелер мен ұйымдардың басшыларына міндетті болып табылатын еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің жұмысшы күшіне қажеттілікті еске ала отырып берген жолдамасына сәйкес орналастыру көзделсін.

7. Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Министрлер Советінің Радио хабар және телевизия жөніндегі мемлекеттік комитеті, республикалық газеттер мен журналдардың редакциялары халықты еңбекке тәрбиелеу мәселелерін және арамтамақтықтың әр түрлі көріністерімен күрес шараларын үнемі жазып, жариялап отырсын; социалистік қоғамдағы еңбектің маңызы мен сипатын неғұрлым терең ашып, қоғамдық және жеке мүдделерді дұрыс ұштастыру туралы; жұртшылықтың және коллективтердің адамдарды тәрбиелеудегі ролі туралы айқын да түсінікті баяндап отырсын, арамтамақтықты және қоғамға жат басқа да құбылыстарды өткір әшкерелейтін болсын.

§ 2. ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ

ҚАЗАҚ ССР ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1973 жылғы 16 марттағы
№ 135 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а ұ л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі туралы ұсынылып отырған Ереже бекітілсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің 1973 жылғы 16 марттағы № 135 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

ҚАЗАҚ ССР ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ Е Р Е Ж Е

1. Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі Қазақ ССР-інің Конституциясына сәйкес одақтық-республикалық министрлік болып табылады және өз қызметінде Қазақ ССР Министрлер Советіне және СССР Ішкі істер министрлігіне бағынады.

Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі қоғамдық тәртіпті, социалистік меншікті, азаматтардың, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің праволары мен заңды мүдделерін қылмысты қол сұғулардан және басқа қоғамға жат әрекеттерден қорғауды және Қазақ ССР территориясында өрттен қорғауды қамтамасыз етуге тиіс.

Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі қоғамдық тәртіптің, қылмыспен күрестің және министрлікке жүктелген басқа да міндеттердің орындалу жайы үшін жауап береді.

2. Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің басты міндеттері мыналар болып табылады:

— белгіленген қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, қылмыстың дер

[1] 2-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

кезінде алдын алып, болдырмау, оларды жедел және толық ашып, тергеу, қылмысты және басқа қоғамға жат әрекеттерді туғызатын себептерді жоюға барынша жәрдемдесу;

— сотталғандарды еңбекке адал көзқарас, заңдарды мүлтіксіз орындау және социалистік тұрмыс-салт ережелерін құрметтеу рухында түзеп, тәрбиелеу;

— елді пункттерде және халық шаруашылығы объектілерінде өрт хауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

— қалалар мен басқа да елді мекендердегі жол қозғалысы және автомобиль жолдарындағы қозғалыс хауіпсіздігін қамтамасыз ету;

— министрлік жүйесіндегі бөлімшелердің, мекемелердің, ұйымдар мен кәсіпорындардың және барлық дәрежедегі қызметкерлердің қызметінде социалистік заңдылықты қатаң сақтауды қамтамасыз ету;

— кадрларды іріктеу, жоғарылату және орналастыру жөніндегі лениндік принциптерді іс жүзіне асыру, республика ішкі істер органдарының адам құрамының жоғары қызмет, жауынгерлік және саяси даярлық дәрежесі мен тәртібін қамтамасыз ету;

— қоғамдық тәртіпті қорғау, қылмысты істермен күрес, өрт хауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарда және министрлік қызметінің басқа да салаларында ғылым мен техника жетістіктерін және ұнамды тәжірибелерді кеңінен пайдалану;

— министрлік жүйесінің бөлімшелері, мекемелері, ұйымдары мен кәсіпорындары адам құрамының тұрғын және мәдени-тұрмыстық жағдайын жақсарту.

3. Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі өзіне тапсырылған мемлекеттік басқару саласына әдетте, халық депутаттары Советтерінің атқару комитеттерінің ішкі істер басқармалары арқылы басшылық етеді және оған тікелей бағынышты кәсіпорындар мен ұйымдарды басқарады.

4. Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі, халық депутаттары Советтерінің атқару комитеттерінің ішкі істер басқармалары мен бөлімдері, сондай-ақ милиция, өрттен қорғау бөлімшелері, еңбекпен түзеу мекемелері және басқа ведомстволық бөлімшелер, мекемелер, ұйымдар мен кәсіпорындар Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі жүйесін құрайды.

5. Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі өз қызметінде СССР және Қазақ ССР заңдарын, СССР Жоғарғы Советі Президиумы мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указдарын, СССР Үкіметі мен Қазақ ССР Үкіметінің қаулылары мен жарлықтарын, СССР Ішкі істер министірлігінің бұйрықтарын, нұсқаулары мен тәртіптерін басшылыққа алады, осы Ереже және басқа нормативтік актылар арқылы іс жүзіндегі заңның бөлімшелерде, мекемелерде, ұйымдарда және министрлік жүйесінің кәсіпорындарында дұрыс қолданылуын қамтамасыз етеді.

Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі министрлік қызметіне байланысты мәселелер бойынша заңның қолданылу практикасын қорытып, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар жасайды және оны белгіленген тәртіп бойынша Қазақ ССР Министрлер Советінің және СССР Ішкі істер министрлігінің қарауына енгізеді.

6. Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мыналарды жүзеге асырады:

а) министрлік жүйесіндегі бөлімшелер, мекемелер мен ұйымдар қызметінің негізгі бағытын және олардың алдында тұрған міндеттерді шешудің неғұрлым тиімді құралдары мен әдістерін айқындап береді. Министрлік қарауындағы бөлімшелер, мекемелер, ұйымдар мен кәсіпорындарды басқару мен еңбекті ғылыми ұйымдастыру саласындағы жетістіктер негізінде басқару жүйесін жетілдіреді;

б) қылмыс және басқа қоғамға жат әрекеттердің дер кезінде алдын

алу және болдырмауды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асырады, қоғамдық тәртіпті бұзудың және басқа право бұзушылықтың алдын алу жөнінде профилактикалық жұмыстар ұйымдастырады; министрлікке, ведомствоға, мекемелер мен ұйымдарға қылмыс пен басқа да право бұзушылықты және оны жүзеге асыруға жәрдемдесетін жағдайларды туғызатын себептерді жою жөнінде ұсыныстар енгізеді; қоғамдық тәртіпті қорғау және право бұзушылықпен күрес мәселелері жөнінде халық арасында насихат жүргізеді;

в) оперативтік-іздестіру жұмыстарын ұйымдастырып, жүзеге асырады, заң бойынша тергеу ішкі істер органдарына жүктелген қылмыстар туралы іс жөнінде жете білу және алдын ала тергеу жұмыстарын қамтамасыз етеді, қылмыс және басқа право бұзушылық есебін жүргізеді;

г) тергеуден және соттан жасырынып жүрген қылмыстыларды, үкімді орындаудан жалтарған сотталғандарды, із-түзсіз жоғалған адамдарды, заңға тартылған басқа да адамдарды іздестіру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады, сондай-ақ СССР Қызыл Крест және Қызыл жарты ай қоғамдары Одағына туысқандарынан ажырап қалған адамдарды іздестіруге көмектеседі;

д) басқа да мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен бірлесіп балалардың бақылаусыз қалуын болдырмау және кәмелетке толмаған балалардың право бұзушылығымен күрес жөнінде жұмыстар жүргізеді;

е) сот үкімін, прокурорлардың қаулысын және тергеушілер мен қамауға алу жөнінде қорытынды жасаған адамдардың прокурор санкция берген қаулысын, сондай-ақ заң бойынша орындалуы ішкі істер органдарына жүктелген басқа мәжбүр ету шараларын қолдану туралы қаулылар мен шешімдерді орындауды қамтамасыз етеді;

ж) заң бойынша орындату ішкі істер органдарына жүктелген, соттардың бас бостандығы еркінен айыруға, жер аударуға және басқа жаза түріне сотталған адамдар жөніндегі үкімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді; белгіленген тәртіп бойынша сотталғандарды түзеу және тәрбиелеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады, заң белгілеген жазаны өтеу режимінің қатаң сақталуын, сотталғандардың пайдалы еңбекке қатысуын, олармен саяси-тәрбие жұмысының жүргізілуін қамтамасыз етеді, мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып, сотталғандардың жалпы білім және кәсіптік-техникалық оқуын ұйымдастырып, жүзеге асырады, сотталғандарды түзеу және тәрбиелеу тәсілдерін таңдаған кезде жасалған қылмыстың сипатын және қоғамдық хауіптілік дәрежесін, сотталған адамның жеке басының қасиеттерін, сондай-ақ оның тәртібі мен еңбекке көзқарасын ескере отырып, жекелей ықпал жүргізуді қамтамасыз етеді, бұл тұрғыда педагогика, психология және басқа ғылым жетістіктерін кеңінен пайдаланады;

з) бас бостандығы еркінен айырылған жерден босанып шыққан адамдардың еңбекке және тұрмыста орналасын кетуіне жәрдемдеседі; бас еркінен айырылған жерден босанып шыққан адамдарға, сондай-ақ заң белгілеген жағдайда шартты түрде сотталған және жазаны өтеуден шартты түрде босатылған адамдарға заңға сәйкес әкімшілік бақылау жасауды қамтамасыз етеді;

и) республика территориясында паспорт жүйесі талаптарын орындауды қамтамасыз етеді, шекара әскерлерімен бірлесе отырып, азаматтардың шекара режимі ережесін сақтауын бақылайды, заң көздеген жағдайда шет елге шығуға және СССР-ге келуге рұқсат береді; шет ел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың олар үшін белгіленген Қазақ ССР территориясында тұру және жүру ережесін сақтауын қадағалауды жүзеге асырады;

к) атылатын және суық қару, оқ дәрі, жарылғыш материалдар,

күшті әсер ететін улы заттар алуға, сақтауға және алып жүруге, радиоактивті заттар сақтауға, тирлер мен атыс орнын, қару жөндейтін және пиротехникалық кәсіпорындар, аңшылық және спорт қаруымен сауда жасайтын магазиндер ашылып, жұмыс істеуіне заңға сәйкес бақылау жасайды; полиграфия және штамп-гравер кәсіпорындарының ашылып, жұмыс істеуіне, сондай-ақ көбейткіш аппараттар иемденіп, сақтауға және мөр мен штамп жасауға белгіленген тәртіп бойынша бақылау жасайды;

л) республикада мемлекеттік өрт қадағалауын жүзеге асырады, белгіленген тәртіп бойынша елді пункттер мен халық шаруашылығы объектілерінде өрттен қорғауды қамтамасыз етеді, басқа министрліктер мен ведомстволардың өрт бөлімшелерінің жұмысын бақылап, бағыттайды, республика өрт ұйымдарының бірлескен жұмысының тәртібін белгілейді;

м) кездейсоқ апат болған жағдайда және басқа төтенше жағдайларда адамдар мен мүліктерді құтқаруға қатысады, бұл кезде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етеді, заттарға күзет ұйымдастырады, халыққа, сондай-ақ транспорт және басқа тиісті кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелерге және азаматтарға құтқару және кейінге қалдыруға болмайтын қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін құралдар беруге жәрдемдеседі;

н) право бұзушылықтан және кездейсоқ апаттан жапа шеккендерге, сондай-ақ қоғамдық орындарда қиын жағдайда қалған адамдарға жедел көмек ұйымдастырады;

о) жұқпалы ауруларымен және малдың жұқпалы ауруларымен күрес жөніндегі шараларды жүзеге асыруда, сондай-ақ табиғи байлықтарды қорғау мен сақтау, браконьерлікпен және аңшылық пен балық аулау ережелерін бұзумен күрес жөніндегі шараларды жүзеге асыруда тиісті органдарға жәрдем көрсетеді;

п) қалалар мен басқа да елді мекендерде жол қозғалысын және автомобиль жолдарындағы қозғалысты реттеуді ұйымдастырады, министрліктердің, ведомстволар мен транспорт ұйымдарының автомототранспорт және қалалық электр транспорт апаттарын болдырмау жөнінде шаралар жасауын бақылайды;

р) кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер мен азаматтар иелігіндегі автомототранспорт құралдарын тіркеп, есебін алады, сондай-ақ ол транспорт құралдарының техникалық жағдайына бақылау жасайды;

с) көшелердің, автомобиль жолдарының, жол құрылыстарының жол хауіпсіздігін қамтамасыз ететін жағдайда болуына бақылау жасайды, олардың пайдаланылу жағдайын жақсартуға шаралар қолданады, көшелер мен автомобиль жолдарының жекелеген учаскелерінде оларды пайдалану жол хауіпсіздігіне нұқсан келтіретін болса транспорт қозғалысы мен жаяу адамдардың жүруіне белгіленген тәртіп бойынша шек қояды немесе тыйым салады;

т) белгіленген тәртіп бойынша кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелер мен басқа да объектілерге күзет ұйымдастырып, жүзеге асырады; ведомстволық күзетке нұсқау береді, күзеттің сенімділігін арттыру және күзетке жұмсалатын шығынды қысқарту жөнінде шаралар қолданады;

у) СССР Қорғаныс министрлігі органдарына міндетті әскери қызметке шақыруды ұйымдастыруға және СССР азаматтарының әскери есепке тұру тәртібін сақтауын бақылауға жәрдемдеседі;

ф) аса хауіпті мемлекеттік қылмыскерлермен күреске және мемлекет хауіпсіздігін қорғау жөніндегі басқа да шараларды жүргізуге жәрдемдеседі;

х) ішкі істер органдары қызметкер құрамының қызметтік, жауынгерлік және саяси даярлығын арттыру мен тәртібін нығайту жөніндегі шараларды жүзеге асырады, ішкі істер органдарының қызметін жүйелі тәртіпке келтіретін қызмет ету, устав және нұсқау туралы ережелер талабын қызметкер құрамының орындауын қамтамасыз етеді;

ц) республика ішкі істер органдарының қызметкер құрамына белгіленген тәртіп бойынша арнаулы атақтар береді; СССР Ішкі істер министрлігіне жоғары басшы қызметкер құрамына арнаулы атақтар беру туралы ұсыныс енгізеді;

ч) ішкі істер органдарының қатардағы, кіші орта және аға басшы қызметкер құрамындағы адамдарды белгіленген тәртіп бойынша запасқа немесе отставкаға шығарып осы адамдарға және оның семья мүшелеріне пенсия тағайындайды;

ш) Қазақ ССР Ішкі істер органдарының қатардағы, кіші басшы қызметкер құрамын қайта даярлаудан өткізеді; СССР Ішкі істер министрлігінің оқу орындарына нұсқауға сәйкес кандидаттар іріктейді;

щ) министрлік жүйесінің үздік қызметкерлерін және ішкі істер органдарына оларға жүктелген міндеттерді орындауда белсенді түрде көмек көрсеткен азаматтарды белгіленген тәртіп бойынша кеудеге тағатын белгімен және Құрмет грамотасымен наградтайды, сондай-ақ басқа да ынталандыру шараларын жасайды;

э) министрлікке жүктелген міндеттерді тиімді орындау мақсатымен республика көлемінде қоғамдық тәртіпті қорғау, қылмыспен күрес, сотталғандарды түзеу және қайта тәрбиелеу, қалалардың, басқа да елді мекендердің және халық шаруашылығы объектілерінің өрт хауіпсіздігін қамтамасыз ету, қалалар мен басқа да елді мекендердегі жол қозғалысы мен автомобиль жолдарындағы қозғалыс хауіпсіздігін қамтамасыз ету проблемаларын оқып, үйренуді ұйымдастырады, басқа министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп аталған мәселелер бойынша комплексті проблемалар жасап, жүзеге асырады;

ю) министрлік жүйесіндегі бөлімшелерді, мекемелерді, ұйымдар мен кәсіпорындарды белгіленген тәртіп бойынша одақтық, республикалық және жергілікті бюджеттен бөлінген қаржы есебінен қаржыландырады.

7. Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі еңбекшілердің қалың бұқарасының, қоғамдық тәртіп қорғау жөніндегі ерікті халық жасақшыларының, ерікті өрт жасақшыларының қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысып, ішкі істер органдарына жүктелген басқа да міндеттерді орындауға жәрдемдесетін басқа да дербес қоғамдық ұйымдардың көмегі мен қолдауына сүйенеді.

8. Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі азаматтардың ұсыныстарының, арыздары мен шағымдарының дер кезінде және сергектікпен қаралуын ұйымдастырады, оларда айтылған мәселелердің дұрыс шешілуіне қол жеткізеді, сондай-ақ министрлік жүйесіндегі бөлімшелердің, мекемелер мен кәсіпорындардың қызметіндегі азаматтар хабарлаған кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қолданады.

9. Қазақ ССР Ішкі істер министрлігін Қазақ ССР Конституциясына сәйкес Қазақ ССР Жоғарғы Советі, ал сессиялар аралығындағы кезеңде Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бекітілуіне ұсынып тағайындаған министр басқарады.

Қазақ ССР Ішкі істер министрінің Қазақ ССР Министрлер Советі тағайындаған орынбасарлары болады. Министрдің орынбасарлары арасындағы міндетті министр бөледі.

10. Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінде құрамында министр (председатель) және қызметі бойынша министрдің орынбасарлары, сондай-

ақ министрліктің басқа да басшы қызметкерлері бар коллегия құрылады.

Министрліктің коллегия мүшелерін Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

11. Қазақ ССР Ішкі істер министрі Министрлікке жүктелген міндеттер мен жауапкершіліктің орындалуына жеке жауап береді, министрдің орынбасарларының, басқарма бастықтарының және министрлік бөлімдерінің министрлік қызметінің жекелеген салаларына басшылығы үшін, сондай-ақ министрлік жүйесіндегі бөлімшелер, мекемелер, ұйымдар мен кәсіпорындар жұмысы үшін жауапкершілік дәрежесін белгілейді.

12. Қазақ ССР Ішкі істер министрі СССР-дің және Қазақ ССР-інің қолданылып жүрген заңдары мен басқа да заңға қосымша актілерінің, сондай-ақ СССР Ішкі істер министрлігінің бұйрықтары, нұсқаулары мен бағыт берулері негізінде және оның орындалуы үшін министрлік қызметінің шеңберінде бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады, халық депутаттарының Советтері атқару комитеттерінің, ішкі істер басқармалары мен бөлімдері, министрлік жүйесіндегі бөлімшелер, мекемелер, ұйымдар мен кәсіпорындар міндетті түрде орындауға тиісті нұсқаулар береді және оның орындалуын тексереді.

Қазақ ССР Ішкі істер министрлігіне берілген право шеңберінде шығарылған министрліктің өрт хауіпсіздігі, қалалар мен басқа да елді мекендердегі жол қозғалысы, автомобиль жолдарындағы қозғалыс хауіпсіздігі мәселелері, қолданылып жүрген заңдар арқылы белгіленген басқа да мәселелер жөніндегі бұйрықтары мен нұсқаулары ведомстволық бағынуштылығына қарамастан, кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер үшін, сондай-ақ азаматтар ұшін міндетті.

Қазақ ССР Ішкі істер министрі қажет болған жағдайда басқа министрліктер мен ведомстволардың басшыларымен бірлесіп бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады.

13. Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің коллегиясы өз мәжілістерінде министрлік қызметі мен оның жұмысын жетілдірудің негізгі мәселелерін қарайды, министрліктің бөлімшелерге, мекемелерге, ұйымдар мен кәсіпорындарға нақты басшылық ету, істің орындалуын тексеру, кадрларды іріктеу және пайдалану мәселелерін, аса маңызды бұйрықтар мен нұсқаулардың жобаларын талқылайды, Министірліктің басқармалары мен бөлімдерінің, министрлік жүйесіндегі мекемелер, ұйымдар мен кәсіпорындар басшыларының есебін тыңдайды.

Коллегия шешімі, әдетте, министрдің бұйрығымен жүзеге асырылады. Министр мен коллегияның арасында келіспеушілік туған жағдайда Министр бұл туралы Қазақ ССР Министрлер Советіне баяндап, өз шешімін жүзеге асырады, ал коллегия мүшелері, өз тарапынан, өз пікірлерін Қазақ ССР Министрлер Советіне хабарлай алады.

14. Ішкі істер органдарының жұмысына ғылым, техника және озық тәжірибе жетістіктерін пайдалану және енгізу жөніндегі пікірлерді қарап, ұсыныстар жасау үшін Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінде қажет болған жағдайда тиісті мәселелер бойынша жетік мамандар мен көрнекті ғалымдардан ғылыми-методикалық (ғылыми-техникалық) советтер құрылады.

Ғылыми-методнкалық (ғылыми-техникалық) советтердің құрамын және ол туралы ережені Қазақ ССР Ішкі істер министрі бекітеді.

15. Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің Қазақ ССР Мемлекеттік гербі бейнеленген және өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ (АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ) СОВЕТІ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ІШКІ ІСТЕР БАСҚАРМАСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1973 жылғы 29 ноябрьдегі
№ 612 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

Осыған қоса беріліп отырған халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советі атқару комитетінің Ішкі істер басқармасы туралы Ереже бекітілсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1973 жылғы 29 ноябрьдегі № 612
қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ (АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ) СОВЕТІ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ІШКІ ІСТЕР БАСҚАРМАСЫ ТУРАЛЫ Е Р Е Ж Е

Жалпы ережелер

1. Халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советі атқару комитетінің Ішкі істер басқармасы мемлекеттік басқарудың салалық органы болып табылады және Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі жүйесіне және СССР Ішкі істер министрлігінің бірыңғай жүйесіне кіреді.

Ішкі істер басқармасы өзінің қызметінде халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советіне және оның атқару комитетіне, сондай-ақ Қазақ ССР Ішкі істер министрлігіне және СССР Ішкі істер министрлігіне бағынады.

2. Ішкі істер басқармасы қоғамдық тәртіпті, социалистік меншікті азаматтардың, кәсіпорындардың, ұйымдардың және мекемелердің қылмысты және басқа да қоғамға қарсы әрекеттерден сақтау праволары мен заңды мүдделерін қорғауды облыс (қала) территориясында өрттен сақтауды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

3. Ішкі істер басқармасының басты міндеттері мыналар болып табылады:

а) белгіленген қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, қылмысты істердің алдын-алу және жою, оларды тез әрі толық ашып, зерттеу, қылмыстарды және басқа право тәртібін бұзушылықты туғызатын себептерді, сондай-ақ оларды жасауға ықпал ететін жағдайларды жоюға жанжақты көмектесу;

б) сотталған адамдарды дұрыс жолға түсіру және еңбекке адал қарау, заңдарды мүлтіксіз орындау және социалистік тұрмыс ережелеріне құрметтеу рухында тәрбиелеу;

в) өрттерді болғызбау және қалалардың, басқа елді мекендер мен халық шаруашылығы объектілерінің өрт хауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жетілдіру, өрттерге қарсы күрестің тиімділігін арт-

тыру, өрт-профилактикалық шаралары мен өрт хауіпсіздігінің белгіленген талаптарының орындалуына бақылауды жүзеге асыру [1];

г) қалаларда және басқа елді мекендерде, сондай-ақ автомобиль жолдарында жолда жүру хауіпсіздігін қамтамасыз ету;

д) өзіне қарасты органдар, бөлімшелер, мекемелер, ұйымдар мен кәсіпорындар қызметінде және лауазымды адамдардың социалистік заңдылықты қатаң сақтауын қамтамасыз ету;

е) кадрларды іріктеудің, қызметке жоғарылатудың және орналастырудың лениндік принциптерін жүзеге асыру, облыс (аудан) ішкі істер органдары жеке құрамының кәсіби, жауынгерлік және саяси әзірлігінің, тәртібінің жоғары дәрежесін қамтамасыз ету;

ж) қоғамдық тәртіпті қорғау, қылмысты істерге қарсы күрес, өрт хауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысында және ішкі істер басқармасы қызметінің басқа салаларында ғылым мен техника жетістіктерін, озат тәжірибені қолдану;

з) өзіне қарасты бөлімшелер, мекемелер, ұйымдар мен кәсіпорындар жеке құрамының тұрғын үй және мәдени-тұрмыстық жағдайларын жақсарту;

и) социалистік меншік пен азаматтардың өзіндік мүлкін қорғауды қамтамасыз ету [1].

4. Ішкі істер басқармасы өзіне жүктелген міндеттерді орындау жөніндегі басшылықты тікелей де, сондай-ақ халық депутаттары қалалық, аудандық Советтері атқару комитеттері ішкі істер бөлімдері арқылы да жүзеге асырады.

5. Ішкі істер басқармасы өзінің қызметінде СССР Заңдарын және Қазақ ССР-інің Заңдарын, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указдарын және Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указдарын, СССР Министрлер Советінің және Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтарын, Совет милициясы туралы Ережені, СССР Ішкі істер министрлігі мен Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің нормативтік актілерін, халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің және оның атқару комитетінің шешімдері мен жарлықтарын және басқа да нормативтік актілер мен осы Ережені басшылыққа алады.

Ішкі істер басқармасы ішкі істер органдарында, бөлімшелерде, мекемелерде, ұйымдар мен кәсіпорындарда қолданылып жүрген заңдардың өзіне тікелей қарасты дұрыс қолданылуын қамтамасыз етеді.

Ішкі істер басқармасының қызметі

6. Ішкі істер басқармасы қылмысқа қарсы күрес пен қоғамдық тәртіпті қорғау саласында:

а) қылмысты істердің, қоғамдық тәртіпті бұзудың және басқа да право тәртібін бұзудың дер кезінде алдын-алу және жоюды қамтамасыз ететін шараларды талдап шешіп, жүзеге асырады, лауазымды адамдар мен азаматтардың мемлекеттік өкімет және басқару органдарының қоғамдық тәртіпті сақтау мәселелері жөніндегі шешімдерін орындауға қадағалауды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді [1];

б) өздерінің міндеттерін орындау кезінде халық депутаттары Советтерінің депутаттарына және лауазымды адамдарына егер жекелеген азаматтар бұл адамдардың заңды талаптарына бағынудан бас

---

[1] 3-пункттің «в» тармағына және 6-пункттің «а» тармағына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1980 ж. 31 январьдағы № 45 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1980 ж., № 3, 11-ст.). Осы қаулымен 3-пункт «и» тармағымен толықтырылған.

тартса немесе олардың қалыпты жұмысына кедергі келтірсе, өз өкілеттігі шеңберінде ықпал етуді қамтамасыз етеді;

в) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес басқа да мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен бірге қылмыс жасауға әсер ететін маскүнемдікке және басқа да қоғамға жат құбылыстарға қарсы күрес жөніндегі шараларды жүзеге асырады, қоғамдық пайдалы еңбектен жалтаратын және қоғамға жат өмір сүретін адамдарды анықтауды, сондай-ақ бұл адамдарға заңда көзделген шараларды қолдануын қамтамасыз етеді;

г) қылмысты және басқа да право тәртібін бұзуды тугызатын себептерді, сондай-ақ бұлардың жасалуына ықпал ететін жағдайларды ашады, сөйтіп мұндай себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған шараларды қабылдайды, халық арасында қоғамдық тәртіпті қорғау мен право тәртібін бұзу мәселелері бойынша түсінік жұмысын жүргізуді ұйымдастырады;

д) қылмыстың алдын алу, оны жою және ашу мақсатында оперативтік-ашу қызметін ұйымдастырып, жүзеге асырады;

е) Заң бойынша тексеру ішкі істер органдарына жүктелген қылмыстар туралы істер жөнінде анықтау жүргізуді және алдын ала тексеруді қамтамасыз етеді;

ж) жасалған қылмыстар мен қоғамдық тәртіпті бұзуды алдын ала тіркеуді қамтамасыз етеді, қылмыстардың және басқа да право тәртібін бұзудың статистикасын жүргізеді;

з) тексеру мен соттан бой тасалап жүрген жазалы адамдарды, үкімді орындаудан жалтарып жүрген сотталғандарды, хабар-ошарсыз кеткен адамдарды, заңда көзделген жағдайларда басқа адамдарды іздестіру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады, сондай-ақ өзінің туғантуысқандарымен байланысын жоғалтқан адамдарды іздестіруде СССР Қызыл Крест және Қызыл Жарты ай қоғамдары одағына көмектеседі;

и) басқа да мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен бірге балалардың қадағалаусыздығының алдын алу жөнінде және жасөспірімдердің право тәртібін бұзуға қарсы күрес жөнінде жұмысты жүргізеді;

к) істі анықтауларды және соттардың қамауға алу туралы үкімдері мен қаулыларын, сондай-ақ орындалуы заңмен ішкі істер органдарына жүктелген басқа да күштеу шараларын қолдану туралы қаулылар мен шешімдерді жүргізетін тергеушілер мен басқа да адамдардың прокурорлар қаулыларын және прокурорлар санкция берген қаулыларын орындауды қамтамасыз етеді;

л) қамауға және ұсталған адамдарды қорғау мен күзетпен алып жүруді қамтамасыз етеді;

м) бас бостандығынан айыру орнынан босатылған адамдарға, оларды еңбекке және бұларға тұрмыстық жағынан орналастыруға көмек көрсетеді;

н) қолданылып жүрген заңға сәйкес бас бостандығынан айыру орнынан босатылған адамдарға әкімшілік қадағалауын, сондай-ақ заңда белгіленген жағдайда бас бостандығынан айыру орнынан шартты түрде босатылған немесе міндетті түрде еңбекке қатыстыра отырып шартты түрде сотталған адамдардың тәртібіне қадағалауды қамтамасыз етеді;

о) облыс (қала) территориясында паспорт жүйесінің талаптарын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді; адрес-анықтама жұмысына басшылық жасайды, азаматтардың шекаралық аймаққа баруына және онда тұруларына рұқсат береді, шекаралық аймақта паспорт режимінің сақталуына бақылауды ұйымдастырады, шекара әскерлерімен бірге шекара режимі ережелерін орындауға бақылауды жүзеге асырады;

п) белгіленген тәртіпте шетелге шығу және СССР-ға келуге рұқсат береді, шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың өздеріне белгіленген тұру және жүру ережелерін сақтауына қадағалауды жүзеге асырады;

р) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес атылатын нір ойықты қаруды, оларға оқ-дәрілерді, өткір қаруды, жарылғыш материалдарды, күшті әсер ететін улы заттарды сатып алуға, сақтауға және тасымалдауға, сондай-ақ тұрақты сақталатын жерлерде радиоактивті заттарды сақтау жайына бақылауды жүзеге асырады;

с) мергендік тирлер мен ату алаңдарын, полиграфия, штемпельграферлік, қару-жарақ жөндеу және пиротехникалық кәсіпорындарды, атылатын қарулар сататын магазиндерді ашуға және олардың жұмыс істеу ережелерін сақтауға, сондай-ақ көбейткіш аппараттарын сатып алу мен сақтауға, мөрлер мен штамптарды әзірлеуге бақылауды жүзеге асырады;

т) қолданылып жүрген заңға сәйкес әскери комиссариаттарға СССР азаматтарының тұрақты әскери қызметке шақыруды жүргізуді ұйымдастыруда ережелер мен әскери есептің сақталуына бақылауды жүзеге асыруға көмек көрсетеді;

у) аса хауіпті мемлекеттік қылмыстарға қарсы күресте және мемлекет хауіпсіздігін қорғау жөніндегі басқа да шараларды жүргізуге көмектеседі;

ф) тиісті органдарға табиғат байлығын сақтау мен қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыруға, браконьерлікке және аң аулау мен балық аулау ережелерін бұзуға қарсы күреске көмектеседі;

х) денсаулық сақтау және мал дәрігерлік қадағалау органдарына эпидемия және індетті аурулар жағдайында карантин шараларын жүргізуге көмектеседі;

ц) денсаулық сақтау органдарымен бірге елді мекендердің көшелерін, аулалары мен басқа да территорияларын ұстаудың санитарлық ережелерін сақтауға қадағалауды қамтамасыз етеді;

ч) табиғи апаттар мен басқа да төтенше жағдайларда адамдар мен мүліктерді құтқаруға қатысады, бұл жағдайда қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етеді, бақылаусыз қалдырылған қоғамдық мүлік пен азаматтардың өзіндік меншік мүліктерін қоргауды ұйымдастырады, халықты, сондай-ақ құтқару және кезек күттірмейтін авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдар мен азаматтардың транспорт және басқа құралдарын қатыстыруға ықпал етеді;

ш) право тәртібін бұзудан және жазатайым жағдайлардан зардап шеккен, сондай-ақ қоғамдық орындарда шарасыз болып қалған адамдарға кезек күттірмейтін көмекті ұйымдастырады;

щ) Ішкі істер басқармасына жүктелген кәсіпорындарды, мекемелерді, ұйымдар мен басқа да объектілер күзетін ұйымдастырып, жүзеге асырады, күзеттің сенімділігін арттыру, бұл күзетке жұмсалатын қаржыларды қысқартуға шаралар қолданады.

7. Сотталғандарды түзеу және қайта тәрбиелеу саласында Ішкі істер басқармасы:

а) орындалуы заңмен ішкі істер органдарына жүктелген бас бостандығынан айыруға және жазаның басқа түрлеріне сотталған адамдар жөнінде соттардың үкімдерін орындауды қамтамасыз етеді;

б) сотталғандарды түзеу және қайта тәрбиелеу жөніндегі жұмысты белгіленген тәртіп бойынша ұйымдастырады, жазаны өтеудің заңмен белгіленген режимінің қатаң сақталуын, сотталгандардың қоғамдық пайдалы еңбекке тартылуын, олармен саяси-тәрбие жұмысының жүр-

гізілуін қамтамасыз етеді, сотталғандарға жалпы білім беруді және оларды кәсіптік-техникалық оқытуды, шефтермен байланысты ұйымдастырып, мүдделі министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың мекемелерімен және ұйымдарымен бірлесе отырып жүзеге асырады, сотталғандарды түзеу және қайта тәрбиелеу құралдарын таңдаған кезде жасалған қылмыстың сипатын және қоғамға хауіптілік дәрежесін, сотталған адамның өз басын, сондай-ақ оның мінез-құлқы мен еңбекке қатынасын ескере отырып даралап қарауды қамтамасыз етеді, мұның өзінде педагогика, психология және басқа ғылымдар саласындағы жетістіктерді кеңінен пайдаланады;

в) еңбекпен түзеу мекемелерінің өндірістік-шаруашылық қызметіне басшылықты жүзеге асырады, сотталғандарды еңбекке пайдалану, өнім өндіру мен өткізу, бюджетке кірістер мен төлемдер жөніндегі жоспарлар мен тапсырмаларды олардың орындауын ұйымдастырып, қамтамасыз етеді;

г) міндетті түрде еңбекке қатыстыра отырып, бас бостандығынан шартты түрде айыруға сотталғандар, бас бостандығынан айыру орындарынан міндетті түрде еңбекке қатыстыра отырып шартты түрде босатылғандар, түзеу жұмыстарына сотталғандар, жер аударылғандар мен жерінен айдап жіберілгендер жөнінде заңға сәйкес бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларды бақылауды жүзеге асырып, олардың орындалуын қамтамасыз етеді [1].

8. Ішкі істер басқармасы өрт хауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында:

а) облыста (қалада) өрт жөніндегі мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады, қалалардың, басқа да елді мекендер мен халық шаруашылығы объектілерінің өрт хауіпсіздігінің жоғары дәрежесін сақтауды қамтамасыз етеді;

б) елді мекендер мен халық шаруашылығы объектілерінің өрттен қорғау бөлімшелерінің өрттерге қарсы күреске әзірлік жайын, сондай-ақ өрттердің профилактикасы жөніндегі жұмыс жайын бақылайды:

в) мүдделі ұйымдармен келісіп алғаннан кейін өрттен қорғау бөлімшелерін, олардың ведомстволық бағынысына қарамастан және өртке қарсы ерікті жасақтарды (командаларды) өрттерді сөндіруге, табиғат апаттары мен ірі авариялардың зардаптарын жоюға қатыстырудың тәртібін, сондай-ақ олардың өзара бірлесе қимыл жасау тәртібін белгілейді [1].

9. Ішкі істер басқармасы жолда жүру хауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында:

а) қалаларда, басқа елді мекендерде, автомобиль жолдарында жүру хауіпсіздігін реттеуді және қамтамасыз етуді ұйымдастырады, кәсіпорындардың, мекемелер мен транспорт ұйымдарының (олардың ведомстволық бағыныштылығына қарамастан) автомобиль транспорты мен қалалық электр транспорты аварияларының алдын алу жөніндегі шараларды жүргізуін бақылайды;

б) кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың және азаматтардың автотранспорт құралдарын тіркеу мен есепке алуды, сондай-ақ бұл автотранспорт құралдарының техникалық күйіне қадағалауды қамтамасыз етеді;

в) көшелерді, автомобиль жолдарын және жүру хауіпсіздігін қамтамасыз ететін, олардағы жол құрылыстарын күтіп ұстауға бақылауды

---

[1] 7-пунктке, 8-пункттің «а» және «б» тармақтарына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1980 ж. 31 январьдағы № 45 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1980 ж., № 3, 11-ст.). Осы қаулымен 8-пункт «в» тармағымен толықтырылған.

жүзеге асырады, оларды пайдалану жағдайларын жақсартуға шаралар қолданады, белгіленген тәртіпте жүру хауіпсіздігіне қатер төндіретін көшелер мен автомобиль жолдарының жекелеген учаскелеріне транспорт пен жүргіншілердің жүруін шектейді немесе оларға тыйым салады, СССР Ішкі істер министрлігінің Мемлекеттік автомобиль инспекциясы туралы Ережеге сәйкес басқа да шараларды жүзеге асырады.

10. Ішкі істер басқармасы кадрларды іріктеу, орналастыру, оқыту мен тәрбиелеу саласында:

а) ішкі істер органдарын өзінің саяси және іскерлік қабілеті, әзірлігі мен денсаулығы жағдайы жағынан қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етуге, қылмысқа қарсы күресті ойдағыдай жүргізуге және ішкі істер органдарына жүктелген басқа да міндеттерді шешуге қабілетті адамдар қатарынан толықтыруды қамтамасыз етеді;

б) облыста, қалаларда, аудандарда, әдетте, милицияны еңбек коллективтері жіберген адамдардан толықтыруды ұйымдастырады;

в) ішкі істер органдары жеке құрамының қызмет, жауынгерлік және саяси әзірлігінің дәрежесін арттыру, тәртібін нығайту жөніндегі шараларды жүзеге асырады, жеке құрамның қызмет атқару туралы ережелерінің талаптарын, ішкі істер органдары қызметін реттейтін бұйрықтарын, уставтары мен нұсқауларын орындауды қамтамасыз етеді;

г) қызметкерлерді жан-жақты оқыту, даярлау олардың жұмыс тәжірибесі мен қабілеттері негізінде кадрларды іріктеу мен жоғарылатуды жүргізеді;

д) ішкі істер органдарында, өзіне қарасты бөлімшелер мен мекемелерде қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды қызметтік аттестациялау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

е) қолданылып жүрген заңға сәйкес және СССР Ішкі істер министрі берген праволар шегінде ішкі істер органдарының жеке құрамына арнайы атақтар береді, басшы құрамдағы адамдарды запасқа немесе отставкаға шығарады, қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға және олардың семья мүшелеріне пенсия тағайындайды;

ж) Басқарманың ішкі істер органдарының, басқармаға тікелей қарасты бөлімшелердің, мекемелер мен кәсіпорындардың үздік қызметкерлерін, сондай-ақ ішкі істер органдарына жүктелген міндеттерді орындауда белсенді көмек көрсеткен азаматтарды наградтайды және көтермелейді;

з) қолданылып жүрген заңда және СССР Ішкі істер министрлігі мен Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің нормативті актілеріне көзделген кадрларды іріктеу, орналастыру, оқыту мен тәрбиелеу саласында басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

11. Ішкі істер басқармасының финанс-шаруашылық қызметі саласында:

а) Ішкі істер басқармалары үшін белгіленген лимиттер мен көрсеткіштер шегінде ведомствога қарасты кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар үшін финанс жоспарларын, шығын сметаларын, кіріс жоспарларын, бюджет төлемдерін және басқа көрсеткіштерді қарап, бекітеді, ведомствога қарасты кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың жылдық бухгалтерлік есептері мен балансын қарап бекітеді;

б) бақылау-тексеру жұмысын ұйымдастырады, ведомствога қарасты кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда есеп пен есеп беруді дұрыс жүргізуге және олардың дәл болуына бақылауды жүзеге асырады;

в) белгіленген тәртіпке ішкі істер басқармасы объектілерінің, күрделі құрылысы мен күрделі жөндеуін ұйымдастырады және жүзеге асырады.

г) қолданылып жүрген заңда және СССР Ішкі істер министрлігінің және Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің нормативтік актілерінде көзделген финанс-шаруашылық саласында басқа да қызметтерді жүзеге асырады;

Ішкі істер басқармасының жұмысын ұйымдастыру

12. Ішкі істер басқармасын оның бастығы басқарады, ол сонымен бірге сол облыстық (қалалық) милицияның бастығы болып табылады, Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің ұсынуы бойынша халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің сессиясы оны қызметке тағайындап, қызметінен босатады.

Ішкі істер басқармасы бастығының орынбасарлары болады, оларды халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің атқару комитеті қызметке тағайындайды. Орынбасарлар арасындағы міндеттерді басқарма бастығы бөледі.

13. Ішкі істер басқармасы еңбекшілердің қалың бұқарасымен байланысты дамытады, өзінің қызметінде олардың көмегі мен қолдауына сүйенеді, ішкі істер органдарының басқа мемлекеттік органдармен, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар әкімшілігімен, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті қорғайтын ерікті халық жасақшыларымен, ерікті өрт жасақшыларымен, қоғамдық тәртіпті қорғауға және ішкі істер органдарына жүктелген басқа міндеттерді орындауға қатысатын дербес қоғамдық ұйымдармен өзара қызметті қамтамасыз етеді.

14. Ішкі істер басқармасы өзіне қарасты ішкі істер органдарының, бөлімшелердің, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың қызметін ұйымдастырады, қылмысқа және қоғамдық тәртіпті бұзуға қарсы күреске ықпал ететін әлеуметтік-экономикалық және басқа процестер мен құбылыстардың нәтижелерін зерттеу негізінде олардың алдында тұрған міндеттерді шешудің тиімді құралдары мен әдістерін белгілейді, сондай-ақ басқару мен еңбекті ғылыми ұйымдастыру саласындағы жетістіктер негізінде ұйымдарға, бөлімшелерге, мекемелерге, ұйымдар мен кәсіпорындарға басшылықты жетілдіреді.

15. Белгіленген тәртіпте ішкі істер басқармасында ішкі істер басқармасы бастығының (председателі) және қызметі бойынша оның орынбасарлары, сондай-ақ Басқарманың басқа басшы қызметкерлері құрамында оперативті кеңес құрылады.

Ішкі істер басқармасының оперативті кеңесі өзінің мәжілістерінде Басқарма қызметінің және оның жұмысын жетілдірудің негізгі мәселелерін қарайды, Басқармаға қарасты органдарға, бөлімшелерге, кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға практикалық басшылық ету, тапсырылған істі орындауды тексеру, кадрларды іріктеу мен пайдалану мәселелерін, аса маңызды бұйрықтар мен нұсқаулардың жобаларын талқылайды, бағынышты органдар, бөлімшелер, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар басшыларының баяндамаларын және есептерін тыңдайды.

Оперативті кеңестерге қабылданған шешімдер, әдетте Ішкі істер басқармасы бастығының бұйрығымен жүзеге асырылады.

16. Ішкі істер басқармасы қызметінің негізгі бағыттары бойынша ұсыныстарды қарау, ғылымның, техниканың және озық тәжірибенің ең жаңа жетістіктерін пайдалану мен енгізу жөніндегі ұсыныстарды талдап шешу үшін басқармада ғылыми-методикалық (ғылыми-техника-

лық) совет құрылады. Ғылыми-методикалық (ғылыми-техникалық советтің құрамын және ол туралы ережені Ішкі істер басқармасының бастығы бекітеді.

17. Ішкі істер басқармасының құрылымын, саны мен штат кестесін СССР Ішкі істер министрлігі бекітеді.

18. Ішкі істер басқармасының Қазақ ССР Мемлекеттік гербі бейнеленген және өзінің аты жазылған мөрі болады.

19. Ішкі істер басқармасының бастығы жеке құрамның саяси-моральдық жағдайына жауап береді және Басқармаға жүктелген міндеттер мен қызметтерді ойдағыдай орындауды қамтамасыз етуге міндетті.

Ішкі істер басқармасы Басқарма аппаратының құрылымдық бөлімшелерінің міндеттері мен қызметтерін және олардың басшыларының компетенцияларын белгілейді.

20. Ішкі істер басқармасының бастығы өз компетенциясы шегінде қолданылып жүрген заңдар мен басқа да нормативті актілер негізінде және оларды орындау үшін бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады және Басқармаға тікелей қарасты ішкі істер органдары, бөлімшелер, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар міндетті түрде орындайтын нұсқаулар береді. Сөйтіп олардың орындалуын тексеруді қамтамасыз етеді.

Өрт хауіпсіздігі қалаларда және елді мекендерде жолда, автомобиль жолдарында жүру мәселелері бойынша, сондай-ақ қолданылып жүрген заңмен белгіленген жүру хауіпсіздігі басқа да мәселелер бойынша Ішкі істер басқармасы праволары шегінде шығарылған бұйрықтар мен нұсқаулар, ведомстволық бағыныштылығына қарамастан, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін, сондай-ақ азаматтар үшін міндетті болып табылады.

Ішкі істер басқармасының бастығы қажет болған ретте халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің басқа да басқармалары мен бөлімдерінің, мекемелер мен ұйымдардың басшыларымен бірге бұйрықтар шығарады.

21. Ішкі істер басқармасының бастығы кредитке нелік етеді, Басқарма компетенциясына жататын финанс-шаруашылық мәселелерін қарап, шешеді.

ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ АУДАНДЫҚ, ҚАЛАЛЫҚ, ҚАЛАДАҒЫ АУДАНДЫҚ СОВЕТІ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ІШКІ ІСТЕР БӨЛІМІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1971 жылғы 7 июньдегі
№ 310 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

Халық депутаттарының аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советі атқару комитетінің ішкі істер бөлімі туралы осыған қоса берілген Ереже бекітілсін [1].

---

[1] Аты мен тексіне Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 ж. 13 ноябрьдегі № 448 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1985 ж., № 1, 2-ст.).

Қазақ ССР Министрлер Советінің 1971 жылғы 7 июньдегі № 310 қаулысымен БЕКІТІЛГЕН

ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ АУДАНДЫҚ, ҚАЛАЛЫҚ, ҚАЛАДАҒЫ АУДАНДЫҚ СОВЕТІ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ІШКІ ІСТЕР БӨЛІМІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Халық депутаттарының аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советі атқару комитетінің ішкі істер бөлімі әрі СССР Ішкі істер министрлігінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Бөлім өз қызметінде халық депутаттарының тиісінше аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советі мен оның атқару комитетіне, сондай-ақ жоғары тұрған ішкі істер органына бағынады [1].

2. Халық депутаттарының аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советі атқару комитетінің ішкі істер бөлімі өз қызметінде СССР-дің заңдарын, СССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, Қазақ ССР-інің заңдарын, Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтарын, халық депутаттарының тиісті жергілікті Советтерінің шешімдерін, олардың атқару комитеттерінің шешімдері мен жарлықтарын, СССР Ішкі істер министрлігі мен Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің бұйрықтарын, нұсқаулары мен тапсырмаларын, Совет милициясы туралы ережені, Мемлекеттік өрт қадағалау туралы ережені, СССР-дегі Паспорт жүйесі туралы ережені, Мемлекеттік автомобиль инспекциясы туралы ережені, басқа да нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Ішкі істер бөлімін халық депутаттарының аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советі СССР Ішкі істер министрлігінің ұсынуы бойынша құрады [1].

Бөлімнің құрылымы мен штатын халықтың санын, қылмыстылықтың дәрежесін, экономикалық өркендеуін және қоғамдық тәртіптің ықпал жасайтын басқа да факторларды ескере отырып, Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі белгілейді және СССР Ішкі істер министрлігі бекітеді.

4. Ірі аудандық, қалалық, қаладағы аудандық ішкі істер бөлімінің құрамына территориялық милиция бөлімшелері кіруі мүмкін. Оларды құру туралы мәселені жоғары тұрған ішкі істер органы халық депутаттарының аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советінің атқару комитетімен бірлесіп шешеді және СССР Ішкі істер министрлігімен келіседі. Мұндай бөлімшелер ішкі істер бөлімінің құрылымдық бөлімшелері болып табылады және ішкі істер органдары үшін белгіленген барлық праволармен пайдаланады [1].

5. Ішкі істер бөлімі қоғамдық тәртіпті, социалистік меншік пен азаматтардың өзіндік мүлкін қорғау, қылмыстыққа қарсы күрес, өрт

---

[1] Ереженің 19 және 30-пункттері Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 ж. 13 ноябрьдегі № 448 қаулысымен күшін жойды деп танылды (Қазақ ССР ҚЖ, 1985 ж., № 1, 2-ст.).

Осы қаулымен Ереженің атына 1, 2-пункттерге, 3-пункттің бірінші абзацына және 4-пунктке өзгерістер енгізілген.

хауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеттерін шеше отырып, өзінің күш-жігерін қылмыстарды болғызбауға, оларды ашуға және тергеуге, азаматтарды совет заңдары мен социалистік тұрмыс ережелерін құрметтеуге, мемлекеттік мүлікке ұқыпты қарауға тәрбиелеуге бағыттайды. Бұл мақсаттарда ол кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың еңбек коллективтері мен әкімшілігіне алынған информациялар бойынша олардың шаралар қолдануы және бұл туралы ішкі істер бөліміне хабарлауы үшін осы коллективтердің мүшелері жасаған право бұзушылықтар туралы хабарлап тұрады [1].

6. Ішкі істер бөлімі заңды ұйым болып табылады және оның Қазақ ССР Мемлекеттік гербі бейнеленген, өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады [2].

Ішкі істер бөлімінің негізгі міндеттері мен праволары

7. Ішкі істер бөлімі қылмысты болдырмау саласында:

а) қылмыстардың жасалу себептерін және олардың жасалуына мүмкіндік туғызатын жағдайларды айқындайды және оларды жоюға шаралар қабылдайды;

б) кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың басшыларына қажетті шаралар қабылдау үшін қылмыстардың себептері мен олардың жасалуына мүмкіндік туғызатын жағдайлар жөнінде хабарлайды;

в) социалистік право тәртібін нығайту мәселелері жөнінде халық арасында праволық насихат және түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;

г) қоғамға жат әрекеттер жасаушы адамдарды анықтайды және мемлекеттік басқа органдармен, сондай-ақ қоғамдық ұйымдармен және еңбек коллективтерімен бірге осы адамдармен профилактикалық жұмыстар жүргізеді[2];

д) дайындалып жатқан қылмыстарды болдырмау және қылмысқа оқталуды тоқтату жөнінде оперативтік-іздестіру және басқа шаралар ды қолданады;

е) халық депутаттары аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советінің атқару комитеті жанындағы жұмысқа орналастыру жөніндегі комиссиясымен және басқа қоғамдық ұйымдармен бірге жаза өтеу орындарынан қайтып келген адамдардың жұмысқа орналасуларына көмек көрсетеді[2];

ж) қолданылып жүрген заңдар негізінде және белгіленген тәртіп пен қоғамдық тәртіпті және басқа право тәртіптерін үздіксіз бұзушылыққа жол беретін адамдарды тиісті тізімге алады және ресми түрде сақтандырады;

з) кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда ұрлық және басқа теріс әрекеттерге мүмкіндік туғызатын материалдық құнды заттарды есептеудегі, пайдалану мен сақтаудағы кемшіліктерді анықтайды және оларды жоюға шаралар қолданады;

и) бас бостандығынан айрылғандар тұратын жерлерден босатылған адамдарға қолданылып жүрген заңдарға сәйкес әкімшілік (ашық) қадағалау жасайды;

к) халық депутаттары тиісті жергілікті Советінің атқару комитеті

---

[1] 5-пунктке Қазақ ССР Министрлер Советінің 1980 ж. 31 январьдағы № 45 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1980 ж., № 3, 11-ст.).

[2] 6-пунктке, 7-пункттің «г» және «е» тармақтарына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 ж. 13 ноябрьдегі № 448 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1985 ж., № 1, 2-ст.).

жанындағы жасы толмағандар ісі жөніндегі комиссиямен және басқа мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен бірге балалардың қадағалаусыздығы мен қылмыс жасаушылығын жою жөніндегі шараларды жүзеге асырады; право бұзушы жасөспірімдерді анықтайды және олардың арасында алдын алу жұмыстарын жүргізеді; жасы толмағандардың қылмысты топтарын анықтау және олардың топтануына жол бермеу жөніндегі оперативтік-іздестіру және басқа шараларды жүргізеді; осындай топтарды ұйымдастырушылар мен арандатушыларды, сондай-ақ жасөспірімдерді құмарпаз ойындарға, маскүнемдікке, қайыр сұраушылыққа тартушыларды әшкерелеу шараларын жүргізеді;

л) денсаулық сақтау органдарымен, қоғамдық ұйымдармен және еңбек коллективтерімен бірлесіп маскүнемдікке, наркоманияға және қоғамға жат басқа да құбылыстарға қарсы күрес жүргізеді [1].

8. Ішкі істер бөлімі қылмысты табу және ашу саласында:

а) право тәртібін бұзушылық жөніндегі арыздар мен хабарларды қабылдап, есебін жүргізеді және оларды нақты шешеді;

б) қылмысты табу жөніндегі оперативтік-іздестіруді және басқа шараларды жүргізеді;

в) қылмыстарды тіркейді және право бұзушылықтың мемлекеттік статистикасын жүргізеді;

г) қолданылып жүрген заңға сәйкес қылмыстық істерді қозғайды, олар бойынша анықтама және алдын ала тергеу жүргізеді;

д) алдын ала тергеу жүргізілгенде милиция, мемлекеттік өрт бақылау қызметтері мен тергеушінің өз ара бірлесіп әрекет жасауын ұйымдастырады;

е) қылмысты тез және толық ашуды және тергеу жүргізуді қамтамасыз етеді, бұл мақсат үшін өзінің қарамағындағы күш пен құралдарды пайдаланады;

ж) қоғамдық ұйымдар мен еңбек коллективтерінің сондай-ақ ішкі істер органдары жұмысының озат тәжірибелерін пайдаланады [1];

з) ұрланған мүлікті табуға және алуға, қылмыспен келтірілген материалдық зиянның орнын толықтыруды қамтамасыз етуге шаралар қабылдайды;

и) басқа органның тергеуіне жататын қылмыс жөніндегі оперативтік-іздестіру және басқа мәліметтерді алғанда оларды белгіленген тәртіппен тиісті органға береді;

к) прокурордың, тергеушінің іздестіру мен тергеу әрекеттерін жүргізу жөніндегі нұсқаулары мен тапсырмаларын орындайды.

9. Ішкі істер бөлімі қоғамдық тәртіпті қорғау саласында:

а) көшелерде, алаңдарда, парктерде және басқа қоғамдық орындарда қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етеді;

б) бұқаралық шаралар жүргізілгенде мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарға тәртіп сақтауға жәрдем береді;

в) стихиялық апаттар және басқа төтенше жағдайларда адамдар мен мүліктерді құтқаруға қатынасады, стихиялық апаттардың зардабын жоюға көмектеседі, белгіленген тәртіппен құтқару және авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін халықты, транспорт және басқа құралдарды жұмылдырады, мемлекеттік, қоғамдық мүлікке, сондай-ақ азаматтардың осындай апаттардың салдарынан қараусыз қалған мүліктеріне қорғау ұйымдастырады;

г) азаматтық қорғаныс шаралары жүргізілгенде қоғамдық тәртіпті сақталуын жүзеге асырады;

---

[1] 7-пункттің «к», «л» тармақтарына және 8-пункттің «ж» тармағына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 ж. 13 ноябрьдегі № 448 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1985 ж., № 1, 2-ст.).

д) өзінің қызмет бабының шеңберінде мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының қаулылары мен шешімдерін лауазымдағы адамдар мен азаматтардың орындау барысына әкімшілік бақылау жасауды жүзеге асырады [1];

е) барлық лауазымдағы адамдарға өздерінің қызмет міндеттерін орындауыпа азаматтар қарсылық көрсетіп, олардың заңды талаптарына бағынбай, оларға қарсылық көрсеткен немесе олардың дұрыс жұмыс істеулеріне кедергі келтірген жағдайларда жәрдемдеседі;

ж) елді мекендердің көшелерін, аулаларын және басқа территорияларын ұстауда санитарлық ережелердің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

з) қылмыстан немесе бақытсыздық жағдайдан зардап шеккен адамдарға, сондай-ақ дәрменсіз жағдайдағы адамдарға шұғыл жәрдем көрсетуді ұйымдастырады;

и) табылған документтердің, құнды қағаздардың, заттардың және басқа мүліктердің сақталуына сондай-ақ олардың иелеріне қайтарылып берілуіне шаралар қолданады;

к) қоғамдық пайдалы еңбектен әдейі жалтарушы адамдарды анықтайды және оларға заңда белгіленген шараларды қолданады;

л) белгіленген тәртіппен прокурордың, тергеушінің қаулыларын, сондай-ақ соттың және судьяның үкімдерін, қаулыларын, ұйғаруларын орындайды;

м) тұтқындалған және ұсталған адамдардың ұсталу режимін, күзетілуін және айдап жүрілуін жүзеге асырады;

н) міндетті түрде еңбекке тартылып, шартты түрде сотталған және шартты түрде босатылған адамдардың тұрмыс құру ережелерін сақтауларына бақылау жасайды, оларды қайта тәрбиелеуге қатысады;

о) ауырған қоғамға хауіпті адамдарды ауруханаға орналастыруда медицина қызметкерлеріне қажетті жағдайларда көмек көрсетеді [2];

10. Ішкі істер бөлімі мынадай адамдарды іздеуді ұйымдастырады және жүзеге асырады:

а) анықтаудан, тергеуден, соттан жасырынған айыпкерлерді, сондай-ақ басқа себептермен тұрағы белгісіз айыпкерлерді;

б) жазаны өтеуден жалтарушы сотталғандарды;

в) хабар-ошарсыз кеткен адамдарды;

г) әкімшілік бақылаудан жалтарған адамдарды;

д) тіркеуден жалтарған шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдарды;

е) емдеу-еңбек профилакторийлерінен қашып кеткен созылмалы алкоголиктер мен наркомандарды[2];

ж) психиатриялық ауруханаларға ықтиярсыз түрде емделуге сот жіберген және олардан қашып кеткен адамдарды;

з) туысқандарымен байланысын жоғалтқан совет азаматтарын;

и) соттардың оларды іздеу жөнінде шешімі болғанда, мемлекеттік кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, кооперативтік және қоғамдық ұйымдар мен азаматтардың талап арыздары бойынша қарыздар және жауапкер адамдарды [2];

11. Белгісіз азаматтардың өліктері табылғанда ішкі істер бөлімі олардың кім екендерін және өлуінің себептерін анықтауға шаралар қолданады.

---

[1] 9-пунктті «д» тармағына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1980 ж. 31 январьдағы № 45 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1980 ж., № 3, 11-ст.).

[2] 9-пунктті «о» тармағына, 10-пунктті «е» және «и» тармақтарына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 ж. 13 ноябрьдегі № 448 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1985 ж., № 1, 2-ст.).

12. Ішкі істер бөлімі мекемелердің, ұйымдардың және азаматтардың өз бетімен үйінен кетіп қалған, балалар үйінен немесе арнаулы кәсіптік-техникалық училищелерден қашып кеткен жасы толмағандарды, мүгедектер мен жасы жеткендер үйлерін әкімшіліктің келісімінсіз тастап кеткен адамдарды, үйден немесе медициналық мекемелерден кетіп қалған есі ауысқандарды іздестірулеріне көмек көрсетеді; өте хауіпті инфекциялық аурулармен ауыратын және емдеуден жалтарушы немесе карантин ережесін өз бетімен бұзып басқа елді мекендерге кетіп қалған адамдардың қандай жерде екенін денсаулық сақтау органдарының анықтауына жәрдемдеседі.

Бөлімнің жеке құрамалары бақытсыздық жағдайлардың салдарынан өмірлеріне хауіп төнген адамдарды құтқару жөніндегі іздестіру әрекеттері мен шараларын жүргізуге қатысады.

13. Ішкі істер бөлімі паспорт режимін сақтау саласында:

а) СССР азаматтарына паспорт береді және оларды есепке алып, есептен шығарады; азаматтар мен лауазымдағы адамдарының паспорт жөніндегі Ережелерді орындауларына бақылау жүргізеді; азаматтарға шекаралық аймақтарға баруға және онда тұруға рұқсат береді;

б) белгіленген тәртіппен азаматтардың шет елдерге баруы жөніндегі және шет елдерден туысқандарын шақыруы жөніндегі өтініштерін қабылдайды және қарайды; қызмет көрсететін территорияда тұратын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдарды (Сыртқы істер министрлігінде тіркелуге тиісті адамдардан басқаларын) есепке алады және олардың таранынан СССР-де тұру тәртіптерінің сақталуына бақылау жасауды жүзеге асырады.

14. Ішкі істер бөлімі рұқсат беру жүйесін қамтамасыз етуде:

а) дәрімен атылатын ұр ойықты қарулар мен олардың оқ-дәрілерін, суық қаруларды, жарылғыш заттарды, күшті уларды сақтау және тасу тәртіптерінің сақталуына бақылау жасайды және белгіленген тәртіппен оларды алуға рұқсат береді;

б) радиоактивтік заттардың сақталу тәртіптерінің орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

в) көбейткіш аппараттарды алуға, мөрлер мен штампитарды жасауға рұқсат береді.

15. Ішкі істер бөлімі кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдарға, азаматтарға тиісті автотранспорт құралдарының есебін жүргізеді және олардың техникалық жайына бақылауды жүзеге асырады; транспорт пен жаяулар жүрісінің хауіпсіздігін жүзеге асырады және СССР Ішкі істер министрлігінің Мемлекеттік автомобиль инспекциясы жөніндегі Ережеге сәйкес басқа да міндеттерді орындайды.

16. Ішкі істер бөлімі шарттасу негізінде кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдар мен азаматтардың мүліктерінің қорғалуын жүзеге асырады; қорғау техникалық құралдарының жетілдірілуі мен енгізілуі жөніндегі шараларды жүзеге асырады; ауылдық (селолық) жерлерде орналасқан объектілердің қорғалуына тексеру жүргізеді; қарамағынан тыс қорғау қаражаты есебінен ұсталатын милиция бөлімшелерінің орналасу нарядтарын жасайды, қарамағындағы қорғау бөлімшелеріне инспекциялау жүргізеді.

17. Өрт хауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында ішкі істер бөлімі:

а) өрттерді болғызбауға, адамдардың хауіпсіздігін қамтамасыз етуге және ауданда (қалада) өрттер мен тұтануларды ойдағыдай өшіруді қамтамасыз ететін жағдайлар жасауға бағытталған шаралардың жүргізілуін ұйымдастырады;

б) үйлер мен құрылыстарды жобалау, салу, қайта құру кезінде өртке қарсы талаптардың, құрылыс нормалары мен ережелерінің сақ-

талуына бақылауды жүзеге асырады, кәсіпорындарды, үйлер мен құрылыстарды пайдалануға қабылдау жөніндегі мемлекеттік комиссияларға қатысады;

в) халық шаруашылығы объектілерінде және халық арасында өртке қарсы насихат жүргізеді; кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға жұмысшыларды, қызметшілер мен оқушыларды өрт хауіпсіздігіне оқытуды ұйымдастыруда көмек көрсетеді;

г) өрттер туралы және өрт хауіпсіздігі ережелерін бұзу туралы істер бойынша қолданылып жүрген заңдарға сәйкес анықтама жүргізеді;

д) халық шаруашылығы объектілерінде өртті табудың және сөндірудің автоматты қондырғыларын қолданылып жүрген нормаларға сәйкес енгізуге көмектеседі.

18. Ішкі істер бөлімі бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалардың орындалуын қамтамасыз етеді. Бұл мақсаттарда шартты түрде сотталғандардың, шартты түрде босатылғандардың және түзеу жұмыстарына сотталғандардың мінез-құлқын қадағалауды белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырады, шаруашылық органдардың әкімшілігімен бірлесе отырып адамдардың осы категорияларымен саяси-тәрбие, оперативті-профилактикалық жұмыс ұйымдастырады; бақылау комиссияларымен және жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссиялармен, халық депутаттарының қалалық, аудандық Советтері атқару комитеттерінің халықты еңбекке орналастыру және информация жөніндегі бюроларымен және басқа қоғамдық ұйымдармен және еңбек коллективтерімен бірлесе отырып бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және арнаулы комендатуралардың есебінен шығарылған адамдарды еңбекке және тұрмыстық орналастыруға көмек көрсетеді [1].

Ішкі істер бөлімі қызметін ұйымдастырудың негіздері

20. Халық депутаттарының аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советі атқару комитетінің ішкі істер бөлімін бастық басқарады, оны жоғары тұрған ішкі істер органы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. Бөлім бастығын тағайындау мен босатуды халық депутаттарының тиісті аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советінің сессиясы бекітеді.

21. Аудандық, қалалық, қаладағы аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасарын жоғары тұрған ішкі істер бөлімі тағайындайды және оны халық депутаттарының тиісті жергілікті Советінің атқару комитеті бекітеді.

Халық депутаттарының тиісті Советінің атқару комитеті ішкі істер бөлімі бастығының орынбасарынан басқа милиция бөлімдерінің бастықтары және учаскелік милиция инспекторлары қызметіне халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советі атқару комитетінің ішкі істер басқармасы тағайындаған қызметкерлерді де бекітеді [2].

22. Ішкі істер бөлімінің жұмысы перспективалық, ағымдық және арнаулы жоспарлар негізінде жүргізіледі. Оларда бөлімнің, оның қызметінің, бөлімшелерінің міндеттері мен ол міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін шаралар белгіленеді.

---

[1] 17 және 18-пункттерге Қазақ ССР Министрлер Советінің 1980 ж. 31 январьдағы № 45 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1980 ж., № 3, 11-ст.). Осы қаулымен 17-пункт «д» тармағымен толықтырылған.

[2] 20-және 21-пункттерге Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 ж., 13 ноябрьдегі № 448 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1985 ж., № 1, 2-ст.).

23. Ішкі істер бөлімі қоғамдық тәртіпті қорғау және қылмысқа қарсы күрес міндеттерін шешкен кезде жұмысын СССР Ішкі істер министрлігі регламенттейтін штаттан тыс қызметкерлердің, ерікті халық жасақтарының, жасақшылардың оперативті комсомол отрядтарының және басқа қоғамдық құрамалардың көмегін пайдаланады.

24. Ішкі істер бөлімі ауданда, қалада, қаладағы ауданда жасалған қылмыс пен әкімшілік тәртіп бұзушылықтың жайы, құрылымы мен динамикасы туралы, тәртіп бұзушылардың жеке басы туралы, тәртіп бұзушылықты болдырмайтын шаралардың нәтижелілігі жөнінде информацияны жинақтайды және талдайды [1].

25. Ішкі істер бөлімі оперативтік жағдай туралы және қоғамдық тәртіпті онан әрі нығайту мен қылмысқа қарсы күресті күшейту жөніндегі информацияны жергілікті партия және совет органдарына үнемі тапсырып отырады.

Ішкі істер бөлімі қылмысқа қарсы күрестің, қоғамдық тәртіпті қорғаудың, өрт хауіпсіздігінің жеке мәселелері, сондай-ақ бөлім қызметкерлерінің жұмыс жағдайын жақсарту жөніндегі ұсыныстарды жергілікті партия және совет органдарына енгізеді.

26. Халық депутаттарының аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советі атқару комитетінің ішкі істер бөлімі өз жұмысы туралы халық депутаттарының тиісті Советі, оның атқару комитеті, сондай-ақ жоғары тұрған ішкі істер органдары алдында есеп береді.

27. Ішкі істер бөлімі еңбек коллективтерінің және азаматтардың тұрғылықты жерлеріндегі жиналыстарында учаскелік милиция инспекторларының есеп беруін ұйымдастырады [1].

28. Ішкі істер бөлімі оперативтік-іздестіру мен тергеу жұмысының жайы мен нәтижелері жөнінде жоғары тұрған ішкі істер органының алдында есеп береді.

Ішкі істер бөлімі бастығының праволары мен міндеттері

29. Ішкі істер бөлімінің бастығы бөлім қызметіне басшылық етеді, әрі аудандық, қалалық, қаладағы аудандық милицияның бастығы болып табылады және бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуы, барлық қызметтердің дұрыс ұйымдастырылуы үшін дербес жауап береді, сондай-ақ СССР Ішкі істер министрлігінің ішкі әскер бөлімшелерімен өзара бірлесіп іс-әрекет жасалуын ұйымдастырады [1].

Ішкі істер бөлім бастығының мынадай праволары бар:

а) өз қызметінің шеңберінде, тергеушінің процессуалдық әрекеттері мен оның қылмыстық істер бойынша шешімдеріне байланысы жоқ ұсыныстардан басқа бөлімнің барлық қызметкерлерінің орындауларына міндетті бұйрықтар шығаруға және нұсқаулар беруге;

б) қатардағы және кіші бастықтар құрамындағы адамдарды, сондай-ақ республикалық Ішкі істер министрлігі белгілеген лауазымдық тізімдерге сәйкес жұмысшылар мен қызметшілерді белгілеуге, ауыстыруға және босатуға; жоғары тұрған ішкі істер органына өзіне бағынатын қалған қызметкерлерді тағайындау, ауыстыру және босату жөнінде ұсыныстар енгізуге;

в) өзінің орынбасарларының, қызмет басшыларының міндеттері мен тиісті бөлімшелердің қызметі үшін олардың жауапкершіліктерін, сондай-ақ бөлімнің басқа қызметкерлерінің міндеттерін белгілеуге;

---

[1] 23, 24, 26, 27-пункттерге және 29-пункттің бірінші абзацына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 ж. 13 ноябрьдегі № 448 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1985 ж., № 1, 2-ст.).

г) оперативтік жағдайды ескеріп, бөлім қызметкерлеріне жұмыс күнінің тәртібін белгілеуге;

д) СССР Ішкі істер министрлігінің тәртіп уставына сәйкес қарамағындағы қызметкерлерді, олардың жұмыстағы табыстары үшін сыйлықтар беруге; халық депутаттары аудандық (қалалық) Советі атқару комитеті мен жоғары тұрған ішкі істер органдарының алдында өте үздік шыққан бөлім қызметкерлеріне сыйлықтар беруге өтініш жасауға;

е) қатардағы және басшылар құрамындағы адамдарға СССР Ішкі істер министрлігінің тәртіп уставында белгіленген тәртіп жазаларын беруге;

ж) жоғары тұрған ішкі істер органының алдында тергеушілерге сыйлық беру және жазалау жөнінде өтініш жасауға;

з) еңбек жөніндегі заңдарға сәйкес бөлім жұмысшылары мен қызметшілеріне сыйлау және жазалау шараларын қолдануға;

и) СССР Ішкі істер министрлігі белгілеген тәртіппен жасы 18-ден асқан СССР азаматтарына куәліктер беріп, бөлімге штаттан тыс қызметкерлер етіп қабылдауға;

к) қылмысқа қарсы күреске, қоғамдық тәртіпті қорғауға, өртті болдырмау мен сөндіруге белсенді қатысқаны үшін штаттан тыс қызметкерлер мен жеке азаматтарға сыйлық беруге;

л) қылмысқа қарсы күресте, қоғамдық тәртіпті қорғауда немесе өртпен күресте ерекше көзге түскен бөлімнің штаттан тыс қызметкерлеріне, халық жасақшыларына, сондай-ақ жеке азаматтарға сыйлық беру жөнінде халық депутаттары тиісті жергілікті Советі атқару комитетінің жоғары тұрған ішкі істер органының, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар басшыларының алдында өтініш жасауға [1];

м) әкімшілік право тәртіптерін бұзған азаматтарды қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жазалауға, сондай-ақ осындай тәртіп бұзушылық туралы материалдарды халық судьясының жолдастық сот немесе еңбек коллективінің қарауына жолдауға;

н) қажет болған жағдайда, қылмыстық істер жүргізу заңдарына сәйкес қабылданған тергеушінің шешімдерінен басқа өзіне бағынатын қызметкерлерінің қызмет міндеттерін орындаған кезде қабылдаған шешімдерін бұзуға;

о) ішкі істер бөлімі бастығының қызмет бабына жататын басқа да мәселелерді шешуге.

---

[1] 29-пункттің «л» тармағына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 ж. 13 ноябрьдегі № 448 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1985 ж., № 1, 2-ст.).

ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ЖАНЫНДАҒЫ ВЕДОМСТВОДАН ТЫС ҚОРҒАУ БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ КӘСІПОРЫНДАРДЫ, МЕКЕМЕЛЕРДІ, ҰЙЫМДАР МЕН БАСҚА ДА ОБЪЕКТІЛЕРДІ ҚОРҒАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРҒАНЫ ҮШІН ТАРИФТЕР ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1977 жылғы 9 августағы
№ 383 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1977 ж., № 17, 79-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Кәсіпорындарды, мекемелерді, ұйымдар мен басқа да объектілерді қорғағаны үшін тарифтер № 1 қосымшаға сәйкес, сондай-ақ қорғалатын объектілердің категориялар бойынша классификациясы № 2 қосымшаға сәйкес бекітіліп, ішкі істер органдары жанындағы ведомстводан тыс қорғау қызметкерлеріне еңбекақы төлеуді жаңа шарттарға көшірген кезден бастап қолданылсын.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1977 жылғы 9 августағы № 383
қаулысына № 1

ҚОСЫМША

ҚАЗАҚ ССР-інің ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ЖАНЫНДАҒЫ ВЕДОМСТВОДАН ТЫС ҚОРҒАУ БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ КӘСІПОРЫНДАРДЫ, МЕКЕМЕЛЕРДІ, ҰЙЫМДАР МЕН БАСҚА ДА ОБЬЕКТІЛЕРДІ ҚОРҒАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРҒАНЫ ҮШІН ТАРИФТЕР

Объектілер	Өлшем единицасы	Объектілер категориясы					
		1	2	3	4	5	6
Орталықтандырылған бақылау пульттеріне қосылғандар	бір сағат үшін тиын есебімен	17	14	12	10	7	6
Күзетшінің пәтеріне сигнализация орната отырып (үйден қорғау)		47	47	47	47	47	47
Айналып жүретін милициялық және күзеттік қорғаумен қорғалатындар							
сигнализациямен жабдықталмағандар	»	35	28	24	20	15	13
сигнализациямен жабдықталғандар	»	33	26	23	19	14	12
Тұрақты күзеттік қорғау	постыда тұрған әр сағаты үшін тиын есебімен						
бақылау — өткізу пункті барлары		72	72	72	72	72	72
бақылау-өткізу пункті жоқтары		68	68	68	68	68	68
Әскери күзетпен қорғау	Постыда тұрған әр сағаты үшін сом және тиын есебімен	1—03	1—03	1—03	1—03	1—03	1—03

[1] 2-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

Объектілерді еркін қарауылдау постыларына, блок-постылар мен ит бір орында байлаулы тұратын постыларға қойылатын қарауыл иттерімен қорғаганы үшін айына қорғау бөлімшелерінің балансында тұратын бір ит үшін 58 сом, жалға алынатын бір ит үшін 20 сом ақы алынады.

Ведомстводан тыс қорғау мекемесі қорғамайтын объектілерде орнатылған өрттен қорғау құралдарын техникалық күткені үшін ақы өрттен қорғау сигнализациясы қондырғысының бір комплектісі үшін айына 9 сом мөлшерінде алынады.

Ескертулер:

1. Қорғау түрінің өзгерістері (тұрақты қорғауды айналып жүрумен ауыстыру, сондай-ақ басқа өзгерістер) календарьлық жыл біткеннен кейін тарифті де өзгертеді.

2. Ішкі істер органдары жанындағы ведомстводан тыс қорғау қызметкерлерінің жалақысына шөл және сусыз жерлерде жұмыс істегені үшін коэффициент белгіленген жерлерде объектілерді қорғаганы үшін тарифтер сол қолданылып жүрген коэффициенттерге сәйкес тариф құрамындағы жалақының сыбағалы бөлігіне арттырылады.

Қазақ ССР Министрлер Советінің 1977 жылғы 9 августағы № 383 қаулысына

№ 2 ҚОСЫМША

ҚАЗАҚ ССР-інің ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ЖАНЫНДАҒЫ ВЕДОМСТВОДАН ТЫС ҚОРҒАУ МЕКЕМЕЛЕРІ ҚОРҒАЙТЫН ОБЪЕКТІЛЕРДІҢ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ

1. Ішкі істер органдары жанындағы ведомстводан тыс қорғау мекемелері кәсіпорындарды, мекемелерді, ұйымдарды, сондай-ақ сауда, шаруашылық, әкімшілік және басқа объектілерді қорғауды жүзеге асырады.

Шаруашылық органдары мен милиция органдары жанындағы қорғау мекемелерінің арасында объектілерді қорғауға арнап шарттар жасалынады, оларда Қазақ ССР Министрлер Советі бекіткен тарифтерге сәйкес ақы алу мөлшері көзделеді.

2. Товар-материалдық құндылықтар жинақталған үй (жай) немесе жер учаскесі қорғау объектісі болып саналады.

Өндірістік кәсіпорын (завод, фабрика, комбинат), құрылыс алаңы (учаскесі), олардың территориясында орналасқан және өздеріне қарасты барлық үй-жайларымен қоса алганда, қойылатын постылардың санына қарамастан, бір қорғау объектісі болып саналады.

Кәсіпорындардың, құрылыс алаңдарының территориясында орналасқан, бірақ оларға қарамайтын магазиндер, палаткалар, асханалар, қоймалар мен басқа да объектілер дербес қорғау объектілері болып саналады.

Кәсіпорындарға және құрылыс алаңдарына қарайтын, бірақ олардың территориясында орналаспаган филиалдар мен басқа да объектілер де дербес қорғау объектілері болып саналады.

Базалар, магазиндер, ательелер, шеберханалар, гараждар, мекемелер, аптекалар, ресторандар, асханалар және басқа осындай объектілер оларға қарасты бірге немесе жанасарлас үй-жайларда орналасқан қоймалармен, қамбалармен, буфеттермен қоса бір қорғау объектісі болып саналады.

Жоғарыда аталған қорғау объектілеріне қарайтын, бірақ жеке үй-

жайларда орналасқан қоймалар, қамбалар, буфеттер мен басқада көмекші үй-жайлар дербес қорғау объектілері болып саналады.

Базалардың территорияларында орналасқан қоймалар, мұздықтар мен басқа да объектілер, сондай-ақ рыноктардың территорияларында орналасқан және бөлек үй-жайларға немесе бір үй-жайға жайғастырылған, бірақ кіретін есігі басқа, түрлі материалдық жағынан жауапты адамдар жұмыс істейтін сауда және қойма үй-жайлары, тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындары мен басқа да кәсіпорындар дербес қорғау объектілері болып саналады.

3. Объектілердің маңызына, сипаты мен қорғау жағдайларына қарай олардың категориялар бойынша мынадай классификациясы белгіленеді:

Объектілердің категориялар бойынша классификациясы	Объектілердің аты
Бірінші	өнеркәсіп, транспорт, құрылыс, кәсіпорындары, ұйымдары мен тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындары, сондай-ақ сауда, жабдықтау базалары мен орталық қоймалар, универмагтар, маманданған өнеркәсіп товарлары магазиндері, ломбардтар, зергерлік, комиссиялық, гастрономиялық магазиндер, универсамдар, ресторандар, тұрмыс үйлері мен аудандық тұрмыс комбинаттары.
Екінші	бірінші категориялы объектілерге жатқызылмаған өнеркәсіп товарлары магазиндері, мәдени товарлар, галантерея, электр-радио товарлары, мебель, аралас товарлар магазиндері, қоймалардың барлық түрлері, киім тігетін шеберханалар мен ательелер, сондай-ақ кәсіпорындардың, құрылыс алаңдарының территориясынан тыс жерге орналасқан, өнеркәсіп және азық-түлік товарларын өндіретін цехтар.
Үшінші	әкімшілік үйлері, ғылыми-зерттеу және жобалау институттары, лабораториялар, машина-есептеу станциялары, оқу орындары, ДОСААФтың клубтары мен тирлері, спорт және мәдени-ағарту мекемелері, музейлер, көркемсурет галереялары, гараждар, түрлі жөндеу шеберханалары мен ательелер (ұсақ жөндеу жұмыстарын жүзеге асыратындарын қоспағанда), прокат және химиялық әдіспен тазалау пункттері.
Төртінші	азық-түлік магазиндерінің барлық түрлері, шаруашылық товарлары және кітап магазиндері, сондай-ақ аптекалар, моншалар, кір жуатын орындар, тұрмыс қажетін өтеудің қабылдау пункттері.
Бесінші	овощ, кулинария магазиндері мен павильондары, асханалар, үй кухнялары, буфеттер, дәмханалар, кафелер, кафетерийлер, барлар, шайханалар, емханалар, ауруханалар, балалар бақшалары, яслилер, почта бөлімшелері, фотографиялар, шаштараздар, дүкендер, киоскілер, өнеркәсіп товарларының палаткалары, мектептердегі, кәсіптік-техникалық училищелердегі, арнаулы орта оқу орындары мен жоғары оқу орындарындағы қару-жарақ бөлмелері.
Алтыншы	азық-түлік, сыра, темекі, кітап сататын палаткалар, дүкендер мен киоскілер, ұсақ жөндеу және жедел жөндеу шеберханалары, сондай-ақ рыноктарда орналасқан палаталар мен дүкендердің, киоскілердің барлық түрлері.

Ескертулер: 1. Аудандық, қалалық атқару комитеттерінің үйлерін қорғаганы үшін ақы алған кезде Қазақ ССР Министрлер Советінің 1969 жылғы 8 июльдегі № 428—28 қаулысы басшылыққа алынсын.

2. Осы классификацияда көрсетілмеген объектілерді тиісті категорияларға жатқызуды келісуші жақтар шарттар жасасқан кезде жүргізеді.

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ЖАНЫНДАҒЫ ВЕДОМСТВОДАН ТЫС КҮЗЕТ АРҚЫЛЫ АЗАМАТТАРДЫҢ ӨЗІНДІК МҮЛКІМЕН ҚОСА ПӘТЕРЛЕРІН ЖӘНЕ БАСҚА ҮЙ-ЖАЙЛАРЫН КҮЗЕТУ ТУРАЛЫ ҮЛГІ ШАРТТЫ БЕКІТУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1983 жылғы 21 декабрьдегі
№ 484 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1984 ж., № 3, 5-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Ішкі істер органы жанындағы ведомстводан тыс күзет арқылы азаматтардың өзіндік мүлкімен қоса пәтерлерін және басқа үй-жайларын күзету туралы осыған қосылған үлгі шарт бекітілсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1983 жылғы 21 декабрьдегі № 484
қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНЫ ЖАНЫНДАҒЫ ВЕДОМСТВОДАН ТЫС КҮЗЕТ АРҚЫЛЫ АЗАМАТТАРДЫҢ ӨЗІНДІК МҮЛКІМЕН ҚОСА ПӘТЕРЛЕРІН ЖӘНЕ БАСҚА ҮЙ-ЖАЙЛАРЫН КҮЗЕТУ ТУРАЛЫ ҮЛГІ-ШАРТ

_____ _____19 ж. қаласы_____

Бір тараптан _____
(ішкі істер органы жанындағы ведомстводан тыс күзет бөлімі,
_____
бөлімшесі, адресі, телефон номері)

бұдан былай «күзет» деп аталатын _____
(қызметі,
_____
фамилиясы, аты, әкесінің аты)

атынан және екінші тараптан _____
(толық адресі)

_____тұратын мүлік иесі _____
(фамилиясы, аты

_____ үй телефоны _____, қызмет
әкесінің аты)

телефоны _____ осы шартты төмендегі туралы жасасты.

Жалпы ережелер

1. Мүлік иесі бұдан былай «объект» деп аталатын, үй иесінің немесе оның семья мүшелерінің мүлкі тұрған пәтерді немесе басқа үй-жайларды өткізеді, ал күзет оны күзетуге қабылдап алады.

[1] 2-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

Объектіні күзетуге қабылдап алған шақтан бастап оны күзетуді тоқтатқанға дейінгі уақыт күзетілетін кезең деп саналады.

2. Күзетуге қабылданған объект күзеттің техникалық құралдарымен жабдықталып, орталықтандырылған күзет жүйесіне қосылады.

3. Подъездің, холлдардың және баспалдақ алаңдарындағы есіктерде милиция нарядтарының күзетілетін объектінің кірме есіктеріне еркін кіруіне бөгет жасайтын құлыптар (кодтыларынан басқа) болмауға тиіс.

4. Күзетке терезелері, форточкалары, кірме және балкон есіктері мен олардағы ілмектер түзік объектілер қабылданады.

5. Күзеттің техникалық құралдарымен жабдықтауға жататын біреу-міреу еніп кетуі мүмкін жерлерді (есіктерді, терезелерді және с. с.) күзет тексеру жолымен анықтайды.

Мүлік иесінің объектіге біреу-міреу еніп кетуі мүмкін жерлерін күзеттің техникалық құралдарымен жабдықтаудан бастартуы шартта ескертіледі.

6. Шарт объектіні күзеттің техникалық құралдарымен жабдықтағаннан және олардың жұмыс істейтінін бақылап, тексергеннен кейін жасалады.

7. Шарт объектідегі мүлікті қарап, хаттамастан жасалады. Мүлік иесі оның құнын бір таранты тәртіп бойынша белгілейді.

8. Объектіні күзеттің техникалық құралдарымен жабдықтау жөніндегі шығындарды өтеуді және күзет ақысын төлеуді мүлік иесі қызметтің осы түрлеріне арналып бекітілген нарықтарға сәйкес есеп айырысу кітапшалары бойынша жинақ кассалары арқылы жүргізеді.

9. Күзет ақысы ай сайын (күзеткен нақты уақытқа қарамастан) төленеді және мүлік иесі оны үстіміздегі айдың 15-нен кешіктірмей төлеп отырады.

Мүлік иесі күзетудің алғашқы айы үшін ақыны, егер шартқа үстіміздегі айдың 15-іне дейін қол қойылса, айлық ақының толық көлемінде, егер шартқа 15-інен кейін қол қойылса, осы ақы сомасының 50 процентін төлейді.

10. Күзет сигнализациясы берілген ретте объектіні ашып, тексеруді күзет куәлардың қатысуымен жүзеге асырады және тиісті актімен ресімдейді.

11. Күзет ұрлықтың салдарынан болған материалдық залалды мүлік иесі ұрланған мүліктің тізімімен қоса ұрлықтың болу фактісі туралы тергеу органдарының анықтамасын табыс етуі бойынша өтейді.

Үй мүлкі заттары ұрланған ретте осы заттардың қолданылып жүрген бөлшек сауда бағаларына сүйеніп есептелген құны (тозуын есепке алып) залал деп саналады. Егер жекелеген заттардың мемлекеттік бөлшек сауда бағалары болмаса, олардың құны аттас заттардың қолданылып жүрген бағаларына орайластырылып белгіленеді.

Күзетілетін объектідегі ұрлықтың салдарынан болған залалды күзет мүлік иесі күзет туралы шарт жасасқан кезде көрсеткен оның бағалау сомасы шеңберінде өтейді.

12. Мүлік иесі мен күзет арасындағы шарттың талаптары бойынша даулары жөнінде күзеттің жоғары тұрған ұйымына, ал залалды өтеу жөнінде — сотқа шағымдануға болады.

Күзеттің міндеттері

13. Күзеттің міндеті мыналар:

а) объектіні күзеттің техникалық құралдарымен жабдықтау;

б) күзетілетін уақытта объектіге бөгде адамдардың кіруіне жол бермеу;

в) күзеттің техникалық құралдары мүлік иесінің кінәсынан істен шыққаннан басқа реттерде оларды пайдалану күтімін жасау мен жөндеуді өз есебінен жүзеге асыру;

г) объектінің кірме есігі кілттерінің дубликаттарын сақтауды қамтамасыз ету;

д) күзеттің техникалық құралдарын пайдалану ережелері туралы естеліктемені немесе нұсқауды мүлік иесіне беру.

Мүлік иесінің міндеттері

14. Мүлік иесінің міндеті мыналар:

а) өзінің қызмет телефоны мен сенген адамының телефоны өзгергені туралы күзетке хабарлау;

б) күзеттің техникалық құралдарында байқалған ақаулар туралы күзетке дереу хабарлау;

в) күзет ақысын уақтылы төлеп тұру;

г) объектіні бір айдан астам мерзімге күзетуге өткізген ретте күзетудің бүкіл болжамды мерзімі үшін ақыны күзетуге өткізерге дейін төлеу;

д) объектіге бөгде адамдардың кірген іздерін байқағаны туралы күзетке дереу хабарлау;

е) шартты бұзған күннен бастап бір апта мерзім ішінде күзеттің техникалық құралдарын оған өткізу;

ж) ұрланған мүлікті қайтарған кезде оның залалды өтеу ретінде алынған құнының сомасын бір ай мерзім ішінде күзетке қайтару;

з) объектінің кірме есігі кілттерінің дубликаттарын күзетке өткізу;

и) күзеттің техникалық құралдарын пайдалану ережелері мен объектіге берілген пульт номерін бөгде адамдарға жарияламау;

к) объектіні күзетке өткізер алдында терезелердің, форточкалардың, есіктердің ілмектері берік жабылғанын, сондай-ақ электр және газ приборларының сөндірілгенін мұқият тексеру;

л) объектіні күзетке өткізген кезде күзет сигнализациясының жұмыс істеуін пультке объектіні күзетуге байқау ретінде тапсыру жолымен алдын ала тексеру;

м) күзетіліп тұрған объектіні ашқан кезде күзет қызметкеріне — телефон арқылы дереу хабарлау;

н) объектіні екі тәуліктен астам мерзімге күзетуге өткізгені туралы күзетті хабардар ету;

о) күзеттің техникалық құралдарын пайдалану ережелері туралы естеліктемені немесе нұсқауды қатаң басшылыққа алу.

Күзеттің жауапкершілігі

15. Күзет ұрлықтың салдарынан болған материалдық залалды мүлік иесі күзету туралы шарт жасасқан кезде көрсеткен оның бағалау сомасы шеңберінде бір ай мерзім ішінде өтейді.

Күзет ұрланған ақша қаражаттары үшін залалды 200 сомға дейінгі және зергерлік бұйымдар үшін — 1000 сомға дейінгі мөлшерде өтейді.

Күзет ұрланған коллекциялар, бағалы қағаздар, қолжазбалар және «Ұсынушыға» жинақ кітапшалары үшін материалдық жауап бермейді.

16. Күзет мыналар үшін материалдық жауапкершіліктен босатылады:

а) өрт немесе стихиялық апат салдарынан болған залал үшін;

б) мүлік иесі күзеттің техникалық құралдарымен жабдықтаудан

бас тартқан жерлер арқылы объектіге ену жолымен жасалған ұрлық үшін;

в) егер ұрлық күзетілмейтін уақытта жасалса;

г) егер ұрлық техникалық себептер бойынша күзет уақытша жүзеге асырыла алмайтын кезде жасалса, ол туралы мүлік иесіне не сенген адамына объектіні күзетке тапсырған шақта ескертілген болса;

д) мүлік иесі осы шарттың 3, 4 тармақтары мен 14-тармақтың «б», «и», «к», «л» тармақшаларын орындамаған реттерде.

Мүлік иесінің жауапкершілігі

17. Мүлік иесі күзеттің иелігіндегі, объектіде орнатылған күзеттің техникалық құралдарының сақталуына материалдық жауап береді.

18. Егер техникалық құралдар мүлік иесінің, оның семья мүшелерінің немесе сенген адамының кінәсынан істен шыққа, мүлік иесі оларды жөндеу жөніндегі шығындарды төлеуге міндетті.

Күзеттің праволары

19. Күзеттің мынадай правосы бар:

а) «дабыл» белгісі келіп түскен жағдайда объектіні кілттердің дубликаттарымен ашып, оны тексеруге;

б) мынадай реттерде шартты бұзуға:

— егер мүлік иесі күзет ақысын төлеу жөнінде дәлелсіз себеппен қарыздар болса;

— егер күзеттің техникалық құралдары мүлік иесінің кінәсынан істен шыққа немесе күрделі жөндеуді талап ететін болса, ал ол бұларды жөндеу жөніндегі шығындарды төлеуден бастартса;

— объектіні одан әрі күзетуге кедергі келтіретін техникалық себептер (телефон номерінің ауысуы, телефонды қосарланған схемаға қосу немесе оны қайта қосу, орталықтандырылған күзет пунктінің жойылуы және с. с.) пайда болса;

— егер мүлік иесі (оның семья мүшелері немесе сенген адамы) бір жыл ішінде шарттың талаптарын үш және одан көп бұзуға жол берсе;

— осы шарттың 3-тармағында және 14-тармағының «з» тармақшасында ескертілген талаптары бұзылса.

Мүлік иесінің праволары

20. Мүлік иесінің мынандай правосы бар:

а) шартты бұзу туралы күзетке жазбаша хабарлай отырып оны қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін бұзуға;

б) осы шарттың 14-тармағының «а», «б», «д», «з», «и», «к», «л», «м», «н», «о» тармақшаларында көрсетілген міндеттерді орындай отырып объектіге кіру, күзеттің техникалық құралдарын пайдалану правосын сенген адамына беруге.

Шарттың қосымша талаптары

21. Сенген адамы _____

_____

(фамилиясы, аты, әкесінің аты, адресі)

_____

Телефондары: үйінікі _____ , қызметінікі _____

22. Мүлік иесі өз мүлкін _____

_____сомға бағалады.

23. Объектіні күзету ақысы айына _____

сом _____тиын.

24. Мүлік иесі күзеттің техникалық құралдарымен _____

_____жабдықтаудан бастартты.

25. Сенген адамы ауыстырылған, мүліктің бағалау сомасы немесе шарттың басқа талаптары өзгерген ретте шарт қайта ресімдеуге жатады.

26. Осы шарт бір жыл мерзімге жасалады және шартқа қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап күшіне енеді. Егер шарттың қолданылу мерзімінің бітуіне бір ай қалғанға дейін тараптардың бірде-бірі оны тоқтатуды немесе қайта жасасуды талап етпесе, ол бұрынғы шарттар негізінде және сол мерзімге күшінде қалады.

Шартқа қол қойғандар:

күзеттің өкілі	мүлік иесі
_____	_____
(қызметі)	(фамилиясы, аты,
_____	_____
(фамилиясы, аты, әкесінің аты)	әкесінің аты)

_____19 ж.

§ 3. ПАСПОРТ ЖҮЙЕСІ

ПАСПОРТ РЕЖИМІ ЖӨНІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ ИНСПЕКТОРЛАР ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1964 жылғы 2 сентябрьдегі
№ 616 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Үкіметінің Ведомостары, 1964 ж., № 45)

Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

Паспорт режимі жөніндегі қоғамдық инспекторлар туралы осыған косылған Ереже бекітілсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1964 жылғы 2 сентябрьдегі № 616
қаулысына
ҚОСЫМША

ПАСПОРТ РЕЖИМІ ЖӨНІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ ИНСПЕКТОРЛАР ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Қазақ ССР-інің қалаларында, жұмысшы поселкелерінде және елді мекендерінде паспорт режимін нығайту жұмысына жұртшылықты қатыстыру мақсатымен халық депутаттарының жергілікті Советтерінің милиция бөлімдерінің (бөлімшелерінің) жанынан паспорт режимі жөніндегі қоғамдық инспекторлар топтары құрылады.

2. Паспорт режимі жөніндегі қоғамдық инспекторлар 18 жасқа толған озат жұмысшылардан, қызметшілерден, колхозшылардан және басқа адамдардан еңбек коллективтерінің, тұрғын үй басқармалары тұрғындарының немесе елді мекендер тұрғындарының жалпы жиналыстарында дауысты ашық беру жолымен жай көпшілік дауыспен сайланады немесе қоғамдық ұйымдар арқылы ұсынылады.

3. Паспорт режимі жөніндегі қоғамдық инспекторларға милиция органдары өздері белгілеген үлгіге сай куәлік береді.

4. Паспорт режимі жөніндегі қоғамдық инспекторлар кәсіпорындардың, ұйымдардың әкімшілігімен, үйлердің, көшелердің, кварталдардың комитеттерімен, ерікті халық жасақтарымен, жолдастық соттармен, сол сияқты үй басқармаларымен, үйлердің және жатақханалардың комендантарымен тығыз байланыс жасай отырып, өздеріне бекітілген учаскелерде жұмыс жүргізеді.

5. Қоғамдық инспекторлар өздерінің жұмыстарында паспорт туралы заңдарды, халық депутаттарының жергілікті Советтерінің шешімдерін және осы Ережені басшылыққа алады.

6. Паспорт режимі жөніндегі қоғамдық инспекторлардың паспорт режимі тәртібін орындауды бақылап отыруға байланысты барлық жұмысына милиция органдары жөн сілтеп отырады. Милиция органдарының бұл мәселелер жөніндегі нұсқаулары қоғамдық инспекторлар үшін міндетті болып табылады. Қоғамдық инспекторлардың жұмысын үйлестіріп, қорытып отыру үшін паспорт режимі жөніндегі қоғамдық инспекторлардың советі құрылуы мүмкін.

7. Паспорт режимі жөніндегі қоғамдық инспекторлар өздерінің міндеттерін жұмыстан қолы бос уақытта орындайды және өздерінің жұмысы туралы милиция органдарына, өздерін осы жұмысқа ұсынған еңбек коллективтері мен қоғамдық ұйымдарға мезгіл-мезгіл хабарлап отырады.

8. Паспорт режимі жөніндегі қоғамдық инспектор:

а) паспорт режимі, әскери есеп ережелерін және азаматтық хал актілерін тіркеудің негізгі ережелерін білуге, совет заңдарын орындау және социалистік тұрмыс ережелерін орындау жөнінде өз басы үлгіөнеге көрсетуге міндетті;

б) азаматтардың және қызмет адамдарының паспорт режимі ережелерін орындауына бақылау жасауға, паспорт режимін қатаң сақтаудың маңызы туралы халық арасында түсінік жұмысын жүргізуге міндетті;

в) мекемелерде, кәсіпорындарда, оқу орындарында, қонақ үйлерде, санаторийлерде, демалыс үйлерінде, жатақханаларда, жеке меншікті үйлерде паспорт режимі ережелерінің орындалуына тексеру жүргізіп отыруға міндетті;

г) паспорт режимі ережелерінің бұзылғанын ашқанда, оны дереу түзеуді талап етуге, ал қажет болған реттерде паспорт режимі ережелерінің бұзылғаны туралы милиция органдарына хабарлауға міндетті. Егер ашылған тәртіп бұзушылық әкімшілік жолымен жауапқа тартуға жататын болса, бұл туралы белгіленген үлгі бойынша протокол жасауға және оны милиция органдарына табыс етуге міндетті;

д) паспорттағы жазулардың жөнделгенін және басқа кемшіліктерді, сол сияқты заң бойынша алынуға тиісті паспорттарды анықтаса, бұл туралы қажетті шаралар қолдану үшін милиция органдарына хабарлауға міндетті.

9. Қоғамдық инспектор өз міндеттерін атқарған кезде куәлігін өзімен бірге ала жүруге және қажет болған жағдайда оны көрсетуге тиіс.

10. Паспорт режимі жөніндегі қоғамдық инспектор азаматтардың паспорт жүйесіне байланысты хаттары мен арыздарын тексеру сияқты басқа да кейбір жеке тапсырмаларды орындауға қатысуы мүмкін.

11. Паспорт режимі жөніндегі қоғамдық инспектордың:

а) тексеру жүргізген кезде азаматтардан паспортын немесе оның орнына жүретін басқа документтерін көрсетуді талап етуге правосы бар;

б) паспорт режимінің орындалуын тексерген кезде азаматтардан

және басқа қызмет адамдарынан үй книгаларын, тіркеу журналдарын көрсетуді талап етуге және қажетті түсінік алуға правосы бар.

12. Егер өте қажет болмаса және қоғамдық тәртіпті сақтау мүддесіне нұқсан келтірмейтін болса, паспорт режимі жөніндегі қоғамдық инспекторға түнгі уақытта тексеру жүргізуге, азаматтардың паспортын алуға, паспорт режимін бұзған адамдарды ұстауға және милиция органдарына әкелуге тыйым салынады.

13. Жұмысты қанағаттанғысыз орындаса, мінез-құлқы лайықсыз болса, қоғамдық міндеттерін орындаған кезде қызмет бабын пайдаланып қиянат жасаса, милиция органдарының ұсынысы бойынша қоғамдық инспектордың жұмыстан босатылуы мүмкін.

14. Паспорт режимі жөніндегі қоғамдық инспектор өз міндеттерін атқарған кезде совет заңдарының талаптарын мүлтіксіз басшылыққа алуға, өзіне берілген праволарды орынды пайдалануға және сол праволардың шегінен шықпауға тиіс.

15. Өз міндеттерін үлгілі орындайтын паспорт режимі жөніндегі қоғамдық инспекторларға халық депутаттарының жергілікті Советтерінің атқару комитеттері, кәсіпорындардың және ұйымдардың басшылары алғыс жариялап, грамоталар беріп, бағалы сыйлықтармен наградтап, оларды көтермелеп отырады.

ЖОЛ ЖҮРІСІНІҢ ХАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОСЫМША ШАРАЛАР ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1972 жылғы 29 декабрьдегі
№ 666 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1973 ж., № 2, 9-ст.)

Республика территориясында жол жүрісінің хауіпсіздігін жақсарту мақсатында және СССР Министрлер Советінің 1972 жылгы 20 июльдегі № 539 қаулысын орындау үшін Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

5. Қазақ ССР Оқу министрлігіне, Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің Кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі мемлекеттік комитетіне жалпы білім беретін мектептерде, кәсіптік-техникалық училищелерде, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында жол жүрісінің ережелерін оқыпүйрену жөніндегі қосымша шараларды Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі мен Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетін қатыстыра отырып әзірлеу және жүзеге асыру міндеттелсін.

6. Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігіне жол-транспорт оқиғаларында, әсіресе кешкі, түнгі кездерде, мереке және демалыс күндерінде зардап шеккендерге дер кезінде дәрігерлік көмек көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі шараларды әзірлеп, республиканың мүдделі министрліктерімен, ведомстволарымен келісіп алғаннан кейін бекіту тапсырылсын.

8. Қазақ ССР Ішкі істер министрлігіне қалалар мен басқа да елді мекендерде жол жүрісін реттейтін техникалық құралдарды орнату, пайдалану және енгізу жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру жүктелсін.

Халық депутаттары облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттері, Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі қалалар мен басқа да елді мекендерде жол жүрісін реттейтін техникалық құралдар-

[1] 1—4, 7, 12 және 15-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

16-пункт СССР Министрлер Советінің 1972 ж. 20 июльдегі № 539 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 10-томын қараңыз).

ды орнату, пайдалану және енгізу жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру үшін ішкі істер органдары жүйесінде арнаулы монтаждау-пайдалану бөлімшелерін қосымшада көрсетілген мерзімдерде құратын болсын.

9. Халық депутаттары облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттері:

— қалалар мен басқа да елді мекендерде жол жүрісін реттейтін техникалық құралдарды орнату, пайдалану және енгізу жөніндегі жұмыстарды қазіргі кезде орындап жатқан ұйымдардың жол жүрісін реттейтін техникалық құралдарды (тиісті техникалық документациямен қоса), транспорт құралдарын, арнаулы автомобильдерді, жылжымалы компрессор қондырғыларын, автокрандарды, телескоптық мұнаралар мен басқа да қажетті өндірістік жабдықты, сондай-ақ көрсетілген жұмыстарды орындайтын қызметкерлердің жалақы қорларын осы қаулыға сәйкес құрылатын арнаулы монтаждау-пайдалану бөлімшелеріне ақысыз беруін қамтамасыз етсін;

— қалалар мен басқа да елді мекендерде жол жүрісін реттейтін техникалық құралдарды жобалауға, жасап шығаруға (алуға), орнатуға, пайдалануға, жөндеуге, сондай-ақ арнаулы монтаждау-пайдалану бөлімшелерін ұстауға бюджеттерде арнайы мақсатпен қаржылар көздейтін болсын;

— арнаулы монтаждау-пайдалану бөлімшелерін қызмет үйлерімен қамтамасыз етсін.

Қалалар мен басқа да елді мекендердің жол жүрісін реттейтін техникалық құралдарға деген қажетін халық депутаттары облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттерімен бірлесе отырып Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі анықтайды.

10. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Жабдықтау бас басқармасы, халық депутаттары облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттері осы қаулыға сәйкес құрылатын арнаулы монтаждау-пайдалану бөлімшелері үшін қажетті материалдық-техникалық ресурстарды (кабель өнімдері мен арнаулы автотранспорт құралдарынан басқа) жыл сайын бөлуді көздейтін болсын.

11. Комплексті транспорт схемаларының жобаларын облыстық атқару комитеттері, Алматы қалалық атқару комитеті, Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Мемлекеттік құрылыс комитеті, Қазақ ССР Коммуналдық-шаруашылық министрлігі, Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі, Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігі, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақ темір жолы басқармасы, Қазақ ССР Азаматтық қорғаныс штабы және бас жоспардың авторы — жобалау ұйымы қарап, солармен келісіліп алынады.

13. Қазақ ССР Ішкі істер министрлігіне қажет болған ретте Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігімен келісе отырып, азаматтардың иелігіндегі автотранспорт құралдарын жыл сайын техникалық байқаудан өткізуге осы заманғы бақылау-диагностикалық жабдықпен жарақтанған жекелеген техникалық қызмет көрсету станцияларын қатыстыруға рұқсат етілсін.

14. Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары 1973 жылдан бастап 200 және одан да көп автомобильдері бар барлық ірі автомобиль шаруашылықтарында (автомобиль комбинаттарында) автомобильдердің техникалық жай-күйін бақылау үшін осы заманғы жабдықпен жарақтанған диагностикалық постылар ұйымдастыруды жүзеге асыратын болсын.

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ ЖОЛ ЖҮРІСІНІҢ ХАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1979 жылғы 10 майдағы
№ 197 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1979 ж., № 11, 28-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Жол жүрісінің хауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі комиссия туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1979 жылғы 10 майдағы № 197 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ ЖОЛ ЖҮРІСІНІҢ ХАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Жол жүрісінің хауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі комиссияны [2] Қазақ ССР Министрлер Советі комиссияның председателі, председательдің орынбасары, мүшелері және жауапты секретары құрамында құрады.

2. Комиссияның негізгі міндеттері министрліктердің, ведомстволардың және басқа ұйымдардың жол жүрісінің хауіпсіздігімен байланысты мәселелер жөніндегі қызметін үйлестіру, сондай-ақ жол-транспорт оқиғаларын болдырмау жөніндегі шараларды әзірлеу және жүзеге асыру болып табылады.

3. Комиссия өз қызметінде СССР мен Қазақ ССР-інің заңдарын, СССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының, Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының шешімдерін, СССР және Қазақ ССР Үкіметінің қаулылары мен жарлықтарын, жол жүрісінің хауіпсіздігі саласындағы басқа да нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

4. Комиссияның шешімдері республиканың министрліктері, ведомстволары, кәсіпорындары, ұйымдары мен мекемелері, сондай-ақ халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері жанындағы жол жүрісінің хауіпсіздігі жөніндегі комиссиялар үшін міндетті болып табылады.

5. Комиссия өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

а) жол жүрісінің хауіпсіздігін арттыруға бағытталған шараларды әзірлейді және оларды жүзеге асыруға шаралар қабылдайды;

б) жол жүрісі хауіпсіздігінің Қазақ ССР Үкіметінің шешімін қажет ететін мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлейді және Қазақ ССР Министрлер Советіне енгізеді;

---

[1] 2-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

[2] Бұдан былай текст бойынша «Комиссия».

в) министрліктердің, ведомстволардың және басқа ұйымдардың жол-транспорт оқиғаларын болдырмау мәселелері және олардың зардаптарының ауырлығын жеңілдету жөніндегі жұмыс тәжірибесін қорытып, бұл жұмыстың оңды тәжірибесін таратады;

г) автотранспорттағы, қалалық электр транспортындағы апаттылық себептерін жою және жол жүрісінің хауіпсіздігімен байланысты басқа мәселелер жөнінде шаралар жүргізу туралы республиканың министрліктеріне, ведомстволарына және басқа ұйымдарына ұсыныстар береді;

д) министрліктердің, ведомстволардың, басқа ұйымдардың автотранспортта, қалалық электр транспортында апаттылықты болдырмау мәселелері және жол жүрісінің хауіпсіздігімен байланысты басқа мәселелер жөніндегі ұсыныстарын қарайды, олар бойынша шешім қабылдайды;

е) қажет болған ретте жекелеген министрліктердің, ведомстволардың және басқа ұйымдардың СССР мен Қазақ ССР Үкіметінің жол жүрісінің хауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қаулыларын орындау барысы туралы Қазақ ССР Министрлер Советіне баяндайды;

ж) жол жүрісінің хауіпсіздігін арттыруға бағытталған нормативтік актілерді әзірлеуге белгіленген тәртіп бойынша қатысады;

з) мыналарды ұйымдастырады:

— жол жүрісінің хауіпсіздігі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық конференциялардың, семинарлардың, кеңестердің белгіленген тәртіп бойынша өткізілуін және бұларда қабылданған ұсыныстарды жүзеге асыруға шаралар қолданады;

— баспасөздің, радионың, телевизияның және «Білім» қоғамының көмегімен жол жүрісінің хауіпсіздігін насихаттау жөніндегі жұмысты;

и) халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері жанындағы жол жүрісінің хауіпсіздігі жөніндегі комиссиялардың оңды жұмыс тәжірибесін қорытады және таратады, оларға жол жүрісінің хауіпсіздігіне байланысты мәселелер бойынша методикалық көмек көрсетеді және ұсыныстар береді;

к) балалар мекемелерінде, мектептерде, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында, кәсіптік-техникалық училищелерде жол-транспорттық жарақаттану профилактикасы жөніндегі оқу-тәрбие жұмысының жайын бақылауды жүзеге асырады;

л) өзінің мәжілістерінде зардабы ауыр жол-транспорт оқиғалары жағдайын қарайды және олар жөнінде тиісті шаралар қолданады;

м) қызметі жол жүрісінің хауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне байланысты қоғамдық ұйымдардың жұмысын жетілдіруге көмектеседі;

н) отандық және шетелдік ғылым мен техниканың жол жүрісінің хауіпсіздігі саласындағы жетістіктерін талдайды, бұл жетістіктерді практикаға енгізуге шаралар қолданады.

6. Комиссияның мынадай правосы бар:

СССР Министрлер Советінің, Қазақ ССР Министрлер Советінің жол жүрісінің хауіпсіздігі мәселелері жөніндегі қаулыларының, сондай-ақ Комиссияның шешімдерінің министрліктерде, ведомстволарда және басқа ұйымдарда орындалуы жөніндегі жұмыстың жайымен танысу;

өзінің мәжілістерінде жол жүрісінің хауіпсіздігіне байланысты мәселелер бойынша республиканың министрліктері, ведомстволары және басқа ұйымдары басшыларының хабарларын тыңдау;

республиканың министрліктеріне, ведомстволарына және басқа ұйымдарына Комиссияның қарауына енгізілетін мәселелер бойынша материалдар әзірлеуді тапсыру, бұл ұйымдардан оларды әзірлеу және

Комиссияда қарау үшін қажетті анықтамалық және басқа материалдар алу;

республиканың тиісті министрліктерінің, ведомстволарының және ғылыми-зерттеу мекемелерінің басшыларымен келісіп алғаннан кейін жол жүрісінің хауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты ғылыми-техникалық мәселелер бойынша материалдар әзірлеуге және Комиссияда қарауға қатыстыру үшін, сондай-ақ министрліктердің, ведомстволардың және басқа ұйымдардың СССР Үкіметінің, Қазақ ССР Үкіметінің осы мәселелер жөніндегі қаулыларын және Комиссияның шешімдерін орындаумен танысу үшін білікті мамандарды тарту;

халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері жанындағы жол жүрісінің хауіпсіздігі жөніндегі комиссиялардың жұмыс жайымен танысу; өзінің мәжілістерінде осы комиссиялар председательдерінің бұлардың компетенциясына жататын мәселелер бойынша хабарларын тыңдау.

7. Комиссияның жұмысы Комиссияның мәжілістерінде бекітілетін перспективалық және ағымдағы жоспарларға сәйкес құрылады.

8. Комиссия мәжілістерін, әдетте, тоқсанына бір рет өткізеді. Комиссияның мәжілістері оның мүшелерінің кемінде жартысы болғанда заңды болып табылады.

9. Комиссия шешімдерді ашық дауыс беру жолымен қабылдайды. Шешімдер қаулылар түрінде ресімделеді және егер олар Комиссияның мәжіліске қатысушы мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданса, қабылданған болып саналады.

10. Жекелеген министрліктердің, ведомстволардың және басқа ұйымдардың мүдделеріне қатысты мәселелер қаралғанда, Комиссияның мәжілістеріне олардың өкілдері шақырылады.

11. Комиссияның Председателі:

Комиссияның жұмысын басқарады;

Комиссия мүшелерінің арасында міндеттерді бөледі, оларға Комиссияның жұмысына байланысты жеке тапсырмалар береді;

Комиссияның мәжілістері өткізілетін уақыт пен орынды белгілейді, кезекті мәжілісте қаралуға тиісті мәселелер шеңберін анықтайды. Қажет болғанда Комиссияның қарауына жоспарда жоқ мәселелерді енгізеді, сондай-ақ Комиссияның кезектен тыс мәжілістерін шақырады.

12. Комиссияның мүшелері:

— СССР Үкіметінің, Қазақ ССР Үкіметінің жол жүрісінің хауіпсіздігі мәселелері жөніндегі қаулыларын, сондай-ақ Комиссияның шешімдерін орындау жөніндегі шараларды өз компетенциясы шегінде жүргізуді ұйымдастырады;

— республика министрліктерінің, ведомстволарының және басқа ұйымдарының жол жүрісінің хауіпсіздігі саласындағы қызметіне қатысты мәселелерді Комиссияның жұмыс жоспарына қосу жөнінде ұсыныстар енгізеді, Комиссияда қарау үшін тиісті материалдарды әзірлеуге қатысады;

— Комиссияның тапсыруы бойынша Комиссияның қарауына материалдар әзірлейтін жұмыс бабындағы топтарды басқарады, Комиссияда бұл материалдарды баяндайды;

— СССР Министрлер Советінің, Қазақ ССР Министрлер Советінің жол жүрісінің хауіпсіздігі мәселелері жөніндегі қаулыларын және Комиссияның шешімдерін орындау жөніндегі республиканың министрліктеріндегі, ведомстволарындағы және басқа ұйымдарындағы жұмыстың жайымен танысуға қатысады және нәтижелері туралы Комиссияға баяндайды.

13. Комиссияның жауапты секретары:

Комиссияның қарауына енгізілген материалдарды әзірлеуге қатысады;

Комиссияның ағымдағы және перспективалық жұмыс жоспарларының жобаларын әзірлейді;

Комиссияда қарау үшін жол-транспорт оқиғалары туралы информация және министрліктерге, ведомстволар мен басқа ұйымдарға транспортта апаттылықты болдырмау жөніндегі қосымша шаралар туралы Қазақ ССР Ішкі істер министрлігімен бірлесіп ұсыныстарды әзірлейді;

Комиссияның іс қағаздарын жүргізеді, Комиссия мүшелерін мәжілістердің өткізілетін уақыты туралы дер кезінде хабарландырады және Комиссияның кезекті мәжілісінде қарау үшін дайындалған материалдармен таныстырады;

Комиссия Председателінің тапсыруы бойынша республиканың министрліктерінде, ведомстволарында және басқа ұйымдарында СССР Үкіметінің, Қазақ ССР Үкіметінің жол жүрісінің хауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі қаулыларының және Комиссия шешімдерінің орындалуы туралы материалдармен танысуға қатысады, сондай-ақ жол-транспорт оқиғаларын болдырмауға қатысты мәселелер қаралғанда бұл ұйымдарда өкілдік етеді;

Комиссияның бұрын қабылданған шешімдерінің орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

Комиссия Председателінің басқа да тапсырмаларын орындайды.

АВТОМОБИЛЬ ТРАНСПОРТЫ МЕН ҚАЛАЛЫҚ ЭЛЕКТР ТРАНСПОРТЫНЫҢ КӘСІПОРЫНДАРЫНДА ЖОЛДА ЖҮРУ ХАУІПСІЗДІГІНЕ ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯЛАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ МЕН КӘСІПОДАҚТАРДЫҢ ҚАЗАҚ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СОВЕТІНІҢ
1972 жылғы 15 августағы
№ 467 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1972 ж., № 17, 82-ст.)

Автомобиль транспорты мен қалалық электр транспортында жолда жүру хауіпсіздігін арттыруға жұртшылықтың қатысуын онан әрі ұлғайту мақсатында Қазақ ССР Министрлер Советі мен Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советі қаулы етеді:

1. Автомобиль транспорты мен қалалық электр транспортының кәсіпорындарында кәсіподақтардың жергілікті комитеттері жанынан жолда жүру хауіпсіздігін қоғамдық бақылау комиссиялары ұйымдастырылсын.

2. Автомобиль транспорты мен қалалық электр транспортындағы жолда жүру хауіпсіздігін қоғамдық бақылау комиссиясы туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

---

[1] 3-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советінің 1972 жылғы 15 августағы № 467 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

АВТОМОБИЛЬ ТРАНСПОРТЫ МЕН ҚАЛАЛЫҚ ЭЛЕКТР ТРАНСПОРТЫНДАҒЫ ЖОЛДА ЖҮРУ ХАУІПСІЗДІГІНЕ ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Жалпы ережелер

1. Автомобиль транспорты мен қалалық электр транспортындағы жолда жүру хауіпсіздігіне қоғамдық бақылау комиссиясы (бұдан былай «Комиссия» деп аталады) автомобиль транспорты мен қалалық электр транспортының кәсіпорындарында кәсіподақтардың жергілікті комитеттері жанынан ұйымдастырылады.

2. Комиссияның мүшелері кәсіпорынның жұмысшыларының, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілерінің жалпы жиналысында дауысты ашық беру жолымен сайланады.

Комиссияның құрамына ұзақ уақыт бойы жол-транспорт оқиғаларынсыз және жолда жүру ережелерін бұзбай жұмыс істеп жүрген таңдаулы жүргізушілер және жұмысшылардың, инженер-техник қызметкерлер мен қызметшілердің арасынан өндіріс озаттары сайланады.

Комиссия құрамындағылардың саны үш адамнан кем болмауға тиіс.

3. Комиссия (дауысты ашық беру жолымен) председатель, ал комиссия құрамындағылардың саны бес және одан да көп адам болса — председательдің орынбасарын сайлайды.

Председатель мен орынбасарды қоса алғанда, Комиссияның барлық мүшелері жолда жүру хауіпсіздігін қоғамдық бақылаушылар болып табылады.

Комиссия өз жұмысын кәсіподақтардың жергілікті комитеті бекіткен жоспар (айлық, тоқсандық) бойынша жүргізеді.

4. Комиссия өз қызметі туралы кәсіподақтардың жергілікті комитеті мен кәсіпорын жұмысшыларының, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілерінің жалпы жиналысы алдында есеп беріп отырады.

5. Жол-транспорт оқиғаларын болдырмау, транспорт тәртібін нығайту мен автопарк пен қалалық электр транспортының техникалық жағдайының дәрежесін арттыру жөніндегі шараларды жүргізуде автомобиль транспорты мен қалалық электр транспорты кәсіпорнының әкімшілігіне және кәсіподақтардың жергілікті комитетіне көмек көрсету Комиссияның негізгі міндеті болып табылады.

6. Комиссия мынаны бақылауды жүзеге асырады:

кәсіпорын жүргізушілерінің жолда жүру хауіпсіздігі ережелерін сақтауын;

жүргізушілердің еңбек ету мен дем алу режимінің сақталуын;

жүретін құрамның жолға техникалық жағынан ақаусыз шығарылуын және жолдан кәсіпорынға қайтып оралғанда оның қабылдануын;

жолда жүру хауіпсіздігі жөнінде нұсқау кешестің кезінде және дұрыс өткізілуін, жүргізушілердің мамандығын арттыруды;

жүретін құрамның сыртқы түрін, автобустардың, трамвайлар мен троллейбустардың салондарындағы тазалық пен тәртіпті;

жүргізушілердің, жөндеуші және күтуші жұмысшылардың жұмыс және формалы киімінің сыртқы түрін, тазалығы мен жинақылығын;

автомобиль транспорты мен қалалық электр транспорты жұмыс істейтін тұрақты маршруттағы жолдардың жайын.

7. Комиссия өз жұмысын автомобиль транспортының, қалалық электр транспортының тиісті кәсіпорнының, жол шаруашылығының әкімшілігімен жолда жүру хауіпсіздігі жөнінде мамандандырылған халық жасақтарымен және Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің Мемлекеттік автомобиль инспекциясының органдарымен тығыз бірлесе отырып жүргізеді.

8. Комиссия автомобиль транспорты мен қалалық электр транспорты кәсіпорнының коллективінде тәрбие жұмысын жүргізуге белсене қатысады және кәсіпорынның әкімшілігімен бірлесе отырып мыналарды ұйымдастырады:

жол-транспорт оқиғаларының, еңбек және транспорт тәртібін бұзушылықтардың себептерін мұқият зерттеуді, транспорттағы әрбір оқиғаны коллективте талдауды және талқылауды;

жолда жүру хауіпсіздігі мәселелер жөнінде әңгімелер мен лекциялар өткізуді, кинофильмдер көрсетуді және аталған кәсіпорындардың халыққа қызмет көрсету мәдениетін көтеру жөнінде шаралар жүргізуді;

автотранспорт пен электр транспортының жүргізуші озаттарының, сондай-ақ жөндеуші жұмысшылардың жолда жүру хауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде жұмыс тәжірибесін алмасуын;

жолда жүру ережелерін, автомобильдер мен қалалық электр транспортын жүргізу шеберлігін түсіндіретін және насихаттайтын плакаттарды, фотовитриналарды және басқа көрнекті құралдарды, сондай-ақ транспорт тәртібін бұзушыларды сынайтын сатиралық листоктарды шығаруды.

9. Комиссияның және оның мүшелерінің — қоғамдық бақылаушылардың осы Ереженің 6-пунктінде белгіленген компетенция шегінде мынадай правосы бар:

тәртіп бұзуды анықтаған кезде актілер жасауға және оларды тиісті шаралар алу үшін дереу кәсіпорынның әкімшілігіне беруге;

өзінің мәжілістерінде жолда жүру хауіпсіздігіне және жол-транспорт оқиғаларын болдырмау жөніндегі шараларға байланысты мәселелерді қарауға;

автомобильдердің, трамвайлар мен троллейбустардың техникалық әзірлігі коэффициентін көтеруді, линияда олардың пайдаланылуы мен аварияcыз жұмыс істеуін жақсартуды қамтамасыз етіп отырған жөндеуші жұмысшылар мен жүргізушілерді көтермелеу туралы, сондай-ақ жүретін құрамды техникалық күтудің (жөндеудің) сапасы төмендегі және көп авария жасағаны үшін аталған қызметкерлерді сыйлықтан толық немесе ішінара айыру туралы әкімшілікке кәсіподақтардың жергілікті комитетіне ұсыныстар енгізуге;

жол-транспорт оқиғаларының болуына жағдай тугызатын кемшіліктерді ашқанда, оларды жою туралы әкімшілікке кәсіподақтың жергілікті комитетіне және Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің Мемлекеттік автомобиль инспекциясы органдарына ұсыныстар енгізуге және ереже бұзғандарды белгіленген тәртіп бойынша жауапқа тарту туралы әкімшілік пен кәсіподақтың жергілікті комитеті алдында ұсыныс жасауға.

Кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары Комиссияның жолда жүру хауіпсіздігіне қатысы бар мәселелер жөніндегі ескертпелері мен

ұсыныстарын кезінде қарауға және ашылған кемшіліктерді жоюға қажетті шаралар алуға міндетті.

10. Комиссия мүшелерінің жеңіне «Жолда жүру хауіпсіздігін қоғамдық бақылаушы» деген белгі шүберек байлап жүруге (кәсіпорын территориясында) правосы бар. Комиссия мүшелеріне — жолда жүру хауіпсіздігін қоғамдық бақылаушыларға куәлік беріледі.

11. Комиссияның өз міндеттерін орындамайтын, жұмыста немесе тұрмыста өз беделін жойған мүшелері кәсіподақтың жергілікті комитетінің шешімімен комиссияның құрамынан шығарылады, бұл шешім осыдан кейін кәсіпорынның жұмысшыларының, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілерінің жалпы жиналысында бекітіледі, олардан куәлік қайтып алынады.

ҚОҒАМДЫҚ АВТОИНСПЕКТОРЛАР, ҚОҒАМДЫҚ АВТОИНСПЕКТОРЛАРДЫҢ ҚАЛАЛЫҚ ЖӘНЕ АУДАНДЫҚ СОВЕТТЕРІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1959 жылғы 2 октябрьдегі № 1694 жарлығымен бекітілген

Қазақ ССР қалаларының көшелері мен жолдарында транспорт пен жаяу адамдардың жолда жүру хауіпсіздігін қамтамасыз ету бүкіл республика еңбекшілерінің мүддесін көздейді және елімізде тәртіп пен қоғамдық хауіпсіздікті қорғау жөніндегі негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

Алайда көшелер мен жолдарда жүру тәртібінің нашарлығы салдарынан адамдарды қазаға душар ететін және мемлекетке үлкен зиянын тигізетін жол оқиғалары орын алып келеді.

Автомототранспорт саны елеулі түрде өсіп, оның жүру интенсивтілігі артқан жағдайда жүру ережелерін бұзушылықпен және авариямен күресті тек әкімшілік органдары ғана емес, ең алдымен жұртшылық жүргізуге тиіс.

Осы мақсатпен ерікті қоғамдық автоинспекторлар бригадалары немесе топтары ұйымдастырылады.

I. Жалпы ережелер

1. Мынадай қоғамдық автоинспектор бола алады: транспорттың озық жүргізушілері, автомобиль шаруашылықтарының, автотрестердің және басқа мекемелердің, кәсіпорындардың инженер-техник қызметкерлері, сондай-ақ қоғамдық ұйымдар мен медициналық мекемелердің қызметкерлері.

2. Қоғамдық автоинспекторлар, олардың жұмыс істейтін жерлері бойынша, тек қана партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдарының және әкімшіліктің ұсынысы бойынша, автомобиль шаруашылықтарының, совхоздардың, колхоздардың, кәсіпорындардың, мекемелердің жұмысшылар, қызметшілер коллективтерінің жалпы жиналыстарында сайланады.

Жекелеген жағдайларда, дәрігерлерді, инженерлерді және басқа мамандарды қоғамдық автоинспектор етіп бекіту аталған мекемелер басшыларының ұсынысы мен мінездемелері бойынша жүргізіледі.

3. Белгілі бір ұйымдағы қоғамдық автоинспекторлардың санына байланысты құрамы 9 адамға дейін болатын топ, немесе 10 және одан

да көп адамдары бар бригада ұйымдастырылады. Олардың бригадирі және оның орынбасарлары болады.

Бригаданың (топтық) мүшесі шығып кеткен жағдайда қоғамдық автоинспекторлар құрамы қосымша сайланады.

4. Қоғамдық автоинспекторлар бригадалары мен топтарын ұйымдастыру, сондай-ақ олардың жұмысына көмектесу автомобиль шаруашылықтарының, кәсіпорындары мен мекемелерінің басшыларына жүктеледі, олар партия, комсомол және кәсіподақ ұйымдарымен бірлесе отырып, қоғамдық инспекторлардың топ басшыларының немесе бригадирлерінің есебін коллективтің жалпы жиналыстарында дүркін-дүркін тыңдап отыруға тиіс. Бригадалардың, топтардың құрамынан жеке адамдарды шығару және жаңа мүшелерін қайта сайлау мәселелері осы жиналыстарда қаралады.

5. Қоғамдық автоинспекторлардың топтарын және бригадаларын басқару үшін, құрамында 9—15 мүшесі бар, халық депутаттарының қалалық немесе аудандық Советі атқару комитетінің басшы қызметкерлерінің бірі председательдік ететін қоғамдық автоинспекторлардың аудандық (қалалық) советтері құрылып, ол аудан немесе қала көлемінде жұмыс істейді. Советтер бригадирлердің, топтар басшыларының, автомобиль шаруашылықтары мен қоғамдық ұйымдар басшыларының милиция қызметкерлері қатысқан қалалық, аудандық жалпы жиналыстарында сайланады.

6. Қоғамдық автоинспекторлар топтары мен бригадаларының негізгі міндеттері транспорт пен жаяу адамдардың жолда жүру хауіпсіздігі ережелерін сақтауын, транспорт құралдарының техникалық жайын қадағалау және жүргізушілер мен халық арасында жол-транспорт оқиғаларының алдын алуға бағытталған түсіндіру жұмыстарын жүргізу болып табылады.

7. Қоғамдық автоинспекторлардың бригадалары, топтары, қалалық және аудандық советтері өздерінің қызметінде совет заңдарының талаптарын басшылыққа алады және өз жұмысын милиция органдарымен және қоғамдық ұйымдармен тығыз байланыста жүргізеді.

8. Ішкі істер министрлігінің мекемелері қоғамдық автоинспекторлардың, олардың топтары мен бригадаларының транспорт пен жаяу адамдардың жолда жүру хауіпсіздігін қарау ісінде оларға барынша көмектесіп отырады.

9. Мемлекеттік автоинспекция қоғамдық автоинспекторға жолда жүру ережесін бұзушылықпен күресу жөніндегі міндеттері мен праволары баяндалған куәлік береді.

10. Қоғамдық автоинспекторлар бригадасынан немесе тобынан шыққан азаматтар өздерінің куәліктерін топтың басшысына, бригадирге немесе Мемлекеттік автоинспекцияға тапсыруға міндетті.

II. Қоғамдық автоинспекторлар тобының, бригадасының және аудандық (қалалық) советінің міндеттері мен праволары

11. Қоғамдық автоинспекторлар бригадасы немесе тобы мыналарды жүзеге асырады:

көшелер мен жолдарда транспорт пен жаяу адамдардың жүру тәртібі мен хауіпсіздігін қорғайды, қоғамдық тәртіпті сақтауға, атап айтқанда демонстрациялар, салтанатты шерулер, бұқаралық серуендер, спорт жарыстарын өткізуге қатысады;

өздерінің шаруашылықтарында, автопарктерде, кәсіпорындарда, сондай-ақ өздеріне бекітілген аудандарда патрульге, рейдтерге шығу,

постылар мен кезекшілер кою жолдарымен жолда жүру хауіпсіздігі ережелерінің сақталуын қадағалауды қамтамасыз етеді;

қоғамдық автоинспекторлардың аудандық (қалалық) советіне және әкімшілік органдарына автопаркті техникалық пайдаланудың ережелерін бұзған, автомобиль шаруашылықтарының жекелеген басшыларына шара қолдану жөнінде ұсыныстар енгізеді;

жекелеген жолда жүру ережелерін бұзушылар жөнінде мемлекеттік автоинспекцияға материалдар береді, сондай-ақ тәртіп бұзушының жұмыс орны жолдастық сотта тәртіп бұзушылық туралы материал қараған кезде қоғамдық айыптаушы ретінде өзінің өкілін жібереді;

қажет болған жағдайларда, жолда жүру хауіпсіздігі ережелерін өрескел бұзушылық фактілері туралы баспасөзге хабарлайды;

бригада мүшелері арасында ұйымшылдықты нығайту жөнінде жұмыстар жүргізеді, оларда жоғары тәртіптілік, қоғамдық борыш сезімін тәрбиелейді; оларға тәртіп бұзушылықпен күрес жөніндегі жұмыстардың әдістерін оқытады, сондай-ақ олардың жолда жүру хауіпсіздігі ережелері жөніндегі білімдерін көтереді.

Қоғамдық автоинспекторлардың бригадирі ай сайын қоғамдық автоинспекторлар советімен келісе отырып, бригаданың жұмыс жоспарын жасайды, бригада мүшелерінің жеке жұмыстарының есебін жүргізеді және жолда жүру хауіпсіздігі ережелерін бұзушылықпен күрес жөніндегі бригаданың жұмысы туралы коллектив алдында оқтын-оқтын есеп беріп отырады.

12. Қоғамдық автоинспекторлардың аудандық (қалалық) советі мыналарды жүзеге асырады:

автомобиль шаруашылықтарында, кәсіпорындарда, мекемелерде, колхоздар мен совхоздарда бригадалар немесе топтар жасақтау жөніндегі жұмыстарды басқарады;

ауданда (қалада) жол транспорт оқиғаларын болдырмау жөніндегі шараларды жасайды, бригадаларды, қоғамдық автоинспекторларды қадағалайтын орындар бойынша бөледі және бригадирлерге алдарына қойылған міндеттерді орындауға көмектеседі;

автомобиль ісі мамандарының, оқу орындары оқытушыларының, дәрігерлердің, үгітшілердің, лекторлардың күшімен транспорт шаруашылықтары қызметкерлері, мектеп оқушылары және халық арасында жолда жүру хауіпсіздігі ережелері жөнінде түсінік жұмыстарын жүргізуді ұйымдастырады;

қоғамдық автоинспекторларды автотранспорт пен жаяу адамдардың жолда жүруін линиялар бойынша қадағалау жөніндегі мемлекеттік автоинспекторлармен бірлесіп жұмыс істеуге тарту үшін ГАИ-ға белсенді көмек көрсетеді;

ГАИ-мен келісім бойынша немесе тікелей транспортты пайдалану және оның техникалық жайы мен жүргізушілердің тәртібі жөнінде автомобиль шаруашылықтарында тексеру ұйымдастырады; ол туралы тиісті документтер жасайды;

автомобиль шаруашылықтарының жұмысындағы және транспорт тәртібіндегі кемшіліктер туралы материалдарды жүзеге асыру мақсатымен кемшіліктерді жою, транспорт жұмысын жақсарту және автомобиль шаруашылықтары қызметкерлерінің арасында тәртіпті нығайту жөнінде тиісті шаралар қолдану үшін жергілікті партия және совет органдарына, сондай-ақ жоғары ведомстволар мен ұйымдардың қарауына мәселелер енгізеді;

қаланың (ауданның) көшелері мен жолдарында жүру хауіпсіздігі мен тәртібі мәселелерінің төңірегінде қоғамдық пікірді жандандыру үшін барлық мүмкіншілікті пайдалана отырып, радио мен телевизия

арқылы, сондай-ақ жергілікті баспасөз бен қала шаруашылықтарының қабырға газеттерінде материалдар жариялатуды кеңінен қолданады;

қажет болған жағдайда мәжіліс өткізеді, оған автомобиль шаруашылықтарының басшыларын шақыра отырып, олардың жұмыстарындағы кемшіліктер туралы (тексеру материалдары бойынша) мәселе тыңдайды, шешімдер қабылдап, тиісті ұйымдар мен әкімшілік органдарына хабарлайды;

қоғамдық автоинспекторлардың жеке топтары мен бригадаларының жұмыстары туралы есебін тыңдайды және оларды жолда жүру хауіпсіздігі жөніндегі жұмыстарға белсене қатысуға жұмылдырады;

қоғамдық автоинспекторлар топтары мен бригадаларының жұмыс тәжірибелерін дүркін-дүркін жинақтап, оның кең таралуын қамтамасыз етеді;

жол-транспорт оқиғалары мен кездейсоқ оқиғаларға әкеліп соқтыратын себептер мен жағдайларды жою туралы партия, совет және қоғамдық ұйымдарға ұсыныстар енгізеді.

III. Қоғамдық автоинспектордың міндеттері мен праволары

13. Қоғамдық автоинспектор мыналарға міндетті:

— автомобиль-жол оқиғаларының алдын алу жөніндегі барлық шараларға белсене қатысуға және транспорт пен жаяу адамдардың белгіленген жолда жүру ережелерін бұзушылықты жоюға қажетті шаралар қолдануға;

— транспорт пен жаяу адамдардың жолда жүру ережелерін бұзушылықтарымен күресте, тәртіп бұзушыларға, ең алдымен, сендіру жолымен ықпал жасауға [1];

— жол-транспорт оқиғаларынан зардап шеккендерге көмек көрсетіп, тәртіп бұзушыны ұстауға шаралар қолдануға. Оқиға болған жерге милиция қызметкерлері келгенше жол оқиғасын жазып алуға, іздер мен заттай айғақтарды қорғауға;

— қызметін атқару кезінде өзімен бірге куәлігін алып жүруге, ал патрульдік қызмет атқарған кезде —«қоғамдық автоинспектор» деген жазуы бар жеңге байлайтын белгісі болуы керек.

14. Қоғамдық автоинспектордың мынадай праволары бар:

а) транспорт жүргізушілерінен және басқа азаматтардан көшеде жүру ережелерін сақтауды талап етуге;

б) автомашиналар тоқтаған жерлерде жүргізушілердің жолдама документтері мен тиісті транспортты жүргізуге право беретін куәліктің барлығын тексеруге;

в) тәртіп бұзушылықтың сипатына қарай, (мүмкіндігінше куәнің қатысуымен) рапорт жазып, кейіннен оны Мемлекеттік автоинспекцияға беруге;

г) машиналарды мас күйінде жүргізген адамдарды, жүргізуге право беретін куәлігі жоқ, жолдама документтері жоқ автотранспорт жүргізушілерін ұстап, милиция органдарына әкелуге;

д) қызметін атқару кезінде кәсіпорындарының (мекеменің) телефонын пайдалануға;

е) жол-транспорт оқиғасы туралы жақын орналасқан милиция бөлімшесіне хабарлау үшін, сондай-ақ жолда жүру ережелерін бұзған және қашып кетуге әрекет жасаған жүргізушілерді ұстауға көмек көр-

---

[1] 13-пункттің үшінші абзацына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1983 ж. 14 апрельдегі № 162 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР КЖ, 1983 ж., № 9, 39-ст.).

сету үшін қажет жағдайларда өтіп бара жатқан автомашиналарды тоқтатуға;

ж) ұсталған адам милиция органына барудан бас тартқан немесе қарсылық көрсеткен жағдайларда оны еріксіз түрде алып баруға шаралар қолдануға.

Қоғамдық автоинспектор өзінің қызметін атқарған кезде және өзіне берілген правоны жүзеге асыруда совет заңдарын қатаң басшылыққа алады.

Өзінің міндеттерін орындамайтын немесе топтың, бригаданың беделін түсіретін қоғамдық автоинспекторлар, оларды сайлаған коллективтердің жалпы жиналыстарында талқыланып, қоғамдық автоинспекторлар құрамынан шығаруға дейін қоғамдық шаралар қолданылады, ал белгіленген праволарды шектен тыс қолданып, қызмет бабын пайдаланғаны үшін заң бойынша жауапқа тартылады.

IV. Ынталандыру шаралары

Қоғамдық тәртіпті және транспорт пен жаяу адамдардың жолда жүру хауіпсіздігін қорғауға белсене қатысқан, сондай-ақ өз міндеттерін үлгілі атқаратын қоғамдық автоинспекторларға халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері, облыстық ішкі істер басқармалары, қоғамдық ұйымдар, автомобиль шаруашылықтары, кәсіпорындар, мекемелер басшылары алғыс жариялап, грамота береді, құрмет тақтасына сөгізеді, бағалы сыйлықпен наградтайды, ал ерекше көзге түскендері мемлекеттік наградаларға ұсынылады.

Жол-транспорт оқиғаларымен күрестің мемлекеттік, қоғамдық үлкен маңызы бар екенін түсіне отырып, қоғамдық автоинспекторлар өздеріне жүктелген міндетті мінсіз атқаруға және халық көрсеткен сенімді абыроймен орындауға тиіс.

§ 5. МЕМЛЕКЕТТІК ӨРТ ҚАДАҒАЛАУЫ

ӨРТКЕ ҚАРСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЕРІКТІ ҚОҒАМ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1957 жылғы 10 майдағы
№ 288 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Өртке қарсы республикалық ерікті қоғам ұйымдастырылсын.

2. Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі тапсырған республиканың Өртке қарсы ерікті қоғамы Уставының жобасы бекітілсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1957 жылғы 10 майдағы № 288 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

ҚАЗАҚ ССР-інің ӨРТКЕ ҚАРСЫ ЕРІКТІ ҚОҒАМЫНЫҢ (ДПО) У С Т А В Ы[1]

1. Қоғамның мақсаты мен міндеті

1. Қазақ ССР-інің Өртке қарсы ерікті қоғамы еңбекшілердің ерікті түрде құратын бұқаралық ұйымы болып табылады.

Қоғам өртке қарсы алдын-алу профилактикалық шараларын жүргізуге және социалистік меншік пен азаматтардың мүлкін өрттен сақтау үшін республика халқын белсенді күреске барынша кеңінен қатынастыруға тарту мақсатын көздейді.

Қоғам өз мүшелерін социалистік Отанымызға, Коммунистік партияға және Совет үкіметіне берілгендік рухта тәрбиелейді.

2. Қазақ ССР-інің Өртке қарсы ерікті қоғамы өзінің жұмысын қоғамның Уставы негізінде, қоғам мүшелерінің партия, совет органдары-

[1] 56-пункттің «д» тармағының жетінші абзацы Қазақ ССР Министрлер Советінің 1963 ж. 18 октябрьдегі № 834 қаулысымен күшін жойды деп танылды.

ның басшылығымен инициатива, белсенділік көрсетуі, Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің өрттен қорғау басқармасымен тығыз байланысты болу негізінде жүргізеді.

3. Қоғам өз жұмысында партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдарымен тығыз байланыс жасайды.

4. Өртке қарсы ерікті қоғамның негізгі міндеттері:

а) өрттен қорғау органдарының өртке қарсы ескерту шараларын жүргізуіне және өртпен күресуіне, қоғам ұйымының күш-құралымен белсенді көмек көрсету;

б) қоғам мүшелерінің және халықтың арасында өртке қарсы білім мен шараларды насихаттау және оларға өрттің болуын ескерту, сөндіру шараларын үйрету;

в) еңбекшілерді қоғам мүшелігіне тарту.

5. Қоғам өз міндеттерін жүзеге асыру үшін:

а) республика халқына қоғамның мақсаты мен міндетін түсіндіреді;

б) қалаларда, жұмысшы поселкелерінде, аудан орталықтарында, сол сияқты өнеркәсіп кәсіпорындарында, совхоздарда, МТС-терде, колхоздарда, мектептерде, сауда, кооператив, ойын-сауық, тағы басқа кәсіпорындарында, үй басқармаларында өртке қарсы ерікті бастауыш ұйымдар (дружиналар мен командалар) ұйымдастырады;

в) қоғам мүшелерінің және халықтың арасында өртке қарсы тақырыпқа лекция, баяндама және әңгімелер ұйымдастырады және өткізіп отырады, бұл жұмысқа қоғамның активтерін, өрт сөндіру ісінің мамандарын, инженер-техник және ғылыми қызметкерлерді тартады;

г) өрттен сақтау мәселелері туралы көрмелер, витриналар, панно-лар, стенділер ұйымдастырады, сол сияқты арнаулы кинофильмдер шығарады және көрсетеді;

д) өрт қадағалаушы мемлекеттік органмен келісе отырып, өрттен қорғау мәселелері жөнінде көрнекі құралдарды және үгіт материалдарын (плакаттар, кітапшалар, ескертпелер, листоктар т. б.) сол сияқты оқу әдебиеттерін шығаруды және таратуды қамтамасыз етеді;

е) қоғам мүшелері және халық арасында өртке қарсы білім таратуға мерзімдік баспасөзді, радио хабарын және мәдени-ағарту мекемелерін пайдаланады;

ж) өртті ескерту және сөндіру мәселелері жөнінде ғылыми-техникалық жұмыстар жүргізеді, өртке қарсы істер жөнінде рационализаторлық пен өнер тапқыштықтың өркендеуіне көмектеседі;

з) әуе шабуылына қарсы халықтың білім дәрежесін арттыруға көмектеседі және СССР-дің армияға, авиацияға және флотқа көмектесетін ерікті қоғамның кәсіпорындарда, МТС-терде, совхоздарда, тұрғын үйлерде және басқа объектілерде Өртке қарсы звенолар, өздерін-өздері қорғайтын топтар әзірлеуіне және ұйымдастыруына көмек көрсетеді;

и) өртпен күрес істерінің мамандарын әзірлеу жөнінде мектептер, курстар және үйірмелер құрады;

к) өрт сөндірудің қазіргі инвентарьлары мен жабдықтарын жетілдіруге және ондай құрал-жабдықтардың жаңа түрлерін ойлап шығаруға, құрылыс материалдарының отқа шыдамдылығын арттыруға конкурстар ұйымдастырып және өткізіп отырады;

л) мүдделі мекемелермен шарт жасау негізінде театрларда, киноларда, клубтарда, тағы сондай бұқаралық шаралар жүргізетін орындарда өртке қарсы постылар қояды;

м) өртке қарсы ерікті қоғам командалары мен дружиналарының қоғамның аудандық және қалалық советтерінің арасында социалистік жарыстар ұйымдастырады және өткізіп отырады.

II. Қоғамның мүшелері, олардың міндеттері мен праволары

6. Қазақ ССР-інің Өртке қарсы ерікті қоғамы — қоғамның мүшелерінен және өртпен күрес ісінің жас достарынан құралады.

7. 18 жасқа толған, қоғамның Уставын мойындайтын, оның ұйымдарының бірінде тұратын және жұмыс істейтін, мүшелік жарналарын уақытында төлейтін барлық совет азаматтары Қазақ ССР-інің өртке қарсы ерікті қоғамының мүшесі бола алады.

8. Қоғамға мүше болуға тілек білдірген адамдар олардың жазбаша арызы бойынша қоғамға жекелеп мүшелікке алынады.

Қоғамға мүшелікке алу мәселесін бастауыш ұйымның советі, ал совет жоқ жерде қоғам мүшелерінің жалпы жиналысы шешеді. Қоғамға қабылдаған адамға белгіленген үлгідегі мүшелік билет беріледі. Билеттің құнын қоғамға кірген адам төлейді.

9. Өртпен күрес ісінің жас достары — қоғамның кәмелетке толмаған мүшелері — пионерлер мен оқушылар өрттің шығу себептерін зерттейді және өртпен күресудің алдын-алу шараларын жүргізуге қатынасады.

10. Өртке қарсы ерікті қоғамның мүшелері:

а) қоғамның Уставын орындауға;

б) қоғамның бастауыш ұйымының жұмысына белсенді қатысуға, жиналыстарына қатынасуға және ұйымның барлық тапсырмасын орындауға;

в) мүшелік жарнасын уақытында төлеуге;

г) өзінің өртке қарсы техникалық сауатын және жергілікті әуе шабуылына қарсы қорғану жөнінде білім дәрежесін арттыруға;

д) өртке қарсы ерікті қоғамның мақсаты мен міндеттерін халық арасында түсіндіруге және насихаттауға, еңбекшілерді қоғам мүшелігіне тартуға көмектесуге;

е) тәртіп сақтауға, қоғамның мүліктері мен материалдарын бұзудан және ұрланудан қорғауға міндетті.

11. Қоғам мүшелерінің праволары:

а) қоғам мүшелерінің жиналыстарында шешуші дауыспен қатысуға;

б) қоғамның барлық басшы органдарына сайлауға және сайлануға.

Ескерту: Өртпен күрес істерінің жас достары — қоғамның кәмелетке толмаған мүшелері — өртке қарсы дружиналарына ғана сайлануы мүмкін.

в) қоғамның оқу ұйымдарына түсерде артықшылық правомен пайдалануға;

г) қоғам ұйымдастыратын өндірістік және мәдени-ағарту шараларына қатынасуға;

д) қоғамның омырауға тағуға белгіленген белгісін тағып жүруге праволы.

12. Қоғамның мүшесі өрт сөндіруге, өртті бақылауға немесе тағы басқа уставтық міндеттерді орындау кезінде мүгедек болып қалса немесе қаза тапса, қайтыс болған адамның семьясына, ал зақымданып қалса, қоғам мүшесінің өзіне біржолғы ақшалай жәрдем беріледі; жәрдемнің мөлшерін Өртке қарсы ерікті қоғамның республикалық советі 4000 сомға дейін белгілейді.

13. Қоғамның жұмысында ерекше белсенділік көрсеткені, өртпен күрес істерін өте жақсы үйренуде көзге түскені, өрт сөндіруге белсене қатынасқаны, өндіріс жоспарларын асыра орындағаны, тағы сондай

жұмыстары үшін қоғамның мүшелеріне алғыс жариялау, Құрмет тақтасына жазу, Құрмет грамотасымен, бағалы сыйлықпен, ақшалай сыйлықпен және «Қазақ ССР Өртке қарсы ерікті қоғамның озаты» белгісімен наградтау арқылы сыйлықтар берілуі, сол сияқты республикалық советтің ұсынуы бойынша «Өрттен қорғаудың озат қызметкері» белгісімен наградталуы және үкімет наградасына ұсынылуы мүмкін.

14. Өртке қарсы ерікті қоғамның өзіне тапсырылған міндеттемені орындамайтын мүшелеріне советтер, сол сияқты қоғамның бастауыш ұйымының жалпы жиналысы мынадай ықпал ету шараларын қолдана алады: қоғам алдында ұялту, сөгіс беру және қоғам мүшесінің атағына кір келтіретін тәртіпсіздіктер үшін ақтық шара ретінде қоғамның мүшелегінен шығару.

Сол сияқты мынадай жағдайларда қоғам мүшелігінен шығарылуы мүмкін:

а) өзінің сұрануы бойынша;

б) бір жыл бойына мүшелік жарнасын төлемесе;

в) қоғамның уставын бұзса.

Қоғамның мүшелігінен шығару туралы шешім оны өртке қарсы ерікті қоғамның аудандық (қалалық) советі бекіткеннен кейін күшіне енеді.

15. Қоғамның заңды мүшелігі өртті ескерту және онымен күресу шараларын жүзеге асыруға шаруашылық, кооперативтік және басқа ұйымдарды кеңінен қатынастыру мақсатын көздейді.

Колхоздар, МТС-тер, совхоздар, өнеркәсіп кәсіпорындары, кооперативтік, сауда, тағы басқа ұйымдар қоғамның заңды мүшелері бола алады.

16. Қоғамның заңды мүшелері:

а) қоғам ұйымдарының өртті ескерту және сөндіру шараларын жүргізуіне белсенді көмектесуге;

б) өрт сөндіру деполарын, су қоймаларын және найзағайдан қорғану орындарын ұйымдастыруға және құрылысын жүргізуге белсенді қатынасуға;

в) белгіленген мүшелік жарналарын уақытында төлеуге міндетті.

17. Қоғамның заңды мүшелерінің праволары:

а) өздері өкілдік еткен адам арқылы қоғамның аудандық (қалалық) конференцияларына шешуші дауыс правосымен қатынасуға;

б) қоғамның тиісті советтерімен келісе отырып, бұқаралық, саяси және мәдени-ағарту шараларын жүргізу үшін клубтарды және мәдени-ағарту мүліктерін пайдалануға;

в) өрт хауіпсіздігі шарасын күшейтуге бағытталған көрмелерге, байқауларға және қоғамның басқа шараларына қатынасуға.

III. Қоғамның құрылымы

18. Қазақ ССР-інің өртке қарсы ерікті қоғамының құрылымында мыналар құралады:

а) қоғамның бастауыш ұйымдары;

б) қоғамның аудандық, қалалық ұйымдары;

в) қоғамның облыстық ұйымдары;

г) қоғамның республикалық ұйымы [1].

---

[1] 18-пунктке Қазақ ССР Министрлер Советінің 1959 ж. 5 февральдағы № 87 қаулысымен өзгерістер енгізілген.

IV. Қоғамның бастауыш ұйымдары

19. Өртке қарсы ерікті қоғамның бастауыш ұйымдары қоғамның кемі 10 мүшесі бар жерде: барлық өнеркәсіп объектілерінде, совхоздарда, МТС, РТС, колхоздарда, оқу орындарында, сауда кәсіпорындарында, мекемелерде және үй басқармаларында құрылады.

20. Қоғамның бастауыш ұйымдары өз жұмыстарын қоғам мүшелерінің бастама көрсетуі негізінде, Өртке қарсы ерікті қоғамның аудандық, қалалық немесе облыстық советінің басшылығымен жүргізіледі.

21. Комсомол ұйымдарымен келісе отырып қоғамның бастауыш ұйымдарының жанынан жас өспірімдердің Өртке қарсы ерікті жасақтары (ЮДПД) құрылады.

22. Қоғамның бастауыш ұйымдары:

а) жұртшылықтың — жұмысшылар мен қызметшілердің және колхозшылардың арасында өрт хауіпсіздігі мәселесі жөніинде түсінік жұмысын жүргізеді;

б) тұрғын үйлерде, әкімшілік, емдеу, балалар мекемелерінде, оқу орындарында, складтарда, сауда және өндірістік үйлерде өз объектілерінің төңірегінде өрт хауіпсіздігі ережесінің орындалуын және өртке қарсы тәртіптің сақталуын бақылайды;

в) өрт сөндіретін құрал-саймандар сарайының, деполардың, су қоймаларының, оған кіретін жолдардың, өрт сөндіретін бірінші кезектегі құралдардың қалыпты жағдайда сақталуына және қолдануға даяр тұруына бақылау жасайды;

г) өртке қарсы ерікті қоғамның ең белсенді мүшелерінен өртке қарсы ерікті жасақ (ДПД) және жауынгер топтар құрады;

д) өрт сөндіруге қатысады;

е) қоғам мүшелерінің өртке қарсы техникалық білім жетілдіру жұмысын және әуе шабуылынан қорғану жағдайында жұмыс істеуге әзірлігін тексереді.

23. Ұйымның жоғары органы қоғам мүшелерінің жиналысы болып табылады.

Жалпы жиналыс егерде оған ұйым мүшелерінің кем дегенде жартысы қатысса заңды деп саналады.

Бастауыш ұйым мүшелерінің жиналысы қажетіне қарай шақырылады, бірақ тоқсанына бір реттен кем болмауы керек.

24. Бастауыш ұйымның жиналысы:

а) ұйымға мүшелер қабылдау және шығару мәселесін шешеді;

б) бастауыш ұйымның жұмыс жоспарын бекітеді;

в) бастауыш ұйымның жұмысы туралы есепті бекітеді;

г) бастауыш ұйымның басшы органдарын сайлайды;

д) қоғамның аудандық, қалалық немесе облыстық конференциясына делегаттар сайлайды.

Жиналыс барлық мәселелерді қатысушылардың жай көпшілік даусымен шешеді [1].

25. Қоғамның 15 және одан көп мүшелері бар бастауыш ұйымдарында ағымдағы жұмыстарды жүргізу үшін жалпы жиналыста ашық даусыпен 3—5 мүшеден 1 жылға бастауыш ұйымның советі сайланады, ал мүшелері 15-тен кем ұйымдарда председатель мен секретарь сайланады.

Бастауыш ұйымның советі өз құрамынан ашық даусыпен председатель, оның орынбасарын, секретарь және казначей сайлайды.

---

[1] 19—24-пункттеріне Қазақ ССР Министрлер Советінің 1959 ж. 5 февральдағы № 87 қаулысымен өзгерістер енгізілген.

Советтің мүшелері тексеру комиссиясының мүшелері бола алмайды. Мүшелік жарна жинаудың дұрыстығын, қоғам мүшелері есебінің жайын, мүліктердің есебі мен сақтауын тексеру үшін бастауыш ұйымның жалпы жиналысында советті сайлаумен қатар, ашық дауыспен 3 мүшеден 1 жылға тексеру комиссиясы сайланады, олар өз құрамынан председатель, оның орынбасарын және секретарь сайлайды.

Қоғамның мүшелері 15 тен кем ұйымдарда тексеруші сайланады.

Тексеру комиссияларының мүшелері советтің мәжілістеріне кеңесші дауыспен қатысады [1].

26. Бастауыш ұйымның советі:

а) қоғамға кіргісі келетін адамдардың арыздарын қабылдап, оларды бастауыш ұйымның жиналысының қарауына түсіреді;

б) бастауыш ұйымдардың мүшелері арқылы тұрғын үйлердің, әкімшілік, емдеу, балалар мекемелерінің және оқу орындарының, қойма және сауда үйлерінің өртке қарсы жағдайын оқтын-оқтын тексеріп отырады;

в) өртке қарсы мемлекеттік қадағалау органдарымен бірлесе отырып, өртке қарсы ерікті жасақ бастығына тағайындау үшін адам іріктейді;

г) еңбекшілердің өрт хауіпсіздігі ережесін орындауына, өртке қарсы қолданылатын саймандардың, деполардың, су қоймаларының, тағы басқаларының қалыпты жағдайда сақталуына бақылау жасайды;

д) бастауыш ұйым мүшелерін өрт құралдарын пайдалана білуге, оларды күтуге және өрт сөндіруге қолдана білуге үйретеді [1].

V. Аудандық және қалалық ұйымдар

27. Өртке қарсы ерікті қоғамның аудандық (қалалық) советтері 15 және одан көп бастауыш ұйым бар жерлерде құрылады.

28. Ауданда (қалада) Өртке қарсы ерікті қоғамның жоғары органы аудандық (қалалық) конференция болып табылады.

29. Аудандық (қалалық) конференцияны екі жылда бір рет аудандық (қалалық) совет шақырып отырады [2].

Кезектен тыс конференция аудандық (қалалық) советтің шешімі, өртке қарсы ерікті қоғамның жоғарғы советтерінің шешімі бойынша немесе аудандағы (қаладағы) қоғам мүшелерінің үштен бірінің талабы бойынша шақырылады.

Аудандық (қалалық) конференцияның шақырылуы және күн тәртібі туралы конференциядан кемі бір ай бұрын жарияланады.

Конференция, егерде оған сайланған делегаттардың кемінде үштен екісі қатынасса заңды деп саналады.

Конференцияға өкілдер нормасын және делегаттар сайлаудың тәртібін қоғамның аудандық (қалалық) Советі белгілейді.

30. Аудандық (қалалық) конференция аудандық (қалалық) Советінің есебін және тексеру комиссиясының есебін тыңдайды және бекітеді, қоғамның аудандық (қалалық) ұйымының жұмысы туралы маңызды мәселелерді шешеді, аудандық (қалалық) Советті және тексеру комиссиясын сайлайды.

---

[1] 25 және 26-пункттеріне Қазақ ССР Министрлер Советінің 1959 ж. 5 февральдағы № 87 қаулысымен өзгерістер енгізілген.

[2] 29-пункттің бірінші абзацына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1964 ж. 6 ноябрьдегі № 771 қаулысымен өзгерістер енгізілген.

Аудандық (қалалық) Совет және тексеру комиссиясы конференция белгілеген құрамда 2 жыл мерзімге сайланады [1].

Совет және тексеру комиссиясы ашық дауыспен сайланады [2].

31. Конференциялар арасында ұйымның жұмысына аудандық (қалалық) Совет басшылық етеді.

Аудандық (қалалық) совет ашық дауыспен 5—7 адамнан советтің президиумын сайлайды, олардың ішінде советтің председателі, оның орынбасары, секретарь және мүшелер сайланады.

32. Өртке қарсы ерікті қоғамның аудандық советі және оның президиумы:

а) қоғамның бастауыш ұйымдарын құрады және бекітеді, олардың жұмысына басшылық етеді, бастауыш ұйымдардың және қоғам мүшелерінің есебін жүргізеді, мүшелік жарналардың түсу жоспарының орындалуын қамтамасыз етеді;

б) қоғамның жұмыс жоспарын жасайды және өртті ескерту, онымен күресу жұмысын өркендетуге бағытталған шараларын белгілейді;

в) кіріс-шығыс сметасын жасайды және оны қоғамның жоғары советтерінің бекітуіне ұсынады, бухгалтерлік есеп жүргізеді.

Белгіленген тәртіп бойынша есеп балансын жасап қоғамның жоғары советіне тапсырады және жүргізілген жұмыс туралы есеп береді;

г) қоғамның мүшелерін даярлау жоспарын жасайды, өртке қарсы ерікті жасақ пен командалар бастықтарын, үй басқармалары мен мекемелердің өрттен қорғау жөніндегі қоғамдық өкілдерін, сол сияқты пешшілер мен труба тазартушыларды өртке қарсы техникалық дайындықтан өткізу үшін курстар, үйірмелер ұйымдастырады;

д) қоғамның аудандық (қалалық) ұйымның шаруашылық-өндірістік жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді;

е) қоғамның мүшелігінен өртке қарсы ерікті жасақтар ұйымдастырады және оларды жауынгерлік әзірлікте ұстайды.

33. Қоғамның аудандық (қалалық) Советінің қарыз беретін мекемелерде өз алдына счеты болады және банк арқылы операция жүргізе алады. Ақша документтеріне, шарттарға, міндеттемелерге және сенімхаттарға тиісті Советтің председателі немесе оның орынбасары және бухгалтері қол қояды, штат бойынша бухгалтерлік қызмет орны қаралмаған советтерде бухгалтердің қолы болмайды.

34. Аудандық (қалалық) тексеру комиссиясы өзінің құрамынан председатель, оған орынбасар және секретарь сайлайды.

Тексеру комиссиясының мүшелері аудандық (қалалық) советтің мүшесі бола алмайды.

Тексеру комиссиясының мүшелері аудандық (қалалық) советтің мәжілістеріне және оның президиумына кеңесші дауыс правосымен қатынаса алады.

35. Тексеру комиссиясы советтің ақша есептерін, аудандық (қалалық) советте мүліктердің жайын, есептерін, мүшелік жарнаның түсуін, істердің, шағымдар мен арыздардың қозғалысын тексереді.

36. Тексеру комиссиясы өзінің жұмысы туралы аудандық (қалалық) конференция алдында есеп береді. Конференциялар арасындағы уақытта жылына кемі екі рет тиісті тексеру жүргізеді және тексеруінің қорытындысын, бұдан шығатын ұсыныстарын тиісті советтің қарауына қояды.

---

[1] 30-пункттің екінші абзацына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1964 ж. 6 ноябрьдегі № 771 қаулысымен өзгерістер енгізілген.

[2] 30-пункттің үшінші абзацына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1975 ж. 23 декабрьдегі № 616 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР КЖ, 1976 ж., № 1, 1-ст.).

VI. Республикалық және облыстық ұйымдар

37. Қазақ ССР-інің Өртке қарсы ерікті қоғамының жоғары органы — съезд, облыстарда қоғамның облыстық конференциялары болып табылады, олар төрт жылда кемінде бір рет шақырылады.

38. Қоғамның кезектен тыс съезін қоғамның республикалық советінің инициативасы бойынша немесе қоғамның облыстық ұйымдарының кемінде үштен бірінің талап етуі бойынша шақыруға болады.

Қоғамның кезектен тыс облыстық конференцияларын қоғамның республикалық, облыстық советтерінің инициативасы бойынша немесе қоғамның қалалық және аудандық ұйымдарының үштен бірінің талап етуі бойынша шақыруға болады.

39. Қоғамның съезі мен облыстық конференциясын шақыру уақыты және олардың қарауына енгізілетін мәселелер олардың жұмысының басталуына кемінде бір ай қалғанда хабарландырылады.

Съезд бен конференцияға өкілдік нормасы мен делегаттар сайлау тәртібін қоғамның республикалық және облыстық советтері белгілейді.

Қоғамның съезі мен облыстық конференциясы, егер оларға сайланған делегаттардың кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп саналады.

40. Республикалық съезд бен облыстық конференция:

а) тиісті совет пен тексеру комиссиясының есептерін тыңдап, бекітеді;

б) қоғамның республикалық және облыстық ұйымдарының қызметінің аса маңызды мәселелерін шешеді;

в) республикалық және облыстық советтер мен тексеру комиссияларын ашық дауыспен 4 жыл мерзімге сайлайды.

41. Съездер мен облыстық конференциялар арасында қоғамның республикалық, облыстық ұйымдарына тиісті советтер басшылық етеді.

Республикалық, облыстық советтер ашық дауыспен 7—9 адамнан советтің президиумын, оның ішінен председатель, оның орынбасарын, секретарь және мүшелер сайлайды.

Республикалық және облыстық советтердің президиумдары қоғамның алдында тұрған өзекті мәселелер мен міндеттерді шешу үшін республикалық және облыстық советтердің пленумдарын жылына кемінде бір рет шақырады [1].

42. Өртке қарсы ерікті қоғамның республикалық советі (оның президиумы):

а) Қазақ ССР-інің Өртке қарсы ерікті қоғамын барлық мемлекеттік және қоғам ұйымдарына ұсынады;

б) қоғамның облыстық, қалалық және аудандық ұйымдарына басшылық етеді, олардың жұмысына бағыт жасап отырады;

в) республикада қоғамның өрт хауіпсіздігін күшейтуге және өртпен күресуге бағытталған жұмыстарын өркендету шараларын белгілеп, жүзеге асырады;

г) өрт хауіпсіздігі және өртпен күресу, кадрлар даярлау мәселелеріне байланысты насихат және үгіт жұмысына басшылық етеді, оқу, үгіт және көрнекі құралдар бастырып шығарады;

д) қоғам мүшелерін өртке қарсы әзірлеудің программаларын жасайды және бекітеді;

---

[1] 37, 38, 39, 40 және 41-пункттерге Қазақ ССР Министрлер Советінің 1975 ж. 22 декабрьдегі № 616 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР КЖ, 1976 ж., № 1, 1-ст.).

е) өртке қарсы шараларды жақсы өткізу, сол сияқты қоғам мүшелері арасында өрт сөндіру құралдарын пайдалана білу, басқа да спорт түрлерін үйрену жөнінде республикалық жарыстар ұйымдастырады және өткізеді;

ж) қоғамның өндірістік-шаруашылық кәсіпорындарының, оқу ұйымдарының Ережесін бекітеді;

з) қоғамның жылдық финанс жоспарын және балансын бекітеді;

и) облыстық советтердің және өзіне бағынатын өндірістік, тұрмыстық кәсіпорындардың, оқу ұйымдарының жоспарын, сметаларын және есептерін қарайды, бекітеді және бекітілген жоспарлар мен сметалардың орындалуын бақылайды.

Жылдық есеп берудің мәліметтері бойынша қаржының пайдаланылмаған қалдықтарын (сыйлық беру және әлеуметтік-тұрмыс қажеті қорларына бөлінетіндерін қоспағанда) тиісті советтердің келісуімен республика бойынша жоспарда қаралған күрделі қаржыландырулар мен өртке қарсы шараларды қаржыландыру үшін облыстық ерікті өртке қарсы қоғамдардың арасында қайта бөледі [1];

к) қоғамның өндірістік-шаруашылық жұмысының жоспарын жасайды, белгіленген тәртіп бойынша бухгалтерлік баланс пен есеп жасап, бекітеді, қоғамның жылдық жұмысы туралы Қазақ ССР Министрлер Советіне, республикада өртке қарсы жүргізілген шаралар туралы Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің өрттен қорғау басқармасына есеп береді;

л) қоғам ұйымдарының штаттарын белгілеп, оны Қазақ ССР Министрлер Советінің бекітуіне ұсынады;

м) қоғамның ұйымдарын материалдық-техникалық жабдықтауды қамтамасыз етеді;

н) белгіленген тәртіп бойынша қоғамның штампы, мөрінің, мүшелік билетінің үлгісін бекітеді;

о) қоғамның Уставына республикалық съезд қабылдаған өзгерістерді, сол сияқты эмблемасы мен белгісін Қазақ ССР Министрлер Советінің бекітуіне ұсынады [2].

43. Республикалық советтің барлық шешімдері мен нұсқаулары қоғамның барлық ұйымдары үшін міндетті болып саналады.

44. Қоғамның облыстық советі (оның президиумы):

а) қоғамның облыс көлеміндегі барлық аудандық, қалалық ұйымдарының жұмысына басшылық етеді;

б) қоғамның облыс көлемінде өрт хауіпсіздігі және өртпен күресуге бағытталған шараларын күшейту жұмыстарын жүргізеді;

в) өрт хауіпсіздігі және өртпен күресу мәселелері жөніндегі насихат және үгіт жұмысына, кадрлар даярлауға басшылық етеді, үгіт және көрнекі құралдар бастырып шығарады;

г) жылдық финанс жоспары мен балансты бекітеді;

д) жергілікті советтердің, өзіне бағынатын өндірістік-өткізу кәсіпорындарының, оқу ұйымдарының жоспарларын, сметаларын және есептерін қарайды және бекітеді, бекітілген жоспар мен сметалардың орындалуын бақылайды;

е) қоғамның өндірістік-шаруашылық жұмысының жоспарын жасайды, белгіленген тәртіп бойынша бухгалтерлік баланс пен есеп жа-

---

[1] 42-пункттің «и» тармағы екінші абзацпен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1964 ж. 6 ноябрьдегі № 771 қаулысымен толықтырылды.

[2] 42-пункттің «о» тармағына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1975 ж. 22 декабрьдегі № 616 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1976 ж., № 1, 1-ст.).

сайды, сол сияқты облыстық ұйымдардың жұмысы туралы қоғамның республикалық советіне және облыстық атқару комитетіне жылдық есеп береді.

45. Республикалық және облыстық советтердің қарыз беруші мекемелерде дербес счеттары болады және банк арқылы операциялар жүргізе алады.

Ақша документтеріне, шарттарға және сенімхаттарға советтің председателі немесе оның орынбасары және бухгалтері қол қояды, штат бойынша бухгалтерлік қызмет орны қаралмаған советте бухгалтердің қолы болмайды.

46. Республикалық, облыстық тексеру комиссиясы өзінің құрамынан председатель, оған орынбасар және секретарь сайлайды.

Тексеру комиссиясының мүшелері республикалық, облыстық советтерде мүше бола алмайды.

Тексеру комиссияларының мүшелері республикалық, облыстық советтердің мәжілісіне және оның президиумына кеңесші дауыс правосымен қатыса алады.

47. Тексеру комиссиясы советтің ақша есептерін, мүліктерінің жайын, есептерін, қаржы жұмсаудың дұрыстығын, республикалық, облыстық советтерде істің, шағымдар мен арыздардың қаралуын тексереді.

Тексеру комиссиясы байқау, тексеру жүргізген кезде қоғамның активтерін және сарапшы ретінде есеп қызметкерлерін және басқа мамандарды тарта алады.

Техникалық және шаруашылық жағынан тексеру комиссиясын республикалық советтің техникалық аппараты қызмет көрсетеді.

48. Республикалық және облыстық тексеру комиссияларын олардың председательдері қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет шақырады және бұл комиссиялар өз қызметінде тиісінше қоғамның республикалық съезі мен облыстық конференциясы алдында есеп береді. Съездер мен конференциялардың аралығындағы кезеңде республикалық және облыстық тексеру комиссиялары тексерулердің нәтижелері мен олар жөніндегі ұсыныстарды республикалық және облыстық советтердің талқылауына енгізеді [1].

VII. Қоғамның қаржысы

49. Қоғамның ақшалай қаржысы мыналардан құралады:

а) қоғам мүшелерінің кіру және мүшелік жарналары; кіру жарнасы 1 сом, мүшелік жарна жылына 50 тиын болып белгіленеді.

Ескерту: Өрттен қорғау ісінің жас достары жасақтарының мүшелерінен кіру және мүшелік жарна алынбайды;

б) қоғамның заңды мүшелерінің кіру және мүшелік жарналары; кіру жарнасы 50 сом және қоғамның тиісті советінің шешімі бойынша мүшелік жарна жылына 100 сомнан 1000 сомға дейін болып белгіленеді;

в) қоғамның шаруашылық, өндірістік, оқу, басқа, тағы басқа жұмыстарының кірісі;

г) түрлі ұйымдардың, кәсіпорындардың және мекемелердің өрттен қорғау, техника мәселелерін әзірлеуге, үлгілі көрмелер жасауға бөлген және қоғамның басқа жұмыстарынан түсетін қаржылар;

[1] 48-пунктке Қазақ ССР Министрлер Советінің 1975 ж. 22 декабрьдегі № 616 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР КЖ, 1976 ж., № 1, 1-ст.).

д) қарыз беру ұйымдарында сақталатын қоғам қаржысының өсімі;

е) қайтарылмайтын үкімет дотациясы.

50. Қоғам ұйымдарының жылдық пайдасы мына мақсаттарға пайдаланылады:

а) белгіленген тәртіп бойынша бюджет төлеміне;

б) өртке қарсы ескерту шараларын жүргізуге, советтің аппаратына, әлеуметтік, тұрмыс қажетіне, сыйлық беруге, тағы басқа қажеттерге жұмсалады; республикалық советке сол мақсатқа 25 процеттен аспайтын, облыстық советке 20 процеттен аспайтын қаржы бөлінеді.

Қоғамның әрбір ұйымы бойынша аударылатын қаржыны республикалық советтің нұсқауы бойынша облыстық советтер белгілейді;

в) пайданың қалған бөлегі қоғамның аудандық, қалалық ұйымдарына беріледі және ол бекітілген смета бойынша пайдаланылады;

г) қоғамның жеке және заңды мүшелерінің кіру және мүшелік жарналары қоғамның аудандық, қалалық ұйымдарының қорына түседі және ол бекітілген смета бойынша пайдаланылады.

51. Сыйлық беру қоры қоғамның ерекше көзге түскен мүшелеріне, жұмысшыларына және қызметкерлеріне бағалы сыйлық және ақшалай сомада беру үшін мынадай мөлшерде жасалады:

а) Өртке қарсы аудандық, қалалық ерікті қоғамда пайданың 10 проценті мөлшерінде;

б) Өртке қарсы облыстық ерікті қоғамда осы Уставтың 50 пунктінің «б» тармағында көрсетілген пайдадан бөлінетін жалпы сомасының 15 процентінен аспайтындай мөлшерде;

в) Өртке қарсы республикалық ерікті қоғамда осы Уставтың 50 пунктінің «б» тармағында көрсетілген пайдадан бөлінетін жалпы соманың 20 проценті мөлшерінде жасалады.

52. Әлеуметтік-тұрмыс қоры республикалық және облыстық Советтердің жанынан қоғамның барлық ұйымдарының жылдық пайдасының 5 проценті мөлшерінде жасалады.

Әлеуметтік-тұрмыс қорын республиканың облыстық советтің председателі бекітілген сметаға сәйкес жұмысшы, қызметкерлерді мәдениетұрмыстық қызмет көрсетуді жақсартуға, өрт сөндіру құралдарын қолдана білу спорт шараларына жұмсайды.

53. Қоғамның республикалық, облыстық, аудандық және қалалық советтердің жұмысшы аппараты бекітілген штат бойынша қоғамның қаржысы есебінен жалақы алып тұрады.

Қаржыны жұмсау қоғамның тиісті республикалық, облыстық, аудандық, қалалық советі бекіткен смета бойынша жүргізіледі.

54. Қоғамның қаржысы мемлекеттік банктегі счетта немесе жинақ кассада сақталады.

55. Қоғамның тиісті советі президиумының председателі бекітілген смета көлеміндегі қаржыға нелік етуші болып табылады.

VIII. Қоғамның правосы

56. Қазақ ССР-інің Өртке қарсы ерікті қоғамы заңды правосы бар ұйым болады және ол:

а) заңда белгіленген тәртіп бойынша мүлікке ие болуға, оны сатып алуға және жалдауға, өрт сөндіру техникасы мен жабдықты алуға праволы [1];

---

[1] 56-пункттің «а» тармағына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1975 ж. 22 декабрьдегі № 616 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР КЖ, 1976 ж., № 1, 1-ст.).

б) қарыз беретін мекемелерде счет ашуға және жабуға, банк арқылы операциялар жүргізуге, шарт, келісімдер жасауға, сенімхат беруге, талапкер болуға, ізденуші талапкерлерге сотта, мемлекеттік арбитражда жауап беруге праволы;

в) шарт жасау негізінде өрттің алдын алудың мынадай жұмыстарын жүргізуге:

— тұрғын үйлердегі, мекемелердегі, кәсіпорындар мен ұйымдардағы пештер мен ошақтарды жөндеуге, қайта салуға, жаңадан салуға, жергілікті пештен жылытуды орталықтандырылған сумен, бумен және ауамен жылытуға көшіруге праволы;

— жылыту приборларын, түтін оттықтарын, қазандарды, түтін трубаларын, газ оттықтарын, желдеткіш каналдары мен қондырғыларын тексеруге, тазартуға, жөндеуге және қайта қалауға праволы;

— пештерді жылыту ошақтары мен түтін оттықтарын қалауға, қайта қалауға байланысты көлемдерді штукатуралауға, әктеуге және бояуға праволы;

— үйлер мен ғимараттардың жанғыш конструкцияларының отқа төзімділігін арттыру (ағашты, қамысты және мақта-мата материалдарын штукатуралап, одан кейін оларды әктеуге, бояулауға, сылауға және сіңіруге праволы);

— тұрғын үйлердегі, кәсіпорындар мен мекемелердегі электр проводтарын жерге қосу және хауінсіздендіру изоляциясының төзімділігін тексеруге және жөндеуге, ішкі электр жүйелерін жөндеуге және монтаждауға праволы;

— жай тартқыш қондырғыларын даярлауға және жөндеуге праволы;

— өрт автомобильдерінің қондырғылары үшін өрт деполарын, сарайларын, су қоймаларын, бөгеулерін, гидранттарын және кірме жолдарын салуға және жөндеуге праволы;

— ағашты, жанғыш бұйымдарды, маталарды, театр декорацияларын және с. с. өрттен қорғауға, сондай-ақ өрт сөндіргіш рукаваларға шіруге қарсы сұйықтарды сіңіруге праволы;

— ауыл шаруашылығы машиналары үшін ұшқынды, сөндіргіштерді, әртүрлі өртті тоқтату жүйелерін даярлауға, сондай-ақ өндірістік қондырғыларды ұшқын сөндіргіштермен жабдықтауға праволы;

— барлық типтегі өрт сөндіргіштерді сынауға, жөндеуге, зарядтауға және қайта зарядтауға праволы;

— өрт сөндіргіш машиналарын, мотопомпаларды және рукаваларды жөндеуге; өртке қарсы тағы басқа жабдықтар мен саймандарды жөндеу мен өндіруге; өрт дабылы мен байланысының барлық түрлерін жөндеуге және даярлауға праволы;

— өртке қарсы құрал-сайман мен инвентарьды даярлауға праволы;

— спринклерлік және дренчерлік қондырғыларды және автоматтың өрт сөндірудің басқа да құралдарын монтаждау мен жөндеуге праволы;

— кәсіпорындардың ДПО-тері, мемлекеттік өртті қадағалаудың өрт сөндіру командалары мен ведомстволық өртке қарсы ұйымдары үшін формалық киімдер мен арнаулы киімдерін тіктіруге праволы;

г) күзгі-қысқы мерзімдерде өздерінің саласы бойынша жұмыс болмаса да маман кадрларды ұстау және оларды тұрақтандыру мақсатында, қоғам барлық өндірістік қызметі жоспарының 20 процентінен аспайтын мөлшерде халық шаруашылығы объектілерінде жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүргізуге праволы;

д) қоғамның ұйымдары жүргізетін жұмыстары мен көмектеріне төмендегідей үстеме шығындарды, үстеме бағаларды және жоспарлы қорлануды есептеуге праволы:

— жұмысшылардың негізгі еңбек ақысына 6 процент мөлшерінде қосымша ақы төлеуге;

— жұмысшылардың негізгі және қосымша еңбек ақысына 4,85 процент мөлшерінде әлеуметтік сақтандыруға және кәсіподақтың жергілікті комитетіне есептеуге;

— жұмысшылардың негізгі еңбек ақысына:

а) жоспарланатын шығынның көлемінде, бірақ 25 процеттен артық емес цехтық және жалпы заводтық шығындарға;

б) өртке қарсы шараларды жүргізуге және өрт сөндіру командасын ұстауға жоспарланатын шығынның көлемінде, бірақ 10 процеттен артық емес [1];

— құрылыс-монтаж жұмыстары өзіндік құнының 2,5 проценті мөлшерінде жоспарлы қорлануға және өнеркәсіп өнімінің өзіндік құнына, сондай-ақ басқа жұмыстар (құрылыс-жөндеу жұмыстарын қоспағанда) мен қызмет көрсетудің 5 проценті мөлшерінде [2].

е) құрылыс-жөндеу жұмыстарын орындағаны үшін алынатын ақыға Қазақ ССР Министрлер Советі белгілейтін мөлшердегі үстеме шығындарды қосып есептеуге праволы [3].

57. Жасалған шарттар мен міндеттемелерден туатын барлық жағдайларға қоғам өзінің өрт сөндіру құралдарынан басқа барлық мүлкімен жауап береді. Қоғамның борышына қоғам мүшелері өз мүлкімен жауап бермейді.

58. Өртке қарсы ерікті қоғамның эмблемасы және омырауға тағатын: а) мүшелік, б) «Отличник ДПО» белгілері болады.

Эмблеманың және омырауға тағатын белгілердің үлгісін қоғамның республикалық советі әзірлейді және Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

59. Өртке қарсы республикалық ерікті қоғам советінің, облыстық, қалалық және аудандық советтер ұйымының аты көрсетілген мөрі және штампы болады.

IX. Қоғамды тарату

60. Қоғам Қазақ ССР Министрлер Советінің шешімі бойынша таратылуы мүмкін.

---

[1] 56-пункттің «в», «г» және «д» тармақтарына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1962 ж. 9 октябрьдегі № 748 қаулысымен өзгерістер енгізілген.

[2] 56-пункттің «д» тармағының соңғы абзацына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1963 ж. 18 октябрьдегі № 834 қаулысымен өзгерістер енгізілген.

[3] 56-пункттің «е» тармағына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1965 ж. 26 майдағы № 396 қаулысымен өзгерістер енгізілген.

РЕСПУБЛИКА ҮКІМЕТІНІҢ ҚАЗАҚ ССР-І ҚАЛАЛАРЫНЫҢ, БАСҚА ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІ МЕН ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ӨРТ ХАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ШЕШІМДЕРІН БІРІКТІРУ ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1983 жылғы 7 июльдегі
№ 283 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1983 ж., № 15, 55-ст.)

Қазақ ССР Заңдары жинағын басып шығаруға байланысты және Қазақ ССР Үкіметінің республика қалаларының, басқа елді мекендері мен халық шаруашылығы объектілерінің өрт хауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі шешімдерінің көптілігін жою мақсатында Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Республиканың қалаларын, басқа елді мекендері мен халық шаруашылығы объектілерін өрттен қорғауды қамтамасыз ету Қазақ ССР-і халық депутаттарының жергілікті Советтері атқару комитеттерінің, министрліктері мен ведомстволарының, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар басшыларының аса маңызды мемлекеттік міндеті деп саналсын.

2. Қазақ ССР-інің халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері, министрліктері мен ведомстволары:

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес бекітілген өрт хауіпсіздігі ережелерінің талаптары және өртті болдырмауға бағытталған басқа да нормалар қалаларда, басқа елді мекендер мен халық шаруашылығы объектілерінде орындалуын қамтамасыз етсін;

қалалардың, басқа елді мекендер мен халық шаруашылығы объектілерінің өрт хауіпсіздігінің жайы туралы мәселелерді атқару комитеттерінің мәжілістерінде, коллегияларда ұдайы қарап, объектілерді өрттен қорғаудың жайы неғұрлым қолайсыз кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар басшыларының есебін тыңдайтын болсын;

кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар басшыларының өздеріне сенім тапсырылған объектілердің өрт хауіпсіздігінің жайы және оларда өрттен қорғау құралдарының жұмыс істейтін күйде, техникалық түзік жағдайда күтіп ұсталуы үшін жауапкершілігін арттыра берсін, өрттің шығуына, өртке қарсы қолданылатын техниканың тікелей өз мақсатына пайдаланылмауына, өрт хауіпсіздігі ережелерінің және мемлекеттік өрттен қадағалау органдары тапсырмаларының орындалмауына кінәлы лауазымды адамдарды қатаң түрде жауапқа тартып отырсын;

халық шаруашылығы объектілерін өрттен қорғауды күшейту үшін ғылыми-техникалық жетістіктерді кеңінен пайдалануға, атап айтқанда, өртке қарсы қолданылатын автоматика жүйелерін енгізу, жанатын жуғыш және майсыздандырғыш сұйық заттарды өрт шығу хауіпі жоқ ерітінділер мен препараттарға алмастыру жолымен технологиялық процестердің өрт шығу хауіпін кемітуге шаралар қолданатын болсын;

өрт сөндіру ерікті жасақтарының жауынгерлік әзірлігіне және қарамағындағы объектілердің өрт хауіпсіздігі жайына қоғамдық байқаулар ұйымдастырып, байқаулардың нәтижелері бойынша өрт сөндіру ерікті жасақтарының жауынгерлік әзірлігін арттыруға және халық шаруашылығы объектілерін өрттен қорғауды күшейтуге бағытталған шараларды қолданып отырсын;

---

[1] 14-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда қызметкерлерге өрт-техникалық минимум программасы көлемінде өрт хауіпсіздігі ережелерін үйрете отырып, жұмысшылар мен қызметшілерге өртке қарсы бағытталған нұсқау берілуін ұйымдастырсын;

өрт шығу-жарылу хаупі бар объектілердің, этажы арттырылған үйлердің, ірі материалдық-техникалық базалар мен қоймалардың, сауда кәсіпорындарының өртке қарсы қолданылатын автоматика жүйелерімен және қондырғыларымен жабдықтандырылуын қамтамасыз етіп, оларды орталықтандырылған күзет пульттеріне қосатын болсын;

объектілерді салған, қайта құрған және кеңейткен кезде жобалау мен салу жөніндегі нормативтік документтермен, бас жоспарлармен және схемалармен көзделген өрттен қорғау шараларының комплексті түрде орындалуына қажетті шаралар қолданып отырсын. Театрларды, кинотеатрларды, мәдениет үйлерін және азаматтар жаппай келетін орын болып табылатын басқа да құрылыстарды салған, қайта құрған кезде жанғыш материалдарды, оның ішінде ағаш-жоңқа және ағаш талшығы плиталарын оттан сақтайтын құраммен өңдемей қолдануға тыйым салсын. Бұл материалдарды қолдану мемлекеттік өрттен қадағалау органдарымен келісілуге тиіс;

салалық институттар мен лабораториялардың бірыңғай стандарттар бойынша әзірленетін заттар мен материалдардың өрт шығу-жарылу қасиеттерін міндетті түрде зерттеуін қамтамасыз етсін.

3. Халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттеріне Мемлекеттік өрттен қадағалау органдарының қызметкерлерін, ішкі істер органдары өрт сөндіру бөлімшелерінің және өрт сөндіру ерікті қоғамының адам құрамын өрттің алдын алуға, оны сөндіруге байланысты емес жұмыстарға пайдалануға тыйым салынсын.

4. Қазақ ССР Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігі, «Главалмаатастрой» мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп 1984 жылы ағашты оттан сақтайтын ерітінділерді қанық сіңіретін пункттер құратын болсын.

5. Алматы, Батыс Қазақстан және Тың темір жолдарының басқармалары:

темір жолға бөлінген тіркемде өрт хауіпсіздігі шараларын күшейтіп, оны жанғыш материалдардан тазартсын және өрттен қорғау режимін қатаң сақтасын. Қылқан жапырақты орман алқаптары, егін танаптары мен шымтезек жатқан жерлер арқылы өтетін темір жолдарға бөлінген тілкем учаскелерін кемінде 1,4 метр көлемінде айналасын жыртып, бөліп тастайтын болсын;

жылжымалы составта тежегіш колодкалардың қажалу кезіндегі ұшқыннан пайда болатын өрттің алдын алу жөнінде қосымша шаралар әзірлесін.

6. Өрт хауіпсіздігі ережелерін насихаттауды жақсарту мақсатында:

а) Қазақ ССР Оқу министрлігі, Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі және Қазақ ССР-інің Өрт сөндіру ерікті қоғамы республикалық советінің Президиумы республиканың жастары, пионерлері мен мектеп оқушылары арасында социалистік меншікті оттан қорғау жөніндегі тәрбие жұмысын жақсартсын;

б) Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі, Қазақ ССР-інің өз қарамағында оқу орындары бар министрліктері мен ведомстволары жоғары және арнаулы оқу орындарында өртке қарсы қолданылатын техника мен өрт хауіпсіздігі ережелерін оқып-үйренуді жақсартуға шаралар қолданып, оқушыларды өрттің алдын алудың және оны сөндірудің жаңа әдістерімен таныстыруға, өртке қарсы бағыт-

талған шаралар саласында практикалық дағдыны меңгеруіне ерекше назар аударатын болсын;

в) Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті өртке қарсы бағытталған тақырыпқа арнап үгіт материалдарын, сондай-ақ өрт сөндіру ерікті жас жасақшыларымен жұмыс жөнінде көмекші құралдар шығаруды «Қазақстан», «Қайнар», «Мектеп» баспаларының жоспарына жыл сайын енгізіп отырсын.

7. Республикалық «Білім» қоғамына өрт-техникалық білімдерді насихаттауды ұлғайтып, осы тақырып бойынша кітапшалар шығаруды Қоғамның тақырыптық жоспарына енгізіп отыру ұсынылсын.

8. Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті халық арасында өрттен қорғау ережелерін насихаттау, өрттің алдын алу жөніндегі қысқа метражды оқулық және техникалық-насихаттық фильмдерді Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің заказы бойынша жасайтын болсын.

9. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі колхоздардың, совхоздардың және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындарының мал фермалары мен өндірістік үй-жайларында өртке қарсы қолданылатын профилактикалық шараларды уақтылы жүзеге асырып, электр желілерін және жылу энергиясына айналдырушы қондырғыларды қалыпты сақтауға ерекше көңіл бөлсін.

10. Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті:

белгіленген тәртіп бойынша халық шаруашылығы объектілерін өртке қарсы қолданылатын жабдықтармен, ал жаңадан салынып және қайта құрылып жатқан объектілерді — өрт сөндіретін автоматты құралдармен қамтамасыз ететін болсын;

халық шаруашылығы объектілерінде өртке қарсы бағытталған жұмыстарды жүргізу үшін материалдық ресурстармен қамтамасыз етуде Қазақ ССР-інің Өрт сөндіру ерікті қоғамына көмек көрсетіп, Қазақ ССР-і кәсіпорындарының, министрліктері мен ведомстволарының, әсіресе Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағының өрт сөндіргіштерді қайта зарядтау жөніндегі қажеттерін толық қанағаттандыру үшін көмір қышқылды зарядтау станциялары мен өрт сөндіргіштерді қайта зарядтауға арналған көмір қышқылын беріп тұруға ерекше көңіл бөліп отырсын.

11. Заказ беруші министрліктер мен ведомстволар, жобалау ұйымдары Қазақ ССР-інің территориясында орналасқан халық шаруашылығы объектілерін салуға, қайта құруға және жөндеуге арналған жобалау-смета документтемесін әзірлеген кезде көп мөлшерде адам шоғырлануы ықтимал жерлерде тез жанбайтын материалдар, оттан сақтайтын көбік бөлетін «Экран-У» бояуы немесе оттан сақтайтын басқа да қаптамалар, құрамдар қолданылуын көздейтін болсын.

12. Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі:

ішкі істер органдарының өрт профилактикасы және оны сөндіруді ұйымдастыру, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың басшыларына өрт хауіпсіздігінің белгіленген ережелерін орындау үшін талап қоюды арттыру жөніндегі жұмысын күшейтуге, ішкі істер органдары мен өрттен қорғау бөлімшелерінің өрт сөндіру ерікті қоғамдарымен және жасақтармен өзара бірлесіп жұмыс істеуін жақсартуға шаралар қолдансын;

өртке қарсы бағытталған үгіт материалдарын осы мақсат үшін

Мемлекеттік сақтандыру органдарының қаржыларынан бөлінетін қаражаттар есебінен бір орталықтан шығаруды ұйымдастырсын.

13. Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі мен Қазақ ССР-інің Өрт сөндіру ерікті қоғамы республикалық советінің Президиумы:

халық депутаттары облыстық Советтерінің атқару комитеттерімен бірлесіп барлық облыс орталықтарында тұрақты жұмыс істейтін өрттехникалық көрмелер жасайтын болсын;

өртке қарсы қолданылатын шараларды жүзеге асыру, тұрғын жайларда, әкімшілік және өндірістік үйлерде өрт хауіпсіздігі ережелерінің орындалуын қамтамасыз ету, өрттен қорғау режимін сақтау жөнінде жұмысшылар, қызметшілер, колхозшылар мен халық арасында өртке қарсы бағытталған білімдерді насихаттау ісін жүргізу жөніндегі жұмысты күшейтсін.

ҚАЗАҚ ССР ӨРТКЕ ҚАРСЫ ЕРІКТІ ҚОҒАМЫНЫҢ «ҚАЗАҚ ССР ӨРТКЕ ҚАРСЫ ЕРІКТІ ҚОҒАМЫ» БЕЛГІСІ МЕН ОМЫРАУҒА ТАҒАТЫН «ҚАЗАҚ ССР ӨРТКЕ ҚАРСЫ ЕРІКТІ ҚОҒАМЫНЫҢ ОЗАТЫ» ЗНАЧОГЫНЫҢ ҮЛГІЛЕРІ МЕН СИПАТТАМАЛАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1962 жылғы 24 декабрьдегі
№ 944 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Өртке қарсы ерікті қоғамы республикалық советінің Президиумы ұсынған Қазақ ССР Өртке қарсы ерікті қоғамының «Қазақ ССР Өртке қарсы ерікті қоғамы» белгісі мен омырауға тағатын «Қазақ ССР Өртке қарсы ерікті қоғамының озаты» значогының үлгілері мен сипаттамалары бекітілсін.

2. Қазақ ССР Өртке қарсы ерікті қоғамы республикалық советінің Президиумына «Қазақ ССР Өртке қарсы ерікті қоғамы» белгісі мен омырауға тағатын «Қазақ ССР Өртке қарсы ерікті қоғамының озаты» туралы Ережені бекіту және Қазақ ССР Финанс министрлігімен келісе отырып белгі мен омырауға тағатын значоктың жыл сайынғы тиражын белгілеу тапсырылсын.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1962 жылғы 24 декабрьдегі № 944
қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

ҚАЗАҚ ССР ӨРТКЕ ҚАРСЫ ЕРІКТІ ҚОҒАМЫНЫҢ «ҚАЗАҚ ССР ӨРТКЕ ҚАРСЫ ЕРІКТІ ҚОҒАМЫ» БЕЛГІСІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

Қазақ ССР Өртке қарсы ерікті қоғамының «Қазақ ССР Өртке қарсы ерікті қоғамы» белгісі осы қоғам мүшелерінің бас киіміне тағып жүруіне арналған.

«Қазақ ССР Өртке қарсы ерікті қоғамы» белгісі анодталған металдан жасалады, формасы сопақша, көлемі — 30×36 мм, Қазақ ССР

Мемлекеттік жалауының тұсында сол жағынан емен жапырағымен, ал оң жағынан — сарғыш түсті масақтармен көмкерілген.

Сопақша белгінің үстіңгі жағында бесбұрышты қызыл жұлдызша бар.

Сол белгінің төменгі бөлегін «ДПО» деген жазуы бар қызыл лента қиып өтеді.

Белгінің үстіңгі бетінде (ортасында) қызыл жалау аясында айқастырылған өрт сөндіру балтасына, бұранда кілтінен және сарғыш түсті алаудан құралған өрт-техника белгісі бекітілген. Ол белгінің төменгі бөлегін көлденең көгілдір жолақ қиып өтеді.

Өрт-техника белгісі үстінде «ҚазССР» деген жазу бар.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1962 жылғы 24 декабрьдегі № 944
қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

ОМЫРАУҒА ТАҒАТЫН «ҚАЗАҚ ССР ӨРТКЕ ҚАРСЫ ЕРІКТІ ҚОҒАМЫНЫҢ ОЗАТЫ» ЗНАЧОГЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Омырауға тағатын «Қазақ ССР Өртке қарсы ерікті қоғамының озаты» значогы анодталған металдан жасалады, формасы сопақша, көлемі — 40×50 мм, шет-шеті лавр жапырағы мен масақтан өріліп, екі жағынан екі қызыл лентамен оралған венокпен көмкерілген.

Значоктың жоғарғы жағында бесбұрышты қызыл жұлдызша бар.

Значоктың ортасында (өнеркәсіп панорамасы тұсында) — автомобильдегі механикалық өрт сатысы және ішкі сопақша бөлігінде қазақ тілінде «Қазақ ССР Өртке қарсы ерікті қоғамының озаты» деген жазу бар.

Значоктың төменгі бөлігінде орыс тілінде «Отличник ДПО Каз ССР» деген жазу жазылған көгілдір жолақты лента бар.

Значок түсі — шие түсті эмаль, лента түсі — қызыл эмаль.

Төменгі лентадағы көгілдір жолақ — көгілдір эмаль, лавр жапырағы мен масақтан өрілген венок — сарғыш түсті эмаль.

ҚАЗАҚ ССР ҮКІМЕТІНІҢ ОРМАНДАРДЫ ӨРТТЕН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЗИЯНДЫ НАСЕКОМДАР МЕН АУРУЛАРДАН САҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ШЕШІМДЕРІН БІРІКТІРУ ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1981 жылғы 14 сентябрьдегі
№ 403 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1981 ж., № 19, 51-ст.)

[1] 7-томның 127-бетін қараңыз.

ӨРТКЕ ҚАРСЫ ЕРІКТІ ЖАСАҚТАР МЕН ӨРТКЕ ҚАРСЫ ҚОҒАМДЫҚ ИНСПЕКТОРЛАР ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕЛЕРДІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1963 жылғы 9 октябрьдегі
№ 805 ҚАУЛЫСЫ

Өнеркәсіп орындарын, құрылыстарды, базаларды, қоймаларды, совхоздар мен колхоздарды, халық шаруашылығы советтерінің, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарының басқа да объектілерін өрттен қорғау ісін ұйымдастыруды жақсарту, сол сияқты өрт хауіпсіздігі жөніндегі ережелердің сақталуына қоғамдық бақылауды күшейту мақсатымен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Мына ережелер бекітілсін:

а) өнеркәсіп орындарында, совхоздардағы, құрылыстардағы, базалардағы, қоймалардағы, халық шаруашылығы советтерінің, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарының басқа да объектілеріндегі өртке қарсы ерікті жасақтар туралы;

б) Қазақ ССР колхоздарында құрылатын өртке қарсы ерікті жасақтар туралы;

в) Қазақ ССР өлкелері мен облыстарының, қалалары мен аудандарының өрттен қорғау бөлімдерінің және инспекцияларының жанынан құрылатын өртке қарсы қоғамдық инспекторлар туралы.

2. Өнеркәсіп орындарының, құрылыстардың, базалардың, қоймалардың, совхоздар мен колхоздардың, халық шаруашылығы советтері мен Қазақ ССР министрліктерінің және ведомстволарының басшыларына халық шаруашылығы объектілерінде өрттен қорғау жұмысын осы ережелерге сәйкес ұйымдастыру міндеттелсін.

3. Қазақ ССР Мемлекеттік өрт қадағалауы және Өртке қарсы ерікті қоғамының органдарына республика министрліктері мен ведомстволарына өртке қарсы ерікті жасақтардың мүшелеріне өрттен сақтандыру ережелерін және өртке қарсы техникамен және жабдықтармен жұмыс істеудің әдістерін үйрету жөнінде жан-жақты көмек көрсету міндеттелсін.

---

[1] 3-пунктпен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1965 ж. 8 октябрьдегі № 668 қаулысымен толықтырылды.

Қазақ ССР Министрлер Советінің 1963 жылғы 9 октябрьдегі № 805 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

ӨНЕРКӘСІП ОРЫНДАРЫНДАҒЫ, СОВХОЗДАРДАҒЫ, ҚҰРЫЛЫСТАРДАҒЫ, БАЗАЛАРДАҒЫ, ҚОЙМАЛАРДАҒЫ, ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ СОВЕТТЕРІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛІКТЕРІНІҢ ЖӘНЕ ВЕДОМСТВОЛАРЫНЫҢ ВАСҚА ДА ОБЪЕКТІЛЕРІНДЕГІ ӨРТКЕ ҚАРСЫ ЕРІКТІ ЖАСАҚТАР ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Өнеркәсіп орындарын, құрылыстарды, базаларды, қоймаларды, совхоздарды, халық шаруашылығы советтерінің, министрліктер мен ведомстволардың басқа да объектілерін өрттен қорғау шараларын жүргізу үшін жұмысшылардан, инженер-техник қызметкерлерден және қызметшілерден өртке қарсы ерікті жасақтар ұйымдастырылады.

2. Министрліктер мен ведомстволардың объектілерінде ведомстволық өрттен қорғаушылардың бар екендігіне қарамастан өртке қарсы ерікті жасақтар ұйымдастырылады.

3. Өртке қарсы ерікті жасақтарды ұйымдастыру, олардың жұмысына басшылық ету, өртке қарсы шараларды орындау, жұмысшылардың, қызметшілердің инженер-техник қызметкерлердің арасында бұқаралық-түсінік жұмысын жүргізу өнеркәсіп орындарының, құрылыстардың, базалардың, қоймалардың, совхоздардың және басқа да объектілердің жұмысшыларына жүктеледі.

4. Объектілердің көлеміне, құрылымына және жергілікті ерекшеліктерге қарай өртке қарсы ерікті жасақтар жалпы объектілік немесе цехтық (объектіде бірнешеу) болып жасақталуы мүмкін.

Жалпы объектілік өртке қарсы ерікті жасақ бар кәсіпорындарында кажет болған жағдайда, цехтарда, қоймаларда, бөлімшелерде, фермаларда, объектінің басқа да кәсіпорындарында сменадағы жұмысшы санына қарай өртке қарсы ерікті жасақтың бөлімшесі құрылады оны сол бөлімшенің бастығы басқарады. Бұл цехтағы, қоймадағы, бөлімшедегі жасақтардың біреуі жетекші етіп тағайындалады.

Цехтық өртке қарсы ерікті жасақтар да смена жұмысшыларының санына қарай бөлімшелерге (жауынгер топтарға) бөлінеді, оларды сол бөлімшелердің бастықтары басқарады.

Өртке қарсы ерікті жасақшылардың бастықтары объектінің (цехтың, бөлімшенің, ферманың) жетекшісіне бағынады және өз міндетін ведомстволық өрттен қорғау органы бастығының басшылығымен орындайды.

5. Өртке қарсы ерікті жасақтардың бастықтары мен олардың орынбасарларын және бөлімшелердің (жауынгер топтардың) бастықтарын объектінің (цехтың) басшылары көбінесе цех әкімшілігінен тағайындайды.

Ескерту:

1. Объектіні өрттен қорғайтын күзет бастығы, олар бар жерлерде өртке қарсы ерікті жасақтың да бастығы болып тағайындалуы мүмкін.

2. Кәсіпорындарда, совхоздарда, базарларда, қоймаларда, өрттен қорғау күзеті жоқ жерлерде, өртке қарсы ерікті жасақтардың бастығы етіліп цех бастықтары, қоймалар мен базалардың меңгерушілері, совхоз директорларының орынбасарлары және басқа жауапты адамдар тағайындалуы тиіс.

II. Өртке қарсы ерікті жасақтардың міндеттері

6. Өртке қарсы ерікті жасақтарға мыналар жүктеледі:

а) объектіде (цехта) өртке қарсы тәртіптердің орындалуына және сақталуына бақылау жасау;

б) объектіде (цехта) өртке қарсы тәртіптерді сақтау жөнінде жұмысшылар мен қызметшілер арасында тікелей түсінік жұмысын жүргізу;

в) өрт сөндіретін техникаларды (автомобиль мен тіркемелі насостарды) үнемі жауынгерлік даярлық жағдайында ұстау және өрт сөндіретін басқы құралдардың қалыпты жағдайда болуына, пайдалануға жарамдылығына бақылау жасау;

г) өрт шыға қалған жағдайда көрші шаруашылықтан өрт сөндіру бөлімшелерін шақыру және шыққан өртті объектідегі (цехтағы) өрт сөндіретін қолда бар құралдармен сөндіруге дереу шаралар қолдану;

д) өртке қарсы ерікті жасақ мүшелері өрт сөндіретін автомобильдермен, тіркемелі насостармен, (мотопомптармен), өрт сөндіретін тағы басқа жылжымалы және тұрақты құралдармен жауынгерлік топтардың жұмысына қатысуға және объектілер мен цехтарда кезекшілікке тұруға қатынасуға тиіс.

III. Өртке қарсы ерікті жасақтарды және олардың жұмысын ұйымдастыру тәртібі

7. Өртке қарсы ерікті жасақтар құрамындағы адамдар санын объектінің (цехтың) жетекшісі белгілейді.

8. Өртке қарсы ерікті жасақтар жасы он сегізден кем емес Қазақ ССР өртке қарсы ерікті қоғамның таңдаулы мүшелерінен, объектінің (цехтың) жұмысшыларынан, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілерінен еріктілік негізде ұйымдастырылады [1].

9. Өртке қарсы ерікті жасаққа кіруші әрбір адам жасақтың бастығына жазбаша арыз береді.

Өртке қарсы ерікті жасақтың құрамына алу және кейіннен оның құрамын өзгертулер объекті (цех) бойынша бұйрық арқылы жарияланады.

10. Мынадай жағдайларда өртке қарсы ерікті жасақ құрамынан шығарылады:

а) өртке қарсы тәртіпті бұзғаны үшін;

б) жасақ бастығының нұсқауларын орындамағаны үшін;

в) жасақ бастығына арыз беруі арқылы өзінің сұрауы бойынша;

г) объектіден (цехтан) кетіп қалғаны үшін.

11. Өртке қарсы ерікті жасақтарды толықтыру ісі әрбір цехта және сменада жасақ мүшелері болатындай етіп жүргізіледі.

12. Өрт шыға қалған жағдайда өртке қарсы ерікті жасақ мүшелерінің қолданатын әрекеті туралы табель цехта көрнекті жерге ілініп қойылады.

13. Өртке қарсы ерікті жасақ мүшелерінің оқуы объекті (цех) бастығы бекіткен кесте бойынша жұмыстан бос уақытта өткізіледі, сабақ мерзімі айына 4 сағаттан аспауы керек.

14. Өртке қарсы ерікті жасақ мүшелерін жұмыстан тыс уақытта өрттен қорғау күзетіне кезекшілікке тарту тәртібін министрліктер мен ведомстволар белгілейді.

---

[1] 8-пунктке Қазақ ССР Министрлер Советінің 1965 ж. 8 октябрьдегі № 668 қаулысымен өзгерістер енгізілген.

IV. Өртке қарсы ерікті жасақ бастығының міндеттері

15. Өртке қарсы ерікті жасақтың бастығы мыналарды орындауға міндетті:

а) объектіде (өндірістік цехтарда, қоймаларда, мал қораларында, мәдени-сауық үйлерінде балалар мекемелері мен оқу, емдеу мекемелерінде, тұрғын үйлерде және басқа орғандарда) өртке қарсы шаралардың уақытында орындалуына, өртке қарсы тәртіптердің қатаң сақталуына бақылау жасап отырады;

б) қолда бар барлық техниканы (өрт сөндіретін автомобильдерді, мотопомптарды, насостарды, тағы басқаларын) жауынгерлік әзірлік жағдайда ұстап, оларды басқа мақсаттарға пайдалануға жол бермейді;

в) объектідегі (цехтардағы, бөлімшелердегі, фермалардағы, тағы басқа орындардағы) өрт сөндіретін барлық бастапқы құралдардың пайдалануға жарамдылығын бақылап отырады, олардың қалыпты жағдайда болуы жөнінде жауапты адамдарға қатаң талап қойып отырады;

г) объектінің жұмысшы, қызметшілері арасында өрт хауіпсіздігі шаралары туралы үнемі түсінік қызметін жүргізіп отырады;

д) өртке қарсы ерікті жасақ құрамының арасында олардың өрт сөндіру-техникалық білімін арттыру жөнінде оқтын-оқтын сабақ өткізіп отырады. Қиын пәндерден сабақ өткізуге инженер-техник қызметкерлерін және аудандар мен қалалардың өрттен қорғау орғандарының мамандарын тартады;

е) өртке қарсы ерікті жасақ бөлімшелері бастықтарының жұмысына басшылық етеді және цехтардағы жауынгер топтардың өрт сөндіру дайындығын тексеріп отырады;

ж) өрт сөндіруші команда келіп жеткенге дейін объектідегі (цехтағы) өртті сөндіруге басшылық етеді;

з) өртке қарсы тәртіптердің бұзылуы туралы объектінің (цехтың) басшылығына хабарлап отырады;

и) өртке қарсы ерікті жасақтарды оқыту, объектіде профилактика жұмысын жүргізу және өрт сөндіруді ұйымдастыру жөніндегі барлық жұмыстарды ауданның (қаланың) өрт бақылайтын мемлекеттік орғандарымен және Қазақ ССР Өртке қарсы ерікті қоғамның ұйымдарымен тығыз байланысты жүргізеді [1].

16. Объектіде (цехта) өртке қарсы ерікті жасақ бастығы болмаған жағдайда оның барлық міндетін өз сменасында жасақ бастығының орынбасарлары атқарады.

V. Өртке қарсы ерікті жасақ бөлімшесі (жауынгерлік топ) бастығының міндеттері

17. Өртке қарсы ерікті жасақ бөлімшесінің (жауынгерлік топтың) бастығы мыналарды орындауға міндетті:

а) цехтағы өз сменасында өртке қарсы тәртіптердің сақталуына және өрт сөндіретін барлық құралдардың дайындығына бақылау жасайды;

б) сменада жұмыс аяқталарда цехтың өртке қарсы жайын тексереді, анықталған кемшіліктерді жоюға шаралар қолданады және өзінен кейін жұмысқа кірісетін (цехта бірнеше смена жұмыс істейтін жағдайда) өртке қарсы ерікті жасақ бастығына цехтың өрт сөндіретін құралдарын табыс етеді;

---

[1] 15-пункттің «и» тармағына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1965 ж. 8 октябрьдегі № 668 қаулысымен өзгерістер енгізілген.

в) жұмысқа кірісерде жауынгерлік топтың табелі бойынша өртке қарсы ерікті жасақ мүшелерінен кімдер бар екенін тексереді;

г) өртке қарсы ерікті жасақ бөлімшесі мүшелерінің сабаққа қатысуын қамтамасыз етеді;

д) бөлімшеде өртке қарсы ерікті жасақ мүшелерінің өз міндеттемелерін білетіндігін тексереді;

е) цехта өрт шыға қалған жағдайда өрт сөндіретін команданың немесе өртке қарсы ерікті жасақ бастығының келіп жетуіне қарамастан өртті сөндіруге басшылық етеді.

VI. Өртке қарсы ерікті жасақ мүшелерінің міндеттері

18. Өртке қарсы ерікті жасақ мүшелері мыналарды орындауға міндетті:

а) цехта және өзінің жұмыс орнында өртке қарсы тәртіптерді білуге және оны алдымен өзі сақтауға және басқалардан да ол тәртіптерді сақтауды талап етуге міндетті;

б) жауынгерлік топтың табелі бойынша өз міндеттерін білуге және өрт шыға қалған жағдайда оны сөндіруге белсепе қатысуға міндетті;

в) цехтағы өрт сөндіретін басты құралдардың қолдануға жарамдылығын бақылауға және анықталған барлық кемшіліктер туралы өртке қарсы ерікті жасақ бастығына хабарлап отыруға, ал мүмкін болса ол кемшіліктерді өзі жөндеуге міндетті;

г) жасақ мүшелеріне жүктелген міндеттерді, жасақ бөлімшесі бастығының жарлықтарын орындауға және кестеде белгіленген сабақтарға қатысу арқылы өзінің өрт сөндіру-техникалық білімін арттырып отыруға міндетті.

VII. Праволары

19. Өртке қарсы ерікті жасақ бастығына мынадай праволар беріледі:

а) объектінің құрамына кіретін барлық өндірістік және қосымша цехтардың, бөлімдер мен бөлімшелердің өрт хауіпсіздігі жағдайын тексеруге, тексерудің қорытындысы бойынша анықталған өрт хауіпсіздігі жөніндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған актілер жасауға праволы;

б) цехтар мен бөлімдер, бөлімшелер, фермалар, балалар мекемелері мен емдеу, оқу және сауық мекемелері тұрғын үйлер басшыларының өрт бақылайтын мемлекеттік органдар бұйрықтарын орындауын тексеруге және өрт хаупін туғызатын кемшіліктерді уақытында жою жөнінде талаптар қоюға праволы;

в) өрт хауіпсіздігі ережелерінің орындалмауы және бұзылуы, өрт сөндіретін техникалар мен саймандардың ұқыпсыз сақталуы туралы актілер жасауға және бұған кінәлы адамдарды жауапқа тарту үшін ол актілерді объектінің жетекшісіне немесе мемлекеттік өрт қадағалауы органдарына жіберіп отыруға праволы;

г) цехтар, бөлімдер, бөлімшелер, объектіге қарайтын басқа да учаскелер бойынша өртке қарсы ерікті жасақтың жауынгерлік топтарының жауынгерлік әзірлігін тексеруге праволы;

д) объекті басшылығының, партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының қарауына өрт хауіпсіздігі шараларын күшейту мәселелерін ұсынып отыруға праволы.

Ескерту: Өртке қарсы ерікті жасақтың бастығы болмаған жағдайда 19-пунктте көрсетілген праволарды бастықтың орынбасары жүзеге асырады.

VIII. Өртке қарсы ерікті жасақтарды ұстау шығыны

20. Өртке қарсы ерікті жасақтарды ұстау жөніндегі барлық шығындар олар құрылған жердегі объектінің (цехтың) есебінен жүргізіледі.

СССР Министрлер Советінің 1954 жылғы 2 марттағы № 359 қаулысы бойынша автоматты насостардағы және тіркемелі насостардағы (мотопомптардағы) жауынгерлік топтарда жұмыс істейтін өртке қарсы ерікті жасақ мүшелеріне кәсіпорындар мен мекемелердің және ұйымдардың есебінен осы қаулының қосымшасына сәйкес жұмыс киімінің комплектісі (брезенттен тігілген куртка, шалбар, қолғап, мақталы күрте, мақталы шалбар) және былғары немесе кирза етік тегін беріледі, олар кәсіптік өрт сөндіруші командалар үшін белгіленген мерзімге беріледі.

Өртке қарсы ерікті жасақ мүшелерінің жұмыс уақытында өрт сөндіруге немесе аварияларды жоюға қатысқан еңбегіне, сол сияқты өрттен қорғау жөніндегі жұмыстан тыс уақытта (ерекше жағдайда) кезекшілікке тұрған уақытына өндірістегі орташа айлық жалақысы есебінен ақы төленеді.

Өртке қарсы ерікті жасақтың барлық құрамы сақтандырылады, яғни өрт сөндіру немесе аварияларды жою кезінде қаза тауып, немесе мертігіп қалған жағдайларда жәрдем беру мақсатымен әрбір адамның өмірі 400 сом мөлшерінде кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың есебінен сақтандырылады.

СССР Министрлер Советінің сол қаулысы бойынша кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың басшыларына өртке қарсы ерікті жасақтың таңдаулы мүшелеріне олардың өрт болдырмауды алдын ала ескерту және өртті сөндіру жұмыстарына белсене қатысқаны үшін, оларды көтермелеу ретінде, директор қорының және сыйлық беруге белгіленген басқа да қаржының есебінен ақшалай, бағалы заттай сыйлықтар беруге және грамоталар беруге праволар берілген.

Өрт болдырмауды алдын ала ескерту немесе өртті сөндіру ісінде өзін ерекше көрсеткен өртке қарсы ерікті жасақ мүшелеріне жылына алты күнге дейін қосымша демалыс беріледі.

Қазақ ССР Министрлер Советінің 1963 жылғы 9 октябрьдегі № 805 қаулысымен бекітілген Өнеркәсіп орындарындағы, совхоздардағы, құрылыстардағы, базалар мен қоймалардағы, халық шаруашылығы советтері мен Қазақ ССР министрліктерінің және ведомстволарының басқа да объектілеріндегі өртке қарсы ерікті халық жасақтары туралы Ережеге

ҚОСЫМША

ӨНЕРКӘСІП ОРЫНДАРЫНДАҒЫ, СОВХОЗДАРДАҒЫ, ҚҰРЫЛЫСТАРДАҒЫ, БАЗАЛАР МЕН ҚОЙМАЛАРДАҒЫ, ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ СОВЕТТЕРІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛІКТЕРІНІҢ ЖӘНЕ ВЕДОМСТВОЛАРЫНЫҢ БАСҚА ДА ОБЪЕКТІЛЕРІНДЕГІ ӨРТ СӨНДІРЕТІН МАШИНАЛАРДА ТІРКЕМЕЛІ НАСОСТАРДА (МОТОПОМПТАРДА), ӨРТ СӨНДІРЕТІН ҚОЛ НАСОСТАРЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ЖАУЫНГЕР ТОПТАРДЫҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӨРТКЕ ҚАРСЫ ЕРІКТІ ЖАСАҚ МҮШЕЛЕРІНЕ АРНАУЛЫ ЖҰМЫС КІЙІМДЕРІН БЕРУДІҢ

НОРМАЛАРЫ

Киімдердің аттары	Киімдердің саны	Қанша мерзімге киюге беріледі
Брезент куртка	1 дана	4 жылға
Брезент шалбар	1 дана	4 жылға
Брезент қолқап	1 пар	2 жылға
Мақталы күрте	1 дана	3 жылға
Мақталы шалбар	1 дана	3 жылға
Қирза немесе былғары етік	1 пар	2 жылға
Өрт сөндіргенде буынатын белбеу	1 дана	мерзімсіз

Ескерту:

1. Бұл айтылған арнаулы киімдер есептегі мүлік болып табылады және тек өрт сөндіретін депода ғана сақталуы керек.
2. Брезент костюмді тек жаттығу сабақтары кезінде өрт сөндіруге барған кезде киюге рұқсат етіледі.
3. Мақталы костюм өртке қарсы ерікті қоғам мүшелеріне қыс кезінде, өрт сөндіретін депода кезекшілікке тұрғанда ғана киюге беріледі.
4. Қирза немесе былғары етік өртке қарсы ерікті жасақ мүшесінің жеке өзінің пайдалануына, айтылған мерзімге беріледі.
5. Өрт сөндіру, аварияларды, тағы басқа стихиялық апаттарды жою кезінде арнаулы киімдер мен аяқ киімдер бүлініп қалса, оның қанша мерзімге берілгеніне қарамастан өртке қарсы ерікті жасақ мүшесіне жаңа киім беріледі.

Қазақ ССР Министрлер Советінің 1963 жылғы 9 октябрьдегі № 805 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

ҚАЗАҚ ССР КОЛХОЗДАРЫНЫҢ ӨРТКЕ ҚАРСЫ ЕРІКТІ ЖАСАҚТАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Өрт болдырмауды алдын ала ескерту және өртпен күресу үшін колхоздарда өртке қарсы ерікті жасақтар (бір колхозға бір жасақ) ұйымдастырылады.

Колхоздағы өртке қарсы ерікті жасаққа мыналар жүктеледі:

а) колхоз объектілерінде өртке қарсы тәртіптердің орындалуына және сақталуына бақылау жасау;

б) колхоздың қоғамдық құрылыстарында, колхозшылардың тұрғын үйлерінде және басқа құрылыстарда, сол сияқты егісте және ормандарда өртке қарсы алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу;

в) өрт хауіпсіздігі туралы ережені сақтау жөнінде колхозшылар және селоның жергілікті халқы арасында түсінік жұмысын жүргізу;

г) өрт сөндіретін қоғамдық саймандар мен жабдықтарды күту, сол сияқты оларды әрдайым қолдануға дайын қалпында сақтау;

д) селолық елді пункттерде, колхоздардың объектілерінде, егіс даласында және ормандарда шыққан өртті сөндіру.

2. Колхоздың өртке қарсы ерікті жасағына 18 жаска толған денсаулығы жақсы, өзінің жұмысы және тұрған жері өрт сөндіру депосына жақын азаматтар қабылданады. Өртке қарсы ерікті жасаққа кіргісі келгендер колхоздың өртке қарсы ерікті жасағының бастығына арыз береді. Жасаққа колхоз басқармасының шешімі бойынша қабылданады.

3. Өртке қарсы ерікті жасақ колхоздың орталығында, бригадаларында және фермаларында ұйымдастырылатын жауынгерлік топтардан құралады. Өрт шыға қалған жағдайда ерікті жасақ мүшелерінің орындайтын міндеттері жауынгерлік топтардың өртке қарсы ерікті жасақ бастығы жасайтын және колхоз председателі бекітетін табельдерінде белгіленеді. Жауынгерлік топ мүшелерінің табельдері өрт сөндіретін деполарда, сол сияқты бригадаларда, жөндеу мастерскойларында, фермаларда көрнекті жерге ілініп қойылады.

4. Өртке қарсы ерікті жасақ құрамының және жауынгер топтардың санын, сол сияқты колхозға қажетті өрт сөндіретін техника мен құралдардың және жабдықтардың санын колхоздың қоғамдық шаруашылықтарының, өрттен қорғайтын елді пункттерінің, фермаларының санына және басқа жергілікті ерекшеліктеріне қарай колхоздың басқармасы белгілейді және мұны мемлекеттік өрт қадағалау органдарымен келісе отырып белгілейді.

5. Өртке қарсы ерікті жасақтың бастығы, оның орынбасары және жауынгерлік топтардың бастықтары өртке қарсы шараларды жүзеге асыруда бастама көрсете білген колхоздың ең белсенді мүшелерінен колхоз басқармасының шешімімен тағайындалады. Бұл қызметке тағайындалғандарды өзгерту аудандық өрт сөндіру инспекциясына хабарланып, оның келісімімен жүргізілуге тиіс.

6. Өрт сөндіретін техникалар мен құрал-жабдықтар сатып алу, оларды жөндеу, сол сияқты өрт сөндіретін деполар салу және оларды

жөндеу мемлекеттік сақтандыру мекемесі мен колхоздың қаржысы есебінен жүргізіледі, бұл қаржының мөлшерін колхоз мүшелерінің жалпы жиналысы белгілейді.

7. Өрт сөндіретін жабдықтар мен саймандарды өрт сөндіруге байланысты емес жұмыстарға пайдалануға қатаң тыйым салынады.

8. Колхоздар мен колхозшылар шаруашылық жұмыстарды орындаған кезде, егін жинағанда, орманда және тұрғын үйлерде өрт хауіпсіздігі шараларын қатаң орындауға, өрт болдырмауды алдын ала ескерту, өртпен күресу жұмыстарына белсене қатысуға міндетті.

Колхозда немесе елді пунктте өрт шыға қалған жағдайда 18 жасқа толған барлық колхозшылар өрт сөндіретін тиісті құралдарын алып тез келіп жетулері керек және өртті сөндіруге белсене қатысуға міндетті.

9. Колхоз объектілерінің күзетшілеріне колхоз меншігін өрттен қорғау міндеті жүктелуі тиіс.

Күзетшілер өз міндетін атқарғанда колхоз мүлкін өрттен және ұрлықтан аса қырағылықпен қорғауға, өрт сөндіретін құралдардың пайдалануға жарамдылығын, өзі күзететін учаскеде өрт хауіпсіздігі ережелерінің сақталуын байқап отыруға тиіс, ал өрт шыға қалған жағдайда өртке қарсы ерікті жасақ мүшелерін жинау үшін дереу дабыл қағуы және мұндай жағдайда өз орнынан кетуге колхоз басқармасы рұқсат ететін болса, күзетшінің өзі де өртті сөндірісуге қатысуы керек.

Өрттен қорғау мәселесі жөнінде күзетшілер өртке қарсы ерікті жасақтардың бастығына бағынады және оның барлық нұсқауларын орындайды.

10. Өрт сөндіруді ұйымдастыруға басшылық еткен адам (өртке қарсы ерікті жасақ бастығы) бұл жұмысқа жауапты болады.

Басшы және басқа адамдардың өрт сөндіруді басқарушы адамның қимыл әрекетіне араласуына тыйым салынады.

II. Лауазымды адамдардың өрт хауіпсіздігі жөніндегі жауапкершілігі мен міндеттері

11. Селолық елді пункттерді өрттен қорғауды тиісті дәрежеде ұйымдастыруға жауаптылық халық депутаттары селолық Советінің атқару комитетіне жүктеледі.

Колхоз объектілеріндегі өрт хауіпсіздігіне және өртке қарсы барлық шараларды жүргізуге колхоз басқармасы және колхоз председательдерінің жеке өзі жауапты болады.

Колхоз председателінің өзі немесе басқарма мүшелері арқылы мыналарды орындауға міндетті:

а) колхозда жауынгерлік іске қабілетті өрт сөндіретін жасақ ұйымдастырады және бригадаларда, мал фермаларында, колхоздың басқа объектілерінде жасақтың жауынгер топтарын құрады;

б) мемлекеттік өрт қадағалау органының өкілі ұсынған өртке қарсы шараларды дер кезінде орындауды қамтамасыз етеді;

в) осы Ереженің 4-пунктіне сәйкес колхозға қажетті өрт сөндіретін техникалар мен саймандар және жабдықтар сатып алуды қамтамасыз етеді;

г) өрт сөндіретін автомобильдерді (мотопомптарды) әрдайым дайын жағдайда ұстау және өрт шыға қалған жағдайда пайдалану үшін оларға арнаулы шоферлер (мотористер) бекітіп қояды;

д) колхоздың орталығында өрт сөндіретін депо салуды, ал бригадаларда және фермаларда өрт сөндіретін техника мен саймандарды сақтайтын үйлер бөлуді қамтамасыз етеді;

е) өрт шыға қалған жағдайда ол жерге деподан өрт сөндіретін құрал-сайман және жабдықтар жеткізу үшін депоға кезекшілікке жүк автомашинасын (шоферімен) немесе бригададан аттар (атшысымен) бекітіп қояды;

ж) өрт шыға қалған жағдайда колхозда бар бензин таситын, көң садырасын шашатын техникаларды, шаруашылық су құбырларын, су құятын резервуар ыдыстарды, автомат суарғыштарды су беруге бейімдеп жабдықтауды қамтамасыз етеді;

з) өрт сөндіретін депода өртке қарсы ерікті жасақ мүшелерінің тәулікке үздіксіз кезекке тұруын ұйымдастырады;

и) өрт туралы дабыл қағылған жағдайда ерікті жасақ мүшелерін, колхозшыларды жинау үшін өрт сөндіретін депоның үйіне және басқа қажетті орындарға (мал фермаларына, қоймаларға, жөндеу мастерскойларына) дабыл қағып шақыратын қондырғылар орнатуды қамтамасыз етеді;

к) колхоздың жаңа объектілерін салу кезінде өртке қарсы барлық нормалар мен талаптарды орындауды қамтамасыз етеді;

л) өртке қарсы ерікті жасақтың барлық мүшелерін дабыл көтеру әдісімен жинау және өрт сөндіретін құралдарды іске қосу арқылы ерікті жасақтардың жауынгерлік іске дайындықтарын тоқсанына бір рет тексеріп отыруды өткізеді.

12. Колхоз бригадасы объектілерінің өрт хауіпсіздігі жайында және оларда өртке қарсы шаралар жүргізуге жауаптылық бригадирге жүктеледі.

Колхоз бригадирлері мыналарды орындауға міндетті:

а) бригаданың жеріндегі мал фермалары және басқа объектілер үшін бригаданың өрт сөндіретін техникаларында, сол сияқты саймандарында өртке қарсы ерікті жасақтың жауынгер топтарын ұйымдастырады;

б) бригада көлемінде өртке қарсы ережелер мен нормалардың сақталуына, бригада объектілерінде су қоймасының, оған баратын жолдардың, өрт туралы байланыс құралдарының бар-жоқтығына, олардың қалыпты жағдайда болуына бақылау жасайды;

в) бригададағы күзетшінің өз міндетін қалай атқаруын тексеріп отырады;

г) колхоз басқармасымен келісе отырып, бригаданың өрт сөндіретін құрал-саймандарын қоюға арнаулы үй бөледі;

д) бригададағы өрт сөндіретін техниканың жөнді және пайдалану үшін әрдайым жауынгерлік әзірлік жағдайда болуына бақылау жасайды, ол техниканы өрт шыққан жерге жеткізуді қамтамасыз етеді;

е) егін жинау басталғанға дейін колхоздың өртке қарсы ерікті жасақ бастығымен бірлесе отырып, трактористерге, шоферлерге, егін жинауға қатысатын басқа да колхозшыларға өрт хауіпсіздігі жөнінде нұсқау беруді ұйымдастырады;

ж) фермалардағы және басқа объектілердегі жауынгерлік топ бастықтарымен бірлесе отырып, колхозшыларға өрт шыға қалған жағдайда қалай қимыл жасауларының ережелері мен тәртіптерін түсіндіреді;

з) бригаданың көлеміндегі барлық қоймаларда, мал фермаларында, тағы басқа үйлерде өрт хауіпсіздігі туралы нұсқау болуын қамтамасыз етеді, ол нұсқаумен барлық малшылар, қамбашылар және басқа да адамдар таныстырылуға тиіс;

и) өрт шыққан жағдайда оны сөндіріп, адамдарды, мал-мүлікті аман сақтау үшін қажетті шаралар қолданады.

13. Мал фермаларын, қоймаларды, жөндеу мастерскойларын, гараждарды, балалар бақшаларын, клубтарды және басқа объектілерді өрттен сақтаудың, сондай-ақ оларда өртке қарсы шараларды дер кезінде орындаудың жауапкершілігі тікелей осы объектілердің басшыларына жүктеледі.

Өрт хаупінен сақтауға жауапты адамдар мыналарды орындауға міндетті:

а) фермалардың, жөндеу мастерскойларының және басқа объектілердің өртке қарсы ерікті жасақтарының жауынгер топтарын ұйымдастырады, ерікті жасақтарды үйретуге шаралар қолданып, өрт сөндіру кезінде оларға басшылық етеді;

б) объектідегі өртке қарсы тәртіптің, адамдарды, мал-мүлікті көшірудің нұсқауларын жасайды, сондай-ақ қызмет етуші адамдардың, малшылардың және басқа адамдардың ол нұсқауларды үйренуін қамтамасыз етеді;

в) объектіге бағынышты адамдарға өрт хаупінен сақтанудың ережелерін және от немесе өрт шыкса оған қарсы күресудің тәртіптерін түсіндіреді;

г) барлық адамдардың өртке қарсы тәртіптерді сақтауын әрдайым қадағалайды және осы тәртіпті объектінің барлық үй-жайларында сақтауды (үйлер мен жұмыс орындарын әрдайым барынша жинақы ұстау, жүретін жолдарға, шығатын есіктердің маңына көлденең заттар қоюға тыйым салу) қамтамасыз етеді;

д) үй жылытатын приборлардың, электр қондырғылары мен электр сымдарының дұрыстығын қадағалайды және байқалған ақауларды түзетуге шаралар қолданады;

е) пештерге от жағу және басқа да жылытқыш приборларды пайдалану үшін жауапты адамдар тағайындайды.

Пешке от жаққанда және басқа да жылытқыш приборларды пайдаланғанда өрт хаупінен қорғану ережелерінің сақталуын қадағалайды;

ж) өрттің шығуына немесе оның таралуына жол беретін кемшіліктерді жою үшін колхоздағы өртке қарсы ерікті жасақтың бастығына көмектеседі;

з) қолда бар өрт сөндіретін құралдардың, сондай-ақ өртке қарсы байланыс құралдарының әрдайым жөнді қалпында, қолдануға дайын тұруын қамтамасыз етеді;

и) өрт шыққан жағдайда колхоздың өртке қарсы ерікті жасағын шақыруды қамтамасыз етеді және жауынгер топтармен бірлесіп өртті сөндіруге, сондай-ақ адамдарды, мал-мүлікті аман сақтауға шаралар қолданады.

14. Өртке қарсы ерікті жасақтың жұмысын басқару тікелей жасақ бастығына жүктеледі, оның өзі колхоз председателіне бағынады.

Өртке қарсы ерікті жасақтың бастығы мыналарды орындауға міндетті:

а) өртке қарсы ерікті жасақ мүшелерінің жұмысына күн сайын басшылық етіп, бақылау жасап отырады;

б) жөндеу мастерскойларында, мал фермаларында, қоймаларда, клубтарда және колхоздың басқа да объектілерінде, сондай-ақ колхозшылардың тұрғын үйлерінде өртке қарсы тәртіптердің сақталуына бақылау жасайды және анықталған кемшіліктерді жоюға дереу шаралар қолданады;

в) өрт хауіпсіздігі шаралары туралы колхозшылардың арасында түсінік жұмысын жүргізеді;

г) колхоздың жауапты адамдарының өкімет органдарының, колхоз

басқармасының шешімдерін және мемлекеттік өрт қадағалау органының өртке жол бермеу және оны сөндіру жөніндегі талаптарын орындауына бақылау жасайды және өрттен қорғанудағы кемшіліктерді жою, бұл істі жақсарту жөнінде колхоз басқармасына, селолық Советтерге ұсыныстар енгізеді;

д) өрт сөндіретін автотехниканың дұрыс және өз мақсатына пайдаланылуын, өрт сөндіретін құрал-жабдықтардың (соның ішінде жеке колхоз үйлеріне бекітілгендерінің де) қалыпты жағдайда болуына бақылау жасайды.

Техника мен жабдықтардың ақауы байқалған жағдайда оны түзеуге дереу шара қолданады.

Өрт сөндіретін техника басқа мақсатқа пайдаланылған жағдайда бұл туралы колхоз басқармасына, аудандағы мемлекеттік өрт қадағалау инспекциясына, жергілікті партия және совет органдарына хабарлайды;

е) жасақ мүшелерін өрт сөндіретін құрал-жабдықтармен жұмыс істеуге, оларды күтіп-сақтауға үйретеді, өрт сөндіргенде оларды пайдалану ережелерімен таныстырады, сондай-ақ өртке қарсы техникаларды қолдана отырып, ай сайын практикалық сабақ өткізеді.

Өртке қарсы ерікті жасақ мүшелерінің колхоз председателі бекіткен кесте бойынша айына кемі 4 сағат сабағын өткізеді;

ж) өрт сөндірген кезде жасақтың, оның жауынгер топтарының жұмысына басшылық етеді;

з) колхоздың объектілері мен елді пункттерде от кеткен немесе өрт шыққан әрбір оқиға туралы аудандағы мемлекеттік өрт қадағалау инспекциясына дереу хабарлайды;

и) өртті болдырмау немесе оны сөндіру кезінде көзге түскен жасақ мүшелері мен колхозшыларды, селоның басқа да азаматтарын көтермелеу үшін оларды колхоз басқармасына ұсынады;

к) Қазақ ССР Өртке қарсы ерікті қоғамының бастауыш ұйымдарымен бірлесіп өрт хаупінен сақтану ережелері жөнінде малшыларға, пеш салушыларға, электриктерге, механизаторларға, күзетшілерге және колхоз территориясындағы басқа да объектілердің қызметшілеріне нұсқау береді, мектеп жастарының өртке қарсы ерікті жасақтарын ұйымдастыруға көмектеседі [1];

л) колхоз территориясындағы тұрғын үйлерді оларда профилактикалық жұмыстар жүргізу үшін өртке қарсы ерікті жасақ мүшелеріне бөліп береді;

м) мемлекеттік өрт қадағалау органдары өткізетін арнаулы курстар мен жиындарға қатысады.

Ескерту: Өртке қарсы ерікті жасақтың бастығы болмаған кезде оның міндетін орынбасары атқарады.

15. Өртке қарсы ерікті жасақ мүшелері ерікті жасақтың бастығына және жауынгер топтың бастығына бағынады және олардың барлық нұсқауларын орындауға міндетті.

16. Шофер (моторист) мыналарды орындауға міндетті:

а) өртке қарсы автомобильдің (мотопомптың) жөнді болып, әрі әрдайым дайын тұруын қадағалайды;

б) өрт дабылы қағылған бойда жауынгер топпен бірге өрт шыққан жерге баруға және жауынгер топтың табелінде белгіленген өз міндетін атқаруға міндетті.

---

[1] 14-пункттің «к» тармағына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1965 ж. 8 октябрьдегі № 668 қаулысымен өзгерістер енгізілген.

III. Өртке қарсы ерікті жасақты материалдық жағынан қамтамасыз ету

17. Өрттен қорғауға, өртке қарсы құрал-жабдықтарды сатып алуға, өрт сөндіретін депо салуға байланысты барлық шығын колхоз қаржысының есебінен жұмсалады.

Әрбір колхоз бен оның бригадаларында өндірістік, қоғамдық және әкімшілік үйлерге, мал қоралары мен қоймаларға арналған өрт сөндіретін басқы құралдар болуға тиіс.

18. Өртке қарсы ерікті жасақтың бастығына, оның орынбасарына, жауынгер топтардың бастықтарына ақы төлеу тәртібі колхоз басқармаларының шешімімен белгіленеді және ол әрбір колхоздың нақтылы жағдайына қарай колхозшылардың жалпы жиналысында бекітіледі.

Егер өртке қарсы ерікті жасақ колхоз территориясына орналасқан басқа да ұйымдарды өрттен қорғайтын болса, бұл ұйымдардан еңбекке төленетін ақының үлес мөлшері туралы мәселе колхозбен келісіп шешіледі.

Ескерту:

1. Өрт күзеті ұйымдастырылған колхоздарда өртке қарсы ерікті жасақ бастықтарының міндеті сол күзет бастығына жүктеледі.

2. Колхоз басқармалары өртке қарсы ерікті жасақтың басқа жұмыстан босатылған бастығын, өрт сөндіретін машиналарда — мотопомптарда жұмыс істейтін шофер-моторист, сондай-ақ күзетшілер ұстау туралы шешім қабылдай алады.

19. Өртке қарсы ерікті жасақ бастықтарының оқу семинарларын облыстық атқару комитетінің қоғамдық тәртіпті қорғау басқармалары ұйымдастырады, семинар өткізу шығыны мемлекеттік мүлік сақтандыру төлемінен бөлінетін 10 процент қаржының[1] есебінен жұмсалады. Жол қаражатын, семинарда болған күндері үшін берілетін ақшаны колхоз төлейді.

20. Өрт сөндіретін автомашиналар мен мотопомптарды жұмыс істейтін жауынгер топтардың құрамына кіретін жасақ мүшелеріне колхоз басқармалары осы ереженің қосымшасындағы нормаға сәйкес арнаулы киіммен тегін қамтамасыз етеді.

21. Қызметін үлгілі атқарғаны және колхоз меншігін өрттен қорғаудағы белсенді жұмысы үшін колхоз басқармалары өртке қарсы ерікті жасақ мүшелеріне алғыс жариялап, бағалы заттай және ақшалай сыйлықтар беру, грамоталар тапсыру, құрмет кітабына немесе құрмет тақтасына жазу арқылы көтермелеп отырады.

Мұнымен қатар, ерікті жасақ мүшелеріне өрттен қорғауды үлгілі ұйымдастырғаны, өртті болдырмағаны немесе оны жанқиярлықпен сөндіргені үшін, сондай-ақ селоның жасақ мүшесі емес, бірақ өрт сөндіру кезінде ерекше көзге түскен жеке азаматтарына халық депутаттары облыстық Советтерінің атқару комитеттері белгілеген тәртіп бойынша міндетті окладтық және ерікті сақтандыру төлеміне бөлінетін 10 процент қаржының[1] есебінен сыйлық беріледі.

22. Ерікті жасақ мүшесі өрт сөндіру кезінде сәтсіздікке ұшырап еңбекке толық әрі мүлдем жарамсыз болып қалса оған 700 сом мөлшерінде бір жолғы жәрдем беріледі, ал еңбекке ішінара жарамсыз болған жағдайда, еңбекке жарамдылығының қанша проценті жойылса 700 сомның сонша проценті есебінде жәрдем беріледі.

Ерікті жасақ мүшесі өрт сөндіру кезінде сәтсіз оқиғадан қазаға ұшыраса, оның семьясына 700 сом мөлшерінде бір жолғы жәрдем бе-

[1] Мемлекеттік мүліктік сақтандыруы бойынша сақтандыру төлемінен бөлінетін қаржыны жұмсау тәртібі туралы Қазақ ССР Министрлер Советінің 1978 ж. 22 декабрьдегі № 474 қаулысын қараңыз.

ріледі, ал егер оған еңбекке жарамдылығынан айрылғаны үшін бұрын жәрдем төленген болса, ол берілген жәрдем мен 700 сомның айырмасы төленеді.

Жәрдем Қазақ ССР Финанс министрлігінің 1960 жылғы 27 январьдағы «Селолық жерлердегі өртке қарсы ерікті жасақ мүшелері қазаға ұшыраса немесе еңбекке жарамдылығынан айрылса бір жолғы жәрдем төлеу тәртібі туралы» № 4 нұсқауына сәйкес тағайындалады және сол нұсқауға сәйкес төленеді.

23. Қазаға немесе мүгедектікке ұшыратқан сәтсіз оқиғалар мынадай жағдайларда: өрт сөндіруге, сол сияқты адамдарды, мемлекеттік, кооперативтік, колхоздың және азаматтардың мүліктерін өрттен сақтап қалуға байланысты кездескен сәтсіз оқиға деп саналады:

а) нендей бір зат өрт сөндірушінің үстіне құласа немесе оның өзі құласа;

б) өрт сөндіру кезінде электр тоғы соқса, күйсе, үсісе, газдан не басқа заттан уланса;

в) адамдарды, мал-мүлікті өрттен құтқару кезінде жарақаттанып қалса;

г) өрт сөндіруге бара жатқанда, не одан келе жатқанда апатқа ұшыраса;

д) өрттің салдарынан нерв жүйелері бұзылып және есінен айырылып ауырса.

24. Өртке қарсы ерікті жасақ мүшелеріне материалдық көмек немесе пенсиялық жәрдем колхозда қабылданған ауыл шаруашылық артелінің Уставында көрсетілген мөлшерде тағайындалады.

Қазақ ССР Министрлер Советінің 1963 жылғы 9 октябрьдегі № 805 қаулысымен бекітілген Қазақ ССР колхоздарының өртке қарсы ерікті жасағы туралы Ережеге

ҚОСЫМША

ӨРТ СӨНДІРЕТІН АВТОМОБИЛЬДЕРДЕ, МОТОПОМПТАРДА ЖӘНЕ ҚОЛ НАСОСТАРЫМЕН ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН, ЖАУЫНГЕР ТОПТАРДЫҢ ҚҰРАМЫНА КІРЕТІН ЕРІКТІ ЖАСАҚ МҮШЕЛЕРІНЕ АРНАУЛЫ КИІМДЕР БЕРУДІҢ НОРМАСЫ

Киімдердің аттары	Киімдердің саны	Қанша мерзімге киюге беріледі
Брезент куртка	I дана	4 жылға
Брезент шалбар	I дана	4 жылға
Брезент қолғап	I пар	2 жылға
Мақталы күрте	I дана	3 жылға
Мақталы шалбар	I дана	3 жылға
Кирза немесе былғары етік	I дана	2 жылға
Өрт сөндіргенде буынатын белбеу	I пар	мерзімсіз

Ескерту:

1. Бұл арнаулы киімдер тізімдегі мүлік болып есептеледі және олар міндетті түрде депода сақталуға тиіс.

2. Брезент костюмді үйрену сабағы кезінде және өртке барғанда ғана киюге рұқсат етіледі.

3. Мақталы костюм ерікті жасақ мүшелеріне қыста депода кезекшілікке тұрған кезде кию үшін ғана беріледі.

4. Кирза немесе былғары етік өртке қарсы ерікті жасақ мүшелерінің жеке өзіне белгіленген мерзімге кию үшін ғана беріледі.

5. Өрт сөндіру, аварияларды, тағы басқа стихиялық апаттарды жою кезінде арнаулы киімдер мен аяқ киім бүлінсе, олардың қанша мерзімге берілгеніне қарамастан ерікті жасақ мүшелеріне жаңа киімдер беріледі.

Қазақ ССР Министрлер Советінің
1963 жылғы 9 октябрьдегі
№ 805 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

ҚАЗАҚ ССР ӨЛКЕЛЕРІНІҢ, ОБЛЫСТАРЫНЫҢ, ҚАЛАЛАРЫ МЕН АУДАНДАРЫНЫҢ ӨРТТЕН ҚОРҒАУ БӨЛІМДЕРІНІҢ ЖӘНЕ ИНСПЕКЦИЯЛАРЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ ИНСПЕКТОРЛАР ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Республика халық шаруашылығының объектілерінде өртті болдырмау және оған қарсы күресті күшейту мақсатымен өлкелердің, облыстардың, қалалар мен аудандардың өрттен қорғау бөлімдері мен инспекцияларының жанында өрт хаупінен сақтандыратын қоғамдық инспекторлар енгізіледі.

2. Өрт хаупінен сақтандыратын қоғамдық инспекторларды өлкелік, облыстық, қалалық және аудандық ұйымдарда, мекемелер мен кәсіпорындарда жұмыс істейтін жұмысшылардан, қызметшілер мен мамандардан өрттен қорғау бөлімдері мен инспекциялары іріктеп алады.

3. Өрт хаупінен сақтандыратын қоғамдық инспекторлар өз жұмысында халық депутаттарының жергілікті Советтері атқару комитеттерінің шешімдерін, өрт хаупінен сақтану жөніндегі нұсқаулар мен ережелерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

4. Өрт хаупінен сақтандыратын қоғамдық инспекторларға нұсқау беру өрттен қорғау бөлімдері мен испекцияларына жүктеледі, олар инспекторларға тиісті куәліктер береді.

5. Өрт хаупінен сақтандыратын қоғамдық инспекторларға белсенді жұмысы үшін мемлекеттік өрт қадағалау органдарының ұсынуы бойынша халық депутаттарының жергілікті Советтері атқару комитеттерінің шешімдері және өлкелік, облыстық қоғамдық тәртіпті қорғау басқармалары бастықтарының бұйрықтары бойынша ақшалай және бағалы заттай сыйлықтар, грамоталар беріледі.

II. Праволары

6. Өрт хаупінен сақтандыратын қоғамдық инспекторларға мынадай праволар беріледі:

а) халық шаруашылығы объектілерінің өрт хауіпсіздігі жағдайын тексеруге право беріледі және тексеруінің нәтижесі бойынша байқалған кемшіліктерді жоюға бағытталған нақтылы ұсыныстар енгізіп, актілер жасайды;

б) мемлекеттік өрт қадағалау органдарының нұсқаулары мен халық депутаттарының жергілікті Советтері атқару комитеттерінің шешімдерін объект басшыларының орындауын тексереді, сондай-ақ шаруашылық ұйымдары мен мекемелердің басшыларынан өрт шығу хаупін туғызатын кемшіліктерді жоюды талап етеді;

в) өрт хауіпсіздігі ережелерінің орындалмағаны жоне бұрмалан-

ғаны және өртке қарсы техникалар мен құралдардың ұқыпсыз ұсталғаны үшін актілер жасайды, бұған кінәлы адамдарды жауапқа тарту үшін ол актілерді объектінің басшысына немесе мемлекеттік өрт қадағалау органына жібереді;

г) профилактикалық жұмыстарға және өртке қарсы ерікті жасақтардың жауынгерлік әзірлігіне тексеру жүргізеді, жаңа жасақтар құруға көмектеседі;

д) өрт хауіпсіздігі мәселесі жөнінде жұртшылық арасында кеңінен түсінік жұмысын жүргізеді;

е) өрттен қорғау бөлімдері мен инспекциялары арқылы халық депутаттарының селолық және поселкелік Советтері атқару комитеттерінің қарауына елді пункттердің, халық шаруашылығы объектілерінің өрт хауіпсіздігін күшейту туралы мәселелер қояды.

III. Міндеттері

7. Өрт хауіпінен сақтандыратын қоғамдық инспекторларға мынадай міндеттер жүктеледі:

а) халық шаруашылығының объектілерінде өрт хауіпсіздігі ережелерінің орындалуын, өртке қарсы ерікті жасақтардың жауынгерлік әзірлігін, объектілердің өрт сөндіретін техникамен, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуін, олардың дұрыс сақталуын және өз мақсатына пайдаланылуын тексереді;

б) өрт шығу хауіпін тудыратын бұрмалаушылықтар байқалған жағдайда объектілердің басшылары, партия, комсомол ұйымдары арқылы ол кемшіліктерді жергілікті жерде түзеуге шаралар қолданады, ал түзеу үшін көп уақыт және күрделі қаражат жұмсауды қажет ететін кемшіліктер жөнінде объект басшыларымен және өртке қарсы ерікті жасақ бастықтарымен бірлесіп акт жасап, жазбаша ұсыныстар береді;

в) халық шаруашылығы объектілерінде жұмыс істейтін адамдарға өрт хауіпсіздігінің шаралары мен өрт сөндірудің тәсілдері туралы нұсқау береді;

г) өз жұмысы туралы өрттен қорғау бөлімдері мен инспекцияларға хабарлап отырады.

6-тарау

ӘКІМШІЛІК ПРАВО БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ЗАҢДАР

ҚАЗАҚ ССР-інің ӘКІМШІЛІК ПРАВО БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КОДЕКСІ [1]

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ
1984 жылғы 22 мартта
қабылдаған

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 14 қосымша.)

I бөлім

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-тарау

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-статья. **Қазақ ССР-інің әкімшілік право бұзушылық туралы заңдарының міндеттері**

Қазақ ССР-інің әкімшілік право бұзушылық туралы заңдарының міндеттері — СССР-дің қоғамдық құрылысын, социалистік меншікті, азаматтардың әлеуметтік-экономикалық, саяси және жеке басының праволары мен бостандықтарын, сондай-ақ кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың праволары мен заңды мүдделерін, басқарудың белгіленген тәртібін, мемлекеттік және қоғамдық тәртіпті қорғау, социалистік заңдылықты нығайту, право бұзушылықтың алдын алу, азаматтарды СССР Конституциясын, Қазақ ССР Конституциясын және совет заңдарын дәлме-дәл әрі мүлтіксіз сақтау, басқа азаматтардың праволарын, ар-намысы мен абыройын, социалистік тұрмыс ережелерін құрметтеу, өз міндеттерін адал орындау, қоғам алдында жауапкершілік рухында тәрбиелеу.

Бұл міндетті жүзеге асыру үшін Қазақ ССР-інің Әкімшілік право бұзушылық туралы кодексі қандай әрекеттің немесе әрекетсіздіктің әкімшілік право бұзушылық болып табылатынын, әкімшілік право бұзушылық жасаған адамға қандай әкімшілік жаза, оны қандай орган (лауазымды адам) және қандай тәртіппен қолдануы мүмкін екенін анықтайды.

---

[1] Мыналар күшін жойды деп танылды: 254-статьяның екінші бөлігі 1984 ж. 28 сентябрьдегі Указымен (Қазақ ССР Жоғаргы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 41, 534-ст.); 126-статьяның екінші бөлігі 1985 ж., 22 октябрьдегі Указымен (Қазақ ССР Жоғаргы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 45, 457-ст.).

2-статья. **ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің әкімшілік право бұзушылық туралы заңдары**

ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің әкімшілік право бұзушылық туралы заңдары бұл заңдардың принциптерін анықтайтын және жалпы ережелерін белгілейтін ССР Одағы мен одақтас республикалардың Әкімшілік право бұзушылық туралы заң негіздерінен және соларға сәйкес шығарылатын әкімшілік право бұзушылық туралы СССР-дің заң актілері мен СССР Министрлер Советінің қаулыларынан, осы Кодекстен және Қазақ ССР-інің өзге заң актілері мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулыларынан құралады.

Әкімшілік право бұзушылық үшін әкімшілік жауаптылық көздейтін ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заң актілері, сондай-ақ СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары, олар белгіленген тәртіп бойынша осы Кодекске енгізілгенге дейін, Қазақ ССР-інің территориясында тікелей қолданылады.

Право бұзушылық үшін жауаптылық осы Кодекске әлі енгізілмеген заң актілерінде көзделген право бұзушылыққа да, егер ССР Одағының заңдарында өзгеше көзделмеген болса, осы Кодекстің ережелері қолданылады.

3-статья. **ССР Одағының әкімшілік право бұзушылық туралы заңдар саласындағы компетенциясы**

ССР Одағы мен одақтас республикалардың Әкімшілік право бұзушылық туралы заң негіздеріне сәйкес әкімшілік право бұзушылық туралы заңдар саласында ССР Одағының қарауына мыналар жатады:

ССР Одағы мен одақтас республикалардың әкімшілік право бұзушылық туралы заңдарының принциптерін анықтау және жалпы ережелерін белгілеу;

мынадай ережелерді бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылық белгілеу: өнімді стандарттау және оның сапасы жөніндегі; өлшеу құралдарын айналымға шығару және оларды күтіп ұстау мен пайдалану; есепке алу және статистика; темір жол, әуе, теңіз және труба құбыры транспорты құралдарының қозғалыс және пайдаланылу хауіпсіздігі; жол қозғалысы; әскери есепке тұру; шекара режимі; паспорт жүйесі; қаруды, жарылғыш, радиоактивті заттарды және рұқсат етілетін жүйенің басқа объектілерін сатып алу, сақтау және пайдалану ережелерін; карантин салынатын және басқа жұқпалы ауруларды әкелуден және олардың таралуынан СССР территориясын қорғау жөніндегі ережелерді; таможня ережелерін және контрабандаға қарсы күрес жөніндегі ережелерді; валюта айналысының ережелерін; шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың СССР-де болу ережелерін;

ССР Одағының заңдарымен жауаптылық белгіленетін әкімшілік право бұзушылықтың жекелеген түрлері туралы істерді қарау тәртібін қажет болған ретте анықтау.

ССР Одағының қарауына сондай-ақ жалпыодақтық маңызы бар басқа да мәселелер жөніндегі әкімшілік право бұзушылық туралы заңдар жатады.

4-статья. **Қазақ ССР-інің әкімшілік право бұзушылық туралы заңдар саласындағы компетенциясы**

Қазақ ССР-інің қарауына мыналар жатады:

ССР Одағының қарауына жатпайтын мәселелер жөніндегі әкімшілік право бұзушылық туралы заңдар;

халық депутаттарының өселкелік, селолық және ауылдық Советтерінен басқа жергілікті Советтері заң актілерімен белгіленген шеңберде шешімдер қабылдай алатын, ол шешімдерді бұзғандық үшін әкімшілік жауаптылық көзделетін мәселелердің шегін белгілеу.

5-статья. **Халық депутаттары жергілікті Советтерінің және олардың атқару комитеттерінің право бұзушылық үшін әкімшілік жауаптылық көзделетін шешімдерді қабылдаудағы өкілеттігі**

Халық депутаттарының облыстық, аудандық, қалалық Советтері және олардың атқару комитеттері табиғи апаттарға және эпидемияларға қарсы күрес мәселелері жөнінде заң актілерімен анықталатын шеңберде әкімшілік жауаптылық көзделетін шешімдер қабылдауға, сондай-ақ бұзғаны үшін осы Кодекстің 110-статьясымен әкімшілік жауаптылық көзделетін ережелер белгілеуге праволы.

Халық депутаттарының облыстық және Алматы қалалық Советтері осы Кодекстің 91, 108, 135, 159 және 163-статьяларымен бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылық көзделетін ережелерді де белгілей алады.

6-статья. **Әкімшілік право бұзушылықтың алдын алу**

Мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар, еңбек коллективтері әкімшілік право бұзушылықтың алдын алуға, олардың жасалуына итермелейтін себептер мен жағдайларды анықтауға және жоюға, азаматтарды жоғары саналылық пен тәртіптілік, совет заңдарын қатаң сақтау рухында тәрбиелеуге бағытталған шараларды әзірлейді және жүзеге асырады.

Қазақ ССР халық депутаттарының Советтері СССР Конституциясы мен Қазақ ССР Конституциясына сәйкес заңдардың сақталуын, мемлекеттік және қоғамдық тәртіпті, азаматтардың праволарын қорғауды қамтамасыз ете отырып, өз территориясында барлық мемлекеттік және қоғамдық органдардың әкімшілік право бұзушылықтың алдын алу жөніндегі жұмысын үйлестіреді, ішкі істер органдарының, әкімшілік комиссияларының, жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссиялардың және әкімшілік право бұзушылыққа қарсы күрес жүргізуге тиісті өздеріне есеп беріп отыратын басқа да органдардың қызметіне басшылық етеді.

7-статья. **Әкімшілік право бұзушылық үшін ықпал жасау шараларын қолданған кезде социалистік заңдылықты қамтамасыз ету**

Заңдарда белгіленген негіздер мен тәртіптен тыс ешкімге де әкімшілік право бұзушылыққа байланысты ықпал жасауға болмайды.

Әкімшілік право бұзушылық туралы істерді жүргізу социалистік заңдылықты қатаң сақтау негізінде жүзеге асырылады.

Соған уәкілдігі бар органдар мен лауазымды адамдардың әкімшілік ықпал жасау шараларын қолдануы заңдарға дәлме-дәл сәйкес жүргізіледі.

Әкімшілік право бұзушылық үшін ықпал жасау шараларын қолданған кезде заң талаптарының сақталуын жоғары тұрған органдар мен лауазымды адамдардың тарапынан жүйелі бақылау, прокурорлық қадағалау, шағым беру правосы, заңдармен белгіленген басқа да әдістер арқылы қамтамасыз етіледі.

8 - с т а т ь я. **Әкімшілік право бұзушылық үшін жауаптылық туралы заңдардың күші**

Әкімшілік право бұзушылық жасаған адам право бұзылған уақытта және сол жерде қолданылып жүрген заңдар негізінде жауапты болады.

Әкімшілік право бұзушылық үшін жауаптылықты жеңілдететін немесе күшін жоятын актілердің кері күші болады, яғни олар бұл актілер шығарылғанға дейін жасалған право бұзушылыққа да қолданылады. Әкімшілік право бұзушылық үшін жауаптылықты белгілейтін немесе күшейтетін актілердің кері күші болмайды.

Әкімшілік право бұзушылық туралы істер право бұзушылық туралы іс қаралған уақытта және сол жерде қолданылып жүрген заңдар негізінде жүргізіледі.

II бөлім

ӘКІМШІЛІК ПРАВО БҰЗУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ЖАУАПТЫЛЫҚ

I. Жалпы бөлік

2-тарау

ӘКІМШІЛІК ПРАВО БҰЗУШЫЛЫҚ

9 - с т а т ь я. **Әкімшілік право бұзушылықтың түсінігі**

Мемлекеттік немесе қоғамдық тәртіпке, социалистік меншікке, азаматтардың праволары мен бостандықтарына, басқарудың белгіленген тәртібіне қиянат жасайтын сол үшін заңдармен әкімшілік жауаптылық көзделген правоға қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсыз) әрекет не әрекетсіздік әкімшілік право бұзушылық (теріс қылық) деп танылады.

Осы Кодекстің Ерекше бөлігінің статьяларында көзделген право бұзушылық үшін, егер бұл право бұзушылық өзінің сипаты бойынша қолданылып жүрген заңдарға сәйкес қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтырмайтын болса, әкімшілік жауаптылық туады.

10 - с т а т ь я. **Әкімшілік право бұзушылықты қасақана жасау**

Егер правоға қарсы әрекет не әрекетсіздік жасаған адам оның сипатын біле тұра, өз қылығының зиянды зардаптарын болжай тұра, мұны тілеп істесе немесе бұл зардаптардың болуына саналы түрде жол берсе, әкімшілік право бұзушылық қасақана жасалған деп танылады.

11 - с т а т ь я. **Әкімшілік право бұзушылықты абайсыздықпен жасау**

Егер әкімшілік право бұзушылық жасаған адам өз әрекетінің немесе әрекетсіздігінің зиянды зардаптары болуы мүмкін екенін біле тұрса да, бірақ жеңілтектікпен ондай зардаптар болмас деп ойлаған болса, не болжауға тиіс және болжай алатын болса да, ондай зардаптар болуы мүмкін екенін болжамаған болса, әкімшілік право бұзушылық абайсыздықпен жасалған деп танылады.

3-тарау
ӘКІМШІЛІК ЖАУАПТЫЛЫҚ

12-статья. **Әкімшілік жауаптылық туатын жас**

Әкімшілік право бұзушылық жасаған сәтте он алты жасқа толған адамдар әкімшілік жауапты болады.

13-статья. **Жасы толмағандардың жауаптылығы**

Әкімшілік право бұзушылық жасаған он алты жастан он сегіз жасқа дейінгі адамдарға Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы бекіткен Жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссиялар туралы ережеде көзделген шаралар қолданылады.

Бұл адамдар осы Кодекстің 52, 123—131, 162, 174, 176, 185, 189—192-статьяларында көзделген әкімшілік право бұзушылықты жасаған ретте, олар жалпы негізде әкімшілік жауапты болады. Жасалған право бұзушылықтың сипатын және право бұзушының кім екенін ескере отырып, аталған адамдар (осы Кодекстің 185-статьясында көзделген право бұзушылықты жасаған адамдардан басқалары) жөніндегі істер жасы толмағандардың істері жөніндегі аудандық (қалалық), қалалардағы аудандық комиссиялардың қарауына берілуі мүмкін, ал осы Кодекстің 52-статьясында көзделген право бұзушылықты жасаған адамдар жөніндегі істер, әдетте, осы комиссиялардың қарауына беріледі [1].

Он алты жастан он сегіз жасқа дейінгі жасы толмағандар СССР-дің заң актілерінде тікелей көзделген басқа реттерде жалпы негізде әкімшілік жауапты болуы мүмкін.

14-статья. **Лауазымды адамдардың жауаптылығы**

Лауазымды адамдар басқару тәртібін, мемлекеттік және қоғамдық тәртіпті, табиғатты, халықтың денсаулығын қорғау саласында белгіленген ережелерді және орындалуын қамтамасыз ету өздерінің қызмет міндетіне жататын басқа ережелерді сақтамауына байланысты әкімшілік право бұзушылық үшін әкімшілік жауапты болады.

15-статья. **Әскери қызметшілердің және тәртіптік уставтардың күші қолданылатын өзге адамдардың әкімшілік право бұзушылық жасағаны үшін жауаптылығы**

Әскери қызметшілер мен жұмыстарға шақырылған әскери міндетті адамдар, сондай-ақ ішкі істер органдарының қатардағы және бастық құрамдағы адамдары тәртіптік уставтар бойынша әкімшілік право бұзушылық үшін жауапты болады. Жол қозғалысының ережелерін, аң аулау, балық аулау және балық қорын қорғау ережелерін, таможня ережелерін бұзғаны үшін және контрабанда үшін бұл адамдар жалпы негізде әкімшілік жауапты болады. Аталған адамдарға штраф салуға, оларды түзеу жұмыстарына жіберуге және әкімшілік қамауға алуға болмайды.

Осы статьяның бірінші бөлігінде аталғаннан басқа, тәртіптік уставтар немесе тәртіп туралы арнайы ережелер қолданылатын адамдар, оларда тікелей көзделген реттерде, әкімшілік право бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жауапты болады, ал қалған реттерде — жалпы негізде әкімшілік жауапты болады.

---

[1] *13-статьяның екінші бөлігіне 1984 ж. 28 сентябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 41, 534-ст.).*

Осы статьяның бірінші бөлігінде аталған реттерде әкімшілік жаза қолдану правосы берілген органдар (лауазымды адамдар) жаза қолданудың орнына право бұзушылық туралы материалдарды кінәлі адамдарды тәртіптік жауапқа тарту туралы мәселені шешу үшін тиісті органдарға жібере алады.

16 - статья. **Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың жауаптылығы**

Қазақ ССР-інің территориясындағы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар СССР азаматтарымен бірге жалпы негізде әкімшілік жауапты болады.

Қолданылып жүрген заңдарға және СССР-дің халықаралық шарттарына сәйкес ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің әкімшілік юрисдикциясынан алынған иммунитетпен пайдаланатын шетел азаматтарының Қазақ ССР-інің территориясында әкімшілік право бұзушылық жасағаны үшін жауаптылығы туралы мәселе дипломатиялық жолмен шешіледі.

17 - статья. **Мәжбүрлі қажеттілік**

Осы Кодексте және басқа нормативтік актілерде көзделген әрекетті жасағанымен, бірақ мәжбүрлі қажеттілік жағдайында, яғни мемлекеттік немесе қоғамдық тәртіпке, социалистік меншікке, азаматтардың праволары мен бостандықтарына және басқарудың белгіленген тәртібіне төнген хауіпті жою үшін әрекет жасаған адам, егер бұл хауіпті осы жағдайларда басқа амалдармен жою мүмкін болмаса және егер келтірілген зиян жойылған зиянға қарағанда анағұрлым кем болса, әкімшілік жауапты болмайды.

18 - статья. **Қажетті қорғану**

Осы Кодексте және басқа нормативтік актілерде көзделген әрекетті жасағанымен, бірақ қажетті қорғану жағдайында, яғни мемлекеттік немесе қоғамдық тәртіпті, социалистік меншікті, азаматтардың праволары мен бостандықтарын, басқарудың белгіленген тәртібін правоға қарсы қиянат жасаушылықтан қиянат жасаушыға зиян келтіру жолымен қорғаған кезде әрекет жасаған адам, егер қажетті қорғану шегінен асып кетуге жол берілмеген болса, әкімшілік жауапты болмайды [1].

19 - статья. **Есі дұрыс еместік**

Правоға қарсы әрекет не әрекетсіздік жасаған кезде есі дұрыс емес күйде болған, яғни созылмалы есі ауысқан ауру болуы, есінің уақытша ауысуы, кемақылдылығы немесе басқа бір сырқатты күйде болуы себепті өз әрекеті жөнінде өзіне есеп бере алмайтын немесе өзінің әрекетін басқара алмайтын адам әкімшілік жауапты болмайды.

20 - статья. **Әкімшілік право бұзушылық туралы материалдарды жолдастық соттың, қоғамдық ұйымның немесе еңбек коллективінің қарауына беру**

Егер жасалған право бұзушылықтың сипатын және право бұзушының кім екенін ескере отырып, оған қоғамдық ықпал жасау шарасын қолдану лайықты болса, материалдар жолдастық соттың, қоғамдық ұйымның немесе еңбек коллективінің қарауына беріліп, әкімшілік право бұзушылық жасаған адам әкімшілік жауаптылықтан босатылады.

---

[1] 18-статьяға 1984 ж. 28 сентябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 41, 534-ст.).

Осы статьяның бірінші бөлігінде аталған негіздер бойынша осы Кодекстің 126, 129, 133, 161, 165, 178—181-статьяларында көзделген право бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жауаптылықта босатылған адамдарға қатысты материалдар кәсіпорында, мекемеде, ұйымда және олардың құрылымдық бөлімшелерінде құрылған маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссияның қарауына берілуі мүмкін

Осы Кодекстің 52, 126, 129, 133, 161, 165, 167, 174, 178—181-статьяларында көзделген право бұзушылық жасаған адамдарға қолданылған қоғамдық ықпал жасау шаралары туралы әкімшілік, кәсіпорында, мекемеде, ұйымда және олардың құрылымдық бөлімшелерінде құрылған маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссия, жолдастық сот немесе қоғамдық ұйым материал жіберген органға (лауазымды адамға) он күн мерзім ішінде хабарлауға міндетті [1].

21-статья. **Право бұзушылықтың мәні шамалы болған кезде әкімшілік жауаптылықтан босату мүмкіндігі**

Жасалған әкімшілік право бұзушылықтың мәні шамалы болған кезде шешуге уәкілдігі бар орган (лауазымды адам) право бұзушыны әкімшілік жауаптылықтан босатып, ауызша ескерту жасаумен шектеле алады.

4-тарау

ӘКІМШІЛІК ЖАЗА

22-статья. **Әкімшілік жазаның мақсаттары**

Әкімшілік жаза жауаптылық шарасы болып табылады және әкімшілік право бұзушылық жасаған адамдарды совет заңдарын сақтау, социалистік тұрмыс ережелерін құрметтеу рухында тәрбиелеу, сондай-ақ право бұзушының да, басқа адамдардың да жаңа право бұзушылық жасауының алдын алу мақсатында қолданылады.

23-статья. **Әкімшілік жазаның түрлері**

Әкімшілік право бұзушылық жасағаны үшін мынадай әкімшілік жазалар қолданылуы мүмкін:

1) ескерту;

2) штраф;

3) әкімшілік право бұзушылықты жасаудың құралы немесе тікелей объектісі болып табылған затты құнын өтеп алып қою;

4) әкімшілік право бұзушылықты жасаудың құралы немесе тікелей объектісі болып табылған затты конфискелеу;

5) сол азаматқа берілген арнайы праводан (транспорт құралдарын жүргізу правосынан, аң аулау правосынан) айыру;

6) түзеу жұмыстары;

7) әкімшілік қамауға алу.

Осы статьяның 3—6-тармақтарында атап өтілген әкімшілік жазалар — ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заң актілері бойынша ғана, ал әкімшілік қамауға алу СССР-дің заң актілері бойынша ғана белгіленуі мүмкін.

ССР Одағы мен одақтас республикалардың Әкімшілік право бұзушылық туралы заң негіздерінің принциптері мен жалпы ережелеріне сәйкес ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заң актілерінде әкімшілік жазаның осы статьяда аталған түрлерінен басқа өзге түрлері де белгіленуі мүмкін.

---

[1] 20-статьяға 1985 ж. 22 октябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғары Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 45, 457-ст.).

СССР заңдары бойынша шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды советтік право тәртібін өрескел бұзатын әкімшілік право бұзушылық жасағаны үшін СССР-дің шегінен әкімшілік жолмен аластау тәртібі көзделуі мүмкін.

24 - статья. **Негізгі және қосымша әкімшілік жазалар**

Заттарды құнын өтеп алып қою және конфискелеу негізгі, сондай-ақ қосымша әкімшілік жазалар ретінде қолданылуы мүмкін; осы Кодекстің 23-статьясының бірінші бөлігінде аталған басқа әкімшілік жазалар негізгі жазалар ретінде ғана қолданылуы мүмкін.

Бір әкімшілік право бұзушылық үшін негізгі жаза не негізгі және қосымша жаза белгіленуі мүмкін.

25 - статья. **Ескерту**

Ескерту әкімшілік жаза ретінде жазбаша түрде беріледі.

Заңдарда көзделген реттерде ескерту белгіленген өзге әдіспен де жасалады.

26 - статья. **Штраф**

Әкімшілік право бұзушылық үшін азаматтарға салынатын штраф, әдетте, он сомнан, ал лауазымды адамдарға — елу сомнан аспауға тиіс.

Әкімшілік право бұзушылықтың жекелеген түрлері үшін жауаптылықты арттыру қажет болған кезде Қазақ ССР-інің заң актілерінде азаматтар жөнінде — елу сомға дейін және лауазымды адамдар жөнінде — жүз сомға дейін, ал СССР-дің заң актілерінде азаматтар жөнінде — жүз сомға дейін және лауазымды адамдар жөнінде — екі жүз сомға дейін штраф белгіленуі мүмкін.

СССР-дің халықаралық шарттарынан туындайтын міндеттемелерді орындауға және әкімшілік жауаптылықты күшейту аса қажет болуына байланысты, айрықша реттерде, СССР-дің заң актілерінде осы статьяда көзделгеннен көп мөлшерде штраф белгіленуі мүмкін.

27 - статья. **Әкімшілік право бұзушылық жасаудың құралы немесе тікелей объектісі болып табылған затты құнын өтеп алып қою**

Әкімшілік право бұзушылық жасаудың құралы немесе тікелей объектісі болып табылған затты құнын өтеп алып қою, оны еріксіз алып қою және сатылғаннан кейін түскен соманы алып қойылған затты сату жөніндегі шығындарды шегере отырып, бұрынғы несіне қайтару болып табылады.

Атылатын қару мен оқ-дәріні құнын өтеп алып қою күнкөрісінің негізгі көзі ақ аулау болып табылатын адамдарға қолданылмайды [1].

Құнын өтеп алып қоюды қолдану тәртібі және алып қойылуға тиісті заттардың түрлері ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдары бойынша белгіленеді.

28 - статья. **Әкімшілік право бұзушылық жасаудың құралы немесе тікелей объектісі болып табылған затты конфискелеу**

Әкімшілік право бұзушылық жасаудың құралы немесе тікелей объектісі болын табылған затты конфискелеу бұл затты құнын өтемей еріксіз түрде мемлекет меншігіне айналдырудан тұрады. Егер СССР-дің

[1] 27-статья 1984 ж. 28 сентябрьдегі Указымен екінші бөлікпен толықтырылды (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 41, 534-ст.).

заң актілерінде өзгеше көзделмеген болса, право бұзушының өзіндік меншігіндегі зат қана конфискеленуі мүмкін.

Атылатын қару мен оқ-дәріні басқа аң аулау құралдарын конфискелеу күнкөрісінің негізгі көзі аң аулау болып табылатын адамдарға қолданылмайды [1].

Конфискелеуді қолдану тәртібі, конфискелеуге жатпайтын заттардың тізбесі ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдары бойынша белгіленеді.

29 - статья. **Сол азаматқа берілген арнайы праводан айыру**

Сол азаматқа берілген арнайы праводан айыру (транспорт құралдарын жүргізу правосынан, аң аулау правосынан) бұл правоны пайдалану тәртібін өрескел немесе үнемі бұзғаны үшін үш жылға дейінгі мерзімге қолданылады.

Транспорт құралдарын жүргізу правосынан айыру бұл құралдарды мүгедектігіне байланысты пайдаланатын адамдарға, мас күйінде жүргізу реттерінен басқа, қолданылмайды.

Аң аулау правосынан айыру күн көрісінің негізгі көзі аң аулау болып табылатын адамдарға қолданылмайды.

30 - статья. **Түзеу жұмыстары**

Түзеу жұмыстары әкімшілік право бұзушылықты жасаған адамның тұрақты жұмыс орнында өтеле отырып және оның еңбек табысының жиырма процентіне дейіні мемлекет кірісіне ұстала отырып, екі айға дейінгі мерзімге қолданылады. Түзеу жұмыстарын аудандық (қалалық) халық соты (халық судьясы) тағайындайды.

31 - статья. **Әкімшілік қамауға алу**

Әкімшілік қамауға алу әкімшілік право бұзушылықтың жекелеген түрлері үшін он бес тәулікке дейінгі мерзімге айрықша реттерде ғана белгіленеді және қолданылады. Әкімшілік қамауға алуды аудандық (қалалық) халық соты (халық судьясы) тағайындайды.

Әкімшілік қамауға алу жүкті әйелдерге, он екі жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге, он сегіз жасқа толмаған адамдарға, бірінші және екінші топтағы мүгедектерге қолданылмайды.

5-тарау

ӘКІМШІЛІК ЖАЗА ҚОЛДАНУ

32 - статья. **Әкімшілік право бұзушылық үшін жаза қолданудың жалпы ережелері**

Әкімшілік право бұзушылық үшін жаза право бұзушылықты жасағаны үшін жауаптылық көздейтін нормативтік актілерде белгіленген шеңберде, ССР Одағы мен одақтас республикалардың әкімшілік право бұзушылық туралы заң негіздеріне, осы Кодекске және әкімшілік право бұзушылық туралы басқа актілерге дәлме-дәл сәйкес қолданылады.

---

[1] 28-статья 1984 ж. 28 сентябрьдегі Указымен екінші бөлікпен толықтырылды (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 41, 534-ст.).

28-статьяның екінші бөлігіне 1985 ж. 21 ноябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 49, 513-ст.).

Жаза қолданған жағдайда жасалған право бұзушылықтың сипаты, право бұзушының кім екені, оның кінәсінің дәрежесі, мүліктік жағдайы, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар ескеріледі.

33 - статья. **Әкімшілік право бұзушылық үшін жауаптылықты жеңілдететін мән-жайлар**

Әкімшілік право бұзушылық үшін жауаптылықты жеңілдететін мән-жайлар мыналар болып табылады:

1) кінәлінің шын жүректен өкінуі;

2) кінәлінің право бұзушылықтың зиянды зардаптарын болғызбауы, залалды өз еркімен өтеуі немесе келтірілген зиянды жоюы;

3) право бұзушылықты қатты жан күйзелу үстінде не өз басы немесе семьясы ауыр жағдайларға тап болған кезде жасауы;

4) право бұзушылықты жасы толмаған адамның жасауы;

5) право бұзушылықты жүкті әйелдің немесе бір жаска дейінгі баласы бар әйелдің жасауы.

ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында әкімшілік право бұзушылық үшін жауаптылықты жеңілдететін өзге мән-жайлар да көзделуі мүмкін. Әкімшілік право бұзушылық туралы істі шешетін орган (лауазымды адам) заңдарда аталмаған мән-жайларды да жеңілдететін мән-жайлар деп таныи алады.

34 - статья. **Әкімшілік право бұзушылық үшін жауаптылықты ауырлататын мән-жайлар**

Әкімшілік право бұзушылық үшін жауаптылықты ауырлататын мән-жайлар мыналар болып танылады:

1) соған уәкілдігі бар адамдардың правоға қарсы қылықты тоқтату жөніндегі талабына карамастан оны одан әрі жүргізу;

2) қылмыс жасағаны үшін әкімшілік жаза бұрын да қолданылған адамның бір тектес право бұзушылықты бір жыл ішінде қайталап жасауы; бұрын қылмыс жасаған адамның право бұзушылық жасауы;

3) жасы толмаған адамды право бұзушылыққа тарту;

4) бір топ адамның право бұзушылық жасауы;

5) табиғи апат жағдайында немесе басқа да төтенше мән-жайлар кезінде право бұзушылық жасау;

6) мас күйінде право бұзушылық жасау. Әкімшілік жаза қолданатын орган (лауазымды адам) әкімшілік право бұзушылықтың сипатына қарай бұл мән-жайды ауырлататын мән-жай деп танымауы мүмкін.

35 - статья. **Бірнеше әкімшілік право бұзушылық жасаған кезде әкімшілік жаза қолдану**

Бір адам екі немесе одан да көп әкімшілік право бұзушылық жасаған кезде әкімшілік жаза әрбір право бұзушылыққа жеке-жеке қолданылады.

Егер әкімшілік право бұзушылық туралы істерін бір орган (лауазымды адам) қарайтын адам бірнеше әкімшілік право бұзушылық жасаған болса, онда бұл адамға қолданылатын түпкілікті жаза жасалған право бұзушылықтың ішіндегі неғұрлым елеулі әкімшілік право бұзушылық үшін көзделген санкция шегінде белгіленеді. Мұндай ретте жасалған право бұзушылықтың кез келгені үшін жауаптылық туралы статьялармен көзделген қосымша жазалардың бірі негізгі жазаға қосылуы мүмкін.

36 - с т а т ь я. **Әкімшілік жаза мерзімдерін есептеу**

Әкімшілік қамауға алу мерзімі — тәуліктермен, түзеу жұмыстары — айлармен немесе күндермен, сол азаматқа берілген арнайы праводан айыру — жылдармен, айлармен немесе күндермен есептеледі.

37 - с т а т ь я. **Әкімшілік жаза қолдану мерзімдері**

Әкімшілік жаза право бұзушылық жасалған күннен бастап екі айдан, ал ұзаққа созылған право бұзушылық кезінде ол байқалған күннен бастап екі айдан кешіктірілмей қолданылуы мүмкін.

Қылмыстық істі қозғаудан бас тартылған не қылмыстық іс тоқтатылған ретте, бірақ право бұзушының әрекеттерінде әкімшілік право бұзушылық нышандары бар болған жағдайда, әкімшілік жаза қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы не оны қысқарту туралы шешім қабылданған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қолданылуы мүмкін.

Осы статьяда аталған мерзімдер СССР-дің Таможня кодексінің негізінде жүргізілетін контрабанда заттарын конфискелеу реттеріне қолданылмайды.

38 - с т а т ь я. **Адамға әкімшілік жаза қолданылмады деп есептелетін мерзім**

Егер әкімшілік жаза қолданылған адам жазаның орындалуы аяқталған күннен бастап бір жыл ішінде жаңа әкімшілік право бұзушылық жасамаса, онда бұл адамға әкімшілік жаза қолданылмады деп есептеледі.

39 - с т а т ь я. **Келтірілген залалды өтеу міндетін жүктеу**

Егер әкімшілік право бұзушылықты жасау салдарынан азаматқа, кәсіпорынға, мекемеге немесе ұйымға мүліктік залал келтірілген болса, онда әкімшілік комиссия, халық депутаттарының поселкелік, селолық, ауылдық Советінің атқару комитеті, жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссия, халық судьясы әкімшілік право бұзушылық үшін жаза қолдану туралы мәселені шешкен кезде кінәлінің мүліктік залалды өтеуі туралы, егер оның сомасы елу сомнан аспайтын болса, мәселені бір мезгілде шешуге, ал аудандық (қалалық) халық соты — залалдың мөлшеріне қарамастан шешуге праволы.

Басқа реттерде әкімшілік право бұзушылықпен келтірілген мүліктік залалды өтеу туралы мәселе азаматтық сот ісін жүргізу арқылы шешіледі.

40 - с т а т ь я. **Орындалмағаны үшін әкімшілік жаза қолданылған міндетті атқару**

Әкімшілік жаза қолдану әкімшілік право бұзушылық жасаған адамды орындалмағаны үшін әкімшілік жаза қолданылған міндетті атқарудан босатпайды.

11. Ерекше бөлік

6-тарау

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ САЛАСЫНДА ӘКІМШІЛІК ПРАВО БҰЗУШЫЛЫҚ

41 - статья. **Еңбек туралы заңдарды және еңбек қорғау жөніндегі ережелерді бұзу**

Лауазымды адамдар еңбек туралы заңдарды және еңбек қорғау жөніндегі ережелерді бұзса —

елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

42 - статья. **Санитариялық-гигиеналық және санитариялық-эпидемияға қарсы ережелер мен нормаларды бұзу**

Санитариялық-гигиеналық және санитариялық-эпидемияға қарсы ережелер мен нормаларды (атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі ережелер мен нормалардан басқа) бұзса —

азаматтарға — он сомға дейінгі және лауазымды адамдарға елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

43 - статья. **Транспортта санитариялық-гигиеналық және санитариялық-эпидемияға қарсы ережелер мен нормаларды бұзу**

Темір жол, теңіз және өзен транспортында белгіленген санитариялық-гигиеналық және санитариялық-эпидемияға қарсы ережелер мен нормаларды бұзса —

азаматтарға — он сомға дейінгі және лауазымды адамдарға отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Әуе транспортында белгіленген санитариялық-гигиеналық және санитариялық-эпидемияға қарсы ережелерді бұзса —

азаматтарға — отыз сомға дейінгі және лауазымды адамдарға он сомнан елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

44 - статья. **Есірткі заттарды дәрігердің тағайындауынсыз пайдалану**

Есірткі заттарды дәрігердің тағайындауынсыз пайдаланса —

елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Жасы толмағандар есірткі заттарды дәрігердің тағайындауынсыз пайдаланса —

ата-аналарына немесе олардың орнындағы адамдарға отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

45 - статья. **Венералық аурумен сырқаттанған адамдардың медициналық тексеруден бұлтаруы**

Венералық аурумен сырқат екендігі туралы жеткілікті деректері бар адамдар денсаулық сақтау мекемесі ескерту жасағаннан кейін де медициналық тексеруден бұлтарса —

отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

46 - с т а т ь я. **Венералық аурумен сырқаттанған адамдармен қарым-қатынаста болған адамдардың емделуден бұлтаруы**

Венералық аурумен сырқаттанған және профилактикалық емделуге мұқтаж адамдар денсаулық сақтау мекемесі ескерту жасағаннан кейін де емделуден бұлтарса —

отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

47 - с т а т ь я. **Венералық аурумен сырқаттанған адамдардың жұқтыру көзін жасыруы**

Венералық аурумен сырқаттанған адамдар венералық ауруын жұқтыру хаупін туғызып, жұқтыру көзін және өздерімен қарым-қатынаста болған адамдарды жасырса —

елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

7-тарау

СОЦИАЛИСТІК МЕНШІККЕ ҚИЯНАТ ЖАСАЙТЫН ӘКІМШІЛІК ПРАВО БҰЗУШЫЛЫҚ

48 - с т а т ь я. **Жерге мемлекеттік меншік правосын бұзу**

Күрделі құрылысқа немесе пайдалы қазба орындарынан кен өндіруге байланысты емес мақсаттар үшін жер учаскелерін өз бетімен немденсе, не жерге мемлекеттік меншік правосын (сатып алу, сату, кепілге беру, сыйға тарту, айырбастау, арендаға беру және басқалары) тікелей немесе жасырын түрде бұзатын мәмлелер жасаса, егер бұл әрекеттер алғаш рет жасалса және ол арқылы мемлекетке едәуір зиян келтірілмесе,—

азаматтарға — елу сомға дейінгі және лауазымды адамдарға жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

49 - с т а т ь я. **Жер қойнауына мемлекеттік меншік правосын бұзу**

Жер қойнауын өз бетімен пайдаланса, жер қойнауына мемлекеттік меншік правосын тікелей немесе жасырын түрде бұзатын мәмлелер жасаса —

азаматтарға — елу сомға дейінгі және лауазымды адамдарға жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

50 - с т а т ь я. **Суға мемлекеттік меншік правосын бұзу**

Су объектілерін өз бетімен немденсе, өз бетімен су пайдаланса, су пайдалану правосын басқаға берсе, сондай-ақ суға мемлекеттік меншік правосын тікелей немесе жасырын түрде бұзатын басқа мәмлелер жасаса —

азаматтарға — елу сомға дейінгі және лауазымды адамдарға жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

51 - с т а т ь я. **Орманға мемлекеттік меншік правосын бұзу**

Орман пайдалану правосын өз бетімен басқаға берсе, сондай-ақ орманға мемлекеттік меншік правосын тікелей немесе жасырын түрде бұзатын басқа мәмлелер жасаса —

азаматтарға — елу сомға дейінгі және лауазымды адамдарға жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

51 — 1 - статья. **Жануарлар дүниесіне мемлекеттік меншік правосын бұзу** [1]

Жануарлар дүниесі объектілерін пайдалану правосын өз бетімен басқаға берсе, сондай-ақ жануарлар дүниесіне мемлекеттік меншік правосын тікелей немесе жасырын түрде бұзатын басқа мәмлелер жасаса, сондай-ақ пайдалану үшін рұқсат алуды қажет ететін жануарлар дүниесі объектілерін өз бетімен пайдаланса —

азаматтарға ескерту жасалады немесе елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады және лауазымды адамдарға ескерту жасалады немесе жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

52 - статья. **Мемлекеттік немесе қоғамдық мүлікті ұсақтап ұрлау**

Мемлекеттік немесе қоғамдық мүлікті ұрлау, иелену, жұмсап қою, қызмет бабын пайдалану немесе алаяқтық жолымен ұсақтап ұрласа [2]—

мүліктік залал өтеле отырып, жиырма сомнан жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады немесе еңбек табысының жиырма проценті ұстала отырып, бір айдан екі айға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстары не қоғамдық ықпал жасау шаралары қолданылады.

Ескерту. Мемлекеттік немесе қоғамдық мүлікті ұрлау, егер ұрланған заттың құны елу сомнан аспайтын болса, ұсақтап ұрлау деп танылады. Бұл ретте ұрланған заттың құнынан басқа ұрланған заттардың заттай саны (салмағы, көлемі) және олардың халық шаруашылығы үшін маңыздылығы да ескеріледі [2].

53 - статья. **Бензинді немесе басқа жанар-жағар материалдарды заңсыз беру немесе заңсыз сатып алу**

Мемлекеттік немесе қоғамдық кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға тиесілі бензинді немесе басқа жанар-жағар материалдарды заңсыз берсе немесе заңсыз сатып алса, ұрлық нышандары болмаған жағдайда,—

жиырма сомнан жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

8-тарау

ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ, ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ, ТАРИХ ПЕН МӘДЕНИЕТ ЕСКЕРТКІШТЕРІН ҚОРҒАУ САЛАСЫНДА ӘКІМШІЛІК ПРАВО БҰЗУШЫЛЫҚ

54 - статья. **Жерді қырсыздықпен пайдалану**

Жерді қырсыздықпен пайдаланса, жерді жақсарту және топырақты жел, су эрозиясынан және топырақтың жайын нашарлататын басқа процестерден қорғау жөніндегі міндетті шараларды орындамаса, жер учаскелерін арнап берілген мақсатқа сәйкес пайдаланбаса —

лауазымды адамдарға жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

---

[1] 51—1-статья 1985 ж. 21 ноябрьдегі Указымен енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 49, 513-ст.).

[2] 52-статьяның бірінші абзацына 1984 ж. 28 сентябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 41, 534-ст.). Осы Указбен статья ескертумен толықтырылды.

55 - статья. **Ауыл шаруашылық жерін және басқа жерді бүлдіру**

Ауыл шаруашылық жерін және басқа жерді бүлдірсе, оларды өндірістік және өзге қалдықтармен, сарқынды сумен ластаса —

лауазымды адамдарға жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

56 - статья. **Уақытша иеленген жерді мерзімінде қайтармау немесе оны өз мақсатында пайдалану үшін жарамды күйге келтірмеу**

Уақытша иеленген жерді мерзімінде қайтармаса немесе оны өз мақсатында пайдалану үшін жарамды күйге келтіру жөніндегі міндеттерді орындамаса —

лауазымды адамдарға елу сомға дейін мөлшерде штраф салынады.

57 - статья. **Ішкі шаруашылық жерге орналастыру жобаларынан өз бетімен ауытқу**

Ішкі шаруашылық жерге орналастырудың белгіленген тәртіппен бекітілген жобаларынан тиісті рұқсатсыз ауытқыса —

лауазымды адамдарға елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

58 - статья. **Межелік белгілерді жою**

Жер пайдалану шекараларының межелік белгілерін жойса — азаматтарға он сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

59 - статья. **Жер қойнауын және гидроминералдық ресурстарды қорғау жөніндегі талаптарды бұзу**

Пайдалы қазбалар жатқан жерлерге өз бетімен құрылыс салса, жер қойнауын қорғау ережелерін және айналадағы табиғи ортаны, үйлер мен ғимараттарды жер қойнауын пайдалануға байланысты жұмыстардың знянды әсерінен қорғау жөніндегі талаптарды орындамаса, жер асты суларын режимді бақылау скважиналарын, сондай-ақ маркшейдерлік және геодезиялық белгілерді жойса немесе бүлдірсе —

азаматтарға — елу сомға дейінгі және лауазымды адамдарға жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

60 - статья. **Пайдалы қазбалар қорын ұтымды пайдалану жөніндегі талаптарды бұзу**

Пайдалы қазбалардың балансты қорының орынсыз ысырап болуына әкеп соқтыратын кен орындарының бай учаскелерін іріктеп игерсе, өндіру кезінде пайдалы қазбалар нормативтен тыс ысырап болса және нормативтен тыс нашарлап кетсе, пайдалы қазба орындарын бүлдірсе және олардың қорын ұтымды пайдалану талаптарын басқаша бұзса —

лауазымды адамдарға жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

61 - статья. **Жабылатын және консервацияланатын кен орындарының, кені өндірілген жердің және бұрғылау скважиналарының сақталуын және халықтың хауіпсіздігін қамтамасыз ететін жағдайға келтіру жөніндегі талаптарды бұзу**

Маркшейдерлік документтемені жоғалтса, жабылатын немесе консервацияланатын кені өндірілген жерді және бұрғылау скважиналарын

халықтың хауіпсіздігін қамтамасыз ететін жағдайға келтіру жөніндегі талаптарды, сондай-ақ кен орындарын, кені өндірілген жерді және бұрғылау скважиналарын консервацияға қойған уақытта сақтау жөніндегі талаптарды орындамаса —

лауазымды адамдарға жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

62 - статья. **Жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу ережелері мен талаптарын бұзу**

Пайдалы қазбалардың барланған қорларын немесе пайдалы қазбалар өндіру жөніндегі кәсіпорындарды, сондай-ақ пайдалы қазбалар өндіруге байланысты емес жер асты құрылыстарын салуға және пайдалануға арналған шарттарды қате бағалауға әкеп соғуы мүмкін немесе әкеп соққан жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу ережелері мен талаптарын бұзса, жер қойнауын одан әрі геологиялық зерттеу және кен өндіру кезінде қажет болатын пайдалы қазбалар мен кернді байқау жөніндегі геологиялық документтемелерді, дубликаттарды жоғалтса —

лауазымды адамдарға жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

63 - статья. **Су ресурстарын қорғау ережелерін бұзу**

Суды (оның ішінде жер асты суын) ластаса және былғаса, су жинағыштардың судың ластануын, топырақтың су эрозиясын және басқа зиянды құбылыстарды туғызатын су қорғау режимін бұзса —

азаматтарға — елу сомға дейінгі және лауазымды адамдарға жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Кәсіпорындарды, коммуналдық және басқа объектілерді судың ластануы мен былғануын немесе олардың зиянды әсерін болғызбайтын құрылыстарсыз және құрылғыларсыз пайдалануға берсе —

лауазымды адамдарға жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

64 - статья. **Кеме документтерінде зиянды заттармен және қоспалармен жүргізілетін операцияларды тіркеу жөніндегі міндеттерді орындамау**

Кеме немесе басқа жүзу құралдарының капитандары немесе командалық құрамдағы басқа адамдар қолданылып жүрген заңдармен көзделген адамдардың денсаулығы үшін немесе теңіздің жанды ресурстары үшін зиянды заттармен, не мұндай заттар белгіленген нормадан артық болатын қоспалармен жүргізілетін операцияларды кеме документтерінде тіркеу жөніндегі міндеттерді орындамаса, кеме документтерінде бұл операциялар туралы қате жазулар жазса немесе тиісті лауазымды адамдарға мұндай документтерді көрсетуден заңсыз бас тартса —

жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

65 - статья. **Су пайдалану ережелерін бұзу**

Су пайдалану жоспарларын бұза отырып су алса, гидротехникалық жұмыстарды өз бетімен жүргізсе, суды (көзі ашылған немесе су объектілерінен бөлінген) қырсыздықпен пайдаланса, су объектілерінен алынатын және оларға ағызылатын судың мөлшерін бастапқы есепке алу және ағызылатын судың сапасын анықтау ережелерін бұзса —

лауазымды адамдарға жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

66 - статья. **Су шаруашылық ғимараттары мен құрылғыларын бүлдіру, оларды пайдалану ережелерін бұзу**

Су шаруашылық ғимараттары мен құрылғыларын бүлдірсе —
азаматтарға — елу сомға дейінгі және лауазымды адамдарға жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Су шаруашылық ғимараттары мен құрылғыларын пайдалану ережелерін бұзса —
лауазымды адамдарға жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

67 - статья. **Мемлекеттік орман қорының жерін заңсыз пайдалану**

Мемлекеттік орман қоры жерінің учаскелерін ағаш түбірінен тазарту, құрылыс салу, сүректі қайта өңдеу, қоймалар салу үшін тиісті рұқсатсыз осы учаскелерді пайдаланса —
азаматтарға —елу сомға дейінгі және лауазымды адамдарға жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

68 - статья. **Кесілетін ағаш қорын пайдаланудың, сүрек дайындау мен тасып шығарудың, шайыр дайындаудың белгіленген тәртібін бұзу**

Кесілетін ағаш қорын пайдаланудың, сүрек дайындау мен тасып шығарудың және шайыр дайындаудың белгіленген тәртібін бұзса —
азаматтарға — елу сомға дейінгі және лауазымды адамдарға жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

69 - статья. **Ағаштарды, орман дақылдары мен жас ағаштарды заңсыз кесу, бүлдіру және құрту**

Ағаштар мен бұталарды заңсыз кесе және бүлдірсе, орман питомниктері мен плантацияларындағы орман дақылдарын, тікпе көшеттерді не екпе көшеттерді, сондай-ақ табиғи өсіп шыққан жас ағаштар мен орманды қалпына келтіруге арналған жерлердегі өздігінен түскен тұқымды құртса немесе бүлдірсе —
азаматтарға — елу сомға дейінгі және лауазымды адамдарға жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

70 - статья. **Ормандағы жас шыбықтарды құрту немесе бүлдіру**

Мемлекеттік орман қорының орманындағы жас шыбықтарды құртса немесе бүлдірсе —
азаматтарға — он сомға дейінгі және лауазымды адамдарға елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

71 - статья. **Орман пайдалануды ағаш кесу билетінде (ордерінде) немесе орман билетінде көзделген мақсаттарға немесе талаптарға сәйкес жүзеге асырмау**

Орман пайдалануды ағаш кесу билетінде (ордерінде) немесе орман билетінде көзделген мақсаттарға немесе талаптарға сәйкес жүзеге асырмаса —
азаматтарға — он сомға дейінгі және лауазымды адамдарға елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

72 - статья. **Орманды қалпына келтіру және жақсарту, өсіп жетілген ағаш ресурстарын пайдалану ережелерін бұзу**

Орманды қалпына келтіру, оның жайы мен тұқымдық құрамын жақсарту, өнімділігін арттыру жөніндегі, сондай-ақ өсіп жетілген ағаш ресурстарын пайдалану жөніндегі ережелер мен нұсқауларды бұзса —

лауазымды адамдарға жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

73 - статья. **Шабындық және жайылым жерлерді бүлдіру**

Мемлекеттік орман қорының жеріндегі шабындық және жайылым жерлерді бүлдірсе —

азаматтарға — он сомға дейінгі және лауазымды адамдарға елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

74 - статья. **Өз бетімен шөп шабу және мал жаю, жабайы өсетін жемісті, жаңғақты, саңырауқұлақ пен жидекті өз бетімен жинау**

Орманда және мемлекеттік орман қорының ағаш өспеген жерінде өз бетімен шөп шапса және мал жайса, бұған тыйым салынған немесе орман билеттері бойынша ғана жол берілетін учаскелерде жабайы өсетін жемісті, жаңғақты, саңырауқұлақ пен жидекті өз бетімен жинаса —

азаматтарға — он сомға дейінгі және лауазымды адамдарға елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

75 - статья. **Орманға зиянды ықпалды болғызбайтын құрылғылары жоқ өндірістік объектілерді пайдалануға беру**

Орманның жайына және ұдайы өсірілуіне зиянды ықпалды болғызбайтын құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңадан салынған және қайта құрылған кәсіпорындарды, цехтарды, агрегаттарды, транспорт жолдарын, коммуналдық және басқа объектілерді пайдалануға берсе —

лауазымды адамдарға елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

76 - статья. **Орманды сарқынды сумен, химиялық заттармен, зиянды тастандылармен, қалдықтармен және қоқыстармен бүлдіру**

Орманды оның құрғап кетуіне немесе орман кеселіне әкеп соқтыратын сарқынды сумен, химиялық заттармен, өнеркәсіптік және коммуналдық-тұрмыстық тастандылармен, қалдықтармен және қоқыстармен бүлдірсе —

лауазымды адамдарға жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

77 - статья. **Орманды тұрмыстық қалдықтармен және қоқыстармен ластау**

Орманды тұрмыстық қалдықтармен және қоқыстармен ластаса —

азаматтарға — он сомға дейінгі және лауазымды адамдарға елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

78 - статья. **Мемлекеттік орман қорының жеріндегі орман құрғату жыраларын, дренаж жүйелері мен жолдарды құрту немесе бүлдіру**

Мемлекеттік орман қорының жеріндегі орман құрғату жыраларын, дренаж жүйелері мен жолдарды құртса немесе бүлдірсе —

азаматтарға — он сомға дейінгі және лауазымды адамдарға елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

79 - статья. **Ормандағы шектеу белгілерін құрту немесе бүлдіру**

Ормандағы шектеу белгілерін құртса немесе бүлдірсе —
азаматтарға — он сомға дейінгі және лауазымды адамдарға елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

80 - статья. **Орман үшін пайдалы фаунаны құрту**

Орман үшін пайдалы фаунаны құртса —
азаматтарға — он сомға дейінгі және лауазымды адамдарға елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

81 - статья. **Ормандағы өрт хауіпсіздігі талаптарын бұзу**

Ормандағы өрт хауіпсіздігі талаптарын бұзса —
азаматтарға — он сомға дейінгі және лауазымды адамдарға елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

От қою немесе отты ұқыпсыз пайдалану салдарынан орманды құртса немесе бүлдірсе, сондай-ақ орман өртінің шығуына не оның едәуір жерге таралуына әкеп соғатын ормандағы өрт хауіпсіздігі талаптарын бұзса —
азаматтарға — елу сомға дейінгі және лауазымды адамдарға жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

82 - статья. **Ластағыш заттарды нормативтен асырып немесе рұқсатсыз атмосфераға шығару**

Ластағыш заттарды атмосфераға шығарудың жол берілер шегінің немесе шығарудың уақытша келісілген нормативтерін асырса, атмосфералық ауаға зиянды физикалық ықпалдың жол берілер шегінің нормативтерін асырса, сондай-ақ ластағыш заттарды соған арнайы уәкілдігі бар мемлекеттік органдардың рұқсатынсыз атмосфераға шығарса және атмосфералық ауаға соған арнайы уәкілдігі бар мемлекеттік органдардың рұқсатынсыз, мұндай рұқсатты ССР Одағының заңдарына сәйкес алу қажет болған реттерде, зиянды физикалық ықпал жасаса —
лауазымды адамдарға ескерту жасалады немесе жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

83 - статья. **Атмосфераға шығарылатын заттарды тазартуға және бақылауға арналған ғимараттар мен жабдықтарды пайдалану ережелерін бұзу**

Атмосфераға шығарылатын заттарды тазарту және бақылау үшін орнатылған ғимараттарды, жабдықтарды, аппаратураны пайдалану ережелерін бұзса, сондай-ақ пайдаланбаса —
лауазымды адамдарға ескерту жасалады немесе жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

84 - статья. **Атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі талаптарды қанағаттандырмайтын объектілерді пайдалануға беру**

Атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі талаптарды қанағаттандырмайтын жаңадан салынған және қайта құрылған кәсіпорындарды, ғимараттар мен басқа объектілерді пайдалануға берсе —
лауазымды адамдарға ескерту жасалады немесе жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

85 - статья. **Шығаратын заттарында ластағыш заттары нормативтерден асатын транспортты және басқа қозғалыс құралдарын пайдалануға шығару**

Шығаратын заттарында ластағыш заттары, сондай-ақ жұмыс кезіндегі шуының дәрежесі белгіленген нормативтен асатын автомобильдерді, самолеттерді, кемелерді және басқа қозғалыс құралдары мен қондырғыларын пайдалануға шығарса —

лауазымды адамдарға ескерту жасалады немесе жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

86 - статья. **Шығаратын заттарында ластағыш заттары нормативтерден асатын автомототранспортты және басқа қозғалыс құралдары мен қондырғыларын пайдалану**

Шығаратын заттарында ластағыш заттары, сондай-ақ жұмыс кезіндегі шуының дәрежесі белгіленген нормативтерден асатын автомототранспорт және басқа қозғалыс құралдары мен қондырғыларын пайдаланса —

азаматтарға ескерту жасалады немесе отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

87 - статья. **Өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды жинап қою және өртеу кезінде атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі ережелерді бұзу**

Өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды жинап қою ережелерін бұзса, сондай-ақ аталған қалдықтарды өртеу кезінде атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі талаптарды сақтамаса —

азаматтарға ескерту жасалады немесе елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады және лауазымды адамдарға ескерту жасалады немесе жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

88 - статья. **Өсімдік қорғау құралдарын және басқа препараттарды тасымалдау, сақтау және қолдану кезінде атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі ережелерді бұзу**

Атмосфералық ауаны ластауға әкеп соғатын немесе әкеп соғуы мүмкін өсімдік қорғау құралдарын, олардың өсуін шапшаңдататын заттарды, минералдық тыңайтқыштар мен басқа препараттарды тасымалдау, сақтау және қолдану ережелерін бұзса —

азаматтарға ескерту жасалады немесе елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады және лауазымды адамдарға ескерту жасалады немесе жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

89 - статья. **Атмосфералық ауаны қорғауға бақылау жасайтын органдардың нұсқауларын орындамау**

Атмосфералық ауаны қорғауға мемлекеттік бақылау жасайтын органдардың атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі ережелердің бұзылуын жою туралы нұсқауларын орындамаса —

азаматтарға ескерту жасалады немесе отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады және лауазымды адамдарға ескерту жасалады немесе елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

90 - статья. **Жануарлардың мекендеу ортасын қорғау ережелерін, зоологиялық коллекцияларды құру және олармен сауда жасау ережелерін бұзу, сондай-ақ жануарларды өз бетімен көшіру, жерсіндіру және будандастыру**

Жануарлардың мекендеу ортасы мен жүру жолдарын қорғау ережелерін, зоологиялық коллекцияларды құру, толықтыру, сақтау, пайдалану және есеп жүргізу ережелерін, зоологиялық коллекциялармен сауда жасау ережелерін, сондай-ақ жануарлар дүниесі мен зоологиялық коллекциялар объектілерін көшіру және шетелдерге әкету ережелерін, сондай-ақ жануарларды өз бетімен көшіру, жерсіндіру және будандастыру ережелерін бұзса —

азаматтарға ескерту жасалады немесе елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады және лауазымды адамдарға ескерту жасалады немесе жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады [1].

90 - 1 - статья. **Өсімдік қорғау құралдары мен жануарлар дүниесіне нұқсан келтірген басқа препараттарды тасымалдау, сақтау және қолдану ережелерін бұзу** [1]

Өсімдік қорғау құралдарын, олардың өсуін шапшаңдататын заттарды, минералдық тыңайтқыштарды және жануарлар дүниесіне нұқсан келтірген басқа препараттарды тасымалдау, сақтау және қолдану ережелерін бұзса —

азаматтарға ескерту жасалады немесе елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады және лауазымды адамдарға ескерту жасалады немесе жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

90 - 2 - статья. **Жануарлар дүниесін пайдалануды жүзеге асыру тәртібін бұзу, сондай-ақ Қызыл кітапқа жазылған жануарлар түрлерін сақтауға нұқсан келтіреді деп танылған жануарларды немесе өсімдіктерді заңсыз әкелу** [1]

Қорықтар мен басқа да ерекше қорғалатын территорияларда жануарлар дүниесін пайдалануды жүзеге асырудың белгіленген тәртібін бұзса, сондай-ақ СССР Қызыл кітабына немесе Қазақ ССР Қызыл кітабына жазылған жануарлар түрлерін сақтауға нұқсан келтіреді деп танылған жануарларды немесе өсімдіктерді СССР-ге заңсыз әкелсе —

азаматтарға — елу сомға дейінгі және лауазымды адамдарға жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

90 - 3 - статья. **Сирек кездесетін және құрып кету қатері төнген жануарларды жою немесе осындай жануарлардың қырылуына, санының азаюына немесе мекендеу ортасының бұзылуына әкеп соқтыруы мүмкін басқада әрекеттер жасау** [1]

СССР Қызыл кітабына немесе Қазақ ССР Қызыл кітабына жазылған жануарлар түрлеріне жататын сирек кездесетін және құрып кету қатері төнген жануарларды жойса немесе олардың ін-ұяларын, жұмыртқаларын, мекендері мен басқа да ғимараттарды жойса, немесе

---

[1] 90-статьяға 1985 ж. 21 ноябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 49, 513-ст.). Осы Указбен 90—1, 90—2 және 90—3 статьялар енгізілген.

осындай жануарлардың қырылуына, санының азаюына немесе олардың мекендеу ортасының бұзылуына әкеп соқтыруы мүмкін басқа да әрекеттер жасаса, не осы жануарларды аулау рұқсатында көрсетілген шарттарды бұза отырып ауласа —

көрсетілген право бұзушылықты жасау құралы болған право бұзушының өзіндік меншігіндегі заттары конфискеленіп немесе конфискеленбей, азаматтарға — елу сомға дейінгі және лауазымды адамдарға жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

91 - статья. Аң аулау ережелерін, сондай-ақ жануарлар дүниесін пайдаланудың басқа түрлерін жүзеге асыру ережелерін бұзу

Аң аулау ережелерін, сондай-ақ жануарлар дүниесін пайдаланудың басқа түрлерін жүзеге асыру ережелерін бұзса —

право бұзушының өзіндік меншігіндегі мылтығы және басқа аң аулау құралдары мен аталған право бұзушылықты жасау құралы болған өзге заттары конфискеленіп немесе конфискеленбей, азаматтарға ескерту жасалады немесе елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады және лауазымды адамдарға ескерту жасалады немесе жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Аң аулау ережелерін өрескел бұзса (бұған тиісті рұқсатсыз немесе тыйым салынған жерлерде, не тыйым салынған мерзімдерде, тыйым салынған құралдармен немесе тәсілдермен аң аулау), сондай-ақ аң аулаудың басқа ережелерін үнемі бұзса —

право бұзушының өзіндік меншігіндегі мылтығы және басқа аң аулау құралдары конфискеленіп немесе конфискеленбей, азаматтарға елу сомға дейінгі мөлшерде және лауазымды адамдарға жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады, не мылтығы мен басқа да аң аулау құралдары конфискеленіп немесе конфискеленбей, азаматтар мен лауазымды адамдарды үш жылға дейінгі мерзімге аң аулау правосынан айырады.

92 - статья. Балық аулау және балық қорын қорғау ережелерін бұзу

Балық аулау және балық қорын қорғау ережелерін бұзса —

право бұзушының өзіндік меншігіндегі аталған право бұзушылықты жасау құралы болған заттары конфискеленіп немесе конфискеленбей, азаматтарға ескерту жасалады немесе елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады және лауазымды адамдарға ескерту жасалады немесе жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады [1].

93 - статья. Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану ережелерін бұзу

Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану ережелерін бұзса —

азаматтарға ескерту жасалады немесе елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады және лауазымды адамдарға ескерту жасалады немесе жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

---

[1] 91 және 92-статьяларға 1985 ж. 21 ноябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 49, 513-ст.).

ӨНЕРКӘСІП, ЖЫЛУ ЖӘНЕ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДА ӘКІМШІЛІК ПРАВО БҰЗУШЫЛЫҚ

94 - статья. Өнеркәсіп салаларында жұмысты хауіпсіз жүргізу жөніндегі ережелерді, нормалар мен нұсқауларды бұзу

Өнеркәсіп салаларында және Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті органдарының бақылауындағы объектілерде жұмысты хауіпсіз жүргізу жөніндегі ережелерді, нормалар мен нұсқауларды лауазымды адамдар бірнеше рет бұзса —

елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

СССР Атом энергетикасында жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті органдарының бақылауындағы объектілерде жұмысты хауіпсіз жүргізу жөніндегі ережелерді, нормалар мен нұсқауларды бұзса —

лауазымды адамдарға ескерту жасалады немесе жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады [1].

95 - статья. Жарылғыш материалдарды сақтау, пайдалану және есепке алу жөніндегі ережелерді, нормалар мен нұсқауларды бұзу

Өнеркәсіп салаларында және Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті органдарының бақылауындағы объектілерде жарылғыш материалдарды сақтау, пайдалану және есепке алу жөніндегі ережелерді, нормалар мен нұсқауларды лауазымды адамдар бұзса —

жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

96 - статья. Электр және жылу энергиясын ысырапқорлықпен жұмсау

Электр және жылу энергиясын ысырапқорлықпен жұмсаса, яғни электр двигательдерін, электр пештерін және басқа электр және жылу жабдықтарын үнемі, өндірістің қажетінсіз өз күшінде істетпесе немесе бос жүрісте пайдаланса, немесе арматураның, труба құбырларының, пештер мен жылу пайдалану жабдығының ақаулығы туғызған сығымдалған ауа, су мен жылу үнемі тікелей ысырап болса, немесе электрмен жабдықтаушы ұйымның рұқсатынсыз электр энергиясын қызметтік және басқа үйлерді жылыту үшін, сондай-ақ өндірістік процестерде көзделмеген мақсаттар үшін пайдаланса, не электр энергиясын жарық беру үшін қырсыздықпен пайдаланса —

кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың басшыларына, кәсіпорындардың бас инженерлеріне, бас энергетиктеріне (бас механиктеріне), цех бастықтарына, мекемелер мен ұйымдардың әкімшілік-шаруашылық қызметтерінің басшыларына ескерту жасалады немесе елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

97 - статья. Кернеуі 1000 вольттен астам электр желілерін қорғау ережелерін бұзу

Тұтынушыларды электр энергиясымен қамтамасыз етуде үзіліс туғызып немесе үзіліс туғызатындай етіп электр желілерін зақымдап

[1] 94-статья 1984 ж. 28 сентябрьдегі Указымен екінші бөлікпен толықтырылды (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 41, 534-ст.).

немесе халық шаруашылығына өзгедей залал келтіріп, кернеуі 1000 вольттан астам электр желілерін қорғау ережелерін бұзса —

азаматтарға ескерту жасалады немесе он сомнан елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады және лауазымды адамдарға ескерту жасалады немесе жиырма сомнан жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады [1].

98 - статья. **Кернеуі 1000 вольтқа дейінгі электр желілерін бүлдіру**

Тұтынушыларды электр энергиясымен қамтамасыз етуде үзіліс туғызып және халық шаруашылығына залал келтіріп кернеуі 1000 вольтқа дейінгі электр желілерін (электр тогын беретін әуе, жер асты және су асты линияларын, ток қосу және бөлу қондырғыларын) бүлдірсе —

азаматтарға ескерту жасалады немесе жиырма бес сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады және лауазымды адамдарға ескерту жасалады немесе елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

99 - статья. **Газ пайдалану ережелері мен нормаларын бұзу**

Газды мемлекеттік газ қадағалау органдарының рұқсатынсыз газ пайдалану қондырғыларына жіберсе, не газға арналып бөлінген қордан асырса немесе газ тұтынудың белгіленген режимін сақтамаса, не газ жұмсаудың бекітілген үлесті нормасынсыз газ пайдалану қондырғыларында газ тұтынса немесе бұл үлесті нормалардан асырса —

кәсіпорындардың, бірлестіктердің, мекемелер мен ұйымдардың басшыларына, басшыларының орынбасарларына, бас энергетиктеріне (бас механиктеріне), цехтары мен қызметтерінің бастықтарына ескерту жасалады немесе жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

100 - статья. **Газ пайдалану қондырғыларын газдың жұмсалуын есепке алмай пайдалану**

Газ пайдалану қондырғыларын газдың жұмсалуын есепке алмай немесе газ қолдана отырып өндірілетін жылу энергиясы мен өнімді есепке алмай пайдаланса, не газ пайдалану қондырғысының жобасында көзделген газдың жану процестерін автоматты түрде реттеу құралдары, немесе газдың ұтымды әрі тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ететін жылу-техникалық бақылау приборлары, немесе жылуды пайдаға жарататын жабдық болмаса (бұзылып қалса) —

кәсіпорындардың, бірлестіктердің, мекемелер мен ұйымдардың басшыларына, басшыларының орынбасарларына, бас энергетиктеріне (бас механиктеріне), цехтары мен қызметтерінің бастықтарына ескерту жасалады немесе жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

101 - статья. **Резервтегі отын шаруашылығының әзірлігін қамтамасыз етуге шаралар қолданбау**

Газ тұтынатын кәсіпорын, бірлестік, мекеме мен ұйым үшін көзделген резервтегі отын шаруашылығы жұмысының әзірлігін қамтамасыз ету шараларын қолданбаса немесе газ пайдалану қондырғылары отынның белгіленген резервтегі түрлерімен жұмысқа әзір болмаса —

кәсіпорындардың, бірлестіктердің, мекемелер мен ұйымдардың басшыларына, басшыларының орынбасарларына, бас энергетиктеріне (бас механиктеріне), цехтары мен қызметтерінің бастықтарына ескерту жасалады немесе жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

---

[1] 97-статьяға 1984 ж. 28 сентябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 41, 534-ст.).

102 - статья. **Газбен жабдықтау және жылыту жүйелеріне өз бетімен қосылу**

Азаматтар өзіндік меншік правосындағы үй құрылыстары мен қосалқы жайларды газбен жабдықтау және жылыту жүйелеріне өз бетімен косса —

азаматтарға ескерту жасалады немесе жиырма сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Осы статьяның бірінші бөлігінде көзделген, бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер үшін —

заңсыз орнатылған газ пайдалану және жылу пайдалану жабдығы конфискеленіп немесе конфискеленбей, елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

10-тарау

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК ПРАВО БҰЗУШЫЛЫҚ, МАЛ ДӘРІГЕРЛІК ҚАДАҒАЛАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН КАРАНТИН ЕРЕЖЕЛЕРІН БҰЗУ

103 - статья. **Колхоздардың, совхоздар мен басқа мемлекеттік және қоғамдық шаруашылықтардың егістерін таптату және өсімдіктерін бүлдіру**

Малмен немесе құспен колхоздардың, совхоздар мен басқа мемлекеттік және қоғамдық шаруашылықтардың егістерін, маяларын таптатса немесе өсімдіктерін бүлдірсе —

азаматтарға — жиырма бес сомға дейінгі және лауазымды адамдарға елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Дәл сондай право бұзушылық үшін штраф салынғаннан кейін бір жыл ішінде малмен немесе құспен егістерді, маяларды қайталап таптатса немесе өсімдіктерді қайталап бұлдірсе —

азаматтарға — елу сомға дейінгі және лауазымды адамдарға жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

104 - статья. **Колхоздардың, совхоздар мен басқа мемлекеттік және қоғамдық шаруашылықтардың егістерін немесе өсімдіктерін басып өту**

Колхоздардың, совхоздар мен басқа мемлекеттік және қоғамдық шаруашылықтардың егістерін немесе өсімдіктерін автомобильмен, тракторомен, комбайнмен немесе басқа машинамен басып өтсе —

он сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Егістерді немесе өсімдіктерді көлікпен басып өтсе —

бес сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

105 - статья. **Өсімдіктердің карантин салынатын зиянкестеріне, кеселдеріне және арам шөптерге қарсы күрес жөніндегі ережелерді бұзу**

Өсімдіктердің карантин салынатын зиянкестеріне, кеселдеріне және арам шөптерге қарсы күрес жөніндегі ережелерді бұзса —

азаматтарға — он сомға дейінгі және лауазымды адамдарға отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

106 - статья. **Карантиндік тексеруден және тиісті өңдеуден өтпеген материалдарды әкету**

Шетелдерден әкелінген, карантиндік тексеруден және тиісті өңдеуден өтпеген материалдарды шекаралық теңіз және өзен порттарынан

(пристаньдардан), темір жол станцияларынан, автовокзалдардан (автостанциялардан), аэропорттардан және басқа шекаралық пункттерден әкетсе —

азаматтарға — он сомға дейінгі және лауазымды адамдарға елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

107 - статья. **Арам шөптерге қарсы күрес жөнінде шаралар қолданбау**

Жер пайдаланушылар арам шөптерге (қарасұлы, ошаған, бидайық, сары шырмауық, арам күнбағыс және басқалары) қарсы күрес жөнінде шаралар қолданбаса —

ескерту жасалады.

Ескерту жасалғаннан кейін арам шөптерге қарсы күрес жөнінде шаралар қолданбаса —

жер учаскелері бар азаматтарға — бес сомнан он сомға дейінгі және колхоз председательдеріне, совхоздардың, орман кәсіпшілігі шаруашылықтарының, орман шаруашылықтарының, қосалқы және тәжірибе шаруашылықтарының директорларына, темір жол бөлімшелерінің бастықтарына, тас жолдар учаскелерінің бастықтарына және басқа шаруашылықтардың басшыларына жиырма сомнан елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Арам шөптерге қарсы күрес жөніндегі талаптарды қасақана бұзса —

жер учаскелері бар азаматтарға — жиырма сомға дейінгі және осы статьяның екінші бөлігінде аталған лауазымды адамдарға жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

108 - статья. **Ауыл шаруашылық өсімдіктерінің зиянкестеріне қарсы күрес жөніндегі ережелерді бұзу**

Халық депутаттарының облыстық және Алматы қалалық Советтері белгілейтін ауыл шаруашылық өсімдіктерінің зиянкестеріне қарсы күрес жөніндегі ережелерді бұзса немесе орындамаса —

азаматтарға ескерту жасалады немесе он сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады және лауазымды адамдарға ескерту жасалады немесе отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

108 - 1 - статья. **Жазғы шағын бау үйлерін салу, сондай-ақ коллективтік бау өсіруді ұйымдастыру және жүргізу ережелерін бұзу** [1]

Азаматтар тиісті келісілген жобасыз немесе құрылыс басталғанда қолданылып жүрген ССР Одағы мен Қазақ ССР заңдарында көзделген нормадан ауытқып жазғы шағын бау үйлерін салуды жүзеге асырса,—

азаматтарға елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Бау өсіру серіктіктеріне мүшелікке алу ережесін бұзса; коллективтік бауға берілген жер учаскесін бұл территорияны ұйымдастырудың және оған құрылыс салудың жобасынсыз не бұл жобаны бұзып игерсе; тиісті келісілген жобасыз немесе құрылыс басталғанда қолданылып жүрген ССР Одағы мен Қазақ ССР заңдарында көзделген нормадан ауытқып жазғы шағын бау үйлерін салуға рұқсат берсе, мұндай шағын үйлерді пайдалануға қабылдап алса; коллективтік бау өсіру территориясында тиісті келісілген жобасыз не одан ауытқып жалпы пайдалануда-

---

[1] 108—1-статья 1985 ж. 25 апрельдегі Указымен енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 19, 191-ст.).

ғы құрылыс пен ғимарат салуды жүзеге асырса; заңсыз құрылыс материалдарын босатса, транспорт құралдарын, механизмдерді, жұмысшы күшін пайдаланса, бау өсіру серіктіктері объектілерін салуға мамандандырылмаған құрылыс ұйымдарын қатыстырса —

лауазымды адамдарға жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

109 - статья. **Механизаторлардың ауыл шаруашылық машиналарын техникалық пайдалану және хауіпсіздік техникасы ережелерін өрескел бұзуы**

Механизаторлар тракторларды, комбайндарды, өздігінен жүретін басқа ауыл шаруашылық машиналарын техникалық пайдалану ережелерін және хауіпсіздік техникасы ережелерін өрескел бұзса —

механизаторларды бір айға дейінгі мерзімге бұл машиналарды жүргізу правосынан айырады.

110 - статья. **Мал карантині жөніндегі ережелерді және басқа мал дәрігерлік-санитариялық ережелерді бұзу**

ССР Одағының Мал дәрігерлік уставында көзделген мал карантині жөніндегі ережелерді және басқа мал дәрігерлік-санитариялық ережелерді, сондай-ақ халық депутаттары жергілікті Советтерінің және олардың атқару комитеттерінің эпизоотияға қарсы күрес мәселелері жөніндегі шешімдерін бұзса —

азаматтарға — он сомға дейінгі және лауазымды адамдарға елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

111 - статья. **Жануарларға аяусыз қарау**

Жануарларға аяусыз қараса, соның салдарынан оларды өлімге немесе мертігуге әкеп соқтырса, сондай-ақ жануарларды азаптаса —

ескерту жасалады немесе отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

112 - статья. **Ит пен мысық ұстау ережелерін бұзу**

Қалаларда және басқа елді мекендерде ит пен мысық ұстаудың Қазақ ССР Министрлер Советі белгілеген ережелерін бұзса —

азаматтарға ескерту жасалады немесе он сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады және лауазымды адамдарға ескерту жасалады немесе жиырма сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Адамдардың денсаулығына немесе мүлкіне залал келтірген тап сондай право бұзушылық үшін —

азаматтарға — отыз сомға дейінгі және лауазымды адамдарға елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

11-тарау

ТРАНСПОРТТА, ЖОЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫСТА ӘКІМШІЛІК ПРАВО БҰЗУШЫЛЫҚ

113 - статья. **Темір жол транспортында қозғалыс хауіпсіздігі ережелерін бұзу**

Поездар қозғалысының бұзылуын тугызуы мүмкін заттарды темір жолға салса немесе өте ауыр және көлемі үлкен жүктерді тасу, темір жол арқылы мал айдап өту, сондай-ақ темір жолға таяу жерде мал жаю ережелерін сақтамаса —

он сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Жердегі темір жол табанын, жол ғимараттарын, қорғаныш орман ағаштарын және қардан қорғайтын қоршауларды бүлдірсе, сондай-ақ жүктерді тиеу және түсіру кезінде белгіленген габариттерді сақтамаса —

бес сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Белгіленген орындардан тыс темір жол арқылы өтсе — екі сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

114 - статья. **Темір жол транспорты құралдарын пайдалану ережелерін бұзу**

Поезды қажеттігі болмаса да өз бетімен тоқтатса немесе жүк поездарында өз бетімен жол жүрсе —

он сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Поезд жүріп бара жатқанда мінсе және түссе, вагондардың баспалдақтарында және үстінде жол жүрсе —

екі сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

115 - статья. **Ұшу хауіпсіздігі ережелерін бұзу**

Аэродром аймағында аэродромдарды ажырату үшін қабылданған маркалау белгілері мен құрылғыларына ұқсас қандай да болсын белгілер мен құрылғылар орнатса немесе аэропорт, аэродром әкімшілігінің рұқсатынсыз пиротехникалық бұйымдарды өртесе, немесе құстың жаппай жиналуына ықпал жасайтын, әуе кемелерінің ұшуы үшін хауіпті объектілер орнатса —

азаматтарға — отыз сомға дейінгі және лауазымды адамдарға он сомнан елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Түнгі және күндізгі маркалау белгілерін немесе құрылғыларын үйлер мен ғимараттарда орнату туралы ережелерді орындамаса —

азаматтарға — отыз сомға дейінгі және лауазымды адамдарға он сомнан елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Аэродром жабдықтарын, аэродром белгілерін, әуе кемелерін және олардың жабдықтарын бүлдірсе —

елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Тиісті рұқсатсыз аэропорттардың (аэровокзалдардан басқа), аэродромдардың, радио және ұшуды жарықпен қамтамасыз ету объектілерінің территориясы арқылы жаяу немесе көлікпен өтсе —

отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

116 - статья. **Әуе кемесінде тәртіп ережелерін бұзу**

Әуе кемесіндегі адамдар кеме командирінің жарлықтарын орындамаса —

ескерту жасалады немесе он сомнан елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Әуе кемесінің бортынан суретке түсіру, киноға түсіру және радиобайланыс құралдарын пайдалану ережелерін бұзса —

пленкасы конфискеленіп, ескерту жасалады немесе отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

117 - статья. **Халықаралық ұшу ережелерін бұзу**

Халықаралық ұшу ережелерін бұзса —

жүз сомнан екі жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

118 - статья. **Теңіз транспортында қозғалыс хауіпсіздігі ережелерін бұзу**

Теңіз транспортында кемелердің портқа кіруі мен порттан шығуының белгіленген ережелерін, порт суларында кемелердің қозғалыс, аялдау және сүйрету ережелерін бұзса —

он сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Тиісті рұқсатсыз порт суларында суға сүңгу жұмыстарын жүргізсе, сондай-ақ бұл жұмыстар кезінде дабыл беру ережелерін сақтамаса —

бес сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

119 - статья. **Теңіз транспортында жолаушылардың хауіпсіздігін қамтамасыз ететін ережелерді бұзу**

Жолаушылардың кемеге отыруы, жол жүруі және кемеден түсуі кезінде олардың хауіпсіздігін қамтамасыз ететін ережелерді бұзса —

он сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

120 - статья. **Өзен транспортында қозғалыс хауіпсіздігі ережелерін бұзу**

Өзен траспортында кемелердің қара суда, рейдтерде және порттарда қозғалыс және аялдау, составтар мен салдарды сүйрету ісінің белгіленген ережелерін, кемелердегі және порттағы жүк тиеу, түсіру және жинау ережелерін бұзса, сондай-ақ порт және гидротехника ғимараттарын, қондырғыларын, жабдықтарын бүлдірсе —

ескерту жасалады және он сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Тиісті рұқсатсыз суға сүңгу жұмыстарын жүргізсе, сондай-ақ бұл жұмыстар кезінде дабыл беру ережелерін сақтамаса, запаньдар мен орман айлақтарын орнату мен құру тәртібін бұзса, жол қызметкерлерінің рұқсатынсыз жүзу және жағалаудағы жағдай мен сілтеме белгілерін құртса, бүлдірсе және жұлып тастаса, сондай-ақ орнын ауыстырса, жолдың техникалық учаскелерінің келісімінсіз бұл мақсаттарға арналып белгіленген орындардан тыс балық аулау үшін қазықтар мен өзге тетіктер орнатса —

ескерту жасалады немесе бес сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

120 - 1 - статья. **Шағын кемелерді тіркеу және есепке алу ережелерін, сондай-ақ мұндай кемелерді және олардың тұруына арналған базаларды (ғимараттарды) пайдалану ережелерін бұзу** [1]

Қазақ ССР Шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекциясының қадағалауындағы шағын кемелерді тіркеу және есепке алу ережелерін бұзса,—

азаматтарға ескерту жасалады немесе отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады және лауазымды адамдарға ескерту жасалады немесе елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Шағын кемелерді және олардың тұруына арналған базаларды (ғимараттарды) пайдалану ережелерін бұзса —

азаматтарға ескерту жасалады немесе елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады, лауазымды адамдарға ескерту жасалады немесе жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады не кеме жүргізушілер үш

[1] 120—1-статья 1985 ж. 29 нюльдегі Указымен енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 32, 325-ст.).

жылға дейінгі мерзімге шағын кемелерді жүргізу правосынан айрылады.

121 - статья. **Теңіз порттарында жүк тиеу, түсіру және жинау ережелерін бұзу**

Теңіз порттарында жүк тиеу, түсіру және жинау ережелерін бұзса —

он сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

122 - статья. **Темір жол, теңіз, өзен және әуе транспортында өрт хауіпсіздігі ережелерін бұзу**

Темір жол, теңіз және өзен транспортында белгіленген өрт хауіпсіздігі ережелерін бұзса —

азаматтарға — он сомға дейінгі және лауазымды адамдарға отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Әуе транспортында белгіленген өрт хауіпсіздігі ережелерін бұзса —

азаматтарға — отыз сомға дейінгі және лауазымды адамдарға елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

123 - статья. **Жүргізушілердің транспорт құралдарын пайдалану ережелерін бұзуы**

Пайдалануға тыйым салынған, ақауы бар, немесе тиісті рұқсатсыз қайта жабдықталған, немесе белгіленген тәртіп бойынша тіркелмеген немесе мемлекеттік техникалық байқаудан өтпеген транспорт құралдарын жүргізсе —

ескерту жасалады немесе үш сомнан он сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Ескерту: Осы Кодекстің 123—130-статьяларындағы, 131-статьясының екінші бөлігіндегі, 132, 133, 140 және 141-статьяларындағы транспорт құралдары деп автомобильдердің барлық түрлерін, тракторлар мен өздігінен жүретін өзге машиналарды, трамвайлар мен троллейбустарды, сондай-ақ мотоциклдер мен басқа механикалық транспорт құралдарын түсіну керек [1].

124 - статья. **Жүргізушілердің жылдамдықты асырып жіберуі, адамдарды тасымалдау ережелерін және басқа жол қозғалысы ережелерін бұзуы**

Транспорт құралдарын жүргізушілер белгіленген жылдамдықты асырып жіберсе, жол қозғалысын реттеу дабылына бағынбаса, жол белгілерінің немесе жолдардың жүру бөлігіндегі таңбаларының талаптарын сақтамаса, адамдарды тасымалдау, транспорт құралдарын басып озу, маневр жасау, көшенің қиылысқан жерлерінен өту, жаяу адамдардың өту ережелерін, қоғамдық транспорттың аялдау, жарық беру приборларын пайдалану немесе жол жүргенде артықшылық правомен пайдаланатын транспорт құралдарының тоқтаусыз өту ережелерін бұзса, сондай-ақ транспорт құралын жүргізуге правосы жоқ адамға транспорт құралын жүргізбеуді берсе —

ескерту жасалады немесе үш сомнан он сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Авариялық жағдайдың болуына әкеп соқтырған тап сондай әрекеттер үшін, сондай-ақ осы статьяның бірінші бөлігінде көзделген право бұзушылықты бір жыл ішінде қайталап жасаса —

ескерту жасалады немесе бес сомнан жиырма сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

---

[1] 123-статьяның ескертуіне 1984 ж. 28 сентябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 41, 534-ст.).

Осы статьяның бірінші бөлігінде көзделген право бұзушылықты бір жыл ішінде екі реттен астам жасаса —

жиырма сомнан елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады немесе алты айға дейінгі мерзімге транспорт құралын жүргізу правосынан айырады.

125 - статья. **Жүргізушілердің темір жол өткелдерінен өту ережелерін бұзуы**

Транспорт құралдарын жүргізушілер темір жол өткелдерінен өту ережелерін бұзса —

ескерту жасалады немесе он сомнан отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Осы статьяның бірінші бөлігінде көзделген право бұзушылықты бір жыл ішінде қайталап жасаса —

жиырма сомнан елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады немесе алты айға дейінгі мерзімге транспорт құралын жүргізу правосынан айырады.

126 - статья. **Жүргізушілердің мас күйінде транспорт құралдарын жүргізуі**

Жүргізушілер мас күйінде транспорт құралдарын жүргізсе, сондай-ақ транспорт құралын жүргізуді мас күйіндегі адамға берсе —

жүз сом мөлшерінде штраф салынады немесе бір жылдан үш жылға дейінгі мерзімге транспорт құралын жүргізу правосынан, ал транспорт құралдарының бірнеше түрін жүргізу правосы бар жүргізушілерге — транспорт құралдарының барлық түрлерін жүргізу правосынан айырады [1].

127 - статья. **Жүргізушілердің жол қозғалысы ережелерін транспорт құралдарының немесе өзге мүліктің бүлінуіне әкеп соғатындай етіп бұзуы, сондай-ақ аталған ережелерді өзгеше бұзу**

Транспорт құралдарын жүргізушілер осы Кодекстің 123—125-статьяларында көзделген жол қозғалысы ережелерін транспорт құралдарының, жүктердің, жолдардың, жол және басқа ғимараттардың немесе өзге мүліктің бүлінуіне әкеп соғатындай етіп бұзса —

жиырма сомнан елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады немесе алты айға дейінгі мерзімге транспорт құралын жүргізу правосынан айырады.

Транспорт құралдарын жүргізушілер осы Кодекстің 123—126-статьяларында көзделгендегіден басқа жол қозғалысы ережелерін транспорт құралдарының, жүктердің, жолдардың, жол және басқа ғимараттардың немесе өзге мүліктің бүлінуіне әкеп соғатындай етіп өзгеше бұзса —

он сомнан отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Транспорт құралдарын жүргізушілер осы Кодекстің 123—126-статьяларында көзделгендегіден басқа жол қозғалысының өзге ережелерін осы статьяның бірінші және екінші бөліктерінде аталған мүліктік зиянға әкеп соқпайтындай етіп бұзса —

ескерту жасалады немесе үш сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

---

[1] 126-статьяға 1985 ж. 22 октябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 45, 457-ст.).

128 - статья. **Жүргізу правосы жоқ адамдардың транспорт құралдарын жүргізуі**

Транспорт құралдарын жүргізу правосы жоқ адамдар осы құралдарды жүргізсе —

он сомнан отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Транспорт құралдарының, жүктердің, жолдардың, жол және басқа ғимараттардың немесе өзге мүліктің бүлінуіне әкеп соққан тап сондай право бұзушылық үшін —

жиырма сомнан елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

129 - статья. **Жүргізу правосы жоқ адамдардың мас күйінде транспорт құралдарын жүргізуі, сондай-ақ транспорт құралын жүргізуді мас күйіндегі адамға беру**

Транспорт құралдарын жүргізуге правосы жоқ адамдар осы құралдарды мас күйінде жүргізсе, сондай-ақ транспорт құралын жүргізуді мас күйіндегі адамға берсе —

жүз сом мөлшерде штраф салынады.

130 - статья. **Жүргізушілердің мас екендігін куәландырудан өтуден бұлтаруы**

Жүргізушілер мас екендігін белгіленген тәртіпке сәйкес куәландырудан өтуден бұлтарса —

жүз сом мөлшерінде штраф салынады немесе бір жылдан үш жылға дейінгі мерзімге транспорт құралын жүргізу правосынан айырады.

Транспорт құралын жүргізуге правосы жоқ адамдардың жасаған тап сондай әрекеттері үшін —

жүз сом мөлшерінде штраф салынады [1].

131 - статья. **Жаяу адамдардың және жол қозғалысының өзге қатысушыларының қозғалыс ережелерін бұзуы**

Жаяу адамдар, велосипедшілер, арбакештер және жол пайдаланатын басқа адамдар жол қозғалысын реттеу дабылдарына бағынбаса, жол белгілерінің немесе жолдардың жүру бөлігіндегі таңбаларының талаптарын сақтамаса —

ескерту жасалады немесе үш сом мөлшерінде штраф салынады.

Тап сол адамдар осы статьяның бірінші бөлігінде көзделген транспорт құралдарының, жүктердің, жолдардың, жол және басқа ғимараттардың немесе өзге мүліктің бүлінуіне әкеп соққан право бұзушылық жасаса —

бес сомнан отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Тап сол адамдар жол қозғалысы ережелерін өзгеше бұзса —

ескерту жасалады немесе бір сом мөлшерінде штраф салынады.

132 - статья. **Ақауы бар транспорт құралдарын линияға шығару және транспорт құралдарын пайдалану ережелерін өзгеше бұзу**

Транспорт құралдарының техникалық жайына және пайдаланылуына жауапты лауазымды адамдар пайдалануға тыйым салынған, ақауы бар немесе тиісті рұқсатсыз қайта жабдықталған, немесе белгіленген тәртіп бойынша тіркелмеген, немесе мемлекеттік техникалық байқаудан өтпеген транспорт құралдарын линияға шығарса —

---

[1] 129 және 130-статьяларға 1985 ж. 22 октябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 45, 457-ст.).

лауазымды адамдарға он сомнан отыз сомға дейін мөлшерде штраф салынады.

Тағы сол адамдар осы статьяның бірінші бөлігінде көзделген право бұзушылықты бір жылдың ішінде қайталап жасаса —

лауазымды адамдарға жиырма сомнан елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

133 - статья. **Мас күйіндегі жүргізушілерді немесе жүргізу правосы жоқ адамдарды транспорт құралдарын жүргізуге жіберу**

Транспорт құралдарының техникалық жайына және пайдаланылуына жауапты лауазымды адамдар мас күйіндегі жүргізушілерді немесе транспорт құралын жүргізу правосы жоқ адамдарды транспорт құралдарын жүргізуге жіберсе —

лауазымды адамдарға жүз сом мөлшерінде штраф салынады [1].

134 - статья. **Транспортта хауіпті бұйымдар мен заттарды тасымалдау ережелерін бұзу**

Темір жол, теңіз және өзен транспортында отқа төзімсіз, уландырғыш, тез тұтанғыш, жарылғыш және улы бұйымдар мен заттарды қол жүгі етіп тасымалдау ережелерін бұзса —

он сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Әуе кемелерінде хауіпті жүктер мен заттарды тасымалдау ережелерін бұзса —

азаматтарға аталған мүліктері мен заттары құны өтеліп алынып немесе алынбай, конфискеленіп немесе конфискеленбей, он сомнан елу сомға дейінгі және лауазымды адамдарға жиырма сомнан елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Жарылғыш, тез тұтанғыш, уландырғыш, өткір иісті және сасық бұйымдар мен заттарды автобуста, трамвайда, троллейбуста, маршрутты таксиде алып жүрсе, сондай-ақ оларды автотранспорттағы багажға немесе сақтау камерасына өткізсе —

он сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

135 - статья. **Қалалық және қала төңірегіндегі қоғамдық транспортты пайдалану ережелерін бұзу**

Қалалық және қала төңірегіндегі қатынаста трамвайды, троллейбусты, автобусты және таксиді пайдаланудың халық депутаттарының облыстық және Алматы қалалық Советтері белгілейтін ережелерін бұзса —

бес сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

136 - статья. **Билетсіз жол жүру**

Жолаушы билетсіз жол жүрсе, сондай-ақ он жастан он алты жасқа дейінгі балаларды билетсіз алып жүрсе:

қала төңірегіндегі поездарда —

үш сом мөлшерінде штраф салынады;

жергілікті және алысқа баратын жолаушы поездарында жалпы қатты вагондарда —

бес сом мөлшерінде штраф салынады;

жергілікті және алысқа баратын жолаушы поездарында басқа вагондарда —

сегіз сом мөлшерінде штраф салынады;

---

[1] 133-статьяға 1985 ж. 22 октябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 45, 457-ст.).

теңіз транспортының қала төңірегіндегі линияларының кемелерінде және қала төңірегіндегі және қала ішіндегі қатынастың өзен флоты кемелерінде —

екі сом мөлшерінде штраф салынады;

жергілікті және алысқа баратын линиялардағы кемелерде —

жеті сом мөлшерінде штраф салынады;

өткелдердегі өзен флотының кемелерінде —

бір сом мөлшерінде штраф салынады.

Жолаушы билетсіз ұшса —

жиырма сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Темір жол, теңіз және өзен транспортында бес жастан он жасқа дейінгі балаларды билетсіз алып жүрсе —

ересек жолаушының билетсіз жол жүруі үшін белгіленген штрафтың 1/4 мөлшерінде штраф салынады.

Жолаушы билетсіз жол жүрсе:

қалалық және қала төңірегіндегі қатынаста трамвайда, троллейбуста және автобуста —

50 тиын мөлшерінде штраф салынады;

қалааралық автобус қатынасында және маршрутты таксиде —

бір сом мөлшерінде штраф салынады.

137 - статья. **Артық қол жүгі мен ақысы төленбеген багажды алып жүру**

Темір жол, теңіз және өзен транспортында артық қол жүгін алып жүрсе —

әрбір бес килограмы үшін 40 тиын, бірақ он сомнан аспайтын мөлшерде штраф салынады.

Қалалық және қала төңірегіндегі автобус қатынасында, трамвайда және троллейбуста багажды ақы төлемей алып жүрсе —

багаждың әрбір орны үшін 50 тиын мөлшерінде штраф салынады.

Қалааралық автобус қатынасында багажды ақы төлемей алып жүрсе —

жолаушыдан немесе багаждың әрбір орны үшін бір сом мөлшерінде штраф алынады.

Маршрутты таксиде багажды ақы төлемей алып жүрсе —

жолаушыдан бір сом мөлшерінде штраф алынады.

138 - статья. **Темір жол, теңіз, өзен және автомобиль транспортында жүктердің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі ережелерді бұзу**

Жүктерді тасымалдауға арналған жылжымалы составты, контейнерлерді, жүзу және басқа транспорт құралдарын, сондай-ақ тасымалдау құрал-жабдықтарын бүлдірсе —

елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Жүк вагондарының, автомобильдерінің, автомобиль тіркемелерінің, контейнерлерінің, трюмдердің және басқа жүзу құралдары жүк қоймаларының пломбалары мен бекіту құрылғыларын бүлдірсе, олардан пломбаларды жұлып алса, жүк тасымалына байланысты операцияларды орындау үшін пайдаланылатын жекелеген жүктердің орындары мен олардың буылып-түйілуін, пакеттерді, жүк аулаларының, темір жол станцияларының, жүк автомобильдері станцияларының, контейнер пункттерінің (алаңдарының), порттар (пристаньдар) мен қоймалардың қоршауларын бүлдірсе, сондай-ақ жүк аулаларының, контейнер пункттерінің (алаңдарының), аймақтарының (учаскелерінің), порттардың

(пристаньдардың), шлюздердің және жоғарыда аталған қоймалардың территориясында тиісті рұқсатсыз болса —

азаматтарға отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

139 - статья. **Әуе транспортында жүктердің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі ережелерді бұзу**

Контейнерлердің пломбалары мен бекіту құрылғыларын бүлдірсе, олардан пломбаларды жұлып алса, жеткелеген жүктердің орындары мен олардың буылып-түйілуін, пакеттерді, сондай-ақ әуе транспортында жүк тасымалдауға байланысты операцияларды орындау үшін пайдаланылатын қоймалардың қоршауларын бүлдірсе —

отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Әуе транспортында жүк тасымалдауға арналған контейнерлерді және транспорт құралдарын бүлдірсе —

елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

140 - статья. **Транспорт құралдарын пайда табу мақсатында пайдалану**

Жүргізушілер транспорт құралдарын пайда табу мақсатында пайдаланса —

ескерту жасалады немесе он сомнан елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

141 - статья. **Транспорт құралдарын сақтау тәртібін бұзу**

Кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар транспорт құралдарын гараждардан және осы мақсаттар үшін арнайы бөлінген күзетілетін аялдамалардан тыс жерлерде немесе бұл құралдарды жүргізушілер өз мақсатында пайдалануы үшін жағдай жасап үйінде сақтаса —

жүргізушілерге ескерту жасалады немесе он сомнан отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады және транспорт құралдарының сақталуы мен пайдаланылуына жауапты лауазымды адамдарға ескерту жасалады немесе жиырма сомнан елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

142 - статья. **Жолды, темір жол өткелдерін және басқа жол ғимараттарын бүлдіру**

Жол, темір жол өткелдерін және басқа жол ғимараттарын немесе жол қозғалысын реттейтін техникалық құралдарды қасақана бүлдірсе, сондай-ақ жол қозғалысына қасақана кедергі жасаса —

жиырма сомнан елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Абайсыздықпен жасалған тап сондай әрекеттер үшін —

үш сомнан он сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

143 - статья. **Автомобиль жолына бөлінген тілкемді қорғау жөніндегі ережелерді бұзу**

Жол органдарымен келісіпей автомобиль жолына бөлінген тілкемдегі учаскелерді жыртса, шөп шапса, өсімдіктерді кесіп және бүлдірсе, шым казса және жер казса, канализациялық, өнеркәсіптік, мелиоративтік және сарқынды суды су ағызатын ғимараттарға және резервтерге ағызын жіберсе, автомобиль жолының бойындағы жол ғимараттары мен жабдықтарын бүлдірсе, сондай-ақ бөлінген тілкемде және ағаш көпірлердің, жол өткелі мен эстакададан 100 метрден жақын жерде от жақса, ағаш көпірлерде және ағаш төселген әрі ағашпен қоршалған көпірлерде шылым шекпесе, ауыр зардаптар болмаған жағдайда,—

ескерту жасалады немесе он сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

144 - статья. **Жер пайдаланушылардың автомобиль жолы мен жол ғимараттарын қорғау жөніндегі ережелерді бұзуы**

Автомобиль жолына бөлінген тілкемге жапсарлас жатқан, жалпы мемлекеттік және республикалық маңызы бар жолдың бойындағы елді мекендердің шеңберіндегі учаскелерді, өздеріне бекітіліп берілген шекараларда жаяу адам жүретін жол мен өткел көпіршелерді орнату, жөндеу және үнемі тазартып тұру жөніндегі, сондай-ақ бекітіліп берілген учаскелерден шығатын жолды немесе жалпы пайдаланудағы автомобиль жолына баратын кірме жолды, өткел көпіршелерді қоса, техникалық жағынан дұрыс әрі таза күйде күтіп ұстау жөніндегі міндеттерді жер пайдаланушылар бұзса, ауыр зардаптар болмаған жағдайда,—

ескерту жасалады немесе он сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

145 - статья. **Жолды, темір жол өткелдерін және басқа жол ғимараттарын күтіп ұстау ережелерін бұзу**

Жолды, темір жол өткелдерін және басқа жол ғимараттарын қозғалыс үшін хауіпсіз жағдайда күтіп ұстау ережелерін бұзса немесе жолдың пайдаланылуы қозғалыс хауіпсіздігіне қатер төндіретін жекелеген жол учаскелерінде қозғалыска дер кезінде тыйым салуға немесе шектеуге шаралар қолданбаса —

жолдың, темір жол өткелдерінің және басқа жол ғимараттарының жайына жауапты лауазымды адамдарға отыз сомнан жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

146 - статья. **Магистральды труба құбырларын қорғау ережелерін бұзу**

Магистральды труба құбырларын қорғаудың СССР Министрлер Советі бекіткен ережелерін бұзса —

азаматтарға ескерту жасалады немесе отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады және лауазымды адамдарға ескерту жасалады немесе елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

147 - статья. **Тіркемей немесе рұқсатсыз радиотрансляциялық торап пен радио нүктесін орнату және пайдалану**

Тиісінше тіркелмеген немесе рұқсатсыз (ол талап етілетін реттерде) қуаттылығы қандай екендігіне қарамастан, радиотрансляциялық торапты орнатса және пайдаланса —

лауазымды адамдарға елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Радиотрансляциялық торапты кімге бағынатынына қарамастан одан қондырылған радиотрансляциялық нүктені тиісінше тіркемей немесе рұқсатсыз (ол талап етілетін реттерде) орнатса және пайдаланса —

азаматтарға және лауазымды адамдарға бес сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

148 - статья. **Радиохабар тарату құрылғыларын рұқсатсыз әзірлеу және пайдалану**

Радиохабар тарату құрылғыларын рұқсатсыз әзірлесе және пайдаланса —

пайдаланып отырған радиоаппаратурасы конфискеленіп, ескерту жасалады немесе елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

149 - статья. **Радиоэлектронды құралдарды сатып алу, орнату, салу және пайдалану ережелерін бұзу**

Кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың лауазымды адамдары радиоэлектронды құралдарды сатып алу, орнату, салу және пайдалану ережелерін, радио жиіліктерін пайдалану ережелерін, радио сәулелері мен радио қабылдаудың жол берілетін индустриялық кедергілері нормаларын бұзса —

отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Лауазымды адамдар дәл осындай право бұзушылықты бір жыл ішінде қайталап жасаса, сондай-ақ радио қабылдауға кедергі жасауға әкеп соқтырған право бұзушылық жасаса —

елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

150 - статья. **Байланыс линиялары мен ғимараттарын қорғау ережелерін бұзу**

Байланыс линиялары мен ғимараттарын қорғау ережелерін бұзса —

азаматтарға ескерту жасалады немесе отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады және лауазымды адамдарға ескерту жасалады немесе елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Байланыс линиялары мен ғимараттарының қалыпты жұмысының бұзылуына не олардың бүлінуіне (қалааралық байланыстың кабель линияларының бүлінуінен басқа) әкеп соқтырған тап сондай әрекеттер үшін —

азаматтарға ескерту жасалады немесе елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады және лауазымды адамдарға ескерту жасалады немесе жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

151 - статья. **Автомат-телефондарды бүлдіру**

Автомат-телефондарды бүлдірсе —

ескерту жасалады немесе елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

12-тарау

АЗАМАТТАРДЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ ПРАВОЛАРЫ, ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ КӨРКЕЙТУ САЛАСЫНДА ӘКІМШІЛІК ПРАВО БҰЗУШЫЛЫҚ

152 - статья. **Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды есепке алу тәртібін бұзу**

Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды есепке алу, есептен шығару және азаматтарға тұрғын жайлар беру тәртібін бұзса —

лауазымды адамдарға жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

153 - статья. **Қоныстандыру мерзімін сақтамау**

Тұрғын үйлер мен тұрғын жайларға қоныстандырудың белгіленген мерзімін сақтамаса —

лауазымды адамдарға жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

154 - статья. **Тұрғын жайларды пайдалану ережелерін бұзу**

Тұрғын жайларды пайдалану, жалпы пайдаланудағы орындарды, баспалдақ алаңшаларын, лифтерді, подъездерді, үй іргесіндегі территорияларды санитариялық күтіп ұстау ережелерін бұзса —

азаматтарға ескерту жасалады немесе жиырма сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады және лауазымды адамдарға ескерту жасалады немесе елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

155 - статья. **Тұрғын үйлерді өз бетімен қайта жабдықтау және қайта жобалау**

Тұрғын үйлерді, тұрғын жайларды, сондай-ақ пәтерлер жанындағы жазғы үй-жайларды өз бетімен қайта жабдықтаса және қайта жобаласа, бұл үй-жайларды өз мақсатында пайдаланбаса —

азаматтарға ескерту жасалады немесе отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады және лауазымды адамдарға ескерту жасалады немесе елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

156 - статья. **Су құбырлары жүйелеріне өз бетімен қосылу**

Азаматтар тұрғын үйлерді, тұрғын және қосалқы үй-жайлар мен учаскелерді су құбырлары жүйелеріне өз бетімен косса —

азаматтарға ескерту жасалады немесе жиырма сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Бір жыл ішінде тап сондай әрекеттерді қайталап жасаса —

заңсыз орнатылған жабдықтары конфискеленіп немесе конфискеленбей, елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

157 - статья. **Шаруашылық және тұрмыстық құрылыстарды өз бетімен салу**

Азаматтар шаруашылық және тұрмыстық құрылыстар мен ғимараттарды өз бетімен салса —

ескерту жасалады немесе елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

158 - статья. **Құрылыс және жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде территорияларды бүлдіру**

Тиісті рұқсатсыз аулаларды, көшелер мен алаңдарды казса, оларға құрылыс материалдарын үйіп тастаса, қазған орындарды, сондай-ақ құрылыс алаңдарын құрылыс және жөндеу аяқталғаннан кейін тәртіпке келтіру үшін шаралар колданбаса —

лауазымды адамдарға ескерту жасалады немесе жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

159 - статья. **Қалалар мен елді мекендерді көркейту, санитариялық жайын қамтамасыз ету және олардың территорияларындағы жасыл желекті қорғау ережелерін бұзу**

Қалалар мен елді мекендерді көркейтудің, санитариялық жайын қамтамасыз етудің және олардың территорияларындағы жасыл желекті қорғаудың халық депутаттарының облыстық және Алматы қалалық Советтері белгілейтін ережелерін бұзса —

азаматтарға ескерту жасалады немесе он сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады және лауазымды адамдарға ескерту жасалады немесе елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

САУДА ЖӘНЕ ФИНАНС САЛАСЫНДА ӘКІМШІЛІК ПРАВО БҰЗУШЫЛЫҚ

160 - статья. **Сауда ережелерін бұзу**

Сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының қызметкерлері сауда ережелерін бұзса —

ескерту жасалады немесе жиырма бес сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

161 - статья. **Спирт ішімдіктерімен сауда жасау ережелерін бұзу**

Сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының қызметкерлері арақ және басқа спирт ішімдіктерімен сауда жасау ережелерін бұзса —

елу сомнан жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады [1].

162 - статья. **Атылатын тегіс стволды аңшылық қаруын және оқдәріні сату тәртібін бұзу**

Сауда кәсіпорындарының (ұйымдарының) қызметкерлері ішкі істер органдарының рұқсаты жоқ азаматтарға, кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға атылатын тегіс стволды аңшылық қаруы мен оған оқ-дәріні сатса —

он сомнан елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Осы статьяның бірінші бөлігінде аталған право бұзушылық үшін әкімшілік жазаға тартылған адам бір жыл ішінде тағы сондай әрекеттер жасаса —

отыз сомнан жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады [2].

163 - статья. **Колхоз базарларында сауда ережелерін бұзу**

Колхоз базарларында халық депутаттарының облыстық және Алматы қалалық Советтері белгілейтін сауда ережелерін бұзса —

азаматтарға ескерту жасалады немесе он сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады және лауазымды адамдарға ескерту жасалады немесе елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

164 - статья. **Белгіленбеген орындарда қолдан сауда жасау**

Көшелерде, алаңдарда, аулаларда, подъездерде, сквердерде және сауда жасауға арнап белгіленбеген басқа орындарда қолдан сауда жасаса —

ескерту жасалады немесе он сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

165 - статья. **Ұсақ алыпсатарлық**

Пайда табу мақсатымен шамалы мөлшерде арақ және басқа спирт ішімдіктерін, сондай-ақ халық тұтынатын тауарлар мен ауыл шаруашылығы өнімдерін, касса және товар чектері мен талондарын, ойын-сауық орындары мен басқа кәсіпорындарға билеттер, кітаптар, ноталар, грампластинкалар, магнитофон, видеофон касеттерін және өзге

---

[1] 161-статьяға 1985 ж. 22 октябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 45, 457-ст.).

[2] 162-статьяға 1984 ж. 28 сентябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 41, 534-ст.).

құнды заттар сатып алса және қайта сатса, егер тапқан пайдасының мөлшері отыз сомнан аспаса,—

алыпсатарлық заттары конфискеленіп, елу сомнан жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады [1].

166-статья. **Мемлекеттік немесе кооперативтік магазиндерде нанды және басқа астық өнімдерін мал мен құсты азықтандыру үшін сатып алу**

Мемлекеттік немесе кооперативтік магазиндерде пісірілген нанды, ұнды, жарманы және басқа астық өнімдерін мал мен құсты азықтандыру үшін сатып алса, сондай-ақ мал мен құсты магазиндерден сатып алған пісірілген нанмен, ұнмен, жармамен және басқа астық өнімдерімен азықтандырса —

ескерту жасалады немесе он сомнан елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

167-статья. **Шетел валюталарымен және төлем документтерімен заңсыз операциялар жасау**

Шағын мөлшерде шетел валютасын, шетел валютасы есебімен төлем документтерін немесе шетел валютасына айналдыру правосымен шетел валютасы үшін сатып алатын сом есебіндегі банктің төлем документтерін заңсыз сатып алса, сату, айырбастау немесе төлем құралы ретінде пайдаланса, егер заңсыз операция затының құны жиырма бес сомнан аспаса,—

валюта мен төлем документтері конфискеленіп, елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

168-статья. **Төлем документтерін заңсыз сату**

Шетел валютасына айналдыру правосынсыз шетел валютасы үшін сатып алатын сом есебіндегі төлем документтерін заңсыз сатса, алыпсатарлық нышаны болмаған жағдайда,—

төлем документтері конфискеленіп, елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

169-статья. **Майдагерлік-қолөнер кәсіпшілігімен шұғылдану тәртібін бұзу**

Азаматтар тіркеу куәлігінсіз майдагерлік-қолөнер кәсіпшілігімен шұғылданса (бұған тіркеу куәлігін алудан белгіленген тәртіп бойынша босатылған адамдар кірмейді) не тіркеу куәлігінде аталмаған кәсіпшілікпен немесе тіркеу куәлігінде аталғандардан басқа елді мекендерде шұғылданса, сондай-ақ бұған рұқсат етілген елді мекендерден немесе территориядан тысқары жерде кәсіпшілікпен шұғылданса және жасалған бұйымдарды сатса, не майдагерлік-қолөнер кәсіпшілігімен шұғылдануға право беретін тіркеу куәлігін басқа адамға берсе —

кінәлі адамдардағы құралдар, бұйымдар және шикізат конфискеленіп немесе конфискеленбей, елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

170-статья. **Тыйым салынған кәсіпшілікпен шұғылдану**

Тыйым салынған кәсіпшілікпен шұғылданса —

құралдар, бұйымдар және шикізат конфискеленіп, ескерту жасалады немесе елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

---

[1] 165-статьяға 1985 ж. 22 октябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 45, 457-ст.).

171 - статья. **Азаматтардың ет коректі терісі бағалы аңдар ұстауы**

Азаматтар түлкі, ақ түлкі, қара күзен және басқа ет коректі терісі бағалы аңдар ұстаса, сондай-ақ азаматтар бұл аңдардың терісін сатса, сатын алса немесе айырбастаса —

ет коректі аңдар мен олардың терісі конфискеленіп, жиырма somнан елу somға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

172 - статья. **Терісі бағалы аң түрлерінің аулау жолымен алынған терісін мемлекетке міндетті түрде өткізуден бұлтару, теріні заңсыз сату, сатып алу және өңдеу**

Терісі бағалы аң түрлерінің аулау жолымен алынған терісін мемлекетке міндетті түрде өткізуден бұлтарса, сондай-ақ ілінбеген немесе ілінген, бірақ мемлекеттік таңбасы (штампы) жоқ аталған теріні алғаш рет заңсыз сатса, сатын алса, айырбастаса және өңдесе —

терілер конфискеленіп, елу somға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

173 - статья. **Заңсыз аң аулау өнімін қабылдау**

Дайындау ұйымдарының лауазымды адамдары заңсыз аң аулау өнімін қабылдаса —

он somға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

14-тарау

ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПКЕ ҚИЯНАТ ЖАСАЙТЫН ӘКІМШІЛІК ПРАВО БҰЗУШЫЛЫҚ

174 - статья. **Ұсақ бұзақылық**

Ұсақ бұзақылық, яғни қоғамдық орындарда тіл тигізсе, азаматтарды қорлаған тиссе және қоғамдық тәртіпті, азаматтардың тыныштығын бұзатын басқа да осындай әрекеттер жасаса —

он somнан елу somға дейінгі мөлшерде штраф салынады немесе еңбек табысының жиырма процентті ұстала отырып, бір айдан екі айға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстары қолданылады, ал егер істің мәнжайына қарай, тәртіп бұзушының кім екенін ескере отырып, бұл шараларды қолдану жеткіліксіз деп танылған ретте,— он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алынады.

175 - статья. **Жеткіншектер жасаған бұзақылық**

Он төрт жастан он алты жасқа дейінгі жеткіншектер ұсақ бұзақылық немесе бұзақылық жасаса —

ата-аналарына немесе олардың орнындағы адамдарға он somнан отыз somға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

176 - статья. **Атылатын қарудан елді мекендерде және бұл үшін бөлінбеген орындарда немесе белгіленген тәртіпті бұза отырып ату**

Атылатын қарудан елді мекендерде және бұл үшін бөлінбеген орындарда, сондай-ақ бөлінген орындарда белгіленген тәртіпті бұза отырып атса —

қару мен оқ-дәрі конфискеленіп немесе конфискеленбей, жиырма somнан елу somға дейінгі мөлшерде штраф салынады [1].

---

[1] 176-статьяға 1984 ж. 28 сентябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 41, 534-ст.).

177 - статья. **Тыныштықты бұзу**

Түнгі уақытта (сағат 23-тен таңертеңгі сағат 7-ге дейін) тыныштықты бұзса, ягни пәтерлерде, тұрғын үйлердің подъездері мен аулаларында, көшелерде, демалыс орындарында және басқа қоғамдық орындарда айқайлап өлең айтса, музыка аспаптарында ойнаса, дыбыс дабылын берсе, телевизорларды, радиоқабылдағыштарды, магнитофондарды және аса күшті шу шығаратын өзге де аппаратураны пайдаланса, тұрғын жайларда және олардан тыс жерде шұғыл қажеттіліктен тумаған шу шығаратын жұмыстар жүргізсе, сондай-ақ азаматтардың дұрыс демалысы мен тыныштығын бұзатын осындай өзге әрекеттер жасаса —

азаматтарға ескерту жасалады немесе он сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады және лауазымды адамдарға ескерту жасалады немесе жиырма сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Бір жыл ішінде тағы сондай әрекеттерді қайталап жасаса —

азаматтарға — жиырма сомға дейінгі және лауазымды адамдарға елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Он төрт жастан он алты жасқа дейінгі жеткіншектер осы статьяның бірінші бөлігінде көзделген право бұзушылықты жасаса,—

жеткіншектердің ата-аналарына немесе олардың орнындағы адамдарға ескерту жасалады немесе он сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

178 - статья. **Спирт ішімдіктерін ішу және қоғамдық орындарға мас күйде келу**

Көшелерде, стадиондарда, сквердерде, парктерде, қоғамдық транспорттың барлық түрінде және халық депутаттары жергілікті Советінің атқару комитеті спирт ішімдіктерін сүйып сатуға рұқсат еткен сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарынан басқа қоғамдық орындарда спирт ішімдіктерін ішсе немесе қоғамдық орындарға адамгершілік абыройды және қоғамдық адамгершілікті қорлайтындай мас күйде келсе —

ескерту жасалады немесе жиырма сомнан отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Әкімшілік жазалау шаралары қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде тағы сондай әрекеттерді қайталап жасаса —

отыз сомнан елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Осы статьяның бірінші бөлігінде көзделген әрекеттерді қоғамдық орындарда спирт ішімдіктерін ішкені немесе қоғамдық орындарға мас күйде келгені үшін бір жыл ішінде екі рет әкімшілік жазаға тартылған адамдар жасаса —

елу сомнан жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады не жалақысының жиырма процентін ұстай отырып, бір айдан екі айға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстары қолданылады, ал ерекше реттерде, егер істің мән-жайы бойынша және тәртіп бұзушының кім екенін ескере отырып, мұндай шаралар қолдану жеткіліксіз деп танылса,— он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алынады [1].

---

[1] 178-статьяға 1985 ж. 22 октябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 45, 457-ст.).

179 - статья. **Жасөспірімдердің қоғамдық орындарға мас күйде келуі**

Он алты жасқа дейінгі жасөспірімдер қоғамдық орындарға мас күйде келсе, сондай-ақ олар спирт ішімдіктерін ішсе —

ата-аналарына немесе олардың орнындағы адамдарға отыз сомнан елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады [1].

179 — 1 - статья. ***Өндірісте спирт ішімдіктерін ішу***

Өндірісте (жұмыс орнында, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың бөлмелері мен территориясында) спирт ішімдіктерін ішсе немесе жұмысқа мас күйде келсе —

отыз сомнан елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

179 — 2 - статья. **Басшылардың өздеріне бағынышты адамдармен бірге спирт ішімдіктерін ішуге қатысуы, мас күйде жүрген адамдарды жұмысқа қатыстырмау шараларын қолданбауы, спирт ішімдіктерін ішу немесе жұмысқа мас күйде келу жағдайларын жасыруы** [1]

Шеберлер, учаске, смена, цех бастықтары және басқа басшылар өздеріне бағынышты қызметкерлермен бірге өндірісте спирт ішімдіктерін ішуге қатысса немесе мас күйде жүрген адамдарды жұмысқа қатыстырмау шараларын қолданбаса, не өздеріне бағынышты қызметкерлердің спирт ішімдіктерін ішу немесе жұмысқа мас күйде келу жағдайларын жасырса —

елу сомнан жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

180 - статья. **Үйде жасалған күшті спирт ішімдіктерін сатып алу**

Самогон, чача, арақ, тұт арағын, брага және үйде жасалған басқа күшті спирт ішімдіктерін сатып алса —

отыз сомнан жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады. [1]

181 - статья. **Жасы толмағандарды мас күйге жеткізу**

Жасы толмағандарды ата-аналары немесе өзге адамдар мас күйге жеткізсе —

елу сомнан жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады. [1]

182 - статья. **Құмар ойындар**

Аулаларда, подъездерде, парктерде және басқа қоғамдық орындарда құмар ойындар (ақшаға, заттарға, басқа құнды заттарға) ойнаса —

ескерту жасалады немесе он сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

183 - статья. **Ата-аналардың немесе олардың орнындағы адамдардың балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамауы**

Ата-аналар немесе олардың орнындағы адамдар жасы толмаған балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі міндеттерді қасақана орындамаса —

---

[1] 179, 180 және 181-статьяларға 1985 ж. 22 октябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары 1985 ж., № 45, 457-ст.). Осы Указбен 179—1 және 179—2-статьялар енгізілген.

ескерту жасалады немесе отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

184 - статья. **Өрт хауіпсіздігі ережелерін бұзу немесе орындамау**

Қәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдарда, колхоздарда, қоғамдық орындарда, қойма жайларында, жатақханаларда және тұрғын үйлерде, сондай-ақ үйлер мен құрылыстарды жобалау және салу кезінде өрт хауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты ережелерді, нормалар мен стандарттарды бұзса немесе орындамаса, немесе өрт техникасын, жабдықтарды, өртке қарсы қолданылатын сумен жабдықтау жүйелерін, өртті табу мен сөндірудің және өрт дабылының автоматты құралдарын пайдалану және күтіп ұстау ережелерін бұзса —

азаматтарға ескерту жасалады немесе он сомға дейінгі және лауазымды адамдарға елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

15-тарау

БАСҚАРУДЫҢ БЕЛГІЛЕНГЕН ТӘРТІБІНЕ ҚИЯНАТ ЖАСАЙТЫН ӘКІМШІЛІК ПРАВО БҰЗУШЫЛЫҚ

185 - статья. **Милиция қызметкерінің немесе халық жасақшысының заңды жарлығына немесе талабына қасақана бағынбау**

Қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі өз міндеттерін атқару кезінде милиция қызметкерінің немесе халық жасақшысының заңды жарлығына немесе талабына қасақана бағынбаса —

он сомнан елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады немесе еңбек табысының жиырма проценті ұстала отырып, бір айдан екі айға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстары қолданылады, ал егер істің мәнжайына қарай, право бұзушының кім екенін ескере отырып, бұл шараларды қолдану жеткіліксіз деп танылған ретте,— он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алынады.

186 - статья. **Әкімшілік қадағалау ережелерін бұзу**

Қадағалау белгіленген адамдар әкімшілік қадағалау ережелерін бұзса —

ескерту жасалады немесе он сомнан елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

187 - статья. **Еңбекпен түзеу мекемелерінде, тергеу изоляторларында, еңбекпен тәрбиелеу және емдеу-еңбек профилакторийлерінде ұсталатын адамдарға тыйым салынған заттарды, бұйымдарды және құралдарды заңсыз беру**

Еңбекпен түзеу мекемелерінде, тергеу изоляторларында, еңбекпен тәрбиелеу және емдеу-еңбек профилакторийлерінде ұсталатын адамдарға алкогольді ішімдіктерді, желіктіретін қасиеті бар емдік және басқа заттарды, бұл мекемелерде сақтауға және пайдалануға тыйым салынған ақшаны, тамақ өнімдерін, бұйымдар мен құралдарды тексеруден жасырып берсе немесе кез келген әдіспен беруге әрекет жасаса —

ескерту жасалады немесе тыйым салынған заттар, бұйымдар мен

құралдар конфискеленіп, он сомнан елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады [1].

188 - статья. **Озбырлық**

Озбырлық, яғни өзінің нақты немесе жорамалды правосын өз бетімен, заңмен белгіленген тәртіпті бұза отырып азаматтарға не мемлекеттік немесе қоғамдық ұйымдарға елеулі залал келтірмей жүзеге асырса —

азаматтарға ескерту жасалады немесе отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады және лауазымды адамдарға ескерту жасалады немесе елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

189 - статья. **Азаматтардың атылатын тегіс стволды аңшылық қаруын сатып алу, сақтау, беру немесе сату тәртібін бұзуы**

Азаматтар атылатын тегіс стволды аңшылық қаруын ішкі істер органдарының рұқсатынсыз сатып алса, сақтаса, басқа адамдарға берсе немесе сатса —

қару конфискеленіп немесе конфискеленбей, он сомнан отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Осы статьяның бірінші бөлігінде көзделген право бұзушылықтың бірі үшін әкімшілік жазаға тартылған адам бір жыл ішінде тағы сондай әрекеттер жасаса —

қару конфискеленіп, жиырма сомнан елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

190 - статья. **Атылатын қару мен оқ-дәріні сақтау немесе тасымалдау ережелерін бұзу**

Ішкі істер органдарының қару сақтауға берген рұқсаты бар азаматтар атылатын тегіс стволды аңшылық қаруы мен ойықты қаруды және оқ-дәріні сақтау немесе тасымалдау ережелерін бұзса —

ескерту жасалады немесе бес сомнан жиырма сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады немесе қару мен оқ-дәрі құны төленіп алып қойылады.

Осы статьяның бірінші бөлігінде көзделген право бұзушылықтың бірі үшін әкімшілік жазаға тартылған адам бір жыл ішінде тағы сондай әрекеттер жасаса —

қару мен оқ-дәрі конфискеленіп немесе конфискеленбей, он сомнан отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Атылатын қару мен оқ-дәрінің сақталуына жауапты кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың қызметкерлері оларды сақтау немесе тасымалдау ережелерін бұзса, сондай-ақ олар атылатын қару мен оқ-дәріні басқа мақсатта пайдаланса —

он сомнан елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Осы статьяның үшінші бөлігінде көзделген право бұзушылықтың бірі үшін әкімшілік жазаға тартылған адам бір жыл ішінде тағы сондай әрекеттер жасаса —

отыз сомнан жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады [1].

---

[1] 187, 189 және 190-статьяларға 1984 ж. 28 сентябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 41, 534-ст.).

191 - статья. **Атылатын қаруды тіркеудің (қайта тіркеудің) мерзімдерін немесе оны есепке қою ережелерін бұзу**

Азаматтар атылатын қаруды тіркеудің (қайта тіркеудің) белгіленген мерзімдерін немесе оны тұрғылықты орны өзгерген жағдайда ішкі істер органдарында есепке қою ережелерін бұзса —

ескерту жасалады немесе бес сомнан жиырма сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

192 - статья. **Атылатын тегіс стволды аңшылық қаруы мен оқдәріні өткізуден бұлтару**

Атылатын тегіс стволды аңшылық қаруы мен оқ-дәрі сақтауға берілген рұқсатты аңшылық қоғамдарынан шығуына байланысты ішкі істер органдары жойған азаматтар оларды өткізуден бұлтарса —

қару мен оқ-дәрі құны төленіп алып қойылып, бес сомнан жиырма сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады [1].

192 — 1 - статья. **Мемлекеттік наградаларға қатысты заңсыз әрекеттер** [2]

СССР орденін, медалын, құрметті атақтың омырауға тағатын белгісін немесе орден лентaлары мен планкілердегі медаль лентaларын бұған правосы жоқ адам тақса, сондай-ақ СССР орденін, медалын, құрметті атақтың омырауға тағатын белгісін заңсыз сақтаса —

ескерту жасалады немесе жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Қазақ ССР-інің құрметті атақтарына берілетін омырауға тағатын белгіні сатып алса, сатса, айырбастаса немесе өзге құнын өтетіп берсе, сондай-ақ Қазақ ССР-інің құрметті атағына берілетін омырауға тағатын белгіні бұған правосы жоқ адамдар тақса, не оны заңсыз сақтаса —

ескерту жасалады немесе елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады [2].

193 - статья. **Полиграфия және штемпель-гравер кәсіпорындарын ашу, көбейту техникасын сатып алу, өткізу, пайдалану, есепке алу және сақтау ережелерін бұзу**

Лауазымды адамдар полиграфия және штемпель-гравер кәсіпорындарын ашу, полиграфия жабдықтарын, көбейту аппараттарын, шрифтер мен матрицаларды сатып алу және өткізу ережелерін бұзса —

жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Полиграфия жабдығын, көбейту аппараттарын, шрифтер мен матрицаларды пайдалану, есепке алу және сақтау ережелерін орындауға жауапты адамдар бұл ережелерді бұзса —

елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

---

[1] 191 және 192-статьяларға 1984 ж. 28 сентябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 41, 534-ст.).

[2] 192—1-статья 1985 ж. 25 апрельдегі Указымен енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 19, 190-ст.).

192—1-статьяның тақырыбына 1985 ж. 21 ноябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 49, 513-ст.). Осы Указбен статья екінші бөлікпен толықтырылды.

193 — 1 - статья. **Стандарттау және өнім сапасы жөніндегі, өлшеу құралдарын тұтынуға шығару мен күтіп ұстау және оларды пайдалану ережелерін бұзу** [1]

Стандарттау және өнім сапасы жөніндегі, өлшеу құралдарын тұтынуға шығару мен күтіп ұстау және оларды пайдалану ережелерін бұзу:

1) сапа, комплектілік пен қаптау жөніндегі стандарттардың, техникалық шарттар мен үлгілердің (эталондардың) талаптарына сай келмейтін өнім шығарса (оның ішінде жөндеуден шығарса) немесе берсе (өткізсе) (СССР заңдарында көзделген реттерден басқа);

2) сапа, комплектілік пен қаптау жөніндегі стандарттардың, техникалық шарттар мен үлгілердің (эталондардың) талаптарына сай келмейтін өнімді бөлшек сауда кәсіпорындарында (ұйымдарында) сатуға шығарса;

3) өнім сапасы жөніндегі стандарттар мен техникалық шарттардың талаптарына немесе технологиялық процестерге арналған стандарттардың талаптарына сай келмейтін конструкторлық, технологиялық және жобалау документтемелерін заказ берушіге не өндіріске берсе;

4) өнімді тасымалдау, сақтау және пайдалану (эксплуатациялау) кезінде стандарттар мен техникалық шарттарды сақтамаса, егер бұл өнім сапасының төмендеуіне, бүлінуіне немесе нормативтен тыс шығынына әкеп соқтырған болса;

5) мемлекеттік сынақтан немесе метрологиялық аттестациядан өтпеген, сондай-ақ тексерілмеген өлшеу құралдарын тұтынуға шығарса;

6) белгіленген тәртіппен тиісті рұқсат алмаған кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер өлшеу құралдарын жасаса, жөндесе және тексерсе, сондай-ақ тексеру әдістері мен ережелерін бұзса;

7) өлшеу құралдарын пайдалану ережелерін бұзса —

лауазымды адамдарға ескерту жасалады немесе жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

194 - статья. **Каратэге үйрету ережелерін бұзу**

Спорттық каратэ секцияларын ашудың немесе оларға азаматтарды қабылдаудың белгіленген ережелерін бұзса, не секцияларда спорттық ережелермен тыйым салынған әдістерді үйретсе, сондай-ақ каратэ әдістерін өз бетімен, тиісті органдардың рұқсатынсыз үйретсе —

елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

195 - статья. **Паспортсыз немесе тұраққа жазылмай тұру**

Паспорты болуға міндетті азаматтар паспортсыз немесе жарамсыз паспорт бойынша тұрса, сондай-ақ азаматтар тұраққа жазылмай немесе тіркелмей тұрса —

ескерту жасалады немесе он сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

196 - статья. **Паспортты қасақана бүлдіру немесе оны ұқыпсыздық салдарынан жоғалту**

Паспортты қасақана бүлдірсе, сондай-ақ паспортты ұқыпсыз сақтаса, мұның өзі оның жоғалуына әкеп соқса —

ескерту жасалады немесе он сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

---

[1] 193—1-статья 1984 ж. 28 сентябрьдегі Указымен енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 41, 534-ст.).

197 - статья. **Паспортсыз немесе тұраққа жазылмай тұруға жол беру**

Паспорт жүйесінің ережелерін сақтауға жауапты адамдар азаматтардың паспортсыз немесе жарамсыз паспорт бойынша не тұраққа жазылмай немесе тіркелмей тұруына жол берсе, сондай-ақ азаматтар өз иелігіндегі тұрғын жайларда адамдардың паспортсыз, тұраққа жазылмай немесе тіркелусіз тұруына жол берсе —

ескерту жасалады немесе он сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

198 - статья. **Паспортсыз немесе тұраққа жазылмаған адамды жұмысқа қабылдау**

Лауазымды адамдар паспортсыз немесе паспорты жарамсыз азаматтарды, сондай-ақ тұраққа жазылмай тұрған азаматтарды жұмысқа қабылдаса —

ескерту жасалады немесе он сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Лауазымды адам бір жыл ішінде осындай әрекеттері үшін өзіне әкімшілік жазалау шаралары қолданылғаннан кейін де тап сондай право бұзушылыққа жол берсе —

елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

199 - статья. **Паспорттарды заңсыз алып қою немесе оларды кепілге алу**

Лауазымды адамдар азаматтардың паспорттарын заңсыз алып қойса немесе паспорттарды кепілге алса —

ескерту жасалады немесе он сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

200 - статья. **Шекаралық аймаққа бару немесе сонда тұру ережелерін бұзу**

Шекаралық аймаққа бару ережелерін, сонда тұру немесе тұраққа жазу ережелерін бұзса —

ескерту жасалады немесе он сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

201 - статья. **Шетел азаматтарының СССР-де болу, сондай-ақ СССР-дің территориясы арқылы транзит жүрісі ережелерін бұзуы [1].**

Шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар СССР-де болу ережелерін бұзса, яғни СССР-де тұруға право беретін документтерсіз тұрса немесе жарамсыз документтер бойынша тұрса, тіркелудің немесе тұраққа жазылудың не жүріп-тұрудың және тұратын орнын таңдаудың белгіленген тәртібін сақтамаса, белгіленген болу мерзімі өткен соң кетуден бұлтарса, сондай-ақ СССР-дің территориясы арқылы транзит жүрісі ережелерін сақтамаса —

ескерту жасалады немесе елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

СССР-де шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды қа-

---

[1] 201-статьяның тақырыбына 1984 ж. 28 сентябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 41, 534-ст.).

былдайтын немесе оларға қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың СССР-де болуының және СССР территориясы арқылы транзит жүрісінің шарттарын сақтауға байланысты міндеттерді орындайтын кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың лауазымды адамдары оларды тіркеудің, тұраққа жазудың немесе тұрақтан шығарудың, олар үшін СССР-де тұру, жүріп тұру және тұратын орнын өзгерту правосына арналған документтерді рәсімдеудің белгіленген тәртібін бұзса —

ескерту жасалады немесе он сомнан жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

СССР-ге шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды жеке істер бойынша шақырған және оларға тұрғын алаң берген азаматтар белгіленген тәртіппен оларды дер кезінде тіркеуді, тұраққа жазуды немесе тұрақтан шығаруды қамтамасыз етуге шара қолданбаса —

ескерту жасалады немесе он сомнан елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Азаматтар шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың СССР-де болуының белгіленген ережелерін және олардың СССР территориясы арқылы транзит жүрісі ережелерін бұза отырып, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға тұрғын үй, транспорт құралдарын берсе немесе оларға өзгедей қызмет көрсетсе —

ескерту жасалады немесе он сомнан елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады [1].

202 - статья. **Әскери есепке тұру ережелерін бұзу**

Әскери міндеттілер мен шақырылушылар Жалпыға бірдей әскери міндеттілік туралы СССР Заңының 89—92-статьяларында белгіленген әскери есепке тұру ережелерін бұзса, сондай-ақ шақыру бойынша әскери комиссариатқа дәлелсіз себептермен келмей қойса, немесе тұрғылықты жерінің адресі, білімі, жұмыс орны мен лауазымы өзгергені туралы мәліметтерді әскери есепте тұрған есепке алу органына дер кезінде хабарламаса —

ескерту жасалады немесе он сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Осы статьяның бірінші бөлігінде көзделген право бұзушылықтың бірі әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жылдың ішінде қайталап жасалса —

он сомнан елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

203 - статья. **Әскери билетті қасақана бүлдіру немесе оны ұқыпсыздық салдарынан жоғалту**

Әскери есеп документтерін (әскери билеттерін немесе шақыру учаскесіне тіркелу туралы куәліктерін) қасақана бүлдірсе немесе ұқыпсыз сақтаса, мұның өзі олардың жоғалуына әкеп соқса —

ескерту жасалады немесе он сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Осы статьяның бірінші бөлігінде көзделген право бұзушылықтың бірі әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жылдың ішінде қайталап жасалса —

он сомнан елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады. [2]

---

[1] 201-статья 1984 ж. 28 сентябрьдегі Указымен екінші, үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылды (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 41, 534-ст.).

[2] 202 және 203-статьяларға 1985 ж. 21 ноябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 49, 513-ст.).

203 - 1 - статья. **Әскери комиссариат шақырғанда келмей қою**

Азаматтар әскери комиссариат шақырғанда шақыру учаскелерінде тіркелу үшін дәлелсіз себептермен келмей қойса —
ескерту жасалады.

203 — 2 - статья. **Шақыру учаскелерінде тіркелуге тиісті жас жігіттердің тізімін әскери комиссариаттарға тапсырмау**

Тұрғын үй-пайдалану ұйымдарының, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, оқу орындарының басшылары немесе әскери есеп жұмысына жауапты басқа да лауазымды адамдары және үй иелері шақыру учаскелерінде тіркелуге тиісті жас жігіттердің тізімін әскери комиссариатқа белгіленген мерзімде тапсырмаса —
ескерту жасалады немесе он сомнан жиырма сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.
Аталған право бұзушылықты әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жылдың ішінде қайталап жасаса —
жиырма сомнан елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

203 — 3 - статья. **Әскери есепке тұрмаған әскери міндеттілер мен шақырылушыларды жұмысқа қабылдау**

Қәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, колхоздар мен оқу орындарының басшылары мен басқа да лауазымды адамдары тұрғылықты жері бойынша әскери есепке тұрмаған әскери міндеттілер мен шақырылушыларды жұмысқа (оқуға) қабылдаса —
он сомнан жиырма сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.
Аталған право бұзушылықты әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жылдың ішінде қайталап жасаса —
жиырма сомнан елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

203 — 4 - статья. **Әскери міндеттілер мен шақырылушыларға олардың әскери комиссариаттарға шақырылғаны туралы хабарлауды қамтамасыз етпеу** [1]

Қәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, колхоздар мен оқу орындарының басшылары немесе әскери есеп жұмысына жауапты басқа лауазымды адамдары әскери комиссариаттардың талап етуі бойынша әскери міндеттілер мен шақырылушыларга олардың әскери комиссариаттарга шақырылғаны туралы хабарлауды қамтамасыз етпесе не азаматтардың жиын пункттеріне немесе шақыру учаскелеріне дер кезінде келуіне кедергі жасаса —
ескерту жасалады немесе он сомнан жиырма сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.
Осы статьяның бірінші бөлігінде көзделген право бұзушылықтың бірі әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жылдың ішінде қайталап жасалса —
жиырма сомнан елу сомга дейінгі мөлшерде штраф салынады.

---

[1] 203—1, 203—2, 203—3 және 203—4-статьялар 1985 ж. 21 ноябрьдегі Указымен енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 49, 513-ст.).

203 — 5 - статья. **Әскери міндеттілер мен шақырылушылардың бастапқы есебін жүргізу үшін қажетті документтерді дер кезінде тапсырмау, сондай-ақ оларды әскери комиссариаттарға шақыру туралы хабарландырмау**

Тұрғын үй-пайдалану ұйымдарының, үй пайдалануды жүзеге асыратын кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың басшылары немесе әскери есеп жұмысына жауапты басқа да лауазымды адамдары, сондай-ақ үй иелері әскери міндеттілер мен шақырылушылар болып табылатын адамдардың әскери есепке тұруын немесе есептен шығуын ресімдеу үшін үй кітаптарын, тіркеу карточкалары мен әскери есеп документтерін (әскери билеттерін, шақыру учаскелеріне тіркелу туралы куәліктерін) әскери комиссариаттарға және әскери міндеттілер мен шақырылушылардың бастапқы ссебін жүргізу жүктелген халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттеріне дер кезінде тапсырмаса, сондай-ақ олардың әскери комиссариаттарға шақырылғаны туралы дер кезінде хабарландырмаса —

ескерту жасалады немесе он сомнан жиырма сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Осы статьяның бірінші бөлігінде көзделген право бұзушылықтың бірі әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жылдың ішінде қайталап жасалса —

жиырма сомнан елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

203 — 6 - статья. **Әскери міндеттілер мен шақырылушылар туралы мәліметтерді хабарламау** [1]

Мүгедектік тобына қарамастан, мүгедек деп танылған барлық әскери міндеттілер мен шақырылушылар туралы мәліметтерді халық депутаттарының аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық Советтері атқару комитеттерінің әлеуметтік қамсыздандыру бөлімдері арқылы әскери комиссариаттарға хабарлап отыру міндеті жүктелген дәрігерлік-еңбек эксперті комиссияларының лауазымды адамдары осындай мәліметтерді хабарламаса —

ескерту жасалады немесе он сомнан жиырма сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Азаматтық хал актілерін жазатын органдардың лауазымды адамдары әскери міндеттілер мен шақырылушылардың фамилиясын, атын, әкесінің атын өзгерткені туралы, олардың туған датасы мен жері жайында азаматтық хал актілерін жазу кітабына өзгерту енгізгені туралы, сондай-ақ әскери міндеттілер мен шақырылушылардың өлгенін тіркеген реттер туралы мәліметтерді аудандық (қалалық) әскери комиссариаттарға хабарламаса —

ескерту жасалады немесе он сомнан жиырма сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Осы статьяның бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген право бұзушылықтың бірі әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жылдың ішінде қайталап жасалса —

жиырма сомнан елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

204 - статья. **Таможня ережелерін бұзу**

Таможня ережелерін бұзса:

1) шетелден келген немесе шетелге бара жатқан транспорт тамож-

[1] 203—5 және 203—6-статьялар 1985 ж. 21 ноябрьдегі Указымен енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 49, 513-ст.).

ня бақылауын жүзеге асыру үшін таможня мекемесі орналасқан жерге тоқтамаса;

2) СССР-дің мемлекеттік шекарасынан таможня мекемесіне келе жатқан кезінде транспортты тіпті таможня мекемесі тексергеннен кейін де оны өз бетімен жағалауға әкеп тоқтатса, тұру немесе аялдау орнын өз бетімен ауыстырса;

3) транспорт шетелден келгеннен кейін тиісті реттерде таможня мекемесіне жазбаша айғақтаманы, өткізу ведомосын немесе бас декларацияны табыс етпесе не бұл документтерді оларда талап етілетін мәліметтерді көрсетпей табыс етсе;

4) жүк тізімдері мен жолаушылар тізімдерін табыс етпесе, сондай-ақ тиісті таможня мекемесіне беру үшін табыс етілген таможня документтерін несіне жеткізіп бермесе;

5) шетелге жүзіп бара жатқан кемеге таможня мекемесінің рұқсатынсыз басқа кемелерді тіркесе, сондай-ақ портқа келген кемеден басқа кемеге, жағаға таможня мекемесінің рұқсатынсыз қандай да болсын заттарды берсе немесе жағадан немесе басқа кемелерден алса, бұған ауыр жүкті түсіруге немесе тиеуге, жүкті бөлінуден қорғауға арналған тетіктер, сондай-ақ бұл тетіктер мен такелаж кеменің немесе жүктің жойылуын немесе бөлінуін болғызбау үшін қажет болған реттерде, такелаж кірмейді;

6) жүкті таможня мекемесінің рұқсатынсыз ашса немесе қайта буып-түйсе;

7) жүкті таможня мекемесінің рұқсатынсыз тиесе, қайта тиесе немесе түсірсе;

8) транспортты таможня мекемесінің рұқсатынсыз жөнелтсе;

9) қару, жарылғыш және тез тұтанғыш заттар қойған орындарды көрсетпесе;

10) таможня мекемелері люктерге, вагондарға, үй-жайларға немесе жекелеген жүк орындарына салған пломбаларды немесе мөрлерді бұлдірсе.

11) шетелден әкелінген жүктерді таможня мекемесінің рұқсатынсыз мемлекеттік транспорт ұйымдарының қоймаларынан берсе —

азаматтарға — он сомға дейінгі және лауазымды адамдарға елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

СССР-ге әкелуге немесе шетелге әкетуге тыйым салынған, өз атымен көрсетілмеген немесе декларацияларда мүлде көрсетілмеген заттарды халықаралық почтамен жолдан жіберсе —

бұл заттар конфискеленеді.

205 - с т а т ь я. **Контрабанда**

Контрабанда, яғни:

1) СССР-дің мемлекеттік шекарасы арқылы жүктерді (тауарларды, құнды және өзге заттарды) заңсыз өткізсе, яғни жүктерді таможня мекемелерінің қатысуынсыз СССР-дің Таможня кодексінің талаптарын бұзып немесе таможня бақылауынан жасырып өткізсе, сондай-ақ СССР-дің территориясында осындай жүктерді сақтаса, өткізсе, сатса және сатып алса;

2) шетел жүктерін өзінің тұтынуына арналған қалыпты нормадан асатын мөлшерде сақтаса, егер бұл жүктерді сақтаушылардың немесе нелерінің оларды заңды түрде алғаны дәлелденбесе;

3) белгіленген рұқсаттары болғанымен және баж салығы төленгенімен шетелден жүктерді әкелсе немесе алса, егер бұл жүктерді әкелудің немесе алудың шетелге СССР валютасын, валюталық құнды заттарды, шетел валютасына айналдыру правосынсыз шетел валютасы

үшін сатып алатын сом есебіндегі төлем документтерін, қымбат бағалы металдар мен қымбат бағалы тастардан жасалған зергерлік және басқа тұрмыстық бұйымдар мен сондай бұйымдардың сынықтарын заңсыз жіберумен, аударумен немесе өткізумен байланысты болса;

4) СССР валютасын, валюталық құнды заттарды шетел валютасына айналдыру правосынсыз шетел валютасы үшін сатып алатын сом есебіндегі төлем документтерін, қымбат бағалы металдар мен қымбат бағалы тастардан жасалған зергерлік және басқа тұрмыстық бұйымдар мен осындай бұйымдардың сынықтарын шетелге және шекарадан заңсыз шығарса, әкелсе, өткізсе және аударса;

5) осы статьяда аталып өткен право бұзушылыққа қандай да болсын әзірлік әрекеттерін жасаса —

контрабанда заттары, сондай-ақ СССР-дің мемлекеттік шекарасы арқылы контрабанда заттарын өткізуге немесе оларды табу уақытына қарамастан оларды жасыруға арналған тасымалдау және басқа құралдар конфискеленіп, азаматтарға — елу сомға дейінгі және лауазымды адамдарға жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

Контрабанда заты табылған адам, егер ол бұл заттың контрабандалық екенін білмеген болса, контрабанда жасаған деп есептелмейді және оған штраф салынбайды.

СССР-дің мемлекеттік шекарасы арқылы келе жатқан жолаушы жасаған контрабанда таможнялық тексеру кезінде табылған ретте оған штраф салынбайды, бұған СССР валютасын, валюталық құнды заттарды, шетел валютасына айналдыру правосынсыз шетел валютасы үшін сатып алатын сом есебіндегі төлем документтерін, қымбат бағалы металдар мен қымбат бағалы тастардан жасалған бұйымдарды және осындай бұйымдардың сынықтарын контрабанда жасау реттері кірмейді.

206 - статья. **Діни ғұрыптар туралы заңдарды бұзу**

Діни бірлестіктердің басшылары бірлестіктерді мемлекеттік басқару органдарында тіркетуден бұлтарса, діни жиналыстарды, шерулерді және басқа діни салттарды ұйымдастыру мен өткізудің заңмен белгіленген ережелерін бұзса, дін қызметкерлері мен діни бірлестіктер мүшелерінің балалар мен жасөспірімдердің арнайы жиналыстарын, сондай-ақ діни ғұрыптарды өткізуге қатысы жоқ еңбек, әдеби және өзге де үйірмелер мен топтарды ұйымдастырса және жүргізсе —

ескерту жасалады немесе елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салынады.

III бөлім

ӘКІМШІЛІК ПРАВО БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ІСТЕРДІ ҚАРАУҒА УӘКІЛДІГІ БАР ОРГАНДАР

16-тарау

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

207 - статья. **Әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілдігі бар органдар (лауазымды адамдар)**

Әкімшілік право бұзушылық туралы істерді мыналар қарайды:

1) халық депутаттарының аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық, поселкелік, селолық және ауылдық Советтерінің атқару комитеттері жанындағы әкімшілік комиссиялары;

2) халық депутаттарының поселкелік, селолық, ауылдық Советтерінің атқару комитеттері;

3) жасы толмағандардың істері жөніндегі аудандық (қалалық), қалалардағы аудандық комиссиялар;

4) халық депутаттарының аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық Советтері атқару комитеттерінің жанындағы маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялар [1];

5) аудандық (қалалық) халық соттары (халық судьялары);

6) ішкі істер органдары, мемлекеттік инспекция органдары және СССР-дің заң актілерінде соған уәкілдігі бар басқа органдар (лауазымды адамдар).

208-статья. **Әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілдігі бар органдардың компетенциясын шектеу**

Халық депутаттарының аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық, поселкелік, селолық, ауылдық Советтерінің атқару комитеттері жанындағы әкімшілік комиссиялары әкімшілік право бұзушылық туралы барлық істерді шешеді, бұған ССР Одағы мен одақтас республикалардың Әкімшілік право бұзушылық туралы заң негіздеріне сәйкес өзге органдардың (лауазымды адамдардың) компетенциясына жатқызылғандар кірмейді.

Халық депутаттарының поселкелік, селолық, ауылдық Советтерінің атқару комитеттері ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заң актілерінде солардың қарауына жатқызылған әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарайды.

Жасы толмағандардың істері жөніндегі аудандық (қалалық), қалалардағы аудандық комиссиялар жасы толмағандардың әкімшілік право бұзушылығы туралы істерді, егер СССР-дің заң актілерінде өзгеше көзделмеген болса, қарайды.

Халық депутаттарының аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық Советтері атқару комитеттерінің жанындағы маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялар ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заң актілері бойынша солардың қарауына жатқызылған әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарайды [1].

Аудандық (қалалық) халық соттары (халық судьялары) ССР Одағы мен одақтас республикалардың Әкімшілік право бұзушылық туралы заң негіздерінде, СССР-дің басқа заң актілерінде, сондай-ақ Қазақ ССР-інің заң актілерінде солардың қарауына жатқызылған әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарайды.

Ішкі істер органдары, мемлекеттік инспекция органдары және уәкілдігі бар басқа органдар (207-статьяның 6-тармағы) СССР-дің заң актілерінде солардың қарауына жатқызылған әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарайды.

209-статья. **Әкімшілік комиссияларын құру тәртібі және олардың құрамы**

Әкімшілік комиссияларын халық депутаттарының тиісті Советтері комиссияның председателі, председателінің орынбасары, жауапты секретары, сондай-ақ мүшелері құрамында құрады. Халық депутаттары-

[1] 207-статья 4-пунктпен және 208-статья төртінші бөлікпен 1985 ж. 22 сентябрьдегі Указымен толықтырылды (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 45, 457-ст.).

ның аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық Советтерінің атқару комитеттері жанындағы әкімшілік комиссияларында комиссияның басқа жұмыстан босатылған жауапты секретары қызметі болады.

210-статья. **Жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссияларды құру тәртібі және олардың құрамы**

Жасы толмағандардың істері жөніндегі аудандық (қалалық), қалалардағы аудандық комиссияларды халық депутаттарының тиісті Советтері комиссияның председателі, председателінің орынбасары, басқа жұмыстан босатылған жауапты секретары және мүшелері құрамында құрады. Қажет болған жағдайда комиссияның құрамына балалармен жұмыс жөніндегі инспектор қызметі де енгізілуі мүмкін.

210—1-статья. **Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссияларды құру тәртібі және олардың құрамы** [1]

Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық комиссияларды халық депутаттарының тиісті Советтері комиссияның председателі (атқару комитеті председателінің орынбасары немесе секретары), председателінің орынбасары, секретары және мүшелері құрамында құрады.

211-статья. **Коллегиялы органдар мәжілістерінің праволылығы**

Әкімшілік комиссиялары мен жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссиялар әкімшілік право бұзушылық туралы істерді олардың құрамындағы мүшелерінің кемінде жартысы бар болған жағдайда, ал халық депутаттарының посёлкелік, селолық, ауылдық Советтерінің атқару комитеттері — атқару комитеті жалпы құрамының кемінде үштен екісі бар болған жағдайда қарауға праволы.

Өзге коллегиялық органдар мәжілістерінің праволылығы ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында белгіленеді.

212-статья. **Лауазымды адамдардың өкілеттігі**

Әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілдігі бар лауазымды адамдар осы Кодекстің Ерекше бөлігінде көзделген әкімшілік жазаларды тек қызмет бабындағы міндеттерді орындау кезінде және сақталуын қадағалау соларға жүктелген ережелерді бұзғаны үшін ғана, өздеріне берілген өкілеттік шеңберінде қолдана алады.

Осы Кодекстің 207-статьясының 6-тармағында аталған органдардың атынан әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарайтын лауазымды адамдардың тізбесі СССР-дің заң актілерінде және СССР Министрлер Советінің қаулыларында белгіленеді.

17-тарау

ӘКІМШІЛІК ПРАВО БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ІСТЕРДІҢ КІМГЕ ҚАРАСТЫЛЫҒЫ, ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАРДЫҢ ІСТЕРДІ ҚАРАУ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ЖАЗАЛАРЫН ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ КОМПЕТЕНЦИЯСЫ

213-статья. **Әкімшілік комиссиялар**

Халық депутаттарының аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық Советтерінің атқару комитеттері жанындағы әкімшілік комиссия-

[1] 210—1-статья 1985 ж. 22 октябрьдегі Указымен енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 45, 457-ст.).

лары осы Кодекстің 45—48, 51, 51-1, 54—58-статьяларында, 62-статьясында (пайдалы қазбаларды өндіруге байланысты емес право бұзушылық жасағаны үшін), 67—81-статьяларында, 82—88-статьяларында (бұл право бұзушылық санитариялық-гигиеналық ережелер мен атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі нормаларды бұзушылық болып табылмайтын кезде), 89-статьясында (мемлекеттік санитариялық қадағалауды жүзеге асыратын органдардың нұсқауларын орындамаудан басқа реттерде), 90—90-3-статьяларында, 91-статьясының бірінші бөлігінде (аң аулау ережелерін бұзу туралы істерден басқа) 93, 96—108, 108-1, 111, 112-статьяларында, 138-статьясында (автомобиль транспортында право бұзушылық жасағаны үшін), 140, 141, 143—147, 150—164, 166, 168—173, 176-статьяларында, 177-статьясының бірінші және екінші бөліктерінде, 179-1, 179-2-статьяларында, 181-статьясында (жасы толмағандардың ата-аналары мен олардың орнындағы адамдарға қатысты істерден басқа), 182, 187—199, 203-2—203-6 және 206-статьяларында көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарайды [1].

Халық депутаттарының поселкелік, селолық, ауылдық Советтерінің атқару комитеттері жанындағы әкімшілік комиссиялары осы Кодекстің 51—1, 82—88-статьяларында (бұл право бұзушылық санитариялық-гигиеналық ережелер мен атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі нормаларды бұзушылық болып табылмайтын кезде), 89-статьясында (мемлекеттік санитариялық қадағалауды жүзеге асыратын органдардың нұсқауларын орындамаудан басқа реттерде), 90, 90-1—90-3-статьяларында, 91-статьясының бірінші бөлігінде (аң аулау ережелерін бұзу туралы істерден басқа), 93, 97-статьяларында (право бұзушылықты азамат жасаған кезде), 98, 102—104, 107, 108, 111, 112-статьяларында, 138-статьясында (автомобиль транспортында право бұзушылық жасағаны үшін), 140, 141, 143, 144, 147, 150, 151,154—159, 161, 163, 164, 166, 171—173, 176-статьяларында, 177-статьясының бірінші және екінші бөліктерінде, 179-1, 179-2-статьяларында, 181-статьясында (жасы толмағандардың ата-аналары мен олардың орнындағы адамдарға қатысты істерден басқа), 182, 188—192-1 және 203-2—203-6-статьяларында көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарайды. Елді мекендерге барып-келу қиын немесе олар аудан орталығынан едәуір шалғайда орналасқан реттерде комиссиялар ерекшелік ретінде осы Кодекстің 178 және 180-статьяларында көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істерді де қарай алады. Мұндай елді мекендердің тізбесін халық депутаттары облыстық Советтерінің атқару комитеттері белгілейді [2].

Халық депутаттарының аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық, поселкелік, селолық, ауылдық Советтерінің атқару комитеттері жанындағы әкімшілік комиссиялары осы Кодекстің 5-статьясының бірінші бөлігіне сәйкес жауаптылық белгіленетін әкімшілік право бұзушылық туралы істерді де қарайды.

---

[1] 213-статьяның бірінші бөлігіне 1985 ж. 25 апрельдегі, 22 октябрьдегі және 21 ноябрьдегі Указдарымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 19, 191-ст.; № 45, 457-ст.; № 49, 513-ст.).

[2] 213-статьяның екінші бөлігіне 1984 ж. 28 сентябрьдегі, 1985 ж. 25 апрельдегі, 22 октябрьдегі және 21 ноябрьдегі Указдарымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 41, 534-ст., 1985 ж., № 19, 190-ст.; № 45, 457-ст.; № 49, 513-ст.).

214-статья. **Халық депутаттарының поселкелік, селолық, ауылдық Советтерінің атқару комитеттері**

Халық депутаттарының поселкелік, селолық, ауылдық Советтерінің атқару комитеттері осы Кодекстің 51-1, 90, 90-1—90-3-статьяларында, 91-статьясының бірінші бөлігінде (ақ аулау ережелерін бұзу туралы істерден басқа), 93, 97-статьяларында (право бұзушылықты азамат жасаған кезде), 98, 102—104, 107, 108, 111, 112, 140, 141, 143, 144, 150, 151, 154—159, 161, 163, 164, 166, 171—173, 176-статьяларында, 177-статьясының бірінші және екінші бөліктерінде, 179—1, 179—2-статьяларында, 181-статьясында (жасы толмағандардың ата-аналары мен олардың орнындағы адамдарға қатысты істерден басқа), 182 және 188—192—1-статьяларында көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарайды. Елді мекендерге барып-келу қиын немесе олар аудан орталығынан едәуір шалғайда орналасқан реттерде халық депутаттарының поселкелік, селолық, ауылдық Советтерінің атқару комитеттері ерекшелік ретінде осы Кодекстің 178 және 180-статьяларында көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істерді де қарай алады. Мұндай елді мекендердің тізбесін халық депутаттары облыстық Советтерінің атқару комитеттері белгілейді [1].

Халық депутаттарының поселкелік, селолық, ауылдық Советтерінің атқару комитеттері осы Кодекстің 5-статьясының бірінші бөлігіне сәйкес жауантылық белгіленетін әкімшілік право бұзушылық туралы істерді де қарайды.

215-статья. **Жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссиялар**

Жасы толмағандардың істері жөніндегі аудандық (қалалық), қалалардағы аудандық комиссиялар жасы толмағандардың әкімшілік право бұзушылығы туралы істерді қарайды, бұған осы Кодекстің 185-статьясында көзделген істер кірмейді. Осы Кодекстің 52, 123—131, 162, 174, 176, 189—192-статьяларында көзделген право бұзушылық туралы істерді олар аталған право бұзушылық туралы іс келіп түскен орган (лауазымды адам) оны осы комиссиялардың қарауына берген реттерде ғана қарайды.

Жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссиялар жасы толмағандардың ата-аналары мен олардың орнындағы адамдарға қатысты, осы Кодекстің 44-статьясының екінші бөлігінде, 177-статьясының үшінші бөлігінде, 179, 181 және 183-статьяларында көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істерді де қарайды [2].

215-1-статья. **Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялар** [3]

Халық депутаттарының аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық Советтері атқару комитеттерінің жанындағы маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялар осы Кодекстің 161, 179-1 және 179-2-статьяларында көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарайды.

---

[1] 214-статьяның бірінші бөлігіне 1984 ж. 28 сентябрьдегі, 1985 ж. 22 октябрьдегі және 21 ноябрьдегі Указдарымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 41, 534-ст.; 1985 ж., № 45, 457-ст.; № 49 513-ст.).

[2] 215-статьяға, 1984 ж. 28 сентябрьдегі, 1985 ж. 25 апрельдегі, 22 октябрьдегі Указдарымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 41, 534-ст.; 1985 ж., № 19, 190-ст.; № 45, 457-ст.).

[3] 215—1-статья 1985 ж. 22 октябрьдегі Указымен енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 45, 457-ст.).

216 - статья. **Аудандық (қалалық) халық соттары (халық судьялары)**

Аудандық (қалалық) халық соттарының халық судьялары осы Кодекстің 52, 148, 165, 174-статьяларында, 178-статьясының үшінші бөлігінде, 185 және 186-статьяларында көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарайды.[1]

217 - статья. **Ішкі істер орғандары (милиция)**

Ішкі істер органдары осы Кодекстің 44-статьясының бірінші бөлігінде, 53, 113—117, 120, 123—137-статьяларында, 138-статьясында (автомобиль транспортында право бұзушылықтан басқа), 139, 142, 167, 174, 175, 178, 180, 200 және 201-статьяларында көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарайды.

Әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарауға және белгіленген әкімшілік жазаларды қолдануға мыналар праволы:

1) осы Кодекстің 44-статьясының бірінші бөлігінде, 53, 113—117, 120, 134—137-статьяларында, 138-статьясында (автомобиль транспортында право бұзушылықтан басқа), 139, 167, 174, 175, 200-статьясында, 201-статьясының бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік право бұзушылық үшін — ішкі істер органдарының бастықтары мен олардың орынбасарлары, ал осы Кодекстің 178, 180-статьяларында, 201-статьясының екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде көзделген әкімшілік право бұзушылық үшін — халық депутаттарының аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық Советтерінің атқару комитеттері ішкі істер бөлімдерінің (басқармаларының) бастықтары немесе бастықтарының орынбасарлары — ескерту жасайды немесе штраф салады;

осы Кодекстің 178, 180-статьяларында көзделген әкімшілік право бұзушылық үшін бұдан басқа — транспорттағы ішкі істер органдарының, халық депутаттарының аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық Советтері атқару комитеттерінің ішкі істер бөлімдеріне (басқармаларына) теңестірілген басқа ішкі істер органдарының бастықтары немесе бастықтарының орынбасарлары, сондай-ақ ішкі істер органдары жүйесінде болатын милиция бөлімшелерінің бастықтары;

2) осы Кодекстің 124-статьясының үшінші бөлігінде, 125-статьясының екінші бөлігінде, 126-статьясында, 127-статьясының бірінші және екінші бөліктерінде, 128-статьясының екінші бөлігінде, 129, 130-статьяларында, 132-статьясының екінші бөлігінде, 133-статьясында және 142-статьясының бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік право бұзушылық үшін — Мемлекеттік автомобиль инспекциясы бөлімшесінің (бөлімінің, басқармасының) бастығы немесе бастығының орынбасары, ал халық депутаттарының аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советінің атқару комитеті ішкі істер бөлімінде Мемлекеттік автомобиль инспекциясының бөлімшесі (бөлімі) болмаған жағдайда — ішкі істер бөлімінің бастығы немесе бастығының орынбасары. Мұндай істерді қарауға еңбек коллективтері мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатыса алады;

3) осы Кодекстің 123-статьясында, 124-статьясының бірінші және екінші бөліктерінде, 125-статьясының бірінші бөлігінде, 127-статьясының үшінші бөлігінде, 128-статьясының бірінші бөлігінде, 131-статьясында, 132-статьясының бірінші бөлігінде және 142-статьясының екінші бөлігінде көзделген әкімшілік право бұзушылық үшін — жол-патруль қызметі бөлімшелерінің командирлері мен олардың орынбасарлары,

[1] 216-статьяға 1985 ж. 22 октябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 45, 457-ст.).

мемлекеттік автомобиль инспекторлары — отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф; жол-патруль қызметінің инспекторлары және жол қозғалысының ережелері мен жол қозғалысының хауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты өзге де нормативтердің сақталуын бақылауды жүзеге асыратын басқа инспекторлар — жиырма сомға дейінгі мөлшерде штраф салады [1].

218 - статья. **Мемлекеттік өрт қадағалау органдары**

Мемлекеттік өрт қадағалау органдары осы Кодекстің 122-статьясының бірінші бөлігінде және 184-статьясында көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарайды.

Әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарауға және белгіленген әкімшілік жазаларды қолдануға мыналар праволы:

1) СССР Ішкі істер министрлігінің Өрттен қорғау бас басқармасының бастығы, Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің Өрттен қорғау басқармасының бастығы және олардың орынбасарлары; халық депутаттарының облыстық және Алматы қалалық Советтері атқару комитеттерінің ішкі істер басқармалары өрттен қорғау басқармаларының (бөлімдерінің) бастықтары — лауазымды адамдарға елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салады;

2) халық депутаттарының аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық Советтерінің атқару комитеттері ішкі істер бөлімдерінің мемлекеттік өрт қадағалау бөлімдерінің (бөлімшелерінің, инспекцияларының) бастықтары, инспекторлары, қалалардың, поселкелер мен аудан орталықтарының өрттен қоргау отрядтарының, бөлімшелерінің бастықтары — азаматтарға — он сомға дейінгі және лауазымды адамдарға — отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф салады.

219 - статья. **Темір жол транспорты органдары**

Темір жол транспорты органдары осы Кодекстің 43-статьясының бірінші бөлігінде (темір жол транспортында право бұзушылық жасағаны үшін), 113, 114-статьяларында және 122, 134, 136—138-статьяларында (темір жол транспортында право бұзушылық жасағаны үшін) көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарайды.

Әкімшілік право бұзушылық туралы істерді темір жол транспорты органдарының атынан қарайтын лауазымды адамдардың тізбесін СССР Министрлер Советі белгілейді.

220 - статья. **Теңіз транспорты органдары**

Теңіз транспорты органдары осы Кодекстің 43-статьясының бірінші бөлігінде (теңіз транспортында право бұзушылық жасағаны үшін), 118, 119-статьяларында және 121, 122, 134, 136—138-статьяларында (теңіз транспортында право бұзушылық жасағаны үшін) көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарайды.

Әкімшілік право бұзушылық туралы істерді теңіз транспорты органдарының атынан қарайтын лауазымды адамдардың тізбесін СССР Министрлер Советі белгілейді.

221 - статья. **Өзен транспорты органдары**

Өзен транспорты органдары осы Кодекстің 43-статьясының бірінші бөлігінде (өзен транспортында право бұзушылық жасағаны үшін), 120-статьясында және 122, 134, 136—138-статьяларында (өзен транспортында право бұзушылық жасағаны үшін) көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарайды.

[1] 217-статьяға 1984 ж. 28 сентябрьдегі және 1985 ж. 22 октябрьдегі Указдарымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 41, 534-ст.; 1985 ж., № 45, 457-ст.).

Әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазаларды қолдануға мыналар праволы:

порт бастықтары мен олардың орынбасарлары, пристаньдар мен вокзалдардың бастықтары, өзен порттарының — пристаньдарының және вокзалдарының кезекші әкімдері, порт аймақтарының бастықтары мен шлюз бастықтары, кеме капитандары, олардың көмекшілері мен штурмандары кеме инспекцияларының аға инспекторлары мен инспекторлары, пароходство ревизорлары, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасының ведомстволық әскерилендірілген күзетінің порт-пристань орналасқан жердегі аға лауазымды адамы (біріккен отряд бастығы, отряд бастығы, командир, өрт нұсқаушысы).

221 - 1 - статья. Қазақ ССР Шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекциясының органдары [1]

Қазақ ССР Шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекциясының органдары осы Кодекстің 120-1-статьясында көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарайды.

Әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға мыналар праволы:

1) шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекторлар — азаматтарға және лауазымды адамдарға ескерту жасайды немесе отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф салады;

2) Қазақ ССР Шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекциясы басқармасының бастығы және оның орынбасары, облыстардағы шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекциялардың бастықтары — азаматтарға ескерту жасайды немесе елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салады және лауазымды адамдарға ескерту жасайды немесе жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салады, кеме жүргізушілерді үш жылға дейінгі мерзімге Қазақ ССР Шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекциясының қадағалауындағы шағын кемелерді жүргізу правосынан айырады.

222 - статья. Әуе транспорты органдары

Әуе транспорты органдары осы Кодекстің 43-статьясының екінші бөлігінде, 115—117-статьяларында, 122-статьясының екінші бөлігінде, 134-статьясының екінші бөлігінде, 136-статьясында (әуе транспортында право бұзушылық жасағаны үшін) және 139-статьясында көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарайды.

Әкімшілік право бұзушылық туралы істерді әуе транспорты органдарының атынан қарайтын лауазымды адамдардың тізбесін СССР Министрлер Советі белгілейді.

223 - статья. Қалалық және қалааралық жолаушы автомобиль транспорты мен электр транспорты органдары

Қалалық және қалааралық жолаушы автомобиль транспорты мен электр транспорты органдары осы Кодекстің 134-статьясының үшінші бөлігінде, 135-статьясында, 136, 137-статьяларында (автомобиль транспорты мен электр транспортында право бұзушылық жасағаны үшін) көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарайды.

Осы статьяның бірінші бөлігінде аталған органдардың атынан әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік

---

[1] 221—1-статья 1985 ж. 29 июльдегі Указымен енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 32, 325-ст.).

жазаларды қолдануға қалалық және қалааралық жолаушы автомобиль транспорты мен электр транспортының (троллейбус, трамвай) бақылаушы-ревизорлары, билет бақылаушылары және соған уәкілдігі бар басқа да қызметкерлері праволы [1].

224 - статья. **Праволық және техникалық еңбек инспекторлары**

Праволық және техникалық еңбек инспекторлары осы Кодекстің 41-статьясында көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарайды.

Әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарауға және белгіленген әкімшілік жазаларды қолдануға мыналар праволы:

1) еңбек туралы заңдарды бұзғаны үшін — праволық еңбек инспекторлары — он сомға дейінгі және бас праволық еңбек инспекторлары елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салады;

2) еңбек қорғау жөніндегі ережелерді бұзғаны үшін — техникалық еңбек инспекторлары — он сомға дейінгі және бас техникалық еңбек инспекторлары елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салады.

225 - статья. **Мемлекеттік кен-техникалық қадағалау органдары**

Мемлекеттік кен-техникалық қадағалау органдары осы Кодекстің 49, 59—61-статьяларында, 62-статьясында (пайдалы қазбалар орнын өңдеу процесінде жасалған право бұзушылық үшін), 94-статьясының бірінші бөлігінде және 95-статьясында көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарайды [2].

Әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарауға және белгіленген әкімшілік жазаларды қолдануға мыналар праволы:

1) жер қойнауы туралы заңдарды бұзғаны үшін, сондай-ақ гидроминералдық ресурстарды қорғау және пайдалану жөніндегі ережелерді бұзғаны үшін — аудандық (облыстық) мемлекеттік кен-техникалық қадағалау инспекцияларының бастықтары отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф, округтердің мемлекеттік кен-техникалық қадағалау басқармаларының бастықтары мен олардың орынбасарлары елу сомға дейінгі мөлшерде штраф, СССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің Председателі, Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің Председателі мен олардың орынбасарлары — жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салады;

2) мемлекеттік кен-техникалық қадағалау органдарының бақылауындағы өнеркәсіп салалары мен объектілерінде жұмысты хауіпсіз жүргізу жөніндегі ережелерді, нормалар мен нұсқауларды бұзғаны үшін — аудандық (облыстық) мемлекеттік кен-техникалық қадағалау инспекцияларының бастықтары он сомға дейінгі мөлшерде штраф, округтердің мемлекеттік кен-техникалық қадағалау басқармаларының бастықтары мен олардың орынбасарлары отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф, сондай-ақ СССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің Председателі мен Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің Председателі мен олардың орынбасарлары елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салады;

3) мемлекеттік кен-техникалық қадағалау органдарының бақы-

---

[1] 223-статьяның екінші бөлігіне 1984 ж. 28 сентябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 41, 534-ст.).

[2] 225-статьяның бірінші бөлігіне 1985 ж. 25 апрельдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 19, 190-ст.).

лауындағы өнеркәсіп салалары мен объектілерде жарылғыш материалдарды сақтау, пайдалану және есепке алу жөніндегі ережелерді, нормалар мен нұсқауларды бұзғаны үшін — аудандық (облыстық) мемлекеттік кен-техникалық қадағалау инспекцияларының бастықтары отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф; округтердің мемлекеттік кен-техкалық қадағалау басқармаларының бастықтары мен олардың орынбасарлары елу сомға дейінгі мөлшерде штраф, СССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің Председателі, Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің Председателі мен олардың орынбасарлары жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салады.

225 - 1 - статья. **СССР Атом энергетикасында жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің органдары** [1]

СССР Атом энергетикасында жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің органдары осы Кодекстің 94-статьясының екінші бөлігінде көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарайды.

СССР Атом энергетикасында жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті органдарының атынан әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазаларды қолдануға мыналар праволы:

СССР Атом энергетикасында жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті инспекцияларының бастықтары — отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф;

СССР Атом энергетикасында жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті округтері басқармаларының бастықтары мен олардың орынбасарлары — елу сомға дейінгі мөлшерде штраф;

СССР Атом энергетикасында жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің Председателі мен оның орынбасарлары — жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салады.

226 - статья. **СССР Машина жасау министрлігінің және СССР Орта машина жасау министрлігінің инспекция органдары**

СССР Машина жасау министрлігінің және СССР Орта машина жасау министрлігінің инспекция органдары бақылауындағы объектілерде жұмысты хауіпсіз жүргізу жөніндегі ережелерді, нормалар мен нұсқауларды бұзу туралы істерді қарайды.

227 - статья. **Таможня органдары**

Таможня органдары осы Кодекстің 204 және 205-статьяларында көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарайды.

Әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазаларды қолдануға таможнялардың бастықтары немесе олардың орынбасарлары праволы.

---

[1] 225—I-статья 1984 ж. 28 сентябрьдегі Указымен енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 41, 534-ст.).

228 - статья. **СССР Қорғаныс министрлігінің органдары**

СССР Қорғаныс министрлігінің органдары осы Кодекстің 123-статьясында, 124-статьясының бірінші және екінші бөліктерінде, 125-статьясының бірінші бөлігінде және 127-статьясының үшінші бөлігінде (СССР Қарулы Күштерінің транспорт құралдарын жүргізушілер — әскери қызметшілер мен жиынға шақырылған әскери міндеттілер жасаған), 202, 203 және 203-1-статьяларында көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарайды.

СССР Қорғаныс министрлігі органдарының атынан әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазаларды қолдануға мыналар праволы:

1) осы Кодекстің 202, 203 және 203-1-статьяларында көзделген әкімшілік право бұзушылық үшін — аудандық (қалалық) әскери комиссарлар;

2) осы Кодекстің 123-статьясында, 124-статьясының бірінші және екінші бөліктерінде, 125-статьясының бірінші бөлігінде және 127-статьясының үшінші бөлігінде көзделген әкімшілік право бұзушылық үшін әскери автомобиль инспекциясының лауазымды адамдары: бастығы немесе бастығының орынбасары, әскери квалификация комиссиясының председателі, сондай-ақ әскери автомобиль инспекциясының аға инспекторы, инспекторы, белгіленген тәртіппен штаттан тыс инспекторлары болып тағайындалатын офицерлер, прапорщиктер мен мичмандар — ескерту жасау түрінде.

СССР Қарулы Күштерінің транспорт құралдарын жүргізушілер — әскери қызметшілер мен жиынға шақырылған әскери міндеттілер жасаған, сол үшін әкімшілік жаза ретінде штраф салу ғана көзделген право бұзушылық туралы материалдарды әскери автомобиль инспекциясы СССР Қорғаныс министрлігі белгілеген тәртіппен СССР Қарулы Күштерінің Тәртіптік уставы бойынша кінәлілерді жауапқа тарту туралы мәселені шешу үшін тиісті командирлерге (бастықтарға) табыс етеді.

СССР Қарулы Күштерінің транспорт құралдарын жүргізушілер — әскери қызметшілер мен жиынға шақырылған әскери міндеттілер жасаған, ол үшін транспорт құралдарын басқару правосымен айыру түрінде әкімшілік жаза қолданылуы мүмкін право бұзушылық туралы протоколдарды әскери автомобиль инспекциясы СССР Қорғаныс министрлігі СССР Ішкі істер министрлігімен бірлесіп белгілеген тәртіппен Мемлекеттік автомобиль инспекциясына табыс етеді [1].

229 - статья. **Мемлекеттік санитариялық қадағалауды жүзеге асыратын органдар мен мекемелер**

Мемлекеттік санитариялық қадағалауды жүзеге асыратын органдар мен мекемелер осы Кодекстің 42, 43 (темір жол транспортында право бұзушылықтан басқа), 82—88-статьяларында (бұл право бұзушылық санитариялық-гигиеналық ережелер мен атмосфералық ауаны қорғау нормаларын бұзушылық болып табылатын кезде) және 89-статьясында (мемлекеттік санитариялық қадағалауды жүзеге асыратын органдардың нұсқауларын орындамағаны үшін) көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарайды.

Әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарауға және белгіленген әкімшілік жазаларды қолдануға мыналар праволы:

1) санитариялық-гигиеналық және санитариялық-эпидемиялық

---

[1] 228-статьяға 1985 ж. 21 ноябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 49, 513-ст.).

ережелер мен нормаларды бұзғаны үшін (атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі ережелер мен нормалардан басқа) — СССР-дің мемлекеттік бас санитарнялық дәрігері мен оның орынбасарлары — азаматтарға — он сомға дейінгі және лауазымды адамдарға елу сомға дейінгі мөлшерде штраф; Қазақ ССР-інің мемлекеттік бас санитарнялық дәрігері мен оның орынбасарлары — азаматтарға — он сомға дейінгі және лауазымды адамдарға отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф; облыстардың мемлекеттік бас санитарнялық дәрігерлері мен олардың орынбасарлары, ауданға бөлінетін қалалардың мемлекеттік бас санитариялық дәрігерлері және су транспортындағы бассейндердің мемлекеттік бас санитариялық дәрігерлері — азаматтарға — он сомға дейінгі және лауазымды адамдарға жиырма сомға дейінгі мөлшерде штраф; ауданға бөлінбейтін қалалардың, аудандардың мемлекеттік бас санитариялық дәрігерлері және су транспортындағы порттар мен линиялық учаскелердің мемлекеттік бас санитариялық дәрігерлері — азаматтарға және лауазымды адамдарға он сомға дейінгі мөлшерде штраф салады;

2) атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі санитариялық-гигиеналық ережелер мен нормаларды бұзғаны үшін — СССР-дің мемлекеттік бас санитариялық дәрігері мен оның орынбасарлары, Қазақ ССР-інің мемлекеттік бас санитариялық дәрігері мен оның орынбасарлары — азаматтарға — елу сомға дейінгі және лауазымды адамдарға жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф; облыстардың мемлекеттік бас санитариялық дәрігерлері мен олардың орынбасарлары, ауданға бөлінетін қалалардың мемлекеттік бас санитариялық дәрігерлері, су транспортындағы бассейндердің мемлекеттік бас санитариялық дәрігерлері — азаматтарға — он сомға дейінгі және лауазымды адамдарға отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф; ауданға бөлінбейтін қалалардың, аудандардың мемлекеттік бас санитариялық дәрігерлері және су транспортындағы порттар мен линиялық учаскелердің мемлекеттік бас санитариялық дәрігерлері — азаматтарға — он сомға дейінгі және лауазымды адамдарға жнырма сомға дейінгі мөлшерде штраф салады.

230 - статья. **СССР Қорғаныс министрлігінің, СССР Ішкі істер министрлігінің және СССР Мемлекет хауіпсіздігі комитетінің санитариялық қадағалауды жүзеге асыратын медицина қызметтері**

СССР Қорғаныс министрлігінің, СССР Ішкі істер министрлігінің және СССР Мемлекет хауіпсіздігі комитетінің санитариялық қадағалауды жүзеге асыратын медицина қызметтері осы Кодекстің 42-статьясында көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы, СССР Қорғаныс министрлігінің әскери қалашықтары мен оқу орталықтарының территориясында орналасқан объектілерде және СССР Ішкі істер министрлігі мен СССР Мемлекет хауіпсіздігі комитетіне қарасты объектілерде санитариялық-гигиеналық және санитариялық-эпидемиялық ережелерді бұзушылық туралы істерді қарайды.

Лауазымды адамдардың (әскери қызметшілерден, сондай-ақ СССР ішкі істер органдарының қатардағы және бастық құрамдағы адамдарынан басқа) әкімшілік право бұзушылығы туралы істерді қарауға және белгіленген әкімшілік жазаларды оларға қолдануға мыналар праволы:

СССР Қорғаныс министрлігінің бас эпидемиологы мен оның орынбасары — отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф; СССР Қорғаныс министрлігінің Орталық санитариялық-эпидемиологиялық лабораториясының бастығы, сондай-ақ СССР Қарулы Күштері түрлерінің, округтердің бас эпидемиологтары — жнырма сомға дейінгі мөлшерде штраф;

СССР Ішкі істер министрлігінің Орталық санитариялық-эпидемиологиялық станциясының бастығы мен оның орынбасары, сондай-ақ СССР Ішкі істер министрлігі ішкі әскерлерінің санитариялық-эпидемиологиялық отрядының бастығы — отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф; Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің, халық депутаттарының облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттері ішкі істер басқармаларының санитариялық-эпидемиологиялық станцияларының бастықтары, сондай-ақ еңбекпен түзеу мекемелерінің санитариялық-эпидемиологиялық станцияларының бастықтары — жиырма сомға дейінгі мөлшерде штраф; СССР Мемлекет хауіпсіздігі комитетінің санитариялық-эпидемиологиялық станциясының бастығы мен оның орынбасары, сондай-ақ СССР Мемлекет хауіпсіздігі комитеті әскерлерінің бас эпидемиологы — отыз сомга дейінгі мөлшерде штраф; СССР және Қазақ ССР Мемлекет хауіпсіздігі комитеттері медицина қызметтерінің бастықтары, мемлекет хауіпсіздігі комитеттерінің облыстар бойынша басқармалары медицина қызметтерінің бастықтары, сондай-ақ СССР Мемлекет хауіпсіздігі комитеті әскерлерінің санитариялық-эпидемиологиялық отрядтарының бастықтары — жиырма сомға дейінгі мөлшерде штраф салады.

231-статья. **Мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалау органдары**

Мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалау органдары осы Кодекстің 110-статьясында көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарайды.

Әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарауға және белгіленген әкімшілік жазаларды қолдануга мыналар праволы:

СССР-дің мемлекеттік бас мал дәрігерлік инспекторы мен оның орынбасарлары — азаматтарға — он сомға дейінгі және лауазымды адамдарға елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салады;

Қазақ ССР-інің мемлекеттік бас мал дәрігерлік инспекторы мен оның орынбасарлары — азаматтарга — он сомға дейінгі және лауазымды адамдарға отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф салады;

облыстардың, Алматы қаласының және облыс орталықтарының мемлекеттік бас мал дәрігерлік инспекторлары, темір жолдар мен бассейндердің мемлекеттік бас мал дәрігерлік инспекторлары — азаматтарға — он сомға дейінгі және лауазымды адамдарға жиырма сомға дейінгі мөлшерде штраф салады;

қалалардың, аудандардың мемлекеттік мал дәрігерлік инспекторлары, шекаралық мал дәрігерлік бақылау пункттерінің бастықтары, дезинфекциялау-жуып тазарту станциялары мен пункттеріндегі мал дәрігерлік қадағалау бастықтары, учаскелік мал дәрігерлік емдеу орындарының мал дәрігерлік учаскелерінің меңгерушілері, транспорттық мал дәрігерлік-санитариялық учаскелердің бастықтары, базарлардағы ет-сүт және тамақ бақылау станцияларының меңгерушілері — азаматтарга — бес сомға дейінгі және лауазымды адамдарға он сомга дейінгі мөлшерде штраф салады.

Мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалау органдарының лауазымды адамдарды мынадай орындарда штраф өндіріп алуы мүмкін:

1) базарларда — мал (оның ішінде құс пен балық) өнімдерін және малдан алынган шикізат пен басқа тағамдық өнімдерді сатудың мал дәрігерлік-санитариялық ережелерін бұзғаны үшін;

2) темір жол, су және әуе транспортында, тас жолдар мен қара жолдарда, мал айдайтын трассаларда — малдарды (оның ішінде құсты, балықты және бал арасын), малдан алынған өнімдер мен шикізат-

ты тасымалдаудың мал дәрігерлік-санитариялық ережелерін, сондай-ақ мал айдау ережелерін бұзғаны үшін;

3) мемлекеттік шекарада — СССР-дің территориясын шет мемлекеттерден малдың (оның ішінде құстың, балықтың және бал арасының) жұқпалы ауруларын әкелуден қорғау жөніндегі мал дәрігерлік-санитариялық ережелерді бұзғаны үшін.

232 - статья. Су ресурстарын қорғау органдары

СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі жүйесінің су пайдалану мен қорғауды реттеу жөніндегі органдары осы Кодекстің 50 және 63—66-статьяларында көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарайды.

СССР Геология министрлігі жүйесінің органдары жер асты суы ластанған және былғанған немесе бұл судың ластануына әкеп соқтырған су айдағыштардағы су қорғау режимі бұзылған реттерде осы Кодекстің 63, 65 және 66-статьяларында көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарайды.

Әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарауға және белгіленген әкімшілік жазаларды қолдануға мыналар праволы:

1) СССР-дің су пайдалану мен қорғауды реттеу жөніндегі мемлекеттік бас инспекторы мен оның орынбасарлары, Қазақ ССР-інің су пайдалану мен қорғауды реттеу жөніндегі мемлекеттік бас инспекторы мен оның орынбасарлары, су пайдалану мен қорғауды реттеу жөніндегі мемлекеттік бассейндік (территориялық) бас инспекторлар мен олардың орынбасарлары; СССР Геология министрінің жер асты суын қорғауды бақылау мәселелерін басқаратын орынбасары, СССР Геология министрлігінің Гидрогеологиялық жұмыстар басқармасының бастығы, Қазақ ССР геология министрінің жер асты суын қорғауды бақылау мәселелерін басқаратын орынбасары — азаматтарға — елу сомға дейінгі және лауазымды адамдарға жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салады;

2) су пайдалану мен қорғауды реттеу жөніндегі мемлекеттік аға инспекторлар; СССР Геология министрлігі жүйесінің территориялық өндірістік геологиялық бірлестіктерінің (басқармалары мен трестерінің) бастықтары — азаматтарға — отыз сомға дейінгі және лауазымды адамдарға елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салады;

3) суды пайдалану мен қорғауды реттеу жөніндегі мемлекеттік инспекторлар — азаматтарға — он сомға дейінгі және лауазымды адамдарға отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф салады.

233 - статья. Балық қорғау органдары

Балық қорғау органдары осы Кодекстің 92-статьясында көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарайды.

Балық қорғау органдары атынан әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазаларды қолдануға СССР Балық шаруашылығы министрлігінің Балық қорын қорғау мен үздіксіз өсіру және балық аулауды реттеу жөніндегі бас басқармасының бастығы мен оның орынбасарлары, балық қорын қорғау мен үздіксіз өсіру және балық аулауды реттеу жөніндегі бассейндік басқармалардың бастықтары мен олардың орынбасарлары, аталған бассейндік басқар-

малардың балық қорғау бөлімдерінің бастықтары, балық қорғау органдарының аға және аудандық инспекторлары праволы [1].

234 - статья. **Орман шаруашылығы органдары**

Орман шаруашылығы органдары осы Кодекстің 81-статьясында көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарайды.

Әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарауға және белгіленген әкімшілік жазаларды қолдануға мыналар праволы:

1) СССР Орман шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік комитетінің Председателі, Қазақ ССР Орман шаруашылығы министрі — азаматтарға — елу сомға дейінгі және лауазымды адамдарға жүз сомға дейінгі мөлшерде штраф салады;

2) облыстардың орман шаруашылығы органдарының басшылары мен бас орманшылары, облыстардың мемлекеттік орман инспекцияларының бастықтары, ормандарды авиациямен қорғау базаларының бастықтары — азаматтарға — отыз сомға дейінгі және лауазымды адамдарға сексен сомға дейінгі мөлшерде штраф салады;

3) облыстардың орман шаруашылығы органдарының орман қорғау және сақтау бөлімдерінің бастықтары, орман шаруашылықтары мен басқа мемлекеттік орман шаруашылығы кәсіпорындарының және ұйымдарының басшылары мен бас орманшылары, ормандарды авиациямен қорғау базаларының бас бақылаушы-ұшқыштары мен авиазвеноларының командирлері — азаматтарға — жнырма сомға дейінгі және лауазымды адамдарға елу сомға дейінгі мөлшерде штраф салады;

4) облыстардың орман шаруашылығы органдарының орман қорғау және сақтау бөлімдерінің аға инженерлері мен инженерлері, орман шаруашылықтары мен басқа мемлекеттік орман шаруашылық кәсіпорындарының және ұйымдарының орман қорғау және сақтау аға инженерлері мен инженерлері, ормандарды авиациямен қорғау базаларының аға бақылаушы-ұшқыштары мен бақылаушы-ұшқыштары, орман-мелиорация станциялары өндірістік учаскелерінің орманшылары, бастықтары — азаматтарға — он сомға дейінгі және лауазымды адамдарға отыз сомға дейінгі мөлшерде штраф салады; осы тармақта аталып өткен адамдар азаматтарға бес сомға дейінгі мөлшерде салынған штрафты сол арада өндіріп алады.

235 - статья. **Аң аулау ережелерінің сақталуын мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын органдар**

Аң аулау ережелерінің сақталуын мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын органдар осы Кодекстің 91-статьясында (аң аулау ережелерін бұзушылық жасағаны үшін) көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарайды [1].

Әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарауға және белгіленген әкімшілік жазаларды қолдануға аң аулау ережелерінің сақталуын мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын республикалық, облыстық және аудандық органдардың басшылары праволы.

236 - статья. **СССР Байланыс министрлігі жүйесінің Электр байланысы мемлекеттік инспекциясының органдары**

СССР Байланыс министрлігі жүйесінің Электр байланысы мемлекеттік инспекциясының органдары осы Кодекстің 149-статьясында көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарайды.

---

[1] 233-статьяның екінші бөлігіне және 235-статьяның бірінші бөлігіне 1985 ж. 21 ноябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 49, 513-ст.).

Әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарауға және белгіленген әкімшілік жазаларды қолдануға СССР Байланыс министрлігінің Электр байланысы мемлекеттік инспекциясының бастығы, Қазақ ССР Байланыс министрлігінің электр байланысы мемлекеттік инспекциясының бастығы және облыстық өндірістік-техникалық байланыс басқармаларының электр байланысы мемлекеттік инспекцияларының бастықтары праволы.

237 - статья. **Ауыл шаруашылығында техниканың пайдаланылуын мемлекеттік қадағалау органдары**

Ауыл шаруашылығында техниканың пайдаланылуын мемлекеттік қадағалау органдары осы Кодекстің 109-статьясында көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарайды.

Әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарауға және белгіленген әкімшілік жазаларды қолдануға халық депутаттары аудандық Советтерінің атқару комитеттері ауыл шаруашылығы басқармаларының ауыл шаруашылығында техниканың пайдаланылуын мемлекеттік қадағалау инженер-инспекторлары праволы.

IV бөлім

ӘКІМШІЛІК ПРАВО БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ІСТЕРДІ ЖҮРГІЗУ

18-тарау

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

238 - статья. **Әкімшілік право бұзушылық туралы істерді жүргізу міндеттері**

Әкімшілік право бұзушылық туралы істерді жүргізу міндеттері мыналар болып табылады: әрбір істің мән-жайларын дер кезінде, жан-жақты, толық және объективті түрде анықтау, оны заңдарға сәйкес, дәлме-дәл шешу, шығарылған қаулының орындалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ әкімшілік право бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды анықтау, право бұзушылықтың алдын алу, азаматтарды заңдарды сақтау рухында тәрбиелеу, социалистік заңдылықты нығайту.

239 - статья. **Әкімшілік право бұзушылық туралы істерді жүргізу тәртібі**

Әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілдігі бар органдарда (лауазымды адамдардың) әкімшілік право бұзушылық туралы істерді жүргізу тәртібі ССР Одағы мен одақтас республикалардың Әкімшілік право бұзушылық туралы заң негіздерінде және соларға сәйкес шығарылатын СССР-дің заң актілерінде, СССР Министрлер Советінің қаулыларында, осы Кодексте және Қазақ ССР-інің өзге заң актілерінде және Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулыларында белгіленеді.

Әкімшілік право бұзушылық туралы істерді халық соттарында жүргізу тәртібі ССР Одағының заң актілерінде, осы Кодексте және Қазақ ССР-інің басқа заң актілерінде белгіленеді.

240 - статья. Әкімшілік право бұзушылық туралы істерді жүргізуді болғызбайтын мән-жайлар

Мынадай мән-жайлар болған кезде әкімшілік право бұзушылық туралы істерді жүргізудің басталмауы мүмкін, ал басталған болса қысқартылуға тиіс:

1) әкімшілік право бұзушылық оқиғасының болмауы;

2) әкімшілік право бұзушылық жасалған кезге қарай адамның он алты жасқа толмағандығы;

3) правоға қарсы әрекет немесе әрекетсіздік жасаған адамның есі дұрыс еместігі;

4) адамның мәжбүрлі қажеттілік немесе қажетті қорғаныс жағдайындағы әрекеті;

5) амнистия актісінің шығарылуы, егер ол әкімшілік жаза қолдануды жойса;

6) әкімшілік жауаптылықты белгілейтін актінің бұзылуы;

7) әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарайтын кезге қарай осы Кодекстің 37-статьясында көзделген мерзімдердің өтіп кетуі;

8) әкімшілік жауапқа тартылатын адам жөнінде тап сондай факт бойынша компетентті органның (лауазымды адамның) әкімшілік жаза қолдану туралы қаулысының болуы, әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қысқарту туралы бұзылмаған қаулының болуы, сондай-ақ сол право бұзушылық жөнінде қылмысты іс қозғаудың болуы;

9) өзі жөнінде іс жүргізу басталған адамның қайтыс болуы.

241 - статья. Әкімшілік право бұзушылық туралы істі басқа мән-жайларға байланысты қысқарту

Әкімшілік право бұзушылық туралы іс жүргізу осы Кодексте көзделген тәртіп бойынша, мыналарға байланысты қысқартылуы мүмкін:

1) онша маңызды болмауына және ауызша ескерту жариялауға;

2) материалдарды жолдастық соттың, қоғамдық ұйымның немесе еңбек коллективінің қарауына беруге;

3) материалды прокурорға, алдын ала тергеу немесе анықтау органына беруге.

242 - статья. Әкімшілік право бұзушылық туралы істерді азаматтардың теңдігі негіздерінде қарау

Әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарау барлық азаматтардың тегіне, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, нәсілі мен ұлтына, жынысына, біліміне, тіліне, діни көзқарасына, кәсібінің түрі мен сипатына, тұрған жеріне және басқа мән-жайларына қарамастан заң мен істі қарайтын орган (лауазымды адам) алдындағы теңдігі негіздерінде жүзеге асырылады.

243 - статья. Әкімшілік право бұзушылық туралы істерді ашық қарау

Әкімшілік право бұзушылық туралы іс ашық қаралады.

Әкімшілік право бұзушылық туралы істерді жүргізудің тәрбиелік және сақтандырушылық ролін арттыру мақсатында істерді право бұзушының тікелей жұмыс, оқу орнында немесе тұрғылықты жерінде қарауға да болады.

244 - статья. **Әкімшілік право бұзушылық туралы істерді жүргізу кезінде заңдардың орындалуын прокурорлық қадағалау**

СССР Прокуратурасы туралы СССР Заңына сәйкес әкімшілік право бұзушылық туралы істерді жүргізу кезінде заңдардың орындалуын қадағалауды жүзеге асырған жағдайда прокурор мыналарға праволы: әкімшілік право бұзушылық туралы іс қозғауға, адамды әкімшілік ұстаудың, әкімшілік жауапқа тартудың және оған тиісті органның (лауазымды адамның) ықпал жасау шараларын қолдануының заңдылығын тексеруге; әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарауға қатысуға, істі қараған кезде пайда болатын мәселелер бойынша өтініш мәлімдеуге, қорытындылар беруге; әкімшілік право бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыға наразылық білдіруге, оның орындалуын тоқтата тұруға, сондай-ақ заңда көзделген басқа да әрекеттер жасауға.

245 - статья. **Дәлелдемелер**

Істі қарауға уәкілдігі бар органдардың (лауазымды адамдардың) әкімшілік право бұзушылықтың болғанын немесе болмағанын, сол адамның оның жасауға кінәлілігін заңмен белгіленген тәртіп бойынша анықтауына негіз болатын кез келген нақты деректер және істі дұрыс шешу үшін маңызы бар өзге де мән-жайлар әкімшілік право бұзушылық туралы іс жөніндегі дәлелдемелер болып табылады.

Бұл деректер әкімшілік право бұзушылық туралы протоколмен, куәлардың айғақтамаларымен, жәбірленушінің, әкімшілік жауапқа тартылатын адамның түсініктемелерімен, эксперт қорытындыларымен, айғақтық дәлелдемелермен, заттарды және документтерді алып қою туралы протоколмен, сондай-ақ өзге де документтермен анықталады.

246 - статья. **Дәлелдемелерге баға беру**

Орган (лауазымды адам) дәлелдемелерге істің барлық мән-жайларын олардың жиынтық күйінде жан-жақты, толық және объективті түрде зерттеуге негізделген өзінің ішкі нанымы бойынша, заңды және социалистік праволық сананы басшылыққа ала отырып баға береді.

247 - статья. **Материалдарды прокурорға, алдын ала тергеу немесе анықтама органына беру**

Егер істі қарау кезінде орган (лауазымды адам) право бұзушылықта қылмыс нышандары бар деген қорытындыға келсе, ол материалдарды прокурорға, алдын ала тергеу немесе анықтама органына береді.

19-тарау

ӘКІМШІЛІК ПРАВО БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ПРОТОКОЛ. ІСТІҢ ҚАРАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

248 - статья. **Әкімшілік право бұзушылық туралы протокол**

Әкімшілік право бұзушылық жасалғаны туралы соған уәкілдігі бар лауазымды адам не қоғамдық ұйымның немесе қоғамдық ынталы органның өкілі протокол жасайды, бұған осы Кодекстің 251-статьясында көзделген реттер кірмейді.

249 - статья. **Әкімшілік право бұзушылық туралы протоколдың мазмұны**

Әкімшілік право бұзушылық туралы протоколда мыналар көрсетіледі: оның жасалған датасы мен орны, протоколды жасаған адамның қызметі, фамилиясы, аты, әкесінің аты; право бұзушының кім екені туралы мәліметтер; әкімшілік право бұзушылықтың жасалған орны, уақыты және мәні; сол право бұзушылық үшін жауаптылықты көздейтін нормативтік акт; егер бар болса куәлар мен жәбірленушілердің фамилиялары, адрестері; право бұзушының түсініктемесі; істі шешу үшін қажетті өзге де мәліметтер.

Протоколға оны жасаған адам және әкімшілік право бұзушылықты жасаған адам қол қояды; куәлар мен жәбірленушілер болған жағдайда протоколға осы адамдар да қол қоюы мүмкін.

Право бұзушылық жасаған адам протоколға қол қоюдан бас тартқан ретте, бұл туралы онда жазылады. Право бұзушылық жасаған адам протоколдың мазмұны жөнінде протоколға қоса тіркелетін түсініктемелер мен ескертпелерді табыс етуге, сондай-ақ өзінің протоколға қол қоюдан бас тартуының себептерін баяндауға праволы.

Право бұзушының осы Кодекстің 261-статьясында көзделген праволары мен міндеттері протоколды жасау кезінде оған түсіндіріледі, ол жайында протоколда белгі жасалады.

250 - статья. **Протоколды жолдау**

Протокол әкімшілік право бұзушылық туралы істі қарауға уәкілдігі бар органға (лауазымды адамға) дереу жолданады.

251 - статья. **Протокол жасамай әкімшілік жаза қолдану**

Осы Кодекстің 43, 81-статьяларында (егер штраф мөлшері бес сомнан аспаса), 113—116, 118—120, 121, 122-статьяларында, 127-статьясының үшінші бөлігінде, 131-статьясының бірінші және үшінші бөліктерінде, 134—137-статьяларында, сондай-ақ 123-статьясында, 124-статьясының бірінші және екінші бөліктерінде, 125-статьясының бірінші бөлігінде (СССР Қарулы Күштерінің транспорт құралдарын жүргізушілер — әскери қызметшілер мен жиынға шақырылған әскери міндеттілер право бұзушылық жасаған реттерде) көзделген әкімшілік право бұзушылық жасалған жағдайда, егер право бұзушы оған қолданылатын әкімшілік жазаға талас тудырмаса, протокол жасалмайды, штраф салынады және өндіріп алынады, ал ескерту право бұзушылық жасалған орында жазып алынады [1].

Егер право бұзушы осы статьяның бірінші бөлігінде көзделген право бұзушылықты жасағаны үшін оған қолданылатын жазаға талас тудырса, онда осы Кодекстің 248-статьясына сәйкес протокол жасалады.

Осы Кодекстің 110-статьясында (231-статьясының үшінші бөлігінде аталған реттерде) көзделген әкімшілік право бұзушылық жасалған жағдайда протокол жасалмайды, право бұзушылық жасалған жерде штраф салынады және өндіріп алынады.

252 - статья. **Право бұзушыны жеткізу**

Әкімшілік право бұзушылық туралы протокол жасау мақсатында, оны сол арада жасау мүмкін болмаған жағдайда, егер протокол жасау міндетті болып табылса, право бұзушыны милицияға немесе ерікті ха-

[1] 251-статьяның бірінші бөлігіне 1985 ж. 21 ноябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 49, 513-ст.).

лық жасағы штабына милиция қызметкері немесе халық жасақшысы жеткізуі мүмкін.

Транспорт құралдарын пайдалану ережелерін, қозғалыс тәртібі мен хауіпсіздігін қорғау жөніндегі ережелерді, транспорттағы жүктің сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған ережелерді, өрт хауіпсіздігі ережелерін, транспорттағы санитариялық-гигиеналық және санитариялық-эпидемиялық ережелерді бұзушылық жасалған жағдайда право бұзушыны, егер оның кім екенін куәландыратын документі болмаса және ол туралы қажетті мәліметтер бере алатын куәлар болмаса, соған уәкілдігі бар адам милицияға жеткізуі мүмкін.

Орманда право бұзушылық немесе аң аулау ережелерін, балық аулау және балық қорын қорғау ережелерін, жануарлар дүниесін қорғау және пайдалану туралы заңдарды басқадай бұзушылық жасалған жағдайда протокол жасау мақсатында, егер право бұзушының кім екенін сол жерде анықтау мүмкін болмаса, осы право бұзушылықты жасаған адамдарды милицияға немесе халық депутаттарының поселкелік, селолық, ауылдық Советі атқару комитетінің үйіне мемлекеттік және ведомстволық орман қорғау қызметкерлері, ал колхоздар орманында — колхоздардың немесе колхозаралық орман шаруашылықтарының (орманшылықтардың) қызметкерлері, аң аулау ережелерінің сақталуын мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын органдардың, балық қорғау органдарының соған уәкілдігі бар лауазымды адамдары, жануарлар дүниесінің қорғалуы мен пайдаланылуын мемлекеттік және ведомстволық бақылауды жүзеге асыратын басқа да органдардың лауазымды адамдары, қорықтар мен басқа да ерекше қорғалатын территориялардың лауазымды адамдары, сондай-ақ милиция қызметкерлері жеткізуі мүмкін. Право бұзушыны халық жасақшылары, қоғамдық табиғат қорғау инспекторлары, қоғамдық аң аулау инспекторлары, балық қорғау органдарының қоғамдық инспекторлары мен қоғамдық орман инспекторлары да жеткізеді.

Күзетілетін объектілерге, басқа да мемлекеттік немесе қоғамдық мүлікке қиянат жасаумен байланысты право бұзушылық жасалған жағдайда право бұзушылықты болғызбау, право бұзушының кім екенін анықтау және право бұзушылық туралы протокол жасау үшін право бұзушыны әскерилендірілген күзет қызметкерлері әскерилендірілген күзеттің қызмет үйіне немесе милицияға жеткізуі мүмкін.

Жеткізу мүмкіндігінше қысқа мерзімде жүргізілуге тиіс[1].

253-статья. Әкімшілік ұстау, тікелей өзін тексеру, заттарды тексеру, заттар мен документтерді алып қою

ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заң актілерінде тікелей көзделген реттерде, әкімшілік право бұзушылықты болғызбау, протокол жасау, істерді дер кезінде әрі дұрыс қарауды және әкімшілік право бұзушылық туралы істер жөніндегі қаулылардың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында адамды әкімшілік ұстауға, тікелей өзін тексеруге, заттарды тексеруге және заттар мен документтерді алып қоюға жол беріледі.

Әкімшілік ұстау, тікелей өзін тексеру, заттарды тексеру және заттар мен документтерді алып қою тәртібі ССР Одағының заңдарында, осы Кодексте және Қазақ ССР-інің басқа заңдарында белгіленеді.

---

[1] 252-статьяға 1984 ж. 28 сентябрьдегі және 1985 ж. 21 ноябрьдегі Указдарымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 41, 534-ст.; 1985 ж., № 49, 513-ст.).

254 - статья. **Әкімшілік ұстау тәртібі**

Әкімшілік ұстау туралы протокол жасалады, онда мыналар көрсетіледі: оның жасалған датасы, уақыты мен орны; протокол жасаған адамның қызметі, фамилиясы, аты және әкесінің аты; ұсталған адамның кім екені туралы мәліметтер; ұсталған уақыты, орны және негіздері. Протоколға оны жасаған лауазымды адам мен ұсталған адам қол қояды. Ұсталған адам протоколға қол қоюдан бас тартқан ретте, онда бұл туралы жазу жазылады.

Әкімшілік право бұзушылық жасағаны үшін ұсталған адамның өтініші бойынша оның тұрған орны туралы оның туысқандарына, жұмыс немесе оқу орнындағы әкімшілікке хабарланады. Жасы толмаған адамның ұсталғаны туралы оның ата-аналарына немесе олардың орнындағы адамдарға хабарлау міндетті.

255 - статья. **Әкімшілік ұстауды жүзеге асыруға праволы органдар (лауазымды адамдар)**

Әкімшілік право бұзушылық жасаған адамды әкімшілік ұстауды ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдары бойынша соған уәкілдігі бар органдар (лауазымды адамдар) ғана жүргізуі мүмкін, атап айтқанда:

1) ішкі істер органдары — ұсақ бұзақылық жасалған, милиция қызметкерінің немесе халық жасақшысының заңды жарлығына немесе талабына қасақана бағынбаған, шетел валютасымен және төлем документтерімен заңсыз операциялар жасаған, ұсақ алыпсатарлық жасаған жағдайда, қоғамдық орындарда спирт ішімдіктерін ішкен немесе қоғамдық орындарға адамдық қасиетті және қоғамдық адамгершілікті қорлайтындай мас күйде келген, жол қозғалысы ережелерін, аң аулау, балық аулау және балық қорын қорғау ережелерін бұзған және жануарлар дүниесінің қорғалуы мен пайдаланылуы туралы заңдарды басқадай бұзған жағдайда, сондай-ақ ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заң актілерінде тікелей көзделген өзге реттерде [1];

2) шекара әскерлері — шекара режимі немесе мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттеріндегі режим бұзылған жағдайда;

3) күзетілетін объекті орналасқан жердегі әскерилендірілген күзеттің аға лауазымды адамы — күзетілетін объектілерге, басқа да мемлекеттік немесе қоғамдық мүлікке қиянат жасаумен байланысты право бұзушылық жасалған жағдайда [2];

4) балық қорғау органдары, аң аулау ережелерінің сақталуын мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын органдар мен орман шаруашылығы органдары — сақталуын бақылауды осы органдар жүзеге асыратын ережелер бұзылған жағдайда;

5) темір жол, теңіз, өзен, әуе, жолаушы автомобиль транспорты мен электр транспорты органдары — сақталуын бақылауды осы органдар жүзеге асыратын ережелер бұзылған жағдайда;

6) әскери автомобиль инспекциясының лауазымды адамдары — жүргізушілер немесе СССР Қарулы Күштерінің транспорт құралдарын басқаратын басқа адамдар жол қозғалысы ережелерін бұзған жағдайда [1].

---

[1] 255-статьяның 1-пунктіне 1985 ж. 21 ноябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 49, 513-ст.). Осы Указбен статья 6-пунктпен толықтырылды.

[2] 255-статья 1984 ж. 28 сентябрьдегі Указымен 3-пунктпен толықтырылды (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 41, 534-ст.).

256 - статья. **Әкімшілік ұстау мерзімдері**

Әкімшілік право бұзушылық жасаған адамды әкімшілік ұстау үш сағаттан астам уақытқа созылмауға тиіс, бұған ерекше қажеттілікке байланысты СССР-дің заң актілерінде әкімшілік ұстаудың өзге мерзімдері белгіленген реттер кірмейді.

Шекара режимін немесе мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттеріндегі режимді бұзған адамдар протокол жасау үшін үш сағатқа дейінгі мерзімге, ал кім екенін және право бұзушылықтың мән-жайларын анықтау үшін қажет болған реттерде — ұстау кезінен бастап жнырма төрт сағат ішінде бұл туралы прокурорға жазбаша хабарлай отырып, үш тәулікке дейінгі немесе, егер право бұзушылардың кім екенін куәландыратын документтері болмаса, прокурордың санкциясы бойынша он тәулікке дейінгі мерзімге ұсталуы мүмкін.

Ұсақ бұзақылық жасаған адамдар істі халық судьялары немесе ішкі істер органының бастығы (бастықтың орынбасары) қарағанға дейін ұсталуы мүмкін.

Жеткізілген адамның ерікті халық жасағы штабында болуы бір сағаттан артыққа созылмауы керек.

Әкімшілік ұстау мерзімі право бұзушыны протокол жасау үшін жеткізген кезден бастап, ал мас күйдегі адамды ұстау — оның айыққан уақытынан бастап есептеледі.

257 - статья. **Тікелей өзін тексеру және заттарды тексеру**

Тікелей өзін тексеруді ішкі істер, әскерилендірілген күзет, азаматтық авиация, таможня мекемелері, шекаралық әскерлер органдарының, сондай-ақ ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдары бойынша соған уәкілдігі бар органдардың лауазымды адамдары жүргізе алады [1].

Тікелей өзін тексеруді соған уәкілдігі бар, тексерілетін адаммен жынысы бір адам және дәл сондай жыныстағы екі куәгердің қатысуымен жүргізе алады.

Заттарды тексеруді ішкі істер, әскерилендірілген күзет, азаматтық авиация, таможня мекемелері, шекаралық әскерлер органдарының, орман қорғау органдарының, балық қорғау органдарының, аң аулау, жануарлар дүниесін қорғау және пайдалану ережелерінің сақталуын мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын органдардың, сондай-ақ соған уәкілдігі бар басқа органдардың лауазымды адамдары ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында тікелей көзделген реттерде жүргізе алады [2].

Заттарды, қол жүктерін, багажды, аң аулау мен балық ұстау құралдарын, ауланған өнімді және басқа заттарды тексеру, әдетте, бұларды меншіктенуші немесе иемденуші адамның қатысуымен жүзеге асырылады. Кейінге қалдыруға болмайтын реттерде аталған заттар, құралдар меншіктенуші (иеленуші) жоқ болса да екі куәгердің қатысуымен тексерілуі мүмкін.

Таможня мекемелерінде тікелей өзін тексеру және заттарды тексеру СССР-дің Таможня кодексінің ережелері бойынша жүргізіледі.

Тікелей өзін тексеру және заттарды тексеру туралы протокол жасалады, не әкімшілік право бұзушылық туралы протоколда тиісінше жазу жазылады.

---

[1] 257-статьяның бірінші бөлігіне 1984 ж. 28 сентябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 41, 534-ст.).

[2] 257-статьяның үшінші бөлігіне 1984 ж. 28 сентябрьдегі және 1985 ж. 21 ноябрьдегі Указдарымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 41, 534-ст.; 1985 ж., № 49, 513-ст.).

258 - с т а т ь я. **Заттар мен документтерді алып қою**

Право бұзушылықтың құралы немесе объектілері болып табылатын, ұстау, тікелей өзін тексеру немесе заттарды тексеру кезінде табылған заттар мен документтерді осы Кодекстің 255 және 257-статьяларында көзделген органдардың лауазымды адамдары алып қояды. Алып қойылған заттар мен документтер бұдан былай заттар мен документтерді алып қоюды жүргізу правосы берілген органдар (лауазымды адамдар) белгілейтін орындарда әкімшілік право бұзушылық туралы істер қаралғанға дейін сақталады, ал іс қаралғаннан кейін, оны қараудың нәтижелеріне қарай, олар белгіленген тәртіп бойынша конфискеленеді немесе иесіне қайтарылады немесе заттарды құнын өтеп алып қойған жағдайда сатылады немесе жойылады. Алып қойылған орден, медаль, СССР-дің немесе Қазақ ССР-інің құрметті атағына берілген омырауға тағатын белгі олардың заңды иесіне қайтарылады, ал егер ол белгісіз болса, тиісінше СССР Жоғарғы Советінің Президиумына не Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумына жіберіледі.

Штрафты өндіріп алуды қамтамасыз ету үшін контрабанда заттары ұсталған кезде контрабанда жасаған адамның заттарын (құнды заттарын), егер оның СССР-де тұрақты тұратын орны болмаса, алып қоюға жол беріледі.

Заттар мен документтерді алып қойған ретте ол туралы протокол жасалады, не әкімшілік право бұзушылық туралы протоколда тиісінше жазу жазылады.

Осы Кодекске сәйкес транспорт құралын жүргізу правосынан айыру түрінде әкімшілік жаза қолданылуы мүмкін право бұзушылық жасалған жағдайда транспорт құралын жүргізуге право беретін куәлік іс қаралғанға дейін жүргізушіден алып қойылады, бұл жөнінде әкімшілік право бұзушылық туралы протоколда, сондай-ақ жүргізушіге қайтарып берілетін жүргізушілік куәліктің талонына жазу жазылады. Куәлікті алып қою СССР Ішкі істер министрлігі белгілеген тәртіппен жүргізіледі.

Осы Кодекстің 176, 189-статьяларында, 190-статьясының бірінші және екінші бөліктерінде, 191, 192-статьяларында көзделген право бұзушылық жасалған жағдайда милиция қызметкері атылатын қаруды, сондай-ақ оқ-дәріні іс қаралғанға дейін алып қоюға праволы, бұл туралы протоколда алып қойылатын қарудың маркасы немесе моделі, калибрі, сериясы мен номері, оқ-дәрінің мөлшері мен түрі көрсетіліп жазу жазылады. Қызмет міндетін атқару кезінде право бұзушылық жасаған адамға алып қою, оның кім екенін тексеру және заттарын тексеру кейінге қалдыруға болмайтын реттерде ғана қолданылады.

Осы Кодекстің 178, 179, 179-1, 179-2, 180-статьяларында көзделген право бұзушылық жасалған жағдайда самогонды және үйде жасалған басқа күшті спирт ішімдіктерін, оларды жасайтын аппараттарды ішкі істер органдары (милиция) алып қояды және олар іс қаралып біткеннен кейін жойылады [1].

---

[1] 258-статьяға 1984 ж. 28 сентябрьдегі және 1985 ж. 21 ноябрьдегі Указдарымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 41, 534-ст.; 1985 ж., № 49, 513-ст.).

Статья алтыншы бөлікпен 1985 ж. 22 октябрьдегі Указымен толықтырылды (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 45, 457-ст.).

259 - статья. **Транспорт құралдарын жүргізуден шеттету және мас екендігін куәландыру**

Мас күйінде деп жорамалдауға жеткілікті негіздер бар транспорт құралдарын жүргізушілер немесе өзге адамдар транспорт құралын жүргізуден шеттетуге және мас екендігін куәландыруға жатады.

Аталған адамдарды мас екендігін куәландыруға жіберу және оларды куәландыруды жүргізу тәртібін СССР Ішкі істер министрлігі, СССР Денсаулық сақтау министрлігі және СССР Юстиция министрлігі белгілейді.

260 - статья. **Әкімшілік ұстауға, заттар мен документтерді тексеруге және алып қоюға шағым беру**

Мүдделі адамның әкімшілік ұстауға, тікелей өзін тексеруге, заттарды тексеруге және заттар мен документтерді алып қоюға жоғары тұрған органға (лауазымды адамға) немесе прокурорға шағым беруі мүмкін.

20-тарау

ӘКІМШІЛІК ПРАВО БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ІСТЕРДІ ЖҮРГІЗУГЕ ҚАТЫСАТЫН АДАМДАР

261 - статья. **Әкімшілік жауапқа тартылатын адам**

Әкімшілік жауапқа тартылатын адам іс материалдарымен танысуға, түсініктемелер беруге, дәлелдемелер табыс етуге, өтініш мәлімдеуге; іс қаралған кезде адвокаттың зац көмегін пайдалануға, ана тілінде сөйлеуге және егер іс жүргізілетін тілді білмейтін болса тілмаштың қызметін пайдалануға, іс жөніндегі қаулыға шағым беруге праволы.

Әкімшілік право бұзушылық туралы іс әкімшілік жауапқа тартылатын адамның қатысуымен қаралады. Ол адам жоқ болса бұл іс оган істің қаралатын орны, уақыты дер кезінде хабарланғаны туралы деректер болған кездегі және егер одан істің қаралуын кейінге қалдыра тұру туралы өтініш түспеген реттерде ғана қаралуы мүмкін.

Осы Кодекстің 52, 148, 174-статьясында, 178-статьясының үшінші бөлігінде, 185-статьясында көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қараған кезде әкімшілік жауапқа тартылатын адамның қатысуы міндетті. Ол ішкі істер органының немесе халық судьясының шақыртуы бойынша келуден бұлтарған ретте оны ішкі істер органы (милиция) алып келуі мүмкін [1].

Әкімшілік жауапқа тартылатын адамның істі шешетін органга (лауазымды адамға) келуі міндетті болатын өзге де реттер ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында көзделуі мүмкін.

262 - статья. **Жәбірленуші**

Әкімшілік право бұзушылық арқылы моральдық, дене немесе мүліктік зиян келтірілген адам жәбірленуші болып табылады.

Жәбірленуші істің материалдарымен танысуға, түсініктемелер беруге, өтініш мәлімдеуге, әкімшілік право бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыға шағым беруге праволы.

Жәбірленушіден осы Кодекстің 265-статьясында көзделген тәртіп бойынша куә ретінде жауап алынуы мүмкін.

[1] 261-статьяның үшінші бөлігіне 1985 ж. 22 октябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 45, 457-ст.).

263 - с т а т ь я. **Заңды өкілдер**

Жасы толмағандар немесе өздерінің дене немесе психикалық кемістіктері салдарынан әкімшілік право бұзушылық туралы істер жөніндегі өз праволарын өздері жүзеге асыра алмайтын адамдар болып табылатын, әкімшілік жауапқа тартылатын адам мен жәбірленушінің мүдделерін олардың заңды өкілдері (ата-аналары, бала ғып алушылары, қорғаншылары, қамқоршылары) білдіруге праволы.

264 - с т а т ь я. **Адвокат**

Әкімшілік право бұзушылық туралы істі қарауға қатысатын адвокат істің барлық материалдарымен танысуға; істі қарауға қатысуға; өтініш мәлімдеуге; істі қарайтын органның (лауазымды адамның) қаулысына оны шақырған адамның тапсыруы бойынша, соның атынан шағым жасауға праволы.

Адвокаттың өкілеттігі заң консультациясы беретін ордермен куәландырылады.

265 - с т а т ь я. **Куә**

Әкімшілік право бұзушылық туралы іс жөніндегі куә ретінде сол іс бойынша анықтауға жататын қандай да болсын мән-жайлар белгілі болуы ықтимал кез келген адам шақырылуы мүмкін.

Істі жүргізетін органның (лауазымды адамның) шақыртуы бойынша куә көрсетілген уақытта келуге, дұрыс жауап беруге, іс жөнінде оған белгілі нәрсенің бәрін хабарлауға және қойылған сұрақтарға жауап қайтаруға міндетті.

266 - с т а т ь я. **Эксперт**

Экспертті әкімшілік право бұзушылық туралы істі жүргізетін орган (лауазымды адам) арнаулы мағлұмат алу қажеттігі пайда болған ретте тағайындайды.

Эксперт шақырту бойынша келуге және оған қойылған сұрақтарға объективті қорытынды беруге міндетті.

Эксперт мыналарға праволы:

1) экспертиза затына қатысты іс материалдарымен танысуға;

2) қорытынды беру үшін қажетті қосымша материалдарды оған беру туралы өтініш мәлімдеуге;

3) жауапқа тартылатын адамға, куәларға, жәбірленушіге әкімшілік право бұзушылық туралы істі жүргізетін органның (лауазымды адамның) рұқсатымен экспертиза затына қатысты сұрақтар қоюға;

4) істі қараған кезде қатысуға.

267 - с т а т ь я. **Тілмаш**

Тілмашты әкімшілік право бұзушылық туралы істі жүргізетін орган (лауазымды адам) тағайындайды.

Тілмаш органның (лауазымды адамның) шақыртуы бойынша келуге және оған тапсырылған аударманы толық және дәлме-дәл орындауға міндетті.

268 - с т а т ь я. **Жәбірленушілерге, куәларға, эксперттерге және тілмаштарға төленуге тиісті сомалар**

Жәбірленушілерге, куәларға, эксперттерге және тілмаштарға олардың әкімшілік право бұзушылық туралы істі жүргізетін органға (лауазымды адамға) келуіне байланысты шеккен шығындары белгіленген тәртіп бойынша өтеледі.

Жәбірленушілер, куәлар, эксперттер және тілмаштар ретінде шақыртылатын адамдардың әкімшілік право бұзушылық туралы істі жүргізетін органға (лауазымды адамға) келуіне байланысты олардың болмаған уақыты үшін олардың жұмыс істейтін орнындағы еңбек табысы белгіленген тәртіп бойынша сакталады.

21-тарау

ӘКІМШІЛІК ПРАВО БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ІСТЕРДІ ҚАРАУ

269 статья. **Әкімшілік право бұзушылық туралы істі қарауға әзірлеу**

Орган (лауазымды адам) әкімшілік право бұзушылық туралы істі қарауға әзірленген кезде мына мәселелерді анықтайды:

1) сол істі қарау оның компетенциясына жата ма;

2) әкімшілік право бұзушылық туралы істің протоколы мен басқа да материалдары дұрыс жасалған ба;

3) істі қарауға қатысатын адамға оны қарау уақыты мен орны туралы хабарланған ба;

4) қажетті қосымша материалдар сұратып алынған ба;

5) әкімшілік жауапқа тартылатын адамның, жәбірленушінің, олардың заңды өкілдері мен адвокаттың өтініштері қанағаттандыруға немесе қанағаттандырмауға жата ма.

270 статья. **Әкімшілік право бұзушылық туралы істің қаралатын орны**

Әкімшілік право бұзушылық туралы іс оның жасалған орнында қаралады.

Осы Кодекстің 123—130, 132 және 133-статьяларында көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істерді транспорт құралдары есепке алынған орында да қарауға болады.

Осы Кодекстің 178, 180-статьяларында көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істер оларды жасалған жерде немесе право бұзушы тұратын жерде қаралады [1].

Әкімшілік право бұзушылық туралы істерді әкімшілік комиссиялары мен жасы толмагандардың істері жөніндегі комиссиялар право бұзушының тұрғылықты жерінде қарайды.

ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында әкімшілік право бұзушылық туралы істі қараудың өзге де орны көзделуі мүмкін.

271 статья. **Әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарау мерзімдері**

Әкімшілік право бұзушылық туралы істер орган (лауазымды адам) әкімшілік право бұзушылық туралы протоколды және істің басқа материалдарын алған күннен бастап он бес күн мерзім ішінде қаралады.

Осы Кодекстің 167, 174, 178 және 185-статьяларында көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істер бір тәулік ішінде, осы Кодекстің 148 және 165-статьяларында көзделген істер үш тәулік ішінде, ал осы Кодекстің 52-статьясында көзделген істер бес тәулік ішінде қаралады.

ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында әкімшілік право бұ-

---

[1] 270-статья үшінші бөлікпен 1985 ж. 22 октябрьдегі Указымен толықтырылды (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 45, 457-ст.).

зушылық туралы істерді қараудың өзге де мерзімдері белгіленуі мүмкін [1].

272 - статья. **Әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарау тәртібі**

Істерді қарау коллегиялы органның құрамын жариялаудан немесе сол істі қарайтын лауазымды адамды таныстырудан басталады.

Коллегиялы органның мәжілісіне председательдік етуші немесе істі қарайтын лауазымды адам қандай іс қарауға жататынын, кім әкімшілік жауапқа тартылатынын жариялайды, іске қатысатын адамдарға олардың праволары мен міндеттерін түсіндіреді. Бұдан кейін әкімшілік право бұзушылық туралы протокол жарияланады. Мәжілісте өтініштер шешіледі, істі қарауға қатысушы адамдар тыңдалады, дәлелдемелер зерттеледі. Іске прокурор қатысқан ретте оның қорытындысы тыңдалады.

273 - статья. **Әкімшілік право бұзушылық туралы істі қараған кезде анықтауға жататын мән-жайлар**

Орган (лауазымды адам) әкімшілік право бұзушылық туралы істі қараған кезде мыналарды анықтауға міндетті: әкімшілік право бұзушылық жасалды ма, сол адам оны жасауда кінәлі ме, ол әкімшілік жауаптылыққа жата ма, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар бар ма, мүліктік залал келтірілген бе, әкімшілік право бұзушылық туралы материалдарды жолдастық соттың, кәсіпорында, мекемеде, ұйымда және олардың құрылымдық бөлімшелерінде құрылған маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссияның, қоғамдық ұйымның, еңбек коллективінің қарауына беру үшін негіздер бар ма; сондай-ақ істі дұрыс шешу үшін маңызы бар басқа да мән-жайларды анықтауға міндетті [2].

274 - статья. **Коллегиялы орган мәжілісінің протоколы**

Коллегиялы орган әкімшілік право бұзушылық туралы істі қараған кезде протокол жүргізіледі, онда мыналар көрсетіледі:

1) мәжілістің датасы мен орны;

2) істі қарайтын органның аты мен құрамы;

3) қаралатын істің мазмұны;

4) іске қатысушы адамдардың келуі туралы мәліметтер;

5) істі қарауға қатысушы адамдардың түсініктемелері, олардың өтініштері және бұларды қарау нәтижелері;

6) істі қараған кезде зерттелген документтер мен айғақтық дәлелдемелер;

7) қабылданған қаулының жарияланғаны және оған шағым берудің тәртібі мен мерзімдері түсіндірілгені туралы мәліметтер.

Коллегиялы орган мәжілісінің протоколына мәжілісте председательдік етуші мен секретарь қол қояды.

275 - статья. **Әкімшілік право бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулы**

Орган (лауазымды адам) әкімшілік право бұзушылық туралы істі қарап, іс жөнінде қаулы шығарады. Халық депутаттарының поселке-

---

[1] 271-статьяға 1984 ж. 28 сентябрьдегі және 1985 ж. 22 октябрьдегі Указдарымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 41, 534-ст.; 1985 ж., № 45, 457-ст.).

[2] 273-статьяға 1985 ж. 22 октябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 45, 457-ст.).

лік, селолық, ауылдық Советі атқару комитетінің әкімшілік право бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулысы шешім формасында қабылданады.

Қаулыда мыналар болуға тиіс: қаулы шығарған органның (лауазымды адамның) аты, істің қаралған датасы; ісі қаралып отырған адам туралы мәліметтер; істі қарағанда анықталған мән-жайлардың мазмұны; сол әкімшілік право бұзушылық үшін жауаптылықты көздейтін нормативтік актіге нұсқама; іс жөнінде қабылданған шешім, қаулыға шағым беру тәртібі мен мерзімі.

Егер осы Кодекстің 207-статьясында аталып өткен органдар (лауазымды адамдар) әкімшілік право бұзушылық үшін жаза қолдану туралы мәселені шешкен кезде, кінәлінің мүліктік залалды өтеуі туралы мәселе бір мезгілде шешілетін болса, онда іс жөніндегі қаулыда өндіріп алуға жататын залалдың мөлшері, оны өтеу мерзімі мен тәртібі көрсетіледі.

Іс жөніндегі қаулыда алып қойылған заттар мен документтер туралы мәселе шешілуге тиіс.

Коллегиялы органның қаулысы мәжіліске қатысқан коллегиялы орган мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Әкімшілік право бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыға істі қараған лауазымды адам, ал коллегиялы органның қаулысына — председательдік етуші мен секретарь қол қояды.

ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында көзделген реттерде жазалау шарасы жөнінде әкімшілік право бұзушылық туралы протоколда тиісті жазу жазылады не қаулы белгіленген өзге де әдіспен рәсімделеді.

276 - статья. Қаулылардың түрлері

Әкімшілік право бұзушылық туралы істі қарап, орган (лауазымды адам) мынадай қаулылардың бірін шығарады:

1) әкімшілік жаза қолдану туралы;

2) іс жүргізуді қысқарту туралы.

Іс жүргізуді қысқарту туралы қаулы осы Кодекстің 240 және 241-статьяларында көзделген реттерде шығарылады.

277 - статья. Іс жөніндегі қаулыны жариялау және қаулының көшірмесін тапсыру

Қаулы істі қарау аяқталғаннан кейін дереу жарияланады.

Қаулының көшірмесі үш күннің ішінде ол шығарылған адамына, сондай-ақ жәбірленушінің өтінуі бойынша оған тапсырылады немесе жіберіледі.

Қаулының көшірмесі қолхат арқылы тапсырылады. Егер қаулының көшірмесі жіберілген ретте, бұл туралы істе тиісті жазу жазылады.

Таможня ережелерін бұзу туралы және контрабанда туралы істер жөніндегі қаулының көшірмесі ол шығарылған адамдарына СССР-дің Таможня кодексінде белгіленген тәртіп бойынша және сол мерзімдерде тапсырылады.

Осы Кодекстің 176-статьясында және 190-статьясының бірінші және екінші бөліктерінде көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істер бойынша қызмет міндетін атқаруына байланысты атылатын қаруды, сондай-ақ оқ-дәріні кәсіпорын, мекеме, ұйым сеніп тапсырған немесе уақытша пайдалануға берген адам жөнінде қаулының көшірмесі хабарлау үшін тиісті кәсіпорынға, мекемеге немесе ұйымға және осы

адамның атылатын қаруды пайдалануына тыйым салу туралы мәселені қарау үшін ішкі істер органына жіберіледі [1].

278 - статья. **Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны жұртшылыққа жеткізу**

Осы Кодекстің 52, 126, 129, 133, 165, 174, 178, 180-статьяларында көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істерді қарайтын орган (лауазымды адам) право бұзушының жұмыс істейтін, оқитын немесе тұрғылықты жеріндегі әкімшілікке немесе қоғамдық ұйымға, ал осы Кодекстің 202 және 203-статьяларында көзделген істерді қарайтын орган (лауазымды адам) — жұмыс істейтін (оқитын) жеріндегі кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның, колхоздың және оқу орнының басшысына оған қолданылған жаза туралы хабарлайды. Осы Кодекстің 52-статьясында көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істер жөнінде, қабылданған шешім туралы да ұсақ ұрлық туралы протоколды сотқа жіберген кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігіне немесе ішкі істер органына хабарланады [2].

279 - статья. **Әкімшілік право бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою туралы ұсыныстар**

Істі қарайтын орган (лауазымды адам), әкімшілік право бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды анықтаған кезде, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың басшыларына және басқа лауазымды адамдарға бұл себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қолдану туралы ұсыныстар енгізеді. Аталған адамдар ұсыныстар түскен күннен бастап бір ай ішінде ұсыныс жасаған органға (лауазымды адамға) қолданылған шаралар туралы хабарлауға міндетті.

22-тарау

ӘКІМШІЛІК ПРАВО БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ІС ЖӨНІНДЕГІ ҚАУЛЫҒА ШАҒЫМ БЕРУ ЖӘНЕ НАРАЗЫЛЫҚ БІЛДІРУ

280 - статья. **Әкімшілік право бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыға шағым беру правосы**

Әкімшілік право бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыға ол шығарылған адамның, сондай-ақ жәбірленушінің шағым беруі мүмкін.

Аудандық (қалалық) халық сотының (халық судьясының) әкімшілік жаза қолдану туралы қаулысы түпкілікті болып табылады және әкімшілік право бұзушылық туралы істерді жүргізу арқылы шағым беруге жатпайды, бұған ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заң актілерінде көзделген реттер кірмейді.

281 - статья. **Әкімшілік право бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыға шағым беру тәртібі**

Әкімшілік право бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыға шағым берілуі мүмкін:

1) әкімшілік комиссиясының, жасы толмағандардың істері жөнін-

---

[1] 277-статья бесінші бөлікпен 1984 ж. 28 сентябрьдегі Указымен толықтырылды (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 41, 534-ст.).

[2] 278-статьяға 1984 ж. 25 сентябрьдегі және 1985 ж. 22 октябрьдегі Указдарымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 41, 534-ст.; 1985 ж., № 45, 457-ст.).

деґі комиссияның халық депутаттарының жергілікті Советі атқару комитетінің жанындағы маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссияның қаулысына — халық депутаттары тиісті Советінің атқару комитетіне немесе шешімі түпкілікті болып табылатын аудандық (қалалық) халық сотына [1];

2) халық депутаттарының поселкелік, селолық, ауылдық Советі атқару комитетінің шешіміне — халық депутаттарының аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советінің атқару комитетіне немесе шешімі түпкілікті болып табылатын аудандық (қалалық) халық сотына;

3) өзге органның (лауазымды адамның) штраф түрінде әкімшілік жаза қолдану туралы қаулысына — жоғары тұрған органға (жоғары тұрған лауазымды адамға) немесе шешімі түпкілікті болып табылатын аудандық (қалалық) халық сотына; өзге әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыға — жоғары тұрған органға (жоғары тұрған лауазымды адамға), бұдан кейін шешімі түпкілікті болып табылатын аудандық (қалалық) халық сотына шағым берілуі мүмкін. Мұның өзінде бір мезгілде негізгі және қандай да болсын қосымша әкімшілік жазалардың бірін қолдану туралы қаулыға берілетін шағым неғізгі жазаны қолдану туралы қаулыны қарауға праволы органға берілуі мүмкін;

4) әскери автомобиль инспекциясы лауазымды адамының протокол жасамай, право бұзушылық жасалған орында жазып алған ескерту түрінде әкімшілік жаза қолдану туралы қаулысына — шағымдар қарауға праволы жоғары тұрған лауазымды адамға [2].

Ішкі істер орғанының (лауазымды адамның) протокол жасамай, право бұзушылық жасалған орында жазып алған ескерту түрінде әкімшілік жаза қолдану туралы қаулысына — жоғары тұрған органға (жоғары тұрған лауазымды адамға).

Шағым, егер СССР-дің заңдарында өзгеше белгіленбеген болса, әкімшілік право бұзушылық туралы іс жөнінде қаулы шығарған орган (лауазымды адам) арқылы беріледі, ол үш тәулік ішінде оны іспен бірге, осы статьяға сәйкес, оны қарауға праволы органға (лауазымды адамға) жібереді.

Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыға шағым берген адамнан мемлекеттік баж салығы өндірілмейді.

282-статья. Әкімшілік право бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыға шағым беру мерзімі

Әкімшілік право бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыға қаулы шығарылған күннен бастап он күн ішінде шағым берілуі мүмкін. Аталған мерзім дәлелді себептермен өтіп кеткен ретте қаулы шығарылған адамның арызы бойынша бұл мерзімді шағым қарауға праволы орган (лауазымды адам) қалпына келтіруі мүмкін.

283-статья. Әкімшілік право бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыға наразылық білдіру

Әкімшілік право бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыға прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

---

[1] 281-статьяның бірінші бөлігінің 1-пунктіне 1985 ж. 22 октябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 45, 457-ст.).

[2] 281-статьяның бірінші бөлігі 4-пунктпен 1985 ж. 21 ноябрьдегі Указымен толықтырылды (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 49, 513-ст.).

284 - статья. **Шағым беруге немесе наразылық білдіруге байланысты қаулының орындалуын тоқтата тұру**

Белгіленген мерзімде берілген шағым әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны орындауды шағым қаралғанға дейін тоқтата тұрады, бұған осы Кодекстің 25 және 31-статьяларында көзделген жазалау шараларын қолдану туралы қаулылар, сондай-ақ әкімшілік право бұзушылық жасалған жерде өндіріп алынатын штраф салынған реттер кірмейді.

Прокурордың наразылық білдіруі наразылық қаралғанға дейін қаулының орындалуын тоқтата тұрады.

285 - статья. **Әкімшілік право бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыға шағым беру және наразылық білдіру мерзімі**

Әкімшілік право бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыға шағым мен наразылықты осы Кодекстің 281-статьясының бірінші бөлігінде аталған органдар (лауазымды адамдар) олар түскен күннен бастап он күн мерзім ішінде, егер СССР-дің заңдарында өзгеше белгіленбеген болса, қарайды.

286 - статья. **Әкімшілік право бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыға шағым мен наразылықты қарау**

Орган (лауазымды адам) әкімшілік право бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыға шағымды немесе наразылықты қарағанда кезде шығарылған қаулының заңдылығын және негізділігін тексереді.

Мұның өзінде шағымды немесе наразылықты қарайтын орган (лауазымды адам) жаза заң негізінде және осы категориядағы істі шешуге праволы орган (лауазымды адам) арқылы қолданылған-қолданылмағанын тексеруге тиіс.

287 - статья. **Шағым мен наразылықты қарайтын органның (лауазымды адамның) шешімі**

Әкімшілік право бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыға шағым мен наразылықты қарайтын орган (лауазымды адам) мына шешімдердің бірін қабылдайды:

1) қаулыны өзгеріссіз, ал шағым мен наразылықты қанағаттанғысыз қалдырады;

2) қаулыны бұзады және істі жаңадан қарауға жібереді;

3) қаулыны бұзады және істі қысқартады;

4) жазалау шарасын әкімшілік право бұзушылық үшін жауаптылық туралы нормативтік актілерде көзделген шеңберде өзгертеді, алайда жаза күшейтілуге тиісті емес.

Егер қаулыны сол істі шешуге праволы емес орган (лауазымды адам) шығарғаны анықталса, онда мұндай қаулы бұзылады және іс компетентті органның (лауазымды адамның) қарауына жіберіледі.

288 - статья. **Халық судьясының, ішкі істер органы бастығының, жоғары тұрған сот председателінің және жоғары тұрған ішкі істер органының істі қайта қарау жөніндегі өкілеттігі**

Халық судьясының осы Кодекстің 52, 148, 174-статьяларында, 178-статьясының үшінші бөлігінде және 185-статьясында көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы істер жөніндегі қаулысын прокурордың наразылығы бойынша халық судьясының өзі, сондай-ақ прокурор-

дың наразылығы болу-болмауына қарамастан жоғары тұрған соттың председателі бұзуы немесе өзгертуі мүмкін.

Ішкі істер органы бастығының осы Кодекстің 174, 178 және 180-статьяларында көзделген әкімшілік право бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулысын прокурордың наразылығы бойынша ішкі істер органы бастығының өзі, сондай-ақ прокурордың наразылығы болу-болмауына қарамастан жоғары тұрған ішкі істер органының бастығы бұзуы немесе өзгертуі мүмкін [1].

289 - статья. **Қаулыға шағым немесе наразылық жөніндегі шешімнің көшірмесін жіберу**

Әкімшілік право бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыға шағым немесе наразылық жөніндегі шешімнің көшірмесі үш күн ішінде ол шығарылған адамына және жәбірленушінің өтінуі бойынша — оған, сондай-ақ іс жөнінде қаулы шығарған органға (лауазымды адамға) жіберіледі. Наразылықты қараудың нәтижелері туралы прокурорға хабарланады.

290 - статья. **Әкімшілік право бұзушылық туралы істі қысқарта отырып қаулыны бұзудың салдары**

Әкімшілік право бұзушылық туралы істі қысқарта отырып қаулыны бұзу өндіріп алынған ақшалай соманы, құнын өтеп алып қойылған және конфискеленген заттарды қайтарып беруге, сондай-ақ бұрын қабылданған қаулыға байланысты басқа да шектеулерді жоюға әкеп соғады. Затты қайтарып беру мүмкін болмаған жағдайда оның құны төленеді.

Азаматқа қамауға алу немесе түзеу жұмыстарын істеу түріндегі заңсыз әкімшілік жаза қолданудан келтірілген залалды өтеу заңдарда белгіленген тәртіп бойынша жүргізіледі.

291 - статья. **Шағым жөніндегі шешімге қадағалау арқылы наразылық білдіру**

Әкімшілік право бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыға қадағалау арқылы берілген шағым жөніндегі шешімге — прокурор, ал аудандық (қалалық) халық сотының шешіміне жоғары тұрған соттың председателі де наразылық білдіруі мүмкін.

Шағым жөніндегі шешімге наразылық шағым бойынша шешім қабылдаған орган (лауазымды адам) жөнінде жоғары тұрған органға (лауазымды адамға) ұсынылады.

---

[1] 288-статьяға 1985 ж. 22 октябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 45, 457-ст.).

V бөлім

ӘКІМШІЛІК ЖАЗА ҚОЛДАНУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫЛАРДЫ ОРЫНДАУ

23-тарау

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

292 - статья. **Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының міндеттілігі**

Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы мемлекеттік және қоғамдық орғандардың, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың орындауы үшін міндетті.

293 - статья. **Қаулыны орындату тәртібі**

Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы, егер ССР Одағының заңдарында, осы Кодексте және Қазақ ССР-інің өзге заңдарында өзгеше белгіленбеген болса, оны шығарған кезден бастап орындауға жатады.

Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыға шағым берілген немесе наразылық келтірілген жағдайда қаулы шағымды немесе наразылықты қанағаттандырғысыз қалдырудан кейін орындауға жатады.

Штраф түрінде әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы ерікті түрде орындау үшін заңдарда белгіленген мерзім өткеннен кейін еріксіз орындатуға жатады.

Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны қаулы шығарған орган (лауазымды адам) орындатады.

294 - статья. **Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны орындайтын органдар**

Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыларды соған уәкілдігі бар органдар ССР Одағының заңдарында, осы Кодексте және Қазақ ССР-інің басқа заңдарында белгіленген тәртіп бойынша орындайды.

Әкімшілік қамауға алу туралы қаулыны ішкі істер органдары СССР-дің заңдарында белгіленген тәртіп бойынша орындайды.

295 - статья. **Бір адам жөнінде бірнеше қаулыны орындау**

Бір адам жөнінде әкімшілік жаза қолдану туралы бірнеше қаулы шығарылған ретте әрбір қаулы жеке-жеке орындалады.

296 - статья. **Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны орындауды кейінге қалдыру**

Қамауға алу, түзеу жұмыстары немесе штраф (бұған әкімшілік право бұзушылық жасалған жерде штрафты өндіріп алу кірмейді) түрінде әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының дереу орындалуын мүмкін етпейтін мән-жайлар болған кезде, қаулыны шығарған орган (лауазымды адам) қаулы шығарылған адамның арызы бойынша, қаулыны орындауды бір айға дейінгі мерзімге кейінге қалдыра алады.

297 - статья. **Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны орындауды қысқарту**

Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы шығарған орган (лауазымды адам) қаулыны орындауды мынадай реттерде қысқартады:

1) амнистия актісі шығарылса, егер ол әкімшілік жаза қолдануды жойса;

2) әкімшілік жауаптылықты белгілейтін акт бұзылса;
3) қаулы шығарылған адам қайтыс болса.
Қысқартылған орындау ісі қайта басталуы мүмкін емес.

298 - статья. **Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыларды орындаудың ескіру мерзімі**

Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы, егер ол шығарылған күннен бастап үш ай ішінде орындатуға берілмеген болса, орындауға жатпайды. Осы Кодекстің 284-статьясына сәйкес қаулының орындалуы тоқтатыла тұрған ретте, ескіру мерзімінің өтуі шағымды немесе наразылықты қарағанға дейін тоқтатыла тұрады. Осы Кодекстің 296-статьясына сәйкес қаулының орындалуы кейінге қалдырылған ретте, ескіру мерзімінің өтуі кейінге қалдыру мерзімі өткенге дейін тоқтатыла тұрады [1].

ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында право бұзушылықтың жекелеген түрлері туралы істер жөніндегі қаулыларды орындау үшін өзге, неғұрлым ұзақ мерзімдер белгіленуі мүмкін.

СССР-дің Таможня кодексіне сәйкес контрабанда заттары, сондай-ақ контрабанда заттарын СССР-дің мемлекеттік шекарасы арқылы өткізуге немесе оларды жасыруға арналған тасымалдау және басқа құралдары, олардың табылған уақытына қарамастан, конфискелеуге жатады.

299 - статья. **Қаулыны орындауға байланысты мәселелерді шешу**

Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы шығарған органға (лауазымды адамға) осы қаулыны орындауға байланысты мәселелерді шешу және оның орындалуын бақылау жүктеледі.

24-тарау
ЕСКЕРТУ ЖАСАУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫНЫ ОРЫНДАУ

300 - статья. **Ескерту жасау туралы қаулыны орындау тәртібі**

Ескерту түріндегі әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны қаулы шығарған орган (лауазымды адам) істі қарау аяқталғаннан кейін оны жариялау жолымен орындайды.

Ескерту түріндегі әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы право бұзушы жоқ кезде шығарылған ретте оған қаулының көшірмесі осы Кодекстің 277-статьясында көзделген тәртіппен тапсырылады [1].

Жол қозғалысы ережелерін бұзған жерде ескерту түрінде әкімшілік жаза қолданылған жағдайда, ол СССР Ішкі істер министрлігі белгілейтін әдіспен жазып қойылады.

---

[1] 298-статьяның бірінші бөлігіне 1984 ж. 28 сентябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 41, 534-ст.). Осы Указбен 300-статья екінші бөлікпен толықтырылған.

25-тарау

ШТРАФ САЛУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫНЫ ОРЫНДАУ

301 - статья. **Штраф салу туралы қаулыны орындау мерзімдері мен тәртібі**

Штрафты право бұзушы штраф салу туралы қаулы оған тапсырылған күннен бастап он бес күннен кешіктірмей, ал мұндай қаулыға шағым берілген немесе наразылық келтірілген ретте — шағымның немесе наразылықтың қанағаттандырғысыз қалдырылғаны туралы ескертілген күннен бастап он бес күннен кешіктірмей төлеуге тиісті.

Ұсақ бұзақылық жасаған он алты жастан он сегіз жасқа дейінгі адамдардың өз еңбек табысы болмаған жағдайда, штраф ата-аналарынан немесе олардың орнындағы адамдардан өндіріп алынады.

Әкімшілік право бұзушылық жасағаны үшін салынған штрафты право бұзушы мемлекеттік еңбек жинақ кассасына немесе СССР Мемлекеттік банкісінің мекемесіне төлейді.

302-статья. **Штраф өндіріп алу туралы қаулыны еріксіз орындату**

Право бұзушы штрафты осы Кодекстің 301-статьясында белгіленген мерзімде төлемеген ретте, штраф салу туралы қаулы штраф сомасын оның жалақысынан немесе өзге еңбек табысынан, пенсиясынан немесе стипендиясынан азаматтық істерді жүргізу заңдарында белгіленген ережелерге сәйкес еріксіз түрде ұстап қалу үшін жіберіледі.

Егер штраф салынған адам жұмыс істемесе немесе штрафты право бұзушының жалақысынан өндіріп алу басқа себептермен мүмкін болмаса, штрафты өндіріп алуды органның немесе лауазымды адамның штраф салу туралы қаулысы негізінде сот орындаушысы право бұзушының мүлкінен, сондай-ақ ортақ меншіктегі оның үлесінен Қазақ ССР-інің Азаматтық істер жүргізу кодексінің ережелері бойынша өндіріп алу жолымен жүргізеді.

Штрафты ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес конфискелеуге жатпайтын мүліктен өндіріп алуға болмайды.

Иелерінің СССР-де тұрақты тұрағы жоқ контрабанда заттары транспорт құралдарынан табылған жағдайда штраф СССР-дің Таможня кодексінің ережелері бойынша өндіріп алынады.

303 - статья. **Сол арада өндіріп алынатын штраф салу туралы қаулыны орындау**

Әкімшілік право бұзушылық жасалған жерде штрафты осы Кодекстің 251-статьясына сәйкес өндіріп алған кезде право бұзушыға белгіленген үлгідегі квитанция беріледі.

Штрафты сол арада төлемеген ретте істі жүргізу осы Кодексте көзделген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

304 - статья. **Штраф салу туралы қаулыны орындау ісін аяқтау**

Штраф салу туралы қаулы, штраф толық өндіріп алынған соң, орындалғаны туралы белгі соғылып, қаулы шығарған органға (лауазымды адамға) қайтарылады.

26-тарау

ЗАТТЫ ҚҰНЫН ӨТЕП АЛЫП ҚОЮ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫНЫ ОРЫНДАУ

305 - статья. **Затты құнын өтеп алып қою туралы қаулыны орындау**

Әкімшілік право бұзушылық жасаудың құралы немесе тікелей объектісі болып табылған затты құнын өтеп алып қою туралы қаулыны соған уәкілдігі бар органдар ССР Одағының заңдарында, осы Кодексте және Қазақ ССР-інің басқа заңдарында белгіленетін тәртіп бойынша орындайды.

306 - статья. **Затты құнын өтеп алып қою туралы қаулыны орындау тәртібі** [1]

Құнын өтеп алып қою туралы қаулының негізінде алып қойылған заттарды қаулы шығарған органдар (лауазымды адамдар) сату үшін право бұзушының мүлкі тұрған жердегі комиссиялық магазинге немесе басқа сауда ұйымына тапсырады.

Атылатын қару мен оқ-дәріні құнын өтеп алып қою туралы қаулыны ішкі істер органдары орындайды.

Құнын өтеп алып қойылған заттарды сатудан түскен сома, осы Кодекстің 27-статьясына сәйкес, алып қойылған затты өткізу жөніндегі шығындарды шегере отырып, бұрынғы несіне беріледі [1].

27-тарау

КОНФИСКЕЛЕУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫНЫ ОРЫНДАУ

307 - статья. **Конфискелеу туралы қаулыны орындау**

Әкімшілік право бұзушылық жасаудың құралы немесе тікелей объектісі болып табылған затты конфискелеу туралы қаулыны соған уәкілдігі бар органдар ССР Одағының заңдарында, осы Кодексте және Қазақ ССР-інің басқа заңдарында белгіленген тәртіп бойынша орындайды.

308 - статья. **Конфискелеу туралы қаулыны орындауды жүзеге асыратын органдар**

Әкімшілік право бұзушылық жасаудың құралы немесе тікелей объектісі болып табылған затты конфискелеу туралы қаулыны мыналар орындайды:

сот орындаушылары — осы Кодекстің 90-3-статьясында, 91-статьясының бірінші бөлігінде (аң аулау ережелерін бұзу туралы істерден басқа), 148 және 165-статьяларында көзделген право бұзушылық жасалған жағдайда [2];

әуе транспорты органдарының соған уәкілдігі бар адамдары — осы Кодекстің 116-статьясының екінші бөлігінде және 134-статьясының екінші бөлігінде көзделген право бұзушылық жасалған жағдайда;

ішкі істер органдарының соған уәкілдігі бар адамдары — осы Кодекстің 167, 168, 176, 187, 189 және 190-статьяларында көзделген право бұзушылық жасалған жағдайда [1];

---

[1] 306-статьяның үшінші бөлігі мен тақырыбына, 308-статьяның төртінші абзацына 1984 ж. 28 сентябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 41, 534-ст.). Осы Указбен 306-статья екінші бөлікпен толықтырылған.

[2] 308-статьяның екінші абзацына 1985 ж. 21 ноябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 49, 513-ст.).

газ шаруашылығы, жылу жүйелері және коммуналдық шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарының соған уәкілдігі бар адамдары — осы Кодекстің 102-статьясының екінші бөлігінде және 156-статьясының екінші бөлігінде көзделген право бұзушылық жасалған жағдайда;

финанс органдарының соған уәкілдігі бар адамдары — осы Кодекстің 169 және 170-статьяларында көзделген право бұзушылық жасалған жағдайда;

аң аулау ережелерінің сақталуын мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын органдардың соған уәкілдігі бар адамдары — осы Кодекстің 91-статьясында (аң аулау ережелерін бұзғаны үшін), 172-статьясында көзделген право бұзушылық жасалған жағдайда;

балық қорғау органдарының соған уәкілдігі бар адамдары — 92-статьяда көзделген право бұзушылық жасалған жағдайда [1];

конфискеленген ет коректі аңдарды және бұл жануарлардың терісін қабылдау жүктелген кәсіпорындар мен ұйымдардың соған уәкілдігі бар адамдары — осы Кодекстің 171-статьясында көзделген право бұзушылық жасалған жағдайда;

таможня органдарының соған уәкілдігі бар адамдары — осы Кодекстің 204 және 205-статьяларында көзделген право бұзушылық жасалған жағдайда.

309 - статья. **Конфискелеу туралы қаулыны орындау тәртібі**

Әкімшілік право бұзушылықтың құралы немесе тікелей объектісі болып табылған затты конфискелеу туралы қаулыны орындау конфискеленген затты алып қою және ол затты құнын өтемей еріксіз түрде мемлекет меншігіне айналдыру жолымен жүзеге асырылады.

Контрабанда заттарын, сондай-ақ СССР-дің мемлекеттік шекарасы арқылы контрабанда заттарын өткізуге немесе оларды жасыруға арналған тасымалдау және басқа құралдарды конфискелеу туралы қаулыларды орындау СССР-дің Таможня кодексінің ережелері бойынша жүргізіледі.

Затты конфискелеу туралы қаулы орындалғаны туралы белгі қойылып, қаулыны шығарған органға (лауазымды адамға) қайтарылады [2].

310 - статья. **Конфискеленген заттарды өткізу тәртібі**

Әкімшілік право бұзушылықтың құралы немесе тікелей объектісі болып табылған, конфискеленген заттарды өткізу Қазақ ССР Министрлер Советі белгілейтін тәртіп бойынша жүргізіледі.

28-тарау

АРНАЙЫ ПРАВОДАН АЙЫРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫНЫ ОРЫНДАУ

311 - статья. **Арнайы праводан айыру туралы қаулыны орындау**

Сол азаматқа берілген арнайы праводан (транспорт құралдарын жүргізу правосы, аң аулау правосы) айыру туралы қаулыны орындау ССР Одағының заңдарында, осы Кодексте және Қазақ ССР-інің басқа заңдарында белгіленген тәртіп бойынша жүргізіледі.

---

[1] 308-статьяның жетінші абзацына 1985 ж. 21 ноябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 49, 513-ст.). Осы Указбен статья сегізінші абзацпен толықтырылды.

[2] 309-статья үшінші бөлікпен 1984 ж. 28 сентябрьдегі Указымен толықтырылды (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 41, 534-ст.).

312 - статья. **Арнайы праводан айыру туралы қаулыны орындайтын органдар**

Транспорт құралдарын жүргізу правосынан айыру туралы қаулыны осы Кодекстің 217-статьясының 2-тармағында аталған ішкі істер органдарының лауазымды адамдары орындайды.

Кеме жүргізушілерді шағын кемелерді жүргізу правосынан айыру туралы қаулыны осы Кодекстің 221-1-статьясының 2-тармағында аталған Қазақ ССР Шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекциясы органдарының лауазымды адамдары орындайды [1].

Аң аулау правосынан айыру туралы қаулыны осы Кодекстің 235-статьясының екінші бөлігінде аталған, аң аулау ережелерінің сақталуын мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын органдардың лауазымды адамдары орындайды.

313 - статья. **Транспорт құралдарын және шағын кемелерді жүргізу правосынан айыру туралы қаулыны орындау тәртібі**

Транспорт құралдарын немесе шағын кемелерді жүргізу правосынан айыру туралы қаулыны орындау, егер жүргізуші немесе кеме жүргізуші транспорт құралдарының барлық түрлерін немесе шағын кемелерді жүргізу правосынан айрылған болса, жүргізушілік куәлікті және оның талонын алып қою жолымен жүзеге асырылады.

Егер жүргізуші немесе кеме жүргізуші транспорт құралдарының барлық түрлерін немесе шағын кемелерді жүргізу правосынан айрылмаған болса, онда жүргізушілік куәлік пен оның талонында ол транспорт құралдарының немесе шағын кемелердің қандай түрлерін жүргізу правосынан айрылғаны көрсетіледі.

Транспорт құралдарын немесе шағын кемелерді жүргізуге право беретін куәлікті алып қою тәртібін тиісінше СССР Ішкі істер министрлігі немесе Қазақ ССР Шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекциясы белгілейді.

Транспорт құралдарын немесе шағын кемелер жүргізу правосынан айрылған жүргізуші немесе кеме жүргізуші жүргізушілік куәлікті тапсырудан бұлтарған ретте ішкі істер органдары немесе Қазақ ССР Шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекциясы куәлікті алып қою үшін заңдарда көзделген шараларды қолданады [1].

314 - статья. **Аң аулау правосынан айыру туралы қаулыны орындау тәртібі**

Аң аулау правосынан айыру туралы қаулыны орындау аңшылық билетті алып қою жолымен жүргізіледі.

Аң аулау правосынан айрылған адам аңшылық билетті тапсырудан бұлтарған ретте аң аулау ережелерінің сақталуын мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын органдар аңшылық билетті алып қою үшін заңдарда көзделген шараларды қолданады.

315 - статья. **Арнайы праводан айыру мерзімін есептеу**

Аң аулау ережелерін бұзған транспорт құралдарының жүргізушілері мен адамдар осы праводан айыру туралы қаулы шығарылған күннен бастап арнайы праводан айрылды деп есептеледі.

---

[1] 312-статья екінші бөлікпен 1985 ж. 29 июльдегі Указымен толықтырылды (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 32, 325-ст.). Осы Указбен 313-статьяға өзгерістер енгізілген.

Арнайы праводан айыру мерзімі өткеннен кейін, сондай-ақ осы Кодекстің 316-статьясына сәйкес ол қысқартылған ретте, әкімшілік жазаның сол шарасы қолданылған адамға одан алып қойған документтер белгіленген тәртіп бойынша қайтарып беріледі.

316 - статья. **Арнайы праводан айыру мерзімін қысқарту негізі мен тәртібі**

Транспорт құралын жүргізу немесе аң аулау правосынан белгілі бір мерзімге айрылған адам еңбекке адал ниетпен қараған және мінез-құлқы үлгілі болған жағдайда жаза қолданған орган (лауазымды адам) тағайындалған мерзімнің кемінде жартысы өткеннен кейін, қоғамдық ұйымның, еңбек коллективінің өтініші бойынша, аталған праводан айыру мерзімін қысқарта алады.

29-тарау

ТҮЗЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫНЫ ОРЫНДАУ

317 - статья. **Түзеу жұмыстары туралы қаулыны орындау тәртібі**

Түзеу жұмыстары туралы қаулыны ішкі істер органдары ССР Одағының заңдарында, осы Кодексте және Қазақ ССР-інің басқа заңдарында белгіленген тәртіп бойынша орындайды.

Халық судьясының түзеу жұмыстарын қолдану туралы қаулысын орындау үшін ол шығарылғаннан кейін келесі күннен кешіктірілмей жіберіледі.

Түзеу жұмыстары осы Кодекстің 30-статьясына сәйкес право бұзушының тұрақты жұмыс орнында өтеледі.

Право бұзушының еңбек табысынан түзеу жұмыстары туралы қаулының негізінде, жазаны өтеу мерзімі ішінде, қаулыда белгіленетін мөлшерде мемлекет кірісіне ақша ұсталып отырады.

318 - статья. **Түзеу жұмыстарын өтеу мерзімі**

Түзеу жұмыстарын өтеу право бұзушы жұмыс істеген және оның еңбек табысынан ақша ұсталып отырған уақытпен есептеледі.

Право бұзушының жұмыс істеген күнінің саны жазаның сот белгілеген календарьлық мерзіміне келетін жұмыс күнінің санынан кем болмауға тиіс. Егер право бұзушы аталған жұмыс күнінің санын атқармаса, право бұзушы тиісті жұмыс күнінің санын толық атқарғанға дейін түзеу жұмыстарын өтей береді.

Жазаны өтеу мерзіміне право бұзушының дәлелді себептермен жұмыс істемеген және оған заңға сәйкес жалақы төленген уақыты есептеледі. Бұл мерзімге ауырған уақыты, ауруды күтіп-бағуға берілген уақыт, жүктілігіне және босануына байланысты демалыста болған уақыт та есептеледі. Мас болудан немесе мас болуға байланысты әрекеттерден туған аурудың уақыты түзеу жұмыстарын өтеу мерзіміне есептелмейді [1].

319 - статья. **Право бұзушы түзеу жұмыстарын өтейтін жердегі кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар әкімшілігінің міндеті**

Право бұзушы түзеу жұмыстарын өтейтін жердегі кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың әкімшілігіне мыналар жүктеледі:

---

[1] 318-статья үшінші бөліктен 1984 ж. 28 сентябрьдегі Указымен толықтырылды (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 41, 534-ст.).

право бұзушының еңбек табысынан мемлекет кірісіне ақша ұстап қалуды дұрыс және дер кезінде жүргізу және белгіленген тәртіп бойынша ұсталған соманы дер кезінде аудару;

право бұзушыны еңбекке көзқарас, еңбек тәртібін сақтау рухында еңбекпен тәрбиелеу.

Түзеу жұмыстарын өтеу түрінде әкімшілік жаза қолданылған адам осы жазаны өтеуден бұлтарған ретте әкімшілік бұл туралы ішкі істер органына хабарлайды.

320 - статья. **Ұсақ бұзақылық жасағаны үшін қолданылған түзеу жұмыстарынан бұлтару салдары**

Адам ұсақ бұзақылық жасағаны үшін қолданылған түзеу жұмыстарын өтеуден бұлтарған ретте түзеу жұмыстарының өтелмеген мерзімі халық судьясының қаулысы бойынша, он сомнан елу сомға дейін штрафпен немесе қамауда болудың бір күнін түзеу жұмыстарының үш күніне шағу есебімен, бірақ он бес тәуліктен асырмай, әкімшілік қамауға алумен алмастырылуы мүмкін [1].

30-тарау

ӘКІМШІЛІК ҚАМАУҒА АЛУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫНЫ ОРЫНДАУ

321 - статья. **Әкімшілік қамауға алу туралы қаулыны орындау**

Әкімшілік қамауға алу түрінде әкімшілік жаза қолданылған ретте әкімшілік қамауға алу туралы қаулыны ішкі істер органдары СССР-дің заңдарында белгіленген тәртіп бойынша дереу орындайды.

322 - статья. **Әкімшілік қамауға алу туралы қаулыны орындау тәртібі**

Әкімшілік қамауға алынған адамдар ішкі істер органдары белгілейтін, күзет арқылы ұсталатын адамдардың басқа категорияларынан оқшаланған орындарда күзет арқылы ұсталады. Әкімшілік қамауға алу туралы қаулыны орындау кезінде қамауға алынған адамның тікелей өзі тексеріледі. Әкімшілік ұстау мерзімі әкімшілік қамауға алу мерзіміне есептеледі [1].

Әкімшілік қамауға алынған адамдарды еңбекке пайдалануды ұйымдастыру халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттеріне жүктеледі. Осы Кодекстің 174-статьясында, 178-статьясының үшінші бөлігінде, 185-статьясында көзделген право бұзушылық үшін әкімшілік қамауға алынған адамдар еңбекке ақы төленбей қол жұмыстарында пайдаланылады. Қамауда болған уақыт үшін оларға тұрақты жұмыс орнындағы жалақысы төленбейді [2].

---

[1] 320-статьяға және 322-статьяның бірінші бөлігіне 1984 ж. 28 сентябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 41, 534-ст.).

[2] 322-статьяның екінші бөлігіне 1985 ж. 22 октябрьдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 45, 457-ст.).

31-тарау

ҚАУЛЫНЫҢ МҮЛІКТІК ЗАЛАЛДЫ ӨТЕУ ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІГІН ОРЫНДАУ

323 - статья. **Қаулының мүліктік залалды өтеу жөніндегі бөлігін орындау**

Әкімшілік право бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулының осы Кодекстің 39-статьясына сәйкес өндіріп алуға жататын мүліктік залалды өтеу жөніндегі бөлігін орындау ССР Одағының заңдарында, осы Кодексте және Қазақ ССР-інің азаматтық іс жүргізу заңдарында белгіленетін тәртіп бойынша жүргізіледі.

324 - статья. **Қаулының мүліктің залалды өтеу жөніндегі бөлігін орындау тәртібі**

Әкімшілік право бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулының мүліктік залалды өтеу жөніндегі бөлігі орындау документі болып табылады.

Право бұзушы мүліктік залалды оған қаулы тапсырылған күннен бастап он бес күннен кешіктірмей, ал мұндай қаулыға шағым берілген немесе наразылық білдірілген ретте — шағымның немесе наразылықтың қанағаттанғысыз қалдырылғаны туралы хабарланған күннен бастап он бес күннен кешіктірмей өтеуге тиісті.

Қаулының мүліктік залалды өтеу жөніндегі бөлігі осы статьяның екінші бөлігінде белгіленген мерзімде орындалмаған ретте ол азаматтық іс жүргізу заңдарында көзделген орындау ісі тәртібі бойынша залалды өндіріп алу үшін жіберіледі.

ҚАЗАҚ ССР-інің ӘКІМШІЛІК ПРАВО БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КОДЕКСІН КҮШІНЕ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ
1984 жылғы 22 марттағы
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 14, 196-ст.)

Қазақ ССР-інің Әкімшілік право бұзушылық туралы кодексінің қабылдануына байланысты Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі **қаулы етеді:**

1. Қазақ ССР-інің Әкімшілік право бұзушылық туралы кодексі 1984 жылғы 1 октябрьден бастап күшіне енгізілсін.

2. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумына Қазақ ССР-інің Әкімшілік право бұзушылық туралы кодексін күшіне енгізу тәртібін белгілеу және Қазақ ССР-інің заңдарын осы Кодекске сәйкес келтіру тапсырылсын.

ҚАЗАҚ ССР-інің ӘКІМШІЛІК ПРАВО БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КОДЕКСІН КҮШІНЕ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ
1984 жылғы 28 сентябрьдегі
УКАЗЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 41, 535-ст.)

«Қазақ ССР-інің Әкімшілік право бұзушылық туралы кодексін күшіне енгізу туралы» Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 1984 жылғы 22

[1] 9 және 10-статьялар Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

марттағы Қаулысына (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 14, 196-ст.) сәйкес Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы **қаулы етеді:**

1. Қазақ ССР-інің заңдары алдағы уақытта Қазақ ССР-інің Әкімшілік право бұзушылық туралы кодексіне сәйкестендірілгенге дейін азаматтар мен лауазымды адамдардың әкімшілік право бұзушылығы туралы Қазақ ССР-інің қолданылып жүрген заң актілері және өзге де нормативтік актілері, олар Кодекске қайшы келмейтіндіктен, қолданыла береді. Кодекстің күшіне енуі заңды ұйымдардың әкімшілік тұрғыдан жауаптылығы мәселелері жөніндегі қолданылып жүрген заң актілеріне әсер етпейді.

2. Қазақ ССР-інің Әкімшілік право бұзушылық туралы кодексінде баяндалған, ССР Одағы мен одақтас республикалардың Әкімшілік право бұзушылық туралы заң негіздерімен белгіленген ережелер Негіздер күшіне енген күннен бастап, яғни 1981 жылғы 1 марттан бастап, СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1981 жылғы 19 февральдағы Указына (СССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1981 ж., № 8, 178-ст.) сәйкес қолданылады.

3. Қазақ ССР-інің Әкімшілік право бұзушылық туралы кодексінің осы Указдың 6-статьясында белгіленгеннен басқа ережелері Кодекс күшіне енгеннен кейін право бұзушылық жасаған адамдарға, яғни 1984 жылғы 1 октябрьден бастап қолданылады.

Кодекс күшіне енгенге дейін жасалған әкімшілік право бұзушылық туралы істер 1984 жылғы 1 октябрьден бастап Кодекспен белгіленген ережелер бойынша қаралады.

4. Егер Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының «Радио арқылы хабар беретін жабдықтарды заңсыз түрде жасап, пайдаланғандық үшін жауаптылық туралы» 1960 жылғы 15 октябрьдегі Указымен (Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Үкіметінің Ведомостары, 1960 ж., № 12, 76-ст.) көзделген әкімшілік право бұзушылықты жасаған адамға елу сомнан асатын мөлшерде штраф салынып, бұл штраф 1984 жылғы 1 октябрьге дейін өндіріп алынбаған болса, онда ол елу сом мөлшерінде өндіріп алынады.

Өндіріп алынған штраф сомасы қайтарылмайды.

5. Егер Қазақ ССР-інің Әкімшілік право бұзушылық туралы кодексінің Ерекше бөлігінің статьяларына сәйкес штраф түріндегі жаза бұрын қолданылып келген заңдардағыға қарағанда неғұрлым жоғары мөлшерде белгіленген болса, мұндай штраф 1984 жылғы 1 октябрьден кейін право бұзушылық жасаған адамдарға қолданылады. Өзге ретте бұрын пайдаланылып келген заңдар қолданылады.

6. Қазақ ССР-інің Әкімшілік право бұзушылық туралы кодексінің Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының «Қазақ ССР-інің Әкімшілік право бұзушылық туралы Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1984 жылғы 28 сентябрьдегі Указының редакциясындағы 162, 176, 189—192-статьяларының ережелері 1985 жылғы 1 январьдан кейін әкімшілік право бұзушылық жасаған адамдарға қолданылады.

7. 1984 жылғы 1 октябрьге дейін қаралмай қалған әкімшілік право бұзушылық туралы істерді, Кодексте белгіленгендей, кімге қарастырылығына қарамастан, бұл істерді қай орган (лауазымды адам) жүргізсе, сол қарайды.

8. Кодекстің Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының «Қазақ ССР-інің Әкімшілік право бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1984 жылғы 28 сентябрьдегі Указының редакциясындағы 320-статьясының түзеу жұмыстарын әкімшілік жа-

заның басқа түрлерімен ауыстыру туралы бөлігінің күші 1984 жылғы 1 октябрьге дейін әкімшілік жауапқа тартылған адамдарға да қолданылады.

11. Осы Указ 1984 жылғы 1 октябрьден бастап күшіне енгізіледі.

ҚАЗАҚ ССР-інің ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ТУРАЛЫ [1]

1970 жылғы 23 декабрьдегі
ЗАҢЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1970 ж., № 52 қосымша.)

60 [1]-статья

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [2]

ҚАЗАҚ ССР-інің
1980 жылғы 13 ноябрьдегі
ЗАҢЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 48, 185-ст.)

30-статьяның 7-пункті

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ АУДАНДЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [3]

ҚАЗАҚ ССР-інің
1971 жылғы 21 июльдегі
ЗАҢЫ

(1979 жылғы 14 декабрьдегі Заңының редакциясы бойынша —
Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

28-статьяның 6-пункті

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ҚАЛАЛЫҚ, ҚАЛАДАҒЫ АУДАНДЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [4]

ҚАЗАҚ ССР-інің
1971 жылғы 21 июльдегі
ЗАҢЫ

(1979 жылғы 14 декабрьдегі Заңының редакциясы бойынша —
Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

26-статьяның 6-пункті

---

[1] 3-томның 292 бетін қараңыз.
[2] 1-томның 163-бетін қараңыз.
[3] 1-томның 191-бетін қараңыз.
[4] 1-томның 221-бетін қараңыз.

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ПОСЕЛКЕЛІК, СЕЛОЛЫҚ, АУЫЛДЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР-інің
1968 жылғы 20 декабрьдегі
ЗАҢЫ

(1979 жылғы 14 декабрьдегі Заңының редакциясы бойынша — Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

26-статья

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ САЙЛАУЫ ТУРАЛЫ [2]

ҚАЗАҚ ССР-інің
1978 жылғы 20 декабрьдегі

ЗАҢЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1978 ж., № 52)

46-статья

ҚАЗАҚ ССР-інің СОТ ҚҰРЫЛЫСЫ ТУРАЛЫ [3]

ҚАЗАҚ ССР-інің
1981 жылғы 12 июньдегі
ЗАҢЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1981 ж., № 25)

60-статья

ҚАЗАҚ ССР-інің ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРІКТІ ХАЛЫҚ ЖАСАҚТАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ [4]

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің
1974 жылғы 7 июньдегі
№ 332 ҚАУЛЫСЫМЕН БЕКІТІЛГЕН

(Қазақ ССР ҚЖ, 1974 ж., № 14, 67-ст.)

22-статьяның «б»—«д» тармақтары

ЖАСЫ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯЛАР ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ [5]

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1967 жылғы 26 августағы
УКАЗЫМЕН БЕКІТІЛГЕН

(Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1985 ж. 22 октябрьдегі Указының редакциясы бойынша — Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 45, 457-ст.)

32-статьяның бірінші бөлігі

---

[1] 1-томның 254-бетін қараңыз.
[2] 1-томның 51-бетін қараңыз.
[3] 11-томның 7-бетін қараңыз.
[4] 22-бетті қараңыз.
[5] 40-бетті қараңыз.

ТОМҒА ЕНГЕН АҚТІЛЕРДІҢ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ ТІЗБЕГІ

1957 жыл

Беті

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Өртке қарсы республикалық ерікті қоғам ұйымдастыру туралы» 1957 ж. 10 майдағы № 288 қаулысы 143

1959 жыл

Қоғамдық автоинспекторлар, қоғамдық автоинспекторлардың қалалық және аудандық советтері туралы Ереже, Қазақ ССР Министрлер Советінің 1959 ж. 2 октябрьдегі № 1694 жарлығымен бекітілген 135

1962 жыл

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Қазақ ССР өртке қарсы ерікті қоғамның «Қазақ ССР өртке қарсы ерікті қоғамы» белгісі мен омырауға тағатын «Қазақ ССР өртке қарсы ерікті қоғамның озаты» значогының үлгілері мен сипаттамаларын бекіту туралы» 1962 ж. 24 декабрьдегі № 944 қаулысы . . . 159

1963 жыл

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Өртке қарсы ерікті жасақтар мен өртке қарсы ерікті қоғамдық инспекторлар жөніндегі ережелерді бекіту туралы» 1963 ж. 9 октябрьдегі № 805 қаулысы 161

1964 жыл

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Паспорт режимі жөніндегі қоғамдық инспекторлар туралы Ережені бекіту туралы» 1964 ж. 2 сентябрьдегі № 616 қаулысы 121

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының «Құнықпа алкоголиктер мен наркомандарды еріксіз емдеу және еңбекпен қайта тәрбиелеу туралы» 1964 ж. 19 октябрьдегі Указы 82

1966 жыл

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «Омырауға тағатын «Қазақ ССР-інің озат жасақшысы» белгісін белгілеу туралы» 1966 ж. 3 декабрьдегі № 838 қаулысы 34

1967 жыл

Жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссиялар туралы ереже. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1967 ж. 26 августағы Указымен бекітілген 40

32-статьяның бірінші бөлігі (сілтеме) 274

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының «Жасы толмағандарды тәрбиелейтін қоғамдық тәрбиешілер туралы Ережені бекіту туралы» 1967 ж. 26 августағы Указы 55

1968 жыл

Қазақ ССР-інің «Қазақ ССР халық депутаттарының поселкелік, селолық, ауылдық Советі туралы» 1968 ж. 20 декабрьдегі Заңы, 24-статьяның 1, 5, 7-пункттері, 57-статьяның 1 және 3-пункттері (сілтеме) 8
26-статья (сілтеме) 274

1970 жыл

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Қоғамға пайдалы еңбектен жалтарып, қоғамға жат арамтамақтық жолмен өмір сүруші адамдарға қарсы күресті күшейту жөніндегі шаралар туралы» 1970 жылғы 23 февральдағы № 136 қаулысын жүзеге асыру туралы» 1970 ж. 17 марттағы № 184 қаулысы 84

Қазақ ССР-інің Денсаулық сақтау туралы 1970 ж. 23 декабрьдегі Заңы, 60 [1]-статья (сілтеме) 273

1971 жыл

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Халық депутаттарының аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советі атқару комитетінің ішкі істер бөлімі туралы Ережені бекіту туралы» 1971 ж. 7 июньдегі № 310 қаулысы 102

Қазақ ССР-інің «Қазақ ССР халық депутаттарының аудандық Советі туралы» 1971 ж. 21 июльдегі Заңы, 3-статья, 28 -статьяның 1, 7, 12-пункттері, 69-статьяның 1 және 5-пункттері (сілтеме) 7

28-статьяның 6-пункті (сілтеме) 273

Қазақ ССР-інің «Қазақ ССР халық депутаттарының қалалық, қаладағы аудандық Советі туралы» 1971 ж. 21 июльдегі Заңы, 26-статьяның 1, 7, 12-пункттері, 31-статьяның 9-пункті, 74-статьяның 1 және 5-пункттері (сілтеме) . . 7
26-статьяның 6-пункті (сілтеме) 273

1972 жыл

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Маскүнемдік пен алкоголизмге қарсы күресті күшейту жөніндегі шаралар туралы» 1972 ж. 20 июньдегі № 353 қаулысы . 74

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қәсіподақтардың Қазақ республикалық советінің «Автомобиль транспорты мен қалалық электр транспортының кәсіпорындарында жолда жүру хауіпсіздігіне қоғамдық бақылау комиссияларын ұйымдастыру туралы» 1972 ж. 15 августағы № 467 қаулысы 133

Қазақ ССР Министрлер Советінің және халық депутаттары жергілікті Советтері атқару комитеттері жанындағы Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялар туралы ереже. Қазақ ССР Жоғаргы Советі Президиумының 1972 ж. 18 декабрьдегі Указымен бекітілген 76

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Жол жүрісінің хауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы» 1972 ж. 29 декабрьдегі № 666 қаулысы 127

1973 жыл

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі туралы Ережені бекіту туралы» 1973 ж. 16 марттағы № 135 қаулысы 89

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советі атқару комитетінің ішкі істер басқармасы туралы Ережені бекіту туралы» 1973 ж. 29 ноябрьдегі № 612 қаулысы 95

1974 жыл

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі ерікті халық жасақтарының қызметін одан әрі жетілдіру туралы» 1974 жылғы 20 майдағы № 379 қаулысын жүзеге асыру туралы» 1974 ж. 7 нюньдегі № 332 қаулысы 19

22-статьяның «б»—«д» тармақтары (сілтеме) 274

1977 жыл

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының «Жолдастық соттар туралы Ережені және жолдастық соттардың жұмысы жөніндегі қоғамдық советтер туралы Ережені бекіту туралы» 1977 ж. 28 марттағы Указы 8

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Қазақ ССР-інің ішкі істер органдары жанындағы ведомстводан тыс қорғау бөлімшелерінің кәсіпорындарды, мекемелерді, ұйымдар мен басқа да объектілерді қорғауды жүзеге асырғаны үшін тарифтер туралы» 1977 ж. 9 августағы № 383 қаулысы 111

1978 жыл

Қазақ ССР-інің «Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сайлауы туралы» 1978 ж. 20 декабрьдегі Заңы, 46-статья (сілтеме) 274

1979 жыл

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы жол жүрісінің хауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі комиссия туралы Ережені бекіту туралы» 1979 ж. 10 майдағы № 197 қаулысы 129

Қазақ ССР-інің «Қазақ ССР Министрлер Советі туралы» 1979 ж. 14 декабрьдегі Заңы, 13-статьяның I-пункті (сілтеме) 7

1980 жыл

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының «Қазақ ССР-інің тәртіп қорғау қоғамдық пункттері туралы Ережені бекіту туралы» 1980 ж. 17 июльдегі Указы 36

Қазақ ССР-інің «Қазақ ССР халық депутаттарының облыстық Советі туралы» 1980 ж. 13 ноябрьдегі Заңы, 5-статьяның бірінші бөлігі, 30-статьяның, I, II және 15-пункттері, 48-статьяның екінші бөлігі (сілтеме) 7

30-статьяның 7-пункті (сілтеме) 273

1981 жыл

Қазақ ССР-інің «Қазақ ССР-інің сот құрылысы туралы» 1981 ж. 12 июньдегі Заңы, 60-статья (сілтеме) 274

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Қазақ ССР Үкіметінің ормандарды өрттен қорғау және оларды зиянды насекомдар мен аурулардан сақтау мәселелері жөніндегі шешімдерін біріктіру туралы» 1981 ж. 14 сентябрьдегі № 403 қаулысы (сілтеме) 160

1983 жыл

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Республика Үкіметінің Қазақ ССР-і қалаларының, басқа елді мекендері мен халық шаруашылығы объектілерінің өрт хауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі шешімдерін біріктіру туралы» 1983 ж. 7 июльдегі № 283 қаулысы 156

Қазақ ССР Министрлер Советінің «Ішкі істер органдары жанындағы ведомстводан тыс күзет арқылы азаматтардың өзіндік мүлкімен қоса пәтерлерін және басқа үй-жайларын күзету туралы үлгі шартты бекіту туралы» 1983 ж. 21 декабрьдегі № 484 қаулысы 114

1984 жыл

Қазақ ССР-інің Әкімшілік право бұзушылық туралы кодексі, Қазақ ССР Жоғарғы Советі 1984 ж. 22 мартта қабылдаған 179

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің «Қазақ ССР-інің Әкімшілік право бұзушылық туралы кодексін күшіне енгізу туралы» 1984 ж. 22 марттағы қаулысы . . 271

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының, «Қазақ ССР-інің Әкімшілік право бұзушылық туралы кодексін күшіне енгізу тәртібі туралы» 1984 ж. 28 сентябрьдегі Указы 271

1985 жыл

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумының «Маскүнемдік пен алкоголизмге қарсы күресті күшейту және самогон қайнатуды жою жөніндегі шаралар туралы» 1985 ж. 23 майдағы Указы 58

Қазақ ССР Министрлер Советінің «СССР Министрлер Советінің «Маскүнемдік пен алкоголизмді тыю, самогон қайнатуды жою жөніндегі шаралар туралы» 1985 жылғы 7 майдағы № 410 қаулысын жүзеге асыру туралы» 1985 ж. 30 майдағы № 187 қаулысы 65

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының «Кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдарда және олардың құрылымдық бөлімшелерінде құрылатын Маскүнемдікке қарсы күресу жөніндегі комиссиялар туралы ережені бекіту туралы» 1985 ж. 22 октябрьдегі Указы 69

ТОМҒА ЕНГЕН АКТІЛЕРГЕ АЛФАВИТТІК — АТАУ КӨРСЕТКІШ

А

АБАЙСЫЗДЫҚПЕН ПРАВО БҰЗУШЫЛЫҚ — 182

АВАРИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ
—А. Ж. болуына әкеп соқтыру — 208

АВТОМОБИЛЬДЕР
— шығаратын заттарында ластағыш заттары нормативтен асатын А. пайдалануға шығару — 198

АВТОТРАНСПОРТ
— Транспортты қараңыз

АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫНА БӨЛІНГЕН ТІЛКЕМ
— А. Ж. Б. Т. жерлердегі учаскелерді жырту, шөп шабу, өсімдіктерді кесу және бүлдіру, шым қазу және жер қазу, сарқынды суларды су ағызатын ғимараттарға ағызып жіберу — 213

АҒАШ
— А. пайдалану ережелерін бұзу — 196

АҒАШТАРДЫ БҮЛДІРУ
— А., бұталарды, орман дақылдарын, жас ағаштарды Б.— 195

АДВОКАТ
— А. істі қарауға қатысуы — 255

АЗАМАТТАРДЫ ЕСЕПКЕ АЛУ
— тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж А. Е. А., есептен шығару ережелерін бұзу — 215

АЗАМАТТЫҒЫ ЖОҚ АДАМДАР
— әкімшілік право бұзғаны үшін А. Ж. А. жауаптылығы — 184
— А. Ж. А. СССР-де болу ережелерін бұзуы — 226, 227

АҚАУЫ БАР ТРАНСПОРТ ҚҰРАЛДАРЫН ЛИНИЯҒА ШЫҒАРУ — 210

АҚЫСЫ ТӨЛЕНБЕГЕН БАГАЖ БЕН ҚОЛ ЖҮГІН АЛЫП ЖҮРУ — 211

АЛДЫН АЛУ
— әкімшілік право бұзушылықтың А. А.— 181

АЛКОГОЛИЗМ
— А. қарсы күрес шаралары — 74
— А. емдеу және еңбекпен тәрбиелеу — 82—84
— А. еріксіз емдеу — 82
— сондай-ақ Маскүнемдікті қараңыз

АЛКОГОЛЬДІК ІШІМДІКТЕР

— А. І. сатуды азайту — 65—68

— А. І. сату тәртібін бұзғаны үшін жауаптылық — 217

АЛЫП КОЮ

— Затты құнын төлеп алып коюды қараңыз

АҢ АУЛАУ

— тиісті рұқсат етілмеген және тыйым салынған жерлерде А. А.— 200

АРАМТАМАҚТЫҚ

— А. қарсы күрес шаралары — 84

АРАМ ШӨПТЕР

— А. Ш. қарсы күрес жөніндегі шаралар қолданбау — 204

АРНАЙЫ ПРАВОДАН АЙЫРУ —

— А. П. А. жалпы принциптері — 187
— А. П. А. туралы қаулыны орындау — 267
— А. П. А. мерзімін есептеу — 268
— А. П. А. мерзімін қысқарту негізі мен тәртібі — 269

АТҚАРУ КОМИТЕТТЕРІ

— халық депутаттары поселкелік, селолық, ауылдық Советтері А. К. компетенциясы — 232
— А. К. қарайтын істер — 235

АТМОСФЕРА

— ластағыш заттарды нормативтен асырып А. шығару — 197
— А. шығарылатын заттарды тазартуға арналған ғимараттар мен жабдықтарды пайдалану ережелерін бұзу — 197
— А. ауаны қорғау жөніндегі талаптарды қанағаттандырмайтын объектілерді пайдалануға беру — 197
— өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды жинап кою және өртеу ережелерін бұзу — 198
— өсімік қорғау құралдарын тасымалдау, сақтау және қолдану кезінде А. ауаны қорғау жөніндегі ережелерді бұзу — 198
— А. ауаны қорғауға бақылау жасайтын органдардың нұсқауларын орындамау — 198

АТУ

— атылатын қару жарақтан елді мекендерде және бұл үшін бөлінбеген орындарда А.— 219

АТЫЛАТЫН ҚАРУ-ЖАРАҚ

— А. Қ. Ж. сату тәртібін бұзу — 217
— А. Қ. Ж. елді мекендерде және бұл үшін бөлінбеген орындарда ату — 210
— аңшылық мылтықтарын сатып алудың, сақтаудың немесе берудің белгіленген тәртібін бұзу — 223
— А. Қ. Ж. тіркеуден немесе қайта тіркеуден бұлтару — 224
— кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың А. Қ. — Ж. сатып алу және сақтау тәртібін бұзу — 223
— А. Қ.— Ж. заңсыз беру және өз мақсатында пайдаланбау — 223

АУЛАЛАРДЫ, ҚӨШЕЛЕР МЕН АЛАҢДАРДЫ БҮЛДІРУ

— А. Қ. мен А. казу, оларға құрылыс материалдарын үйіп тастау — 217

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖЕРЛЕР

— А. Ш. Ж. бүлдіру, ластау — 193

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨСІМДІКТЕРІНІҢ ЗИЯНКЕСТЕРІ

— А. Ш. Ө. З. қарсы күрес жөніндегі ережелерді бұзу немесе орындамау — 204

АУЫРЛАТАТЫН МӘН-ЖАЙЛАР — 18

Ә

ӘКІМШІЛІК ЖАЗА

— Ә. Ж. түсінігі — 185
— Ә. Ж. түрлері — 185
— негізгі және қосымша Ә. Ж.— 186
— Ә. Ж. әкімшілік право бұзушылық жасаған адамды міндетті атқарудан босатпайды — 189

ӘКІМШІЛІК ЖАЗА ҚОЛДАНУ

— Ә. Ж. Қ. жалпы ережелері — 187
— бірнеше әкімшілік право бұзушылық жасаған кезде Ә. Ж. Қ.— 188
— протокол жасамай Ә. Ж. Қ.— 249

ӘКІМШІЛІК ЖАУАПТЫЛЫҚ

— Ә. Ж. туатын жағдайлар — 183

ӘКІМШІЛІК ҚАДАҒАЛАУ

— Ә. Қ. ережелерін бұзу — 222

ӘКІМШІЛІК КОМИССИЯЛАР

— Ә. Қ. компетенциясы — 232, 233
— Ә. Қ. құру тәртібі және құрамы — 233
— Ә. Қ. қарайтын істер — 233, 234

ӘКІМШІЛІК ПРАВО БҰЗУШЫЛЫҚ

— Ә. П. Б. түсінігі — 182
— Ә. П. Б. қасақана жасау — 182
— Ә. П. Б. абайсыздықпен жасау — 182
— Ә. П. Б. туралы істерді жүргізу тәртібі — 246
— Ә. П. Б. туралы істерді қарау тәртібі — 257

ӘКІМШІЛІК ПРАВО БҰЗУШЫЛЫҚ ЖАСАУҒА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН СЕБЕПТЕР МЕН ЖАҒДАЙЛАРДЫ ЖОЮ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫСТАР — 259

ӘКІМШІЛІК ПРАВО БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ЗАҢДАРДЫҢ УАҚЫТТА ЖӘНЕ ПРАВО БҰЗЫЛҒАН ЖЕРДЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ — 182

ӘКІМШІЛІК ПРАВО БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ІС ЖӨНІНДЕГІ ҚАУЛЫҒА ШАҒЫМ МЕН ПАРАЗЫЛЫҚТЫ ҚАРАУ — 261

ӘКІМШІЛІК ПРАВО БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ІСТЕРДІ ЖҮРГІЗУ МІНДЕТТЕРІ — 246

ӘКІМШІЛІК ПРАВО БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ІСТІҢ ҚАРАЛАТЫН ОРНЫ — 256

ӘКІМШІЛІК ПРАВО БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ІСТІ ҚАРАУҒА ӘЗІРЛЕУ — 256

ӘКІМШІЛІК ПРАВО БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ІСТІ ТОҚТАТА ОТЫРЫП ҚАУЛЫНЫ БҰЗУДЫҢ САЛДАРЫ — 262

ӘКІМШІЛІК ПРАВО БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ ТҮСІНІГІ — 182

ӘКІМШІЛІК ҚАМАУҒА АЛУ

— Ә. Қ. А. қолданылуы — 187
— Ә. Қ. А. туралы қаулыны орындау — 270

ӘКІМШІЛІК ҰСТАУ

— Ә. Ұ. мақсаты — 250
— Ә. Ұ. тәртібі — 251
— Ә. Ұ. жүзеге асыруға праволы органдар (лауазымды адамдар) — 251
— Ә. Ұ. мерзімі — 252
— Ә. Ұ. шағым беру — 254

ӘСКЕРИ БИЛЕТ

— Ә. Б. әдейі бүлдіру немесе ұқыпсыз сақтау — 227

ӘСКЕРИ ЕСЕПКЕ АЛУ

— Ә. Е. А. ережелерін бұзу — 227

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР

— Ә. Қ. әкімшілік право бұзушылық жасағаны үшін жауаптылығы — 183, 184

ӘУЕ КЕМЕСІНДЕГІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ

— Ә. Қ. адамдардың кеме командирінің жарлықтарын орындамауы;
— Ә. Қ. суретке түсіру, кинога түсіру және радио-байланыс құралдарын пайда-

лапу ережелерін бұзу — 206

Б

БАҒЫНБАУ

— милиция қызметкерлерінің немесе халық жасақшысының заңды талабына Б.— 222

БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ

— ата-аналарының немесе олардың орнындағы адамдардың Б. Т. жөніндегі міндеттерді орындамауы — 221

БАЛАЛАРЫ БАР ӘЙЕЛДЕР

— әкімшілік қамауға алу 12 жасқа дейінгі Б. Б. Ә. қолданылмайды — 187

БАЛЫҚ АУЛАУ

— Б. А. ережелерін бұзу — 200

БЕНЗИН

— Б. заңсыз босату және заңсыз сатып алу — 192

БИЛЕТСІЗ ЖОЛ ЖҮРУ — 211, 212

БОСАТУ

— әкімшілік жауаптылықтан Б.— 185

БҰЛТАРУ

— жүргізушілердің мас екендігін куәландырудан өтуден Б.—210
— терісі бағалы аңдардың терісін мемлекетке міндетті түрде өткізуден Б.—219

БҰРҒЫЛАУ СКВАЖИНАЛАРЫ

— Б. С. хауіпсіздікті қамтамасыз ететін жағдайға келтіру жөніндегі талаптарды бұзу — 193, 194

В

ВЕДОМСТВОДАН ТЫС КҮЗЕТ

— ішкі істер органдары жанындағы В. Т. К. туралы үлгі шарты — 114
— кәсіпорындарды, мекемелерді, ұйымдарды, В. Т. К. жүзеге асыратын бөлімшелердің күзет үшін тарифтері — 111

ВЕНЕРОЛОГИЯЛЫҚ АУРУЛАР

— В. А. ауыратын адамдардың медициналық тексеруден бұлтаруы — 190
— В. А. ауыратын адамдардың емделуден бұлтаруы — 191
— В. А. ауыратын адамдардың жұғу көзін жасыруы — 191

Г

ГАЗ

— Г. пайдалану ережелері мен нормаларын бұзу — 201

ГАЗБЕН ЖАБДЫҚТАУ

— Г. Ж. жүйелеріне өз бетінше қосылуы — 203

ГАЗ ПАЙДАЛАНУ ҚОНДЫРҒЫЛАРЫ

— Г. П. Қ. газдың жұмсалуын есепке алмай пайдалану — 201

ГЕОДЕЗИЯЛЫҚ БЕЛГІЛЕР —

— Г. Б. жою немесе бүлдіру — 193

ГИГИЕНА

— санитарлық-гигиеналық ережелерді бұзу — 190

Ғ

ҒИМАРАТТАР
— атмосфераға шығарылатын заттарды тазартуға арналған Ғ. пайдалану ережелерін бұзу — 197

Д

ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР — 248
ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРГЕ БАҒА БЕРУ — 248
ДРЕНАЖ ЖҮЙЕЛЕРІ
— мемлекеттік орман қорының жерлеріндегі Д. Ж. жою немесе бұлдіру — 196
ДІН ТУРАЛЫ ЗАҢДАР
